

# Алқалы топтың жары



# **Алқалы Топтың Ажары**

**Әндер, қара өлеңдер,  
мақал-мәтелдер,  
жұмбақтар, жаңылтпаштар,  
анекдоттар, ағалы сөздер**



**Алматы  
“Жалын баспасы”  
2014**

УДК 821.512.122-1  
ББК 84 (5 Қаз) -5  
А 44



Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”  
бағдарламасы бойынша жарық көрді

*Мұқабаның бірінші және төртінші бетінде –  
тұңғыш ССРО халық әртісі, ССРО мемлекеттік  
сыйлығының екі мәрте лауреаты, “қазық  
бұлбұлы” атанған әнші Күләш Байсейітова*

118510

**А 44** Алқалы топтың ажары: Өндер жинағы.  
/Құраст: Бексұлтан Нұржеке-ұлы. –  
Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС, 2014. – 416 бет

ISBN 978-601-7286-94-1

Той, ас, жиын, мереке сияқты алқалы топтың ажары –  
ақылды сөз, үтқыр әзіл, күлкілі қалжың, әдемі ән, мақал-мәтел,  
жұмбақ, жаңылтпаш, жыр, қара олең, қағытпа сөздер,  
анекдоттар. Бұл жинаққа осы үлгілердің ең таңдаулы дегендері  
топтастырылды.

УДК 821.512.122-1  
ББК 84 (5 Қаз) -5

ISBN 978-601-7286-94-1

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2014

## ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Әндердің өзі, әндердің жинағы — үлкен мәдениетіміздің үлкен бір бөлімі. Хайдолма Тілемісов ағамыз өмірден өткелі бері әндер жинағын шығару ісі едәуір жетімсіреп қалды. Біз сол олқылықты сәл де болса толтырсақ деп талап қылдық,

Баспасөз беттерінде ілгері-кейінді жазылған пікірлер мен таластарды ескере отырып, біраз әннің иесін дұрыс көрсетуге тырыстық. Мәселен, Нәбиден Әбуталиев ағамыз "Жиырма бес", "Тоқсан бес" әндерін Салғара Жанкісұлы шығарған дейді ("Қазақ әдебиеті", 20.12.1985). Ал Сәбит Мұқанов айтатын мәтін мынандай:

— Баласы Қаратоқа Зілғара едім,  
Алмаған әке тілін бір бала едім,  
Кешегі жиырма бес қайтып келсе,  
Төрт бұрышын дүниенің шырмар едім.

Ал Мұхтар Әуезов "Абай жолы" романында: "Жаңа замандарда Зілқара шығарған "Жиырма бес" Тобықты әлі естімеген толқышы, сәні бар, нағыз тамыр бойлар ән еді", — дейді. (Алматы, 1961-жыл, 442-бет). Біз бұл әнді Зілғаранікі дегенді дұрыс санадық, "Сұрша қыз" әнінің иесі хақында да үш алуан пікір бар: бірі Балуан Шолақтікі, екіншісі Жаяу Мұсанікі, ал үшіншісі Арап деген кісінікі дейді. Балуан Шолақпен кездескені тарихи шындық болғандықтан, одан үйренгенін өз аузынан Ерзақовичке жазғызғандықтан, біз Кенен Әзірбаевтың "Сұрша қыз" Балуандікі дегеніне тоқтадық,

Әлі де иесін таппай немесе жалған ие тауып

жүрген әндер бар болар. Олардың тағдыры да, тарихы да, сөз жоқ, талайды толғандырады.

Кей әннің бағы кездейсоқ ашылып жатса, кей әннің бағын тарихи жағдайлардың дүмпуі байлап та келді. "Менің мектептерім" атты кітабында (Алматы, 1950) Сәбит Мұқанов Сегіз сері мен "Мақпал" жыры жайында кең молынан жазса, сол кітаптың "Есею жылдары" деп аталған жаңа нұсқасында (1970) соның бәрін қысқартып тастады, себебі Сегіздің орысқа қарсы әрекеті барды. Үкілі Ыбырайдың азаматтық, өнерпаздық тарихын қалпына келтіруде Сәбеңнің біраз қызмет жасағанын әркім білетін шығар деп ойлаймын. Кезінде Ыбекеңнің қамауға алынуына тікелей Жұмабай Шаяхметовтің қатысы болғандықтан, оның әндері де насихатталмай, тіпті әйгілі "Тәккудің" иесі сол екені де айтылмай келді.

Кеңес заманының идеологиялық талабына тура келмегендіктен, әр жылдары талай әнге жаңа мазмұнды мәтін жазылды. Соның салдарынан біраз әннің иесі адасты, есесіне, әйтеуір, әннің өзі сақталып қалды. Кейде бір ән әр жерде әртүрлі аталып, соның салдарынан бір әнді басқа-басқа екі ән сияқтандырып та жіберді. Мұның бәрін реттеу тек ғылымның ғана қолынан келеді. Ал халық әндері мен халық сазгерлерінің шығармасын талдап, иелігін дәлелден жатқан ғылыми ортаны өз басым әзірше біле бермеймін.

Айта берсек, әрине, өкініш көп. Өкіне бергеннен гөрі қолдан келетін бірдемеші бітіре берген де орынды шығар деп ойладық.

Ән тарихы — халқымыздың мәдени тарихының жарқын беттерінің бірі, сондықтан оны анықтай беру — бәрімізге парыз. Пікір білдірушілердің мына мекенге хабарласуын қалаймыз:

050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143/93 үй, 210-бөлме, "Жалын баспасы".

# “ӘН САЛСАҢ, ӨЗІМДЕЙ САЛ БАЯУЛАТЫП”

---

## ХАЛЫҚ ӨНДЕРІ

### АБАЙКӨК

Домбыра екі ішекті жұқа қақпақ, ай,  
абайкөк.

Тар жерде қиын екен өлең таппақ!

Абайкөк!

Әй, өтесің, күнім, амал жоқ!

Кіші іні, үлкен аға отырғанда, ай, абайкөк.

Қызыл тіл, баяуламай, жорғалап бақ,

Домбырам екі ішекті қолға алайын,

Қайырып он екі алуан ән салайын.

Жиылып өңшең құрбы отырғанда,

Мен неғып бұл қызықтан құр қалайын?!

### АБАЙКӨК

Қаройда ма ауылың, Бозталда ма, абайкөк,

Қарай-қарай артыңа көз талды ма, абайкөк.

Әй-ау десем, артыңа қарамайсың, абайкөк,

Шыныменен көңілің бек қалды ма, абайкөк.

Есік алды мойылды сай,

Басына бұлбұл қонсашы-ай.

Күнде жиын, күнде той,

Заман сондай болсашы-ай.

Дәйім менің мінгенім сұрша құнан,  
Қозы ағыттым көгеннің бұршағынан.  
Шыныменен пейілің менде болса,  
Жолығайық ауылдың сырт жағынан.

### АБАЙ, КҮНІМ-АЙ

Айналайын қарағым, орта бойлым,  
Сары майдан айырып, торта қойдым.  
Кеше ғана өзіңді көрсем дағы,  
Күлімкөз деп атыңды жорта қойдым.  
Абай, күнім-ай,  
Ай, күнім-ай,  
Апырмай-ей,  
Ай-ай-ай.

Айналайын көзіңнен күлімдеген,  
Басқан ізің дұшпанға білінбеген.  
Дарияның түбінде сен — ақпабақ,  
Алтын қармақ салсам да ілінбеген.

### АҒАЖАН, ЛӘТИПА

Жаңа салған көктемнің гүліндейсің,  
Піскен алма жайсаңның бүріндейсің.  
Күлше берген баладай алдай түсіп,  
Бер жағыңмен әншейін күлімдейсің.  
Ағажан, Ләтипа,  
Гүлмайдан Қатипа,  
Бір қиял, бір зиял,  
Беу-беу, Ләтипа!

Ләтипаның қолында гауһар жүзік,  
Бозбалалар қарайды көзін сүзіп.  
Бір ауыз сөз естімей жүрсем дағы,  
Кете алмадым өзіңнен күдер үзіп.  
Кұлпырған бейне гүл,  
Қызықты жас өмір.  
Бір сенде жүрегім,  
Кұрбыжан, өзің біл.

## АЙ-АЙ, БОЗЫМ (1)

Балға табы кетпейді темірдегі,  
Сенің бейнең өшпейді көңлімдегі-ай, ау.  
Қырғауылдың мойнындай мың құбылған,  
Қылығыңды қайтейін іңірдегі-ай, ау.

Ай-ай, бозым,  
Келе алмадым жер шалғай  
Жалғыз өзім-ай, ай.

Қонақ үйге келмейді от алғалы,  
Етіңді ас, көжеңді қотардағы-ай, ау.  
Мойынындай аққудың мың бұралған,  
Қылығыңды қайтейін жатардағы-ай, ау.

## АЙ-АЙ, БОЗЫМ (2)

Той дегенде мінемін дөненімді,  
Жақсылардан аяман өнерімді.  
Топ алдыңда осындай сынға түсіп,  
Бір тексеріп қояйын өлеңімді.  
Ай-ай, бозым,  
Аялаған, жан қалқа,  
Келді-ау кезің, әй.  
Өлеңімді тыңдаған не дейді екен,  
Жақсыны өлең қолтықтан демейді екен, ау.  
Бір-екі ауыз тойда өлең таппаған жан,  
Бай болса да бәрібір кедейге тең, ау.

## АЙНАМ-АУ

Басың биік, Алатау, тақиядай.  
Шалғыныңды ел басып жапырады-ай.  
Айнам-ау,  
Алғаным жоқ сырыңды,  
Әлдеқалай қайдам-ау.

Оралыңның барында ойна да күл,  
Өтіп жалған барады қапыяда-ай.

Басың биік, Алатау, қары кетпес,  
Ақ жүзінен сұлудың әрі кетпес.  
Сен есіме түскенде, беу, қалқатай,  
Тамағымнан титімдей тары да өтпес.



## АЙ-АЙ, ЖАНЫМ

Көк өрікті дегенде, көк өрікті,  
Көк өріктің сабағы көгеріпті.  
Оралыңның барында ойна да күл,  
Ойнамаған, күлмеген не көріпті?  
Ай-ай, жаным, ай, жаным,  
Асыл жаным,  
Керегі жоқ, өзіңнен басқа жанның.  
Қара жерге қар жауса, қақ тұрмайды,  
Біздей жігіт сіздерге таптырмайды.  
Ауылыңның сыртынан әнге салсам,  
Кемпір мен шал тыржындап жақтырмайды.

Тасуың-ай, қарындас, тасуың-ай,  
Дедектетіп жүрмесін ашуың-ай.  
Егер мені шын сүйсең, асыл еркем,  
Ертең кешке дайын тұр қашуыңа-ай.

## АЙҚАРАКӨЗ

Күндіз ойдан кетпейсіз, түнде-түстен,  
Ай сәулесі секілдім көзге түскен.  
Айқаракөз,  
Жүрмісің  
Сау-сәлемет,  
Қызыл гүлім-ай?  
Қазы-қарта, жал-жая, бал мен шекер,  
Ас болмайды бәрі де сенсіз ішкен.  
Тау көрінер алыстан мұнарланып,  
Екі ғашық ойнайды құмарланып.  
Оң жағында шіркіннің жатар ма еді,  
Ақиықтай түлкі алған жұмарланып.

## АЙ-ХАЙ, ЗАМАН-АЙ!

Өленді неге отырмыз дүрілдетпей,  
Ай-хой, заман-ай.  
Қалайық дүрілдетіп заман өтпей,  
Әй, уәй.

Барында оралыңның ойна да, күл,  
Ай-хой, заман-ай.  
Түбіне заманның түр көзім жетпей,  
Әй, уәй.

Мың салсаң бір баспайды шабаныңыз,  
Ай-хой, заман-ай.  
Ауырар, жаяу жүрсек, табанымыз,  
Әй, уәй.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Ай-хой, заман-ай,  
Болады әлдеқандай заманымыз.  
Әй, уәй.

### АҒАЙША (АҚ АЙША)

Айналайын, Ағайша, асыл айым,  
Мінезімді несіне жасырайын.  
Расыңмен көңіліңді берсең маған,  
Бала қаздай жем беріп асырайын.  
Мінген атым торы ала-ай,  
Жалтарады қояндай.  
Татулықтың белгісі  
Қозы Көрпеш — Баяндай.  
Аяңда, сәулем, аяңда-ай,  
Аяңдашы аянбай.  
Сен қалайсың, Ағайша, мен дегенде,  
Ұшар қанат менде жоқ сен дегенде.  
Тигізетін құрбыңа пайдаң бар ма,  
Күндіз-түні сені ойлап шөлдегенде?

### АҚБАҚАЙ

Ат қайда Ақбақайдай шаппай желген,  
Қыз қайда құдашадай көзі күлген.  
Алыстан ат арытып келгенімде,  
Шақыртпай еш адамға өзі келген.  
Ахау, ау, сәулем-ай,  
Өзі келген-ай,  
Аха-ха-хау, арман-ай.

Мыс та алтын, жез де алтын, алтын да алтын,  
Адамда сөз болмайды айтылмайтын.  
Сыртынан жүзін көріп қызыққанмен,  
Табылмас нағыз алтын жарқылдайтын.

### АҚ БАЯН

Енді есен бол, Баянның қалған елі,  
Сен де есен бол, Арқаның қоңыр желі-ай!  
Ақ Баян,  
Ақ жүрегім көпке аян.  
Қаз қаңқылдап жататын, қу сыңқылдап,  
Құмық меруерт ақ қайран иналқар көлі-ай.

Баян көлі айнадай мөлдір бұлақ,  
Жататұғын сарқырап, ағын құлап.  
Көк иісті майсаны жарып құлап,  
Қызығына тоймайсың, жатсаң сұлап.

### АҚ ЕРКЕ

Ойыл қайда, Жем қайда, Сағыз қайда?  
Өткір қылыш, жүйрік ат жанға пайда.  
Ат сабылтып алыстан келгенімде,  
Қарсы алатын құрметтеп сәулем қайда?  
Ақ Ерке, аман бол сен,  
Шыбыным, шыбыным,  
Ойналық, кел,  
Шашбаулым, шашбаулым!  
Тәтті сөзің көңілімді кетті басып,  
Айта алмадым тар жерде сырымды ашып.  
Сен алтынға балаған құрбым едің,  
Қоштасайық, кел бермен, құшақтасып.



*Ерін баққан қатын елін де бағады.*

*Бейнет көрмей, дәулет жоқ.*

## АҚ КЕРБЕЗ

Мінген атым астымда бұқпа қара,  
Ақ бетіңе шаң тисе, ыққа қара.  
Деңгейінен аулыңның ән салайын,  
Танымасаң даусымды, шық та қара.

Бетегелі белден боз,  
Уағдалы еді айтқан сөз,  
Айрылысар күн туды,  
Қош-есен бол, айдай,  
Ақ Кербез, Ақ Кербез!

Айналайын, қарағым, қиылған қас,  
Сені ойласам, көзіме келеді жас.  
Өзіңе арнап хат жазып жіберейін,  
Сағынғанда оқы да, бауырыңа бас!

## АҚ КӨЙЛЕК

Ақ көйлек жыртылмайды,  
ей, кең болған соң,  
Ойнайды екі жақсы,  
ей, ақ көйлек, көңіл жай,  
тең болған соң, айдай-ау.  
Бұл жерге келмес едім,  
ей, келіп тұрмын,  
Бұл жерде көңілге алған,  
ей, ақ көйлек, көңіл жай,  
сен болған соң, айдой-ау.

Етегін ақ көйлектің, ей, бүрмелеген,  
Ошаққа от жағалмайды, үрлемеген,  
Бір күдік әсте ойымнан, ей, кетер емес,  
Өзіңді біреу бұзып жүр ме деген.

Ақ көйлек, қара бешпет, ей, жарасымды,  
Жан қалқа кей мінезің бала сынды.  
Көзіме сенен сұлу, ей, көрінбейді,  
Үстіне жапсырса да бар асылды.



*Базар – бай, базаршы – кедей.*

## АҚҚҰМ

Аққұмның бір қызы бар Іңкәр атты,  
Сөзі бар алуа шекер, балдан тәтті.  
Адамның өзін көрген абзалы екен,  
Айтайын өлең қылып перизатты.

Көзімнің жанарындай сәулем едің,  
Көңілімнің қуанышты дәурені едің.  
Ойымнан жатсам-тұрсам еш кетпейсің,  
Басымды не сиқырмен әуреледің?!

## АҚСҰҢҚАР

Жебесі пшын күмістен садағымның,  
Әдеті осылай ма еді базарлымның?  
Несіне сөйлер сөзден іркілейін,  
Тұсына кез келгенсін ажарлымның.  
Ақсұңқар, неге қонбайсың,  
Дариға-ау, жайған торға.  
Қарағым, айналайын, қасың керік,  
Мал болсаң, алар едім бәсің беріп.  
Мен саған басыбайлы бол демеймін,  
Жүрсеңші азғантай күн қасыма еріп.

## АҚТОЛҒАЙ

Бозбалада тағат жоқ қыз дегенде,  
Таптырмайды қыз деген іздегенде,  
Ақтолғай.  
Біздің көңіл қашаннан өзінде ғой,  
Сіздің жүрек не дейді-ау біз дегенде?  
Ақтолғай.  
Барайын десем, жер шалғай,  
Бармайын десем, ел қандай.  
Адасамын, айнама-ау,  
Ойларыма ормандай.  
Өтті-кетті бір дәурен шегіншектеп,  
Түн кешуге біз қалдық еріншектеп,  
Ақтолғай.

Ерке едің еліктей, көркем едің,  
Қалыпсың ғой бір үйге келіншек боп,  
Ақтолғай.

Барайын десем, жер шалғай,  
Бармайын десем, ел қандай.  
Қарайлаумен жүрсің бе,  
Қан тамырдай жолдарға-ай.

## АЛАТАУ

*Өлеңі Иса Байзақовтікі*

Бұлт буған басыңды қарлы Алатау,  
Бір заманда қайғылы, зарлы Алатау.  
Жезтырнақтың қойныңа қолын салып  
Сұмырау сорған сүтінді шерлі Алатау.  
Асқақтаған Алатау,  
Бауырың толған бақша-бау  
Май айында майысып,  
Жұпар исің аңқыды-ау.  
Мұзың күміс, суың бал, тасың мыстан,  
Таудан бұлақ ағады-ау алтын құсқан.  
Қызыл туың желбіреп, желкілдетіп,  
Қоныс алды іргеңнен Қазақстан.

## АЛ БҰЛБҰЛ ӘНІМ

Біздің жақтың жолықсаң еркесіне,  
Қарамайды тонының келтесіне.  
Ал бұлбұл әнім,  
Заулатшы-ай, жаным, әй.  
Жалғыз атын қонаққа кешке сойып,  
Жүген ұстап қалады ертесіне.  
Ал бұлбұл әнім,  
Заулатшы-ай, жаным, әй.  
Ат байладым ақ үйдің кермесіне,  
Жастық қайта мен кепіл келмесіне.  
Емеуірін еркімен білдірмесе,  
Көз салмаймын ешкімнің бермесіне.

## АЛ, ЖАНЫМ-АЙ

Өлең деген немене өнерпазға,  
Өлең тұрмақ сөз қиын,  
                    ал, жаным-ай, ақылы азға.  
Көтерелік көңілді өлең айтып,  
Кім бар, кім жоқ ендігі,  
                    ал, жаным-ай, келер жазға.  
Ал, жаным-ай,  
Аман-есен болса екен  
Мал-жаның-ай.  
Қонған жері елімнің ой болса екен,  
Ойды қаптай жайылған, қой болса екен.  
Сұрайтыным тағдырдан ауылыңда,  
Күнде осындай бас қосар той болса екен.

## АЛҚАРАКӨК

Ақ Ертіс тасығанда кемерленген,  
Ер жігіт бейнет тартса не көрмеген  
Ақ құйрық пәміл шай секілденген,  
Көзіңнен айналайын бедерленген.  
Алқаракөк,  
Шықсын сәулем,  
Нұр жайнап,  
Шәй орамал бір байлап  
Санаменен сарғайып,  
Сағындым, сәулем, сені ойлап.  
Шалқып бас аяғыңды құла жекей,  
Айрылма домбырадан, тіл, көмекей.  
Сайраған орта жүзде мен бір бұлбұл,  
Ән салған, күйін тартқан кескен көкей.

## АЛҚОҢЫР

Еркем-ай, дәнекерсің айнадағы,  
Шашақсың жалаулатқан найзадағы.  
Жаратқан ақ боз аттай сылаң қағып,  
Бейуақыт сейілге шық жайна дағы!  
Ахау, ахау, алқоңырдай,  
Ән салсаң, ей, бозбала,  
Сал осылай.

Жазайын ақ қағазға тізілдіріп,  
Қалқаға сөз сөйлейін сызылдырып.  
Отырсаң оңашада мәслихатпен,  
Шіркіннің екі көзін сүзілдірін.

### АЛҚЫЗЫЛ ТАС

Өлеңді айт дегенде аңырмаймын,  
Аққудай көлден ұшқан мамырлаймын.  
Игагай, сәулем,  
Игагай.

Ахахау, алқызыл тас,  
Ғүсни-құрдас.  
Көрген жан дидарыңа  
Болмай ма мас.

Жақсының қайда жүрсем жанындамын,  
Жаманға іздегенмен табылмаймын.  
Игагай, сәулем,  
Игагай.

Серігі әншілердің домбыра ма,  
Домбыра тарта берсең болдыра ма.  
Баппенен домбыраны қолға алып,  
Әнге сал шарықтата оң бұра да.

### АЛЛАЖАР

Өлең басы бысмылла деп айтайық, ай,  
Жарасымсыз жаман сөз неге айтайық.  
Аллажар.

Бәрімізді жаратқан жаппар құдай, ай,  
Құдайды айтпай алдымен, нені айтайық,

Аллажар,  
Бола берсін аллажар,  
Шырқа, сәулем, әнге сал!

Тойда өлең айтамыз бысмыллалап,  
Жараспайды отырған бекер қарап.  
Топтан озған өлеңмен тұлпар болсаң,  
Қосылайын тұсыңнан қабырғалап.



## АЛТАЙ

Кербез сұлу керілген алтын Алтай,  
Сайрандаған саянда халқың, Алтай.  
Ағажай,  
Алтайдай жер қайда-ай!  
Күн туар ма көретін қайта айналып,  
Бейне анамдай ақ шашты жарқын Алтай.  
Ағажай,  
Алтайдай жер қайда-ай!  
Әлемге атың әйгілі Алтай сері,  
Атақоныс қазақтың қарт мекені.  
Өрбіген ел, өскен жер, қош аман бол!  
Қайда барса, ұмытпас елің сені!

## АРМАН-АЙ

Айналайын құдайым, несібе бер!  
Ойнаған мен күлгенді кешіре көр!  
Арман-ай!  
Өтті-ау дүние  
Жалған-ай!  
Ойнаған мен күлгенді кешірмесең,  
Тозақ отын су шашып өшіре көр!

Мына заман, қай заман, соқпа заман,  
Бұдан басқа қызығың жоқ па, заман?  
Бұдан басқа қызығың жоқ болса егер,  
Күліп-ойнап қалайық, тоқта, заман!

## АУЛЫҢ СЕНІҢ ІРГЕЛІ

Аулым көшіп барады Көлмекөлге,  
Алыс дейді Көлмекөл көрмегенге.  
Алыс болса Көлмекөл көрмегенге,  
Жаз жарқырап, күн шығар өлмегенге.  
Аулың сенің іргелі,  
Шай көйлегің бүрмелі.  
Айтарыңды айтып қал,  
Отырмын ғой жүргелі.

Аулым көшіп барады белден асып,  
Белден асқан бұлтпенен араласып.  
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқам,  
Бауырымды жыладым жерге басып.

### АХАУ, БИКЕМ

Қозыбақтың қызы едім, атым Ұмсын,  
Сертген тайған жігітті құдай ұрсын!  
Ақ боз үйдің ішінде мен отырсам,  
Мені іздеген жігіттер үйге кірсін.


Ахау, бикем, жар-жар,  
Алма мойын ақ сұңқар,  
Қош есен бол, құрбым-ай,  
Құрбылықпен жүрдім жай.  
Бір күн ауру, бір күн сау,  
Таба алмадым бабыңды-ай,  
Өткен іске өкінбе,  
Бір келмесін білдім-ай.

### АХАУ, САБАЗ

Белаша, Көксу, Арғат, Алтынтасым-ай,  
Инықты бұлт шалған салқын басын-ай.  
Тоғыз күн тоқсан келін толғатса да, ай-ау,  
Білемін дәл өзіндей жан тумасын-ай.

Ей,  
Ахау, сабаз,  
Ұшырдың ұясынан балапан қаз.  
Бұл өлке — біздің ауыл көктеген жер,  
Қорадан ақтылы қой кетпеген жер.  
Көзіме от жалындай көрінесің,  
Алдымнан келін кесіп өтпеген жер.

Бұл өлке — біздің ауыл жайлаған жер,  
Желіге құлын-тайын байлаған жер.  
Көзіме от жалындай көрінесің,  
Құрбымен бала күнгі ойнаған жер.



## АХАУ, ҮРИАЙ-АЙ

Ауылымның қонғаны ой болса екен-ау,  
Ойдан төмен жайылған қой болса екен,  
Ей, ахау, Үриай-ай.  
Қол ұстасып қалқамен отыратын-ау,  
Күнде осындай ауылымда той болса екен,

Сүйген жардың ауылы күзегінде,  
Жолға қарап күн сайын жүремін де.  
Сал күреңмен салдыртып келем деген,  
Айтқан сөзің, жан сәулем, жүрегімде.

## АХАУ, ҚЫЗҒЫШ

Ендеше қара батыр, қара батыр,  
Туылған көптен жалғыз дара батыр.  
Қарашы, сипап тұрып кер құласын,  
Аяғын, жал-құйрығын тарап жатыр.  
Ахау, қызғыш,  
Көңіл бұзғыш,  
Отырса қасыңда бір қыз  
Қымыз құйғыш.  
Деген соң бабылады, бабылады,  
Бәйгеге жүйрік айғыр шабылады.  
Жылқыдан жақын жерде дүбір шықса,  
Тынысы шын жүйріктің тарылады.

## АХ, УӘЙ

Естілсе ат елеңдер үбір-дүбір,  
Жігітті дүбірлетер жиырма бір.  
Барында оралыңның ойна да күл  
Келмейді қайта айналып өткен өмір.

Жігітті жиырма бесте қағар пері,  
Қатпайды суыт жүрген аттың тері.  
Салдықтың салтанатын құрайық бір,  
Дәуренді бізден қалған жесін бөрі.

## ӘГУГАЙ

Өлеңі “Қыз Жібек” жырынан

Бас қосқаным әуелде Жағалбайлы, ахоу,  
Көптігінен жылқысын баға алмайды,  
әгугай-әгугай.

Төлегеннің өлгені рас болса, ахау,  
Қыз Жібекті құдайым неге алмайды?  
әгугай-әгугай.

Айың тусын оңыңнан,  
Жұддызың тусын солыңнан.  
Хабарсыз кетсең тым ұзақ,  
Сансызбай шығар соңыңнан.  
Бас қосқаным тағы да Жағалбайлы,  
Көптігінен жылқысын баға алмайды.  
Өзім іздеп ел-елді кетер едім,  
Әйел жолы — жіңішке, таба алмайды.

## ӘДЕМІ ҚЫЗ

Ақ көйлек, қызыл бешпет, әдемі қыз,  
Тиген жоқ әлі ешкімге, әдемі-ау, әлегіміз.  
Бірге өскен кішкентайдан құрбым едің,  
Өзіңнен әлі күнге, әдемі-ау, дәмеліміз.  
Сәулелі алтын айымсың,  
Бақытым сенсің, барымсың.  
Дариға, мынау жалғанда,  
Таңдап бір сүйген жарымсың.  
Ақ көйлек, қара камзол белін буған,  
Жан едің қатарыңнан, әдемі-ау, артық туған.  
Мен саған ғашықтықтан сөз айтамын,  
Ар жағын өзің шешіп, әдемі-ау, өзің ойлан.

## ӘЙ-ӘЙ, БӨПЕМ

Ауылым көшіп барады Алмалыға,  
Кім көнбейді тағдырдың салғанына.  
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,  
Ата-анамның хабарын алғаныма.  
Әй-әй, бөпем,  
Кейін қалған елімді  
Көрер ме екем!?

Туған жердің сағынып топырағын,  
Көз алдыма келеді сол тұрағым.  
Ата-анамды аяулы аңсағанда,  
Ақ бөпемді аялап отырамын.

### ӘЙ, ГИГАЙ, КӨКЕМ

Тігеді шебер көйлек, ей, бойға сайлай,  
Айтады ақын өлең ойға салмай,  
                                әй, гигәй, көкем.  
Өлеңді мұнда айтпаған, ей, қайда айтамыз,  
Үкілеп жал-құйрығын тойға салмай,  
                                әй, гигәй, көкем.

Көрінбей бір күнгідей, ей, дүние өтеді,  
Қолынан оймақсыздың ине өтеді.  
Барында оралыңның, ей, ойна да күл,  
Түбіне бұл жалғанның кім жетеді?

### ӘККӨУ, ЖАНЫМ

Көреді бірін-бірі есен кісі,  
Сөйлейді топты жарып шешен кісі  
                                әккөу, жаным, әккәккәй.  
Әр жерде алтын басың қор болмайды,  
Жақсыны өзің сыйлап десең кісі,  
                                әккөу, жаным, әккәккәй.

Жантақты жолда жатқан алып таста,  
Кірмесін кісіге де сенен басқа.  
Мың болып бір жақсылық еселенер,  
Кейінгі үлгі болса келер жасқа.



*Малды теппе!*

*Отбасы ала болса,  
кереге басы сайын пәле болар.*

## ӘСЕМ ӘНІМ СЫРНАЙДАЙ

Көзіңнен айналайын, қарақтарым,  
Секілді ақ қазина тамақтарың.  
Болғанда сіз бір лашын, біз бір сұңқар,  
Білмеймін қай жеріңе қонақтарым.

Ахау, айым,  
Әсем әнім сырнайдай,  
Әлем сүйіп тыңдайды-ай.  
Тамылжытып ән салмай,  
Күнде думан болмайды-ай.

Көзіңнен айналайын қырғи қабақ,  
Ойнаған су бетінде сен бір шабақ,  
Салсам да алтын қармақ ілінбейсің,  
Қайтейін қылығыңды, ей, ақтамақ.

## БАЛҚУРАЙ

Ай-күнім, Айман айым, денің сау ма?  
Шырмалған ақ шабағым қиын ауға.  
Алыстан аласұрып келдім жетіп,  
Болсын деп шыбын жаным саған сауға.

Қару-жарақ тағынып,  
Айрылдым деп неғылып.  
Айман айым, жұлдызым,  
Жаңа таптым сағынып.

Кешіктім, көп отырдым тас қамауда,  
Қапамен дәурен өтті күн санауда.  
Жеткенім осы-ау болды, кешірерсің,  
Салсам мен тон тонауды қан талауға.

## БАЯНАУЫЛ

Баянауыл басынан бұлт кетпес,  
Қиядағы түлкіге құсым жетпес.  
Ақ боз үйдің сыртынан шығарып сап,  
“Қош, ағатай!” — дегенің естен кетпес.

Баянауыл басында балалы құр,  
Бір сөз айтам, қалқатай, мойныңды бұр.  
Ауылыңның тұсынан аттанғанда,  
Ақ боз үйге сүйеніп қара да тұр.

## БАЯННЫҢ ЗАРЫ

Жатырмысың, ей жарым, жер бауырлап,  
Жара салып жау оғы атқан ұрлап.  
Құдай қосқан қосағың Баян келді,  
Түрегелсең нетеді күліп-ойнап?

Кішкенедең атадан жетім едің,  
Тілін алмай жұртыңнан кетіп едің.  
“Сан кісіге бір өзім”, – деуші едің ғой,  
Қапылыста Қодардан нағып өлдің?

## БЕС КӘМПИТ, АЛТЫ ЖАҢҒАҚ

Дегенде сары беткей, сары беткей,  
Жатады сары беттің, дүние-ай, қары кетпей.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Бетіңнің алақандай, дүние-ай, әрі кетпей.  
Бес кәмпит, алты жаңғақ,  
Он бауырсақ,  
Өзіңді келдім іздеп,  
Ой, қалқа, әніңді аңсап.  
Құрбым-ау, сылдыр үзбе, сылдыр үзбе,  
Жайладық жаз Майтөбе, құмды күзде.  
Болғанмен ауыл шалғай, көңіл жақын,  
Кетті деп көз көрмеске, күдер үзбе.

Майтөбе — біздің ауыл, шат басында,  
Ала арқан алты құлаш ат басында.  
Көңілің алабұртқан бізде болса,  
Жаудырап екі көзің, жат қасымда!

## БЕСІК ЖЫРЫ

Әлди-әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат, бөпем.  
Жылама, бөпем, жылама,  
Көзіңнің жасын бұлама.  
Әлди-әлди, бөпешім,  
Қозы жүні көрпешім.

Жұрт сүймесе сүймесін,  
Өзім сүйген бөпешім.

Айнекем, балам қайда екен?  
Қыздарменен тойда екен  
Қызыл алма қолында,  
Қыздар мұның жолында,  
Әлди, балам, ақ балам  
Ақ бесікке жат, балам.  
Айналайын көзіңнен,  
Атасына нақ, балам.

Әлди, балам, әлди!  
Әуедегі жұлдыздай,  
Суда жүрген құндыздай,  
Өзім қалап сүйгендей,  
Жұмақтағы хор қыздай,  
Әлди, балам, әлди!

## БИПЫЛ

Асау кер ат жүрмейді шалдыққан соң,  
Әнге даусым келмейді қарлыққан соң.  
Ақау, тәнім-ай,  
Талма менің жаным-ай,  
Ей... күлди-күлди, күнжан-ай,  
Күнде базар үйім-ай.  
Бипыл, Бипыл, Бипыл-ай,  
Тартшы, құрбым, бір күйді-ай!  
Біздің Бипыл жүр ме екен аман-есен,  
Бейнетімді ұмытам сені көрсем...  
Жылқы бағып жарың жүр құба жонда,  
Жаным Бипыл, ұмытпа, мені десең!



*Суды сапырма!*



*Ит ұяласынан ақсайды.*



## БОЗ ЖОРҒА

Боз жорға, жорғаға бас, алдында ел жоқ,  
Ішетін шөлдегенде айдын көл жоқ,  
Алыстан ат терлетіп келгенімде,  
Ат ұстап, қарсы алатын бұраң бел жоқ.

Ауылдан мен де шықтым, күн де батты,  
Боз жорға алма мойын ішін тартты.  
Боламын бір сұмдықтың біліп едім,  
Ауылы ғашық жардың алыс тартты.

## БҮЛДІРГЕН

Қарайғанға қараймын қабан ба деп,  
Қамшылаймын атымды шабам ба деп.  
Өткеннен де сұраймын, кеткеннен де,  
Қалқатайдың ауылы аман ба деп.

Тауда да бар бүлдірген,

Ойда да бар бүлдірген.

Қандай жақсы құрбымен,

Қатарласып бір жүрген.

Қарағайлы, ендеше, қарағайлы,  
Қарағайды көп жылқы аралайды.  
Жақсы-жайсаң осылай бас қосқанда,  
Бекер қарап отырған жарамайды.

## БҮЛБҮЛ ҚҰСЫМ (ҚАРЛЫҒАШЫМ)

Сірне татыр сілекейің шөлдегенде,  
Көздің жасы көл болар еңірегенде,  
Күндіз — күлкі көрмеймін, түнде — ұйқы,  
Ішкен асым батпайды сен дегенде.

Бұлбұл құсым-ай,

Болса болсын-ай,

Дей салшы құрбың үшін-ай.

Жылқы айдаймын көшкенде жиренменен,  
Жотадағы қара жол иреңдеген.

Бәлен қызық дегеннің бәрі жалған-ай,  
Ең қызығы өмірдің сүйгенменен.  
Қарлығашым-ай,  
Қайда жүрсең,  
Аман жүр, қарындасым-ай!

### БҰЛБҰЛЫМ

Қарап тұрсам, дүние-ай шолақ екен,  
Бір-біріне адамдар қонақ екен.  
Жауқазындай құлпырған қайран жастық,  
Қазан ұрмай, қар жаумай солады екен.  
Бұлбұлым!  
Мың күніме татиды-ау,  
Осы отырған бір күнім-ай.  
Жалған екен көргенім,  
Арман екен көрмегім-ай.  
Серілігі серінің елде қалар,  
Арман әні аққудың көлде қалар.  
Тіршілікте, жігіттер, сыйласып өт,  
Алтын басың бір күні жерде қалар.

### БҰРАҢ БЕЛ

Аулым көшіп қонады ошағанға,  
Салсам құрық түспейді қашағанға.  
Бұраң бел,  
Мен бармаймын, өзің кел!  
Бұл жалғаннан армансыз өтер едім,  
Жүрсем сенің, құрбыжан, босағанда.

Асыл бешпент, ақ көйлек белін қысқан,  
Даусы шықты қалқаның осы тұстан.  
Құмырсқа бел, қоян жон қарағым-ай,  
Арманы жоқ жігіттің сені құшқан.



*Ұрыс болса, ырыс қашады*

## БІР БАЛА

Талдан таяқ жас бала таянбайды,  
Бала бүркіт түлкіден аянбайды.  
Угай-ай,  
Ән салшы-ай,  
Бір бала-ай.  
Қос етек, бұраң бел,  
Қуалай соғар қоңыр жел.  
Елдің көркі, ақ тоты бір баласың,  
Көзі қиып қай дұшпан жамандайды.

## БІР БИДАЙ – АРПА

Ұшады аққу көлден майпаңдаған,  
Қалқаға бір сөзім бар айта алмаған.  
Су құйып сырлы аяққа тұндырғандай  
Көзіңнен айналайын жаутаңдаған.  
Бір бидай – арпа,  
Өзің біл, қалқа.  
Ұшады көк ала үйрек көлге қарсы,  
Ұясы жануардың желге қарсы.  
Кеткенде аулың шалғай, тату қалқам,  
Төгілер орамалға көздің жасы.  
Бір бидай – әнім,  
Жоқ сенсіз сәнім.

## БІР КЕЛІНШЕК

Қан түссе аяғына, ат сүріншек,  
Келгенде он сегізге қыз еріншек.  
Осы әнге шаттандырып салады екен,  
Түбінде зәйімкенің бір келіншек.  
Аха-хау-ай,  
Бір келіншек,  
Бір келіншек-ау.  
Ағашы зәйімкенің селдіреген,  
Қалқаның екі көзі мөлдіреген.  
Ән салып кешке таман жүргенінде,  
Бүрмесі ақ көйлектің желбіреген.

## ГҮЛ-ГҮЛ-АЙ!

Бір сөз айтам өзіңе сынағалы-ау,  
Жағдайыңды екінші сұрағалы-ау.  
Бүгін-бүгін гүл-гүл-ай,  
Жаңа заман, жаңа жыл-ай,  
Ендігісін өзің біл-ау-ай!  
Сөз айтам деп өзіңе ойлағалы-ау  
Сабыр етіп қу жүрек шыдамады-ау.

Бұйырғанын біреудің біреу алмас-ау,  
Табиғатқа болады ұнағаны-ау,  
Сөйлегенше жаманға жарға айқайла-ау,  
Пайымдайды жақсы адам бұл араны-ау.

Дүние шіркін дегенде өтер-кетер-ау,  
Сұм дүниенің түбіне кімдер жетер-ау.  
Бір-біріңді қадір тұт, құрмет көрсет-ау,  
Сыйластыққа тірлікте бар ма жетер-ау.

## ГҮЛДЕРАЙЫМ

Ақ көңіл ағызайын әннің майын,  
Жас дәурен шалқын жатқан айдындайын.  
Астынан алты қырдың шыққан даусым,  
Жетсе екен құлағына қалқатайдың.

Ахау, Гүлдерайым,  
Күн мен айым.  
Ұшарға қанатым жоқ,  
Неғылайын.

Жаз шықты жадыратып майдың айын,  
Әніне шырқай кетті Гүлдерайым.  
Шығады ащы даусым әнге бассам,  
Қарағым, сені есіме алған сайын.



*Сырттан келген жаудан да  
Іштен шыққан дау жаман.*

## ГҮЛ-ГҮЛ ЖАЙНА

Айт дегенде өлеңді аярым жоқ,  
Жол жорғам бар жеткізбес, аяңым жоқ,  
Оралыңның барында ойна да күл,  
Өткізбе құр өмірді баяны жоқ,  
    Қыздарда да қыздар бар,  
    Жарылмаған қауыңдай.  
    Жігітте де жігіт бар  
    Базар тонның бауыңдай.  
    Ой-й, гүл-гүл жайна,  
    Күл де ойна,  
    Қыз-бозбала шағыңда.  
Айт дегенде өлеңді іркілмеймін,  
Жолға түскен жорғадай бүркілдеймін.  
Әзіліміз жарасқан ортамызда,  
Ойнап күліп дос-жаран жүрсін деймін.

## ГҮРИЕП

Көрінген сонадайдан Гүриемім,  
Көрмедім Гүриептей жер биігін.  
Сыртыңнан өзімсініп жүрсем дағы,  
Әркімдер салады екен көз қиығын.

Көрінген Гүриептің мұнарасы,  
Он сегіз — толықсыған қыздың жасы.  
Зер салып атыластан бешпент киген,  
Япыр-ау, мынау кімнің қарындасы?

## ҒАЗИЗАГҮЛ ҚАРАҒЫМ-АЙ

Айналайын көзіңнен жалт-жұлт еткен,  
Адам бар ма алашта саған жеткен!?  
    Ғазизагүл қарағым-ай,  
    Қабағың-ай.  
    Ақ қағаздан аппақ,  
    Тамағың-ай.  
Дүниеде не маңғаз туса дағы,  
Тең көрмеймін ізіңе басып кеткен.

Айналайын қарағым асылым-ай,  
Ойнар ма едім асылмен асылып-ай!  
Ойнай қалсам асылмен асылып-ай,  
Қалсам мейлі төсекте шашылып-ай!

### ДАРИҒА

Дариға-ай, сылаң қағып, бұраңдайсың,  
Дүние өтер десем, тіл алмайсың,  
Дариға-ай.

Алтайы құмнан қашқан түлкідейін,  
Қалқатай, қолға түспей бұлаңдайсың,  
Дариға-ай.

Дариға-ай, қалқам, жанарым,  
Сені іздеп қайдан табамын.  
Жанымда жақын жүрмесең,  
От болып лаулап жанармын.

Дариға-ай.

Нұрысың сен дүниенің алып тұрған,  
Күйігің сенің мені зарықтырған,  
Қалқам-ау, сезбедің ғой бір сен үшін,  
Кеудемде жалын барын жанып тұрған,

### ДАРХАН-АЙ

Биік таудың басында бір топ шынар-ай,  
Бір өзіңе, қалқатай, болдым құмар, еркем-ай.  
Жатсам-тұрсам ойымнан бір кетпейсің,  
Құмарланған көңлім қашан тынар, еркем-ай.

Дархан-ай,

Қош-есен бол, қалқам-ай.

Талға байлап күреңді мінген қандай,  
Күліп-ойнап қалқамен жүрген қандай?  
Осы жолы ауылыңа бармақ едім,  
Бара алмадым, қайтейін, ауылың шалғай.

## ДЕДИМАЙ-АУ

Айналайын, ақ жүзің айдан аппақ,  
Сендей жарды ер жігіт қайдан таппақ,  
дедімай-ау.

Көрген адам қасыңнан кете алмайды,  
Мұз үстінде жүргендей тайғанақтап,  
дедімай-ау.

Тобылғының бүріндей-ау,  
Текеметтің түріндей-ау.  
Өтіп дәурен бара жатыр,  
Сіз бен бізге білінбей-ау.

Құлағыңа таққаның күміс сырға,  
Күмбірлетіп шығасың күнде қырға.  
Сағыныштан сарғайып шыдам таппай,  
Мен өзіңді қосамын ән мен жырға.

## ДЕЙ САЛҒАН СӨЗ

Екі ауылдың ежелден арасы бір,  
Ей, өзара әзіліміз жарасып жүр.  
Апырай, жөні қалай,  
Дей салған сөз-ай.

Кішкентайдан бірге өскен қимас қалқа,  
Ей, құрбыңа оқта-текте қарасып жүр!

Басың жұмыр самаурын шөйнегіндей,  
Ей, дүрбінің көзің өткір әйнегіндей.  
Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,  
Ей, әлде ай, көрінесің әлде күндей.



*Бірлік болмай, тірлік болмайды.*

*Тату үйдің тамағы тәтті.*

*Ай көрмесе, ағайын – жат,  
Жыл көрмесе, жекжат – жат.*

## ДҮНИЕ-АЙ

Қудым сені, дүние, жалықпай-ақ,  
Ұстатпайсың судағы балықтай-ақ,  
ой, дүние-ай.

Бір күн бетің қаратып, бір күн артың,  
Лидарыңды қойдың ғой танытпай-ақ,  
ой, дүние-ай.

Былтыр құлын — биыл тай,  
Бүгін кедей — ертең бай.  
Диірменнің тасындай,  
Шыр айналған дүние-ай!

Ит екенсің, дүние, иттен туған,  
Адамдарда ақыл жоқ сені қуған,  
ай, уғай.

Шен, дәреже, қызмет — бәрі жалған,  
Кір секілді кететін қолдан жуған,  
ай, уғай.

Былтыр құлын — биыл тай,  
Бір күн кедей, бір күн бай.  
Ұстараның жүзіндей,  
Аударылған дүние-ай!

## ДҮНИЕ КЕҢ САРАЙДАЙ

Тұманданған дүние, мұнарланған,  
Кім алдаған білмеймін-ау, кім алданған.  
Дөңгеленіп, дөңгелеп арбасынан,  
Лақтыра ма, қайтеді-ау, мына жалған?

Дүние кең сарайдай,  
Өксіттің, жалған, талайды-ай!

Күн жауғалы келеді-ау бұлт айналып,  
Сақау озды шешеннен-ау тіл байланып.  
Мәстек озып тұлпардан бәйге алды ғой,  
Кеткенің бе, дүние-ай, шыр айналып.



*Сыпырғымен баланы ұрма!*



## ЕЙ, АХАУ

Қыс өтп, көктем келсе, ей, жаз болады,  
Кейбіреу күні өткенге, ей, ахау, мәз болады-ау.  
Өмірде жасың жүзге, ей, жетсе дағы,  
Бәрібір ажал келсе, ей, ахау, аз болады-ау.

Жерге егін шықпайды өзі, ей, екпесеңіз,  
Келмейді арман өзі, ей, ахау, жетпесеңіз-ау.  
Көнбейтін дұрыс іске, ей, адам болмас,  
Абайлап ақылменен, ей, ахау, ептесеңіз-ау.

## ЕЙ, ӘЛЛӘЛІМ-АЙ

Болғанда, ей, жазғытұрым қар кетеді,  
Бақпаса, қарамаса, мал кетеді.  
Ей, әлләлім-ай.  
Өзіңе, ей, тең құрбы деп айттым бір сөз,  
Сөзімді қостай салсаң, нең кетеді?  
Ей, әлләлім-ай.

Жайлаудан, ей, жұғымы жоқ ел кетеді,  
Білмеген аттың бабын терлетеді.  
Өзіңді, ей, құрбылас деп салдым қолқа,  
Көңлімді аулай салсаң, нең кетеді?

## ЕЙ, ИГАЙ

Ей, игай!  
Бақ қайда тойда өлең бастағандай,  
Жасықты ұрмай-соқпай жасқағандай.  
Әй, уәй.  
Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді.  
Артына алтын үйін тастағандай.  
Әй, уәй.

Іші алтын өлеңімнің, сырты күміс,  
Жақсы атқа бірдей бітер жорға, жүріс.  
Өлеңім — жақсылардың жан азығы,  
Табамын екі қолға тағы бір іс.

Айта біл өлеңіңді өрнекпенен,  
Жақсыны бір ғанибет көрмек деген.  
Қонар бақ, ержігітке бітер дәулет,  
Ақ адал, елге еткен еңбекпенен.

### **ЕКЕУІҢ**

Қараймын жабығыңнан қаздай бойлап,  
Ұйқы жоқ күндіз-түні сені ойлап.

Екеуің,  
Ойланшы өзің.

Бірге өскен кішкентайдан құрбым едің,  
Өмірді өткізейік күліп-ойнап.

Жан қалқа, кете көрме серттен тайып,  
Жүремін сені көрсем, көңілім байып.  
Жас жастың тілегі бір деген сөз бар,  
Тезірек жауабын бер, болмаса айып.

### **ЕҢЛІК – КЕБЕК**

Ту тіккен Тобықтының қолбасшысы,  
Жуантаяқ Тоқтамыс деген кісі.  
Жамағайын жақыны сол кісінің,  
Бар екен Кебек деген бір інісі.

Кебектің он бес жаста аты шықты,  
Аттыға, жаяуға да бірдей мықты.  
Көзі өткір, қара торы жігіт екен,  
Дембелше, орта бойлы, кең иықты.

Сол Кебек мықты бопты жас басынан,  
Не шара артық туған жолдасынан.  
Жасы кіші болса да, жаны отты деп,  
Тоқаң да тастамапты өз қасынан.



*Өтірік жылама!*

## ЕРКЕШ-АЙ

Біздің ауыл Ақсайдың қақпасында,  
жан сәулем.  
Күміс жүген жарқылдар ат басында,  
Еркеш-ай.  
Шыныменен көңілің болса бізде,  
Шапан-ішік жамылып жат қасымда,  
Еркеш-ай.  
Ай қараңғы, кеш жарық,  
Ебін тауып келсеңші-ай.  
Іле деймін, ендеше, Іле деймін,  
Өте шықсам Іледен, міне деймін  
Кісі жары кісіге жар болмайды,  
Өз жарыңның тілеуін тіле деймін,  
Еркеш-ай!  
Ай болмаса, жұлдыз бар,  
Ебін тауып келсеңші-ай.

## ЖАЗ БОЛСА

Жаз болса жердің жүзі жайнап тұрған,  
Ән шырқап бұлбұл құстар сайрап тұрған.  
Болғанда қырық күн шілде, сарша тамыз,  
Ыстық боп жердің жүзі қайнап тұрған.  
Әй, айым-ай, күнім-ай,  
Айхай, жаздың күні майдай-ай!  
Бөленген жердің жүзі жасыл жібек,  
Күлімдеп күнге қарап қылған тілек.  
Қалған жоқ елжіремей тастан басқа,  
Жан сәулем, тас болды ма сіздің жүрек?



*Құрықтан құлдырап тұстім,  
Сырықтан сылдырап тұстім,  
Жаңқасы кірді саныма.  
Ашыды саным, тұшыды тәнім,  
Тұшыды саным, ашыды тәнім.*

## ЖАЙДАРМАН

Көрінсеңші көзіме егіндей боп,  
Жаңа шыққан егіннің көгіндей боп.  
Жайдарман, жайтаң көз,  
Жақын келсең, айтам сөз.  
Аңсап шаршап алыстан келгенімде,  
Жан көрінбес көзіме өзіндей боп.

Айналайын көзіңнің қарасынан,  
Хат жазамын қасыңның арасынан.

Күндіз-түні аулыңнан шықпас едім,  
Мен қорқамын дұшпанның табасынан.  
Жайдарман, жақын кел,  
Жан жар етем, қолың бер!

## ЖАЛҒЫЗ АРША

Қарқаралы басында жалғыз арша,  
Хатқа жүйрік сол қалқа мұсылманша.  
Кішкентайдан бірге өскен сәулем едің,  
Ғұмырың аз ба, көп пе, әлдеқанша.  
Өттің жалған,  
Кештім сайран,  
Уа, шіркін, қыз бала!  
Жастықтың әсерімен  
Еттім сайран.  
Көл жағалап бітеді көкше құрақ,  
Ән салмағың қай еді-ау, Ләйлім шырақ,  
Қозыбайдың үйінде мәжіліс боп,  
Ән еді сонда салған жаймашуақ,

## ЖАР-ЖАР

*Өлеңі Абдрахман Асылбековтікі*

Осы өмірге ылайық отты жағып, жар-жар,  
Келеді, әне, екі жас топты жарып, жар-жар!

Үлкені мен ауылдың жасы мұнда, жар-жар,  
Жас келінді көруге асығуда, жар-жар!

Құтты болсын тойларың, замандастар, жар-жар,  
Жаңалыққа жар болып, қадам бастар, жар-жар!

Бір аттаған босаға берік болсын, жар-жар,  
Үйлеріңе құт-бақыт келіп қонсын, жар-жар!

Күндей күлш көктемгі көңілдерің, жар-жар,  
Қызғалдақтай құлпырсын өмірлерің, жар-жар!

Туған айдай толықсып, толыңыздар, жар-жар,  
Жаңа өмірдің жаршысы болыңыздар, жар-жар!

Қадамдарың, екі жас, құтты болсын, жар-жар,  
Ақ отаудың еңсесі мықты болсын, жар-жар,

Ата-ананың үмітін ақтаңыздар, жар-жар,  
Махаббатты мәңгілік сақтаңыздар, жар-жар!

### ЖАРИЯМ-АЙДАЙ

Алып келген базардан қыжым кебіс,  
Сілекейі қалқаның болар жеміс.  
Жел тимесе, күн тимес деген сөз бар,  
Сұлу қыздың айтқаны болмас кеміс.

Өрік, мейіз, қант пен шай,  
Алма мойын, ақ бидай.  
Жариям-айдай,  
Жанға жақын келсейші,  
Беу, қалқатай-сәулетай.

Алып келген базардан білте шам-ай,  
Бидай өңді ақ құба құдашам-ай.  
Сірә, менің көңлім басылар ма,  
Сақиналы қолыңнан ет асамай.



*Бас киіммен ойнама!*



*Өзілің жарасса, атаңмен ойна.*

## ЖАС КЕЛІН

Жетісу келген жерім Қыбырай елі,  
Алатау бөктерінде қонған жері.  
Ақбасты Алатаудың құшағында  
Айнадай жарқыраған Ыстықкөлі.

Көерсіз айды-ай,

Білерсіз жайды-ай,

Жас келін ән салуға жалықпайды-ай.

Жетісу келген жерім, елім Қыбырай,  
Жаратқан етек-жеңін кең қып құдай.  
Келін боп осы еліме келген күні.  
Ән салдым сұраған соң Жәкем болмай.

## ЖЕҢЕШЕ

Айдап салдым жылқымды тепсең жерге,  
Сіздей адам табылмас ексем жерге.  
Намаздігер, намазшам арасында,  
Асыққаннан тимейді өкшем жерге.

А-а-ай, жеңеше-ай,

Мінезің сенің өзгеше-ай.

Айдап салдым жылқымды ошағанға,  
Салсам құрық жетпейді қашағанға.  
Аулың шалғай кеткенде, беу, қарағым,  
Нендей медет ет дейін жасағанға?!

## ЖЕТАРАЛ ЖЕРІМ-АЙ!

Ой болса екен, еңдеше, ой болса екен-ай,  
Өріп шығар қорадан қой болса екен,

Жетарал, жерім-ай,

Сауықшыл елім-ай!

Құдайдан мың-мың мәрте сұрайтыным —  
Аулымда күнде осындай той болса екен.



*Құранды баспа!*

## ЖЕЛКІЛДЕК

Жылқының мінсіз қара төбеліндей,  
Аузың бар шыны аяқтың кемеріндей.  
Шашың бар он екіден талдан өрген,  
Базардың кезі алпыс сом жібегіндей  
Ақ бетің жарқырайды  
жұмыртқадай,  
Тұлымың салбырайды  
шыбыртқыдай.  
Боз үйден сен шығасың керіліп-ай,  
Аяқты бір басуға ерініп-ай.  
Аққудай көлден ұшқан көтеріліп,  
Жігінен жанарыңның сөгіліп-ай.

## ЗАМАНДАС

Айналайын көзіңнен жалт-жұлт еткен,  
Жан бар ма екен бұл жерде сенен өткен.  
Замандас,  
Жолыққанда, ебін тауып амандас.  
Үш ауылдың қыздары жиналса да,  
Теңгермеймін өзіңе басы бүтін.

Айналайын көзіңнен күлімдеген,  
Басқан ізің ешкімге білінбеген.  
Ақша балық шомылған айдын көлден,  
Алтын қармақ салса да ілінбеген.

## ЗАУЛАТШЫ-АЙ

*Өлеңі Иса Байзақовтікі*

Бүгін дала гүлденіп жаңарғандай,  
Күлтелі көк құлпырып оңалғандай.  
Ахау,  
Заулатшы-ай, құрбым,  
Заулатшы-ай!  
Кешегі құм, шөл дала шаңырқаған,  
Бүгін, міне, тамаша таң қалғандай.

Еңбек ұйым біріккен ұранды жыр,  
Нұрлы жырдан естілед бір терең сыр.  
Ісі жаңа жас құрбым, бері қара,  
Еңбек өнін, төбеңнен төгілсін нұр!

## ЙАПУР-АЙ

### кейін жазылған мәтін

Жаз болса жарқыраған көлдің беті,  
Көгеріп толқындайды, йапур-ай,  
алыс шеті.  
Дірілдеп толқын басқан мөлдір суын,  
Шайқайды жас баладай, йапур-ай,  
желдің лебі.  
Алтын бу ақ көбіктің бетін жабар,  
Судан бу көкке төніп, маржан тағар.  
Есіме ақ еркемді алған кезде,  
Ақ маржан жылт-жылт етіп, жерге тамар.

### бұрынғы мәтін

Дүние, таң қаламын жалғаныңа,  
Қолымды жеткізбедің арманыма.  
Өзімнен өзім тұрып өкінемін,  
Айрылып, қалқам, сенен қалғаныма.

## КӘМИЛӘ

Мен қайтейін қиғаш қара қасыңды,  
Әуреледің неге сонша басымды?  
Шын сүймесең, жаным сүйген Кәмилә-ау,  
Мойныңа артам көзден аққан жасымды.

Өзіңе аян менің саған құмарым,  
Табылды-ау деп жүруші едім, сыңарым.  
Шын сүймесең, жаным сүйген Кәмилә-ау,  
Екі талай тірлік етіп тұарым.



Мен отырмын жалғыз жартас басында,  
Кәмилә жоқ, неге отырмын, қасымда.  
Махаббаттың уын ішіп жүргенше,  
Неге өлмедім ғазиз сәби жасымда?

### КЕЛІНШЕК

Манарбек Ержановтың айтуында

Басында биік таудың бір топ арқар,  
Аққан су жоғарыдан төмен сарқар.  
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,  
Құмары ғашықтықтың қашан тарқар?

Е-ей, игагагоу,  
игагай-ау, игагай-ау.

Қарағым, айналайын сәулем едің,  
Ақылдың бір қуаныш дәурені едің.  
Есімнен жатсам, тұрсам бір кетпейсің,  
Басымды мұнша неге әуреледің?

### КӨКЕЖАН, ИГАЙ

Кеткенде аулың алыс, ей, жылай жаздым,  
Атымнан жылай-жылай, көкежан, игай,  
құлай жаздым-ай.

Жұртыңда өзің кеткен, ей, ісің қалып,  
Қолыма кетпен алып, көкежан, игай,  
бір ай қаздым-ай.

Базардан базар барып, ей, қазан алдым,  
Болар деп үстім күйе, тазаны алдым-ай.  
Кеткенде аулың алыс, ей, қимас қалқа,  
Атыма теріс мініп, назаландым-ай.



*Қазанды төңкерме!*



*Жақының үшін жақсыны жағасынан  
алма.*

## КӨКЕМ-АЙ

Шыңында өскен асқардың сен бір шынар,  
Бір өзіне, қалқатай, болдым құмар.

Бұраң бел, көкем-ай,

Қасы, көзі қиылып.

Қай жерде отыр екен-ай.

Көрмегелі жүзіңді көп күн болды,

Құмарланған көңілім қашан тынар.

Бұраң бел, көкем-ай,

Ел қыдырып іздесем,

Табар ма екем, көкемді-ай.

Орта бойлы, қара көз шырайлым-ай,

Бір сөйлеспей өзіңмен тынармын ба-ай!

Сөйлегенде тіліңнен бал тамады-ай,

Сенен көңіл басқаға бұрармын ба-ай.

## КӨКЖЕНДЕТ

Өлеңі Ғабит Мүсіреповтің

“Қыз Жібекке” жазған либреттосынан

Әні Құрманбек Жандарбековтің айтуында

Шеңгелдеп қызыл қанға боялған қол,

Алдында қия жатқан жалғыз-ақ жол.

Кек қайтпас қан жаламай, талас бітпес,

Бекежан, ойланбай-ақ, таңдарың сол!

Күн қараң қолынан іс келмегенге,

Көрерміз жан берерде сен бе, мен бе!

Мен емес тая соғар тайталаста,

Қанды қол, тая соқпа сермегенде!



*Басыңды босағаға беріп жатпа!*

*Аталастан ауылдас жақын.*

*Келіні жақсы үйдің керегесі алтын.*

## КӨКТЕМ

*Өлеңі Иса Байзақовтікі*

Жазылып жарқын дала, сағым қалқып,  
Көк майса жұпар атты тамыры балқып.  
Жайқалып қызғалдағы жер құлпырып,  
Көкорай мұрын жарды ісі аңқып.

А-а-а-ай,

Шіркін-ай, көктем келді.

Тау сұлу көсілдіре жасыл киді,  
Ақша бұлт ақ торғындай басын иді.  
Құрылған қыз-жігітке шымылдықтай,  
Жағалай қарағайдан шашақ түйді.

## ҚАЙРАН ЗАМАН

Біздің ел жүруші еді тауды жайлап,  
Көкорай шалғынына бие байлап.

Әй, уәй.

Жастықтың жалындаған әсерінде  
Жүруші ек сұлулармен күлін-ойнап.

Әй, уәй.

Қайран заман,

Секілді асау құлын

Байланбаған. Әй, уәй.

Жігіті біздің жақтың сылқым, сері,  
Той-думан, ойын-сауық жүрген жері.  
Асыр сап құлын-тайдай ойнақтаған,  
Әркімнің өзіне ыстық туған жері.

## ҚАМАЖАЙ

Басында Қамажайдың бір тал үкі,  
Айрылып Қамажайдан болдым күлкі.  
Айрылып Қамажайдан отырғанда,  
Келеді қай жерімнен ойын-күлкі?

Ахау, хайлилайым, лилилайым,

Қамажай, қалдың кейін,

сәулетайым.

Қолында Қамажайдың алтын жүзік,  
Қамажай отыр ма екен көзін сүзіп.  
Көрмесе жарты сағат тұра алмаушы ед,  
Апырмай, кетер ме екен күдер үзіп?

Ертістің жаралауын жағалайын,  
Мұз болса, көк бестіні тағалайын.  
Алыстан таңдап алған Қамажайдың,  
Бір өзін тоқсан қызға бағалаймын.

Мал жақсы жылқы деген бағып жүрсе,  
Мойнына үкі-тұмар тағып жүрсе.  
Ішпен бір жорғаны таңдап мініп,  
Ауылына Қамажайдың барып жүрсе.

### ҚАРАҒЫМ

Қия жерге өрмекті құрушы едім,  
Шаршағанда мойнымды бұрушы едім.  
Қарағым!  
Қардан аппақ тамағың,  
Іздесем, қайдан табамын?  
Қыздай мұңдық бар ма екен жер бетінде  
Шалқи түсіп елімде жүруші едім.  
Қарағым!  
Арманда боп барамын,  
Сағынсам, әнге саламын.  
Өз елімде жүруші ем барқыт пішіп,  
Біреуінен біреуін артық пішіп.  
Астың алдын беруші еді әке-шешем,  
Енді қайтп жүремін сарқыт ішіп.

### ҚАРАКӨЗ АЙЫМ

Аспанда ұшып жүрген көгілдірік,  
Жарасар жүйрік атқа өмілдірік.  
Жаным-ау, неге келдің, неге кеттің,  
Бір жағын қабырғамның сөгілдірші?  
Қаракөз айым,  
Мен қыймаймын.  
Қаракөз, мен де өзіңдей,  
Жан сыйлаймын.

Көк өрік-ті, қалқатай, көк өрік-ті,  
Күн нұрынан көк өрік көгеріпті.  
Оралыңның барында ойна да күл,  
Ойнамаған, күлмеген не көріпті?

### ҚАРАКӨЗ

Ғабит Мүсіреповтің “Қыз Жібек” либреттосынан

Жете алмай жолда шаршап тұрған кезде,  
Бір ғана елес берші, сәулем, көзге.  
Аққуым айдын көлде жеке жүзген,  
Көңлімде көлеңке жоқ, сенен өзге.

#### халықтікі:

Ақсұңқарым, жібегім,  
Жалғыз сенде тілегім.  
Сегіз жылдай сергелдең  
Қасірет шегіп жүдедім.  
Ой, сүмбіл шаш, сенсің уайым,  
Беу, жұбайым,

Түскенде сен есіме не қылайып?

Сүм жалған сегіз жылдай қолды матап,  
Жолыңа шыға алмадым сарбас атап,  
Аққуым айдын көлде жеке жүзген,  
Жүрмісің іліктірмей жаман атақ?

### ҚАРАТОРҒАЙ

Ақ қандай, қызыл қандай, жасыл қандай,  
Сөз сөйле көңіл кірі ашылардай, сәулем-ай.  
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,  
Көңлім сені көрсем басылардай, сәулем-ай.

Қараторғай,

Қарағым-ай.

Жолыңа келе ме деп,

Қарадым-ай, сәулем-ай.

Мен едім ертеменен қозы ағытқан,  
Сен едің жорғаменен орағытқан.  
Түскенде сен есіме, ерке сәулем,  
Кеудеме көздің жасы сорағытқан.

## ҚАСҚА ТӨС ҚҰНАНЫМ-АЙ

Өлеңді айт дегенде-ау тоқталар ма,  
Басынан шын жүйріктің нөқта алар ма?

Қасқа төс құнаным-ай!

Қалайық осындайда-ау күлін-ойнап,  
Мереке күнде осындай тап болар ма?

Қасқа төс құнаным-ай!

Аршын төс, алма мойын  
шырағым-ау-ай!

Алқызыл көрінеді-ау қашқан түлкі,  
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі,  
Жігіттер, осындайда-ау ойна да күл,  
Жоқ дейді о дүниеде ойын-күлкі!

## ҚОҒАЛЫ-АЙ

Бозбеткейлі еңдеше, бозбеткейлі, ахау,  
Бозбеткейден еңдеше, мал кетпейді.

Қоғалы-ай,

Қоңыр салқын,

Малға жай.

Шөбі жұмсақ шаруаға, шөбі шүйгін, ахау,  
Бағланы мыңғырған жер жетпейді.

Маусым — мамыр болғанда, маусым мамыр,  
Мал құдықтан су ішер абыр-сабыр.  
Самал соқса қызылдан, ақ дауылмен,  
Күн қызады, жер бусап, жасыл адыр.

## ҚОҢЫРЖАЙ, ГҮЛЖАЙ

Жігіт бол, жігіт болсаң, шын жібектей,  
Ей, қоңыржай, гүлжай.

Қаттылық қадалады тікенектей.

Ай, хай.

Ақылың Аплатондай болса дағы,

Ей, қоңыржай, гүлжай.

Оңбайсың өз халқыңа қызмет етпей.

Ай, хай.

Парапар жақсы атақпен жігіт деген,  
Жігітке ел қарайды үмітпенен.  
Жігітті ел мақтаған қыз жақтайды,  
Жігіттен қыз сүймеген күдікпенем.

## ҚОС ӨРІК

Дәйім менің мінгенім қасқа құнан,  
Сақта, құдай, қыздардың асқағынан!  
Шыныменен құласа көңіл шіркін,  
Жолығайық ауылдың тастағынан.

Жаңқалтамда қос өрік,  
Сәулем, саған мен серік.  
Сәулем еске түскен кезде,  
Жүре алмаймын теңселіп.

Он бесте едім, ендеше он бесте едім,  
Он бес жастың кезінде жанкесіпе едім.  
Он бесімде қыздармен жауласып ем,  
Жиырма беске келгенше үйлеспедім.

## ҚОС ҚАЛҚА

**Балуан Шолақтікі болуы мүмкін**

Мылтықтың денең түзу теміріндей,  
Ағаштың қасың қара көміріндей,

Сәулем, қос қалқа,  
Үкілі қамшы, жез таңдай,  
Қара көз қыз, ақ маңдай.

Сеніменен өткізген жарты күнім,  
Жаманның өте шыққан өміріндей.

Сәулем, қос қалқа,  
Алтыннан сырға алқа бел,  
Сағындым, жастық, қайта кел!

Болғанда алтын басың, құндыз шашың,  
Иілген жай секілді екі-ай қасың,  
Кетпесін осы сөзім қошеметке,  
Ел-жұртқа өзіз болған сенің басың.

Бәйтерек түзге біткен шынар едім,  
Еліме өлеңіммен ұнап едім.  
Дәм айдап бізді мұнда кез келтірді,  
Өзіңді бір көруге құмар едім.

## ҚУАТЫМ-АЙ

Құрбым-ау, сен де арманда, мен де арманда,  
Еңірет екі арманда айырылғанда.

Ах, шіркін дүние, жалған-ай,  
Уғай, арман-ай.

Жыларсың өксіп-өксіп оңашада,  
Мен кетіп, жапа-жалғыз сен қалғанда.

Ах, шіркін дүние, жалған-ай,  
Уғай, арман-ай.

Құлаңдай жүйрік құла атым-ай,  
Жел қанатты қуатым-ай!

Кетпейсің күндіз естен,  
Түнде түстен,

Көзіңді мөлдіреген қайтейін-ай.

О, ғажап! Жер мен көктің арасында,

Біреу шат, біреу қапа дүниясында.

Құдайым сауысқанға бақ берген соң,

Самұрық қызмет етер саясында.

## ҚҰДАША

Келші, келші, бермен келші, құдаша,

Бір сөз айтам көңіліңе ұнаса.

"Кетіп әрі!" — деп ұрса ма деп зәрем жоқ,

Не де болса шығып кетші оңаша.

Дедім дағы қысып қалдым көзімді,

Жерге тастап кете ме деп сөзімді.

Елжіреген жас жүректе зәре жоқ,

Сабыр қылып тоқтатамын өзімді.



*Баланы ожаумен ұрма!*



*Айтта кір жума!*



## ҚҰРАЛАЙ

Тоқтыбалақ ендеше, тоқтыбалақ,  
Тоқтыбалақ жайылар көк қуалап.  
Сен есіме түскенде, қимас сәулем,  
Жата алмаймын төсекте төрт дұмалап.

Құралай!

Жатырсың жайды сұрамай.

Мәнісін айтшы, қалқам,

Бұл қалай?

Айналайын қарағым, хал жақсы ма?

Сала берме көзіңді әр жақсыға.

Сала берсең көзіңді әр жақсыға,

Бәрі жақсы көрінер алғашқыда.

## ҚҰРБЫ-АУ, ЖАЙ (ҚҰРБАУЖАЙ)

Көрген жерде-ақ өзіңе болдым ғашық, аха-хай,  
Білдірмедім алашқа аузымды ашып.

Құрбы-ау, жай.

Бал-шекерге малынған алтын қасық, аха-хай,  
Сөйтіп қашан жүрерміз араласып.

Құрбы-ау, жай.

Айың жарық, итің сақ,

Ебін тауып ойнасақ,

Кеудешенді қос алма қуыстаған,

Бір шығады құмардан уыстаған.

Бейнеңнен бір көз алмай мен келемін,

Бір қарашы тым құрса дұрыс маған.



*Бейуақытта ұйқтама!*



*Кісінің үстінен аттама!*



*Күлкі – көңілдің ажары*

## ҚЫЗДАР-АЙ

Шұбар туша, ендеше, шұбар туша,  
Қыздар-ай.  
Қыздар сұлу көрінер, белін буса,  
Әлуай.  
Есігіңнің алдына су төгіп қой,  
Қыздар-ай.  
Әкең тайып жығылсын, мені құса,  
Әлуай.

Әй, әй, қыздар-ай,  
Қатарымсың, теңімсің.  
Қарамасаң, қарама,  
Мен дағы өлер деймісің.  
Жігітте де жігіт бар тымырайған,  
Баса киіп тымағын жымырайған.  
Қыздар да қыздар бар жігіт көрсе,  
Қасақана ары қарап қыңырайған!  
Әй, әй, қыздар-ай,  
Қызға жігіт құмар-ай.  
Біліп қойса шешесі,  
Тарсылдатып ұрады-ай.

## ҚЫЗЫЛ БИДАЙ

Қыз емес, қыздың аты — қызыл бидай,  
Қыз үшін түнде жорттым көңілін қимай.  
Қалмады баста бөрік, белде белбеу,  
Жеңгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай.  
Ақау айдай,  
Қызыл бидай.  
Болғанша жарың жаман,  
О, шіркін, алсын құдай!  
Қыз емес, қыздың аты — қызыл өрік,  
Баршасы бірдей келсін мінез, көрік.  
Сыртынан жүзін көрмей құмарланып,  
Әркімдер жүрсін дағы болып жерік.

## НАЗҚОҢЫР

*Өлеңі Жамбылдікі*

**Манарбек Ержановтың айтуында**

Тізілген таулары бар Жетісудың,  
Ішінде орман, тоғай біткен нудың.  
Дариядай сол таулардан тулап тасып,  
Көресің тамашасын аққан судың.

Жайлау бар бұл тауларда шөбі шалғын,  
Көк майса ойы, қыры — бәрі балғын.  
Қызығын сол жайлаудың көрем десең,  
Шөбіне бауырың төсеп жатып алғын.

## НАҚ-НАҚ

Сөйле десең, сөйлейін сөз келгенде, eh-he!  
Киер көйлек шаруа бөз келгенде!

Тамаша-ау!

Денің сау ма, құдаша-ау!

Айт дегенде несіне бөлденейін,

Жалқы биік жақсыға кез келгенде!

Ызғар-ау,

Денің сау ма, қыздар-ау!

Тобылғының түбінен

Қазық алдым, сылақ-сылақ!

Бөдененің етінен

Азық алдым, былақ-былақ!

Қасың қара, көзің қой.

Ақ тамақ қыз бір өңкей!

Абау қыздар, абау-бақ,

Тырна маттай, туай-тақ,

Екі манақ, нақ-нақ,

Ішім-ай! Дертім-ай,

Қыздар-ай, қырғын ай!

Қыр басында қыз ойнақ,

Күндіз мәжіліс, түнде ойнақ!

Екі манақ, нақ-нақ,

Айта бар, қайта бар,  
Қыздарға сәлем айта бар!  
Әндір аққу есіңе сал, ескеріп қал!  
Жиылып қыз-бозбала-ай!..  
Кер торыға сал-ай-ай!  
Кел екеуміз, домбыра, қосылайық!  
Айқай салып ән тартып, жосылайық!  
Бекер қарап, бекөр жай отырғанша,  
Бозбалаға болмай ма осы лайық?!

### ОН АЛТЫ ҚЫЗ

Астыма мінген атым генадушка,  
Шабамын көңл ашып немнушка.  
Не керек бұл дүниеде жить егуге,  
Азырақ ойнап-күлмей, молодушка.  
Зұлқия-ай, Ұрқия-ай,  
Қатира-ай, Сағира-ай.  
Күлзира-ай, Назира-ай,  
Нағима-ай, Бәтима-ай.  
Әшекей қыз Айжан-ай,  
Бөлекей қыз Балжан-ай,  
Шашбаулы қыз Сәлима-ай,  
Еркелеген Таиса-ай,  
Толықсыған Маруся-ай,  
Тыңдаушы еді-ау, Сәулем-ай!  
Қайда кетті Раиса-ай,  
Я люблю аяй, Рая-ай!  
Қарағым, айналайын черный көзім,  
Никогда не забуду айтқан сөзің.  
Второй, третий сорттар толып жатыр,  
Первой сорт қайдан тудың сенің өзің?!



*Білегі жуан бірді жығады,  
Білімі жуан мыңды жығады.*



*Ата-енеңнің төсегіне отырма!*

## САҒЫНБА, ҚҰРБЫМ

Кеткенде елді тастап алыс жаққа, ей,  
Жетті ме созған қолың атақ, даңққа, ай?!  
Бәйгеден күнде озсаң да, жат ел ылғи, ей,  
Санайды өз жабысын арғымаққа, ай.  
Сағынба, құрбым, сағынба, ей,  
Сағынар күнің алдында, ай!  
Күнде алшы түсірсең де асығыңды,  
Көрмейді жат жер сені тасы құрлы.  
Шеңгел де өз жерінде дүркірейді,  
Әркімнің өз елінде басы құнды.

## САҒЫНАЙЫН

Болмаған соң тозады, ей, үйде күтім,  
Жыртық үйден шығады қисық түтін, әй.  
Сен есіме түскенде, ей, сенер болсаң,  
Тамағымнан өтпейді ішкен сүтім, әй.  
Сағынайын,  
Сағынғанда келмесең,  
Неғылайын, әй.  
Жалқы құрлы еркім жоқ, ей, баққан кеңге,  
Жаным сергір сен жақтан соққан желге.  
Сен есіме түскенде, ей, сенер болсаң,  
Аққу жүзер көзімнен аққан селге.

## САРЫ ЖЕЗ ҚҰМҒАН-АЙ

Біздің ауыл сұрасаң Белтұрғанда,  
Биік ағаш солқылдар жел тұрғанда.  
Күн мен айын басқаның не қылайын,  
Тал шыбықтай солқыдап сен тұрғанда.  
Сары жез құмған-ай,  
Отта тұрған-ай.  
Айналайын көзіңнен,  
Ашып-жұмған-ай.  
Біріншіден не жаман — өсек жаман,  
Екіншіден — сүймеген төсек жаман.  
Ер жігіттің бойында болмаса өнер,  
Жақсы екен ғой жүргені есен-аман.

## СӘУЛЕМ-АЙ

Сарғайдым жолыңа мен қарай-қарай,  
Хабарсыз кеттің, сәулем, неге бұлай?  
Жастықтың ауытпалы толқынында,  
Жүрмісің ойға қалып әлдеқалай!

А-а-а-ай,

Сәулем-ай, әлдеқалай.

Ерітіп жүрегіме түсірдің шоқ,  
Жан сәулем, сенен басқа сүйерім жоқ,  
Ұмытсаң алысқан қол, айтқан сертті,  
Амал не, махаббатқа атқаның оқ.

## СӘУЛЕМ-АЙ

Жалғыз ағаш жапанда есіледі, сәулем-ай,  
Жапырағы, жел соқса, төгіледі, сәулем-ай.  
Сен есіме түскенде, беу, қарағым, сәулем-ай,  
Сынбаса да қабырғам сөгіледі, сәулем-ай.

Сәулем, сәулем, сәулемсің,

Басымдағы дәуренсің,

Жақсы болсаң, сәулемсің,

Жаман болсаң, әуремсің.

Қаратаудың басында қарға жүрер,  
Қара жолмен шикылдап арба жүрер.  
Сен есіме түскенде, сенер болсаң,  
Шықпаған соң шыбын жан зорға жүрер.

## СӘУЛЕМ-АЙ

Айдап салдым жылқымды ақ қауданға,  
Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға,  
сәулем-ай.

Қуанғаннан жүрегім от боп жанар,  
Ақ білекті сыбанып қой сауғанға,  
сәулем-ай.

Екі ғана жирен-ай,

Өңшең манат киген-ай.

Оймақ ауыз, күлім көз,

Ғашық жардың сүйгені-ай.

Сары белден сарғайып таң атқанда,  
Аққұбаша, бидай өң түн қатқанда.  
Ұзақ таңға ер жігіт қайтін шыдар,  
Сары майдай толықсып қыз жатқанда.

### СЕКІРТПЕ

Ауылым Ақкемердің жағасында,  
Алты ұлдың мен бәйшешек арасында.  
Шапқанмен жанамалап кержайдақпен,  
Қалқам-ау, өрең жетпей қаласың да.

Гүліміз, гүліміз,  
Жарқырасын нұрымыз.  
Жарқырап нұрыңыз,  
Қамықпай күлңіз,  
Асыл зат, еркем,  
Алтын көйлек киген,  
Меруерттен түймең,  
Осы отырған қыздар,  
Құрметпен бас иген,  
Гәккугәй, гәккугәй,  
Гәккуме бір салшы-ай.

Ақ тотым, аққу сипат қолаң шашың,  
Жүзің — гүл, толған айдай керген қасың.  
Меруерттей қарақат көз, бұлбұл дауыс,  
Қаз мойын, жақұт түйме, алтын басың.

### СҰЛУДАН

Қыз бейшара елгезек түйе заңдас,  
Обал ғой деп ата-ана көзін салмас.  
Итке де еріп, тіркесе, жүре берер,  
Түйемін деп тартынып тұрып қалмас.

Сұлудан,  
Қыз кетеді рудан.  
Амал жоқ,  
Мойын бұрудан.

Өз үйімде жүруші ем ерте жатып,  
Кеш тұрушы ем рахатқа әбден батып.  
Ел жатқанша енді мен отырам деп,  
Ерте оянбай қалам-ау құдай атып.

## СҮРЖЕЛГЕНШЕ

Дүние білінбейді өтерінде,  
Өркімді алсын ажал мекенінде.  
Қол үзбе ел-жұртыңнан, ер азамат,  
Жүрем деп дүниенің жетегінде!  
Ахатай, сұржелгенше,  
Ахахау, сұржелгенше,  
Хош боп тұр, хош аман бол,  
Мен келгенше!

Аңды да таңдап-таңдап атқан төуір,  
Тәтгіні таңдап-таңдап татқан төуір.  
Жаманның басын құшып бір жатқанша,  
Жақсының аяғында жатқан төуір.

## СУСАМЫР – ЕЛДІҢ ЖАЙЛАУЫ

Сырлы қасық, қалқатай, сырлы қазақ,  
Сырлы қасық сындырдым сабын басып.  
Икемдесем, иілмей қайқаясың,  
Қойғансың ба басқамен бауыр басып.  
Сусамыр — елдің жайлауы,  
Өмірдің бар ма байлауы.  
Елдік деймін, ендеше елдік деймін,  
Сұлу қызға жарасқан белдік деймін.  
Сырттай ғана өзіңді білуші едім,  
Әдейі арнап аулыңа келдік деймін.

Қара күрең асау-ай, кермегім-ай,  
Еріккенде бағатын ермегім-ай.  
Қанша ауыл, қанша жер кезсем дағы.  
Сұлу жанды өзіңдей көрмедім-ай.

## СҮРЖЕКЕЙ

Мінгенім дәйім менің Сұржекейім,  
Бүлкілдер әнге салсам көмекейім,  
Кіші іні, үлкен аға бас қосқанда,  
Алдына Сұржекеймен бір жетейін.



Етікті әуел бастан нәл сақтайды,  
Бәйгеде еркін жүйрік алшақтайды.  
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,  
Несіне әнші жігіт жалтақтайды.

### **ТАҢСЫҚТЫҢ ЖЕРІМЕН ҚОШТАСУЫ**

Балталы, Бағаналы ел, аман бол,  
Бақалы, балдырғанды көл, аман бол!  
Теруші ем еріккенде ермек етіп,  
Екпе жиде, алма ағаш, гүл, аман бол!  
Туған жер, енді аман бол!  
Көлденең көлбей біткен жал, аман бол,  
Үйеңкі, қайың, терек, тал, аман бол!  
Көркем ат, көрікті өгіз, көрнекті нар,  
Төрт түлік лықып жатқан мал, аман бол!  
Туған жер, енді аман бол!

### **ТОП ШЕҢГЕЛ**

Сен де он бесте, құрбым-ау, мен де он бесте,  
Екі он бесте қосылса, тең келмес пе?  
Қалқатайдың бергені жарты мейіз,  
Бөліп жесек екеуміз, олжа емес пе.  
Есік алды топ шеңгел,  
Топ шеңгелге келсең кел.  
Топ шеңгелге келуге,  
Өзіңе өзің сенсең кел.  
Қалам алып хат жаздым тәрбиалап,  
Бүркіт салған жүреді тау қиялап.  
Жапан түзге сен біткен бір бәйтерек,  
Бұтағыңа жүрмесін қарға ұялап.

### **ТІЛЕУҚАБАҚ**

Айқайлап ән саламын Тілеуқабак,  
Керілер, өлең айтсам, қас пен қабак,  
Көңілдің қуанышын жырға қосып,  
Келді ғой бар дауыспен шырқайтын шақ,  
Әшме мен салайын Тілеуқабак,  
Ән салсам, бірге ойнайды қас пен қабак,  
Бергенше талайыма таудай талап,  
Берсейші маңдайыма бармақтай бақ,

## УГАЙ-УГАЙ

Өлең деген немене білген құлға, угай-ай,  
Ақ теңгесін кім қимас алар пұлға, угай-ай.  
Оралыңның барында ойна да құл, угай-ай,  
Өлгеннен соң адыра қалар тұлға, угай-ай.

Угай-угай – өніміз,  
Арпа, бидай дәміміз.  
Угай-ай деп ән салсақ,  
Келіспей ме сәніміз.

## ҮКІЛІМ-АЙ, ЖЕҢЕШЕ

Арғы жағы Еділдің, бергі жағы,  
Жағасында жайқалған жапырағы.  
Үкілім-ай, жеңеше-ай,  
Сағындым, сәулем, өзгеше-ай.  
Сағынып жеңешемді әнге салдым,  
Көп болып бір хабарын алмағалы.

Ақ қағазға хат жаздым қалам алып,  
Жүрек сырын қозғалтып әнге салып.  
Ойнап-күліп жүруші ек, жеңешетай,  
Шалға кетіп қор болдың, есің танып.

## ҮШ ДОС

Дегенге перуайым-ай, перуайым,  
Басады сені ойласам, сары уайым.  
Өзімнің тұсымдағы шолпанымсың,  
Басқаның не қылайын күн мен айын!

Ай-ай-ай,  
Гагига-гагай,  
Гай, ги-гай-гай.  
Ай-гайгага-гай.  
Гагигу-гай, гай!  
Гагига-ай, ай!

Жас өмір – жанып тұрған алқызыл гүл,  
Қызығын сыйпаттауға жетпейді тіл.  
Жауқазын желбіреген – жас өмірің,  
Бағасын жастық шақтың түсіне біл!

## ШИЛІ ӨЗЕН

Айналайын атыңнан, алтыным-ай,  
Ақ жүзіңді көргенде балқыдым-ай.  
Шилі өзен қамыс-ай,  
Бізді ойлай жүр, таныс-ай.  
Сіз дария болғанда, біз қоңыр қаз,  
Бауырым төсеп бетінде қалқыдым-ай.

Айналайын қарағым, кекілдім-ай,  
Көгілдірі аққудың секілдім-ай.  
Қолда барда алтынның қадірі жоқ,  
Қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай!

## ХАЛАУЛІМ-АЙ

Алыстан қалың ағаш көрінеді,  
Жел соқса, жапырағы төгіледі.  
Есіме сен түскенде, беу қарағым,  
Қабырғам сынбаса да, сөгіледі.

Халаулім-ай.  
Ау, алтын түйме,  
Күміс түйме.  
Түспедім бір сен үшін  
Нелер күйге?  
Халаулім-ай!

Жарқырап асыл болат тастан шығар,  
Жұлқынған ерен жүйрік жастан шығар.  
Аңдап бас аяғыңды ұры-қардан,  
Дұшпаның алыс емес, достан шығар.



*Аштық ас талғатпайды,  
Ашықтық жас талғатпайды.*



*Түйе ұрлаған да ұры,  
Түйме ұрлаған да ұры.*

## ХАЛЫҚ САЗГЕРЛЕРІНІҢ ӨНДЕРІ

### ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ ТОЛЫБАЙҰЛЫ (1662-шамамен 1760)

#### ЕЛІМ-АЙ

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Қарындастан айрылған жаман екен,  
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.

Мына заман қай заман, қысқан заман,  
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.  
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,  
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Мына заман қай заман, бағы заман,  
Баяғыдай болар ма тағы заман!  
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,  
Көздің жасын көл қылып ағызамын.

### ШӨЖЕ ҚАРЖАУБАЙҰЛЫ (1808-1895)

#### ШӨЖЕНІҢ ӨНІ

Қаржаубайдың баласы ем атым Шөже,  
Тамағыма жақпай тұр күйген көже.  
Жеті жаста құдайым көзімді алып,  
От басында отырмын болып еже.

Ах-ау, қаудыр,  
Қаудыр-ай-ау...

Шорман байдың баласы Мұса мырза,  
Бұл ісіңе болмай тұр халқың ырза.  
Соқыр келсе, басыңды көтермейсің,  
Біз соқыр жеп кететін қасқырмыз ба?

Сен бәйтерек болғанда, біз – көбелек,  
Дүниенің төрт бұрышы дөп-дөңгелек  
Асылғанда бұтағың көтермесе,  
Құр бәйтерек болғаның неме керек?

**СЕГІЗ СЕРІ (МҰХАМЕДҚАНАПИЯ)  
БАҺРАМУҰЛЫ  
(1818-1854)**

**ГАУҲАР ТАС**

Ажарың ашық екен атқан таңдай,  
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай.  
Анаңнан сені тапқан айналайын,  
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай!

Беу-беу, гауһар тас,  
Құсни құрдас,  
Раушан жүзің көргенде,  
Сәулем-ау, сабырым қалмас.

Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан,  
Шолпандай таң алдында жалғыз туған.  
Жылы су, қолда құман, қарда орамал,  
Жібекпен қызыл кәріс белін буған.

Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,  
Сылдырап шашбауың мен алтын сырғаң.  
Жай жүріп шаттанасың әсерленіп,  
Әсемсіп жүйрік аттай мойнын бұрған.



*Жерді теппе,  
Елді сөкпе!*



*Құртақандай торғай да өз ұясын қорғайды.*



*Бақыт құлген үйге кірер.*

## ҚАРҒАШ

Ақ дидарың көргенде тұра алмаймын,  
Сенсіз жерде салтанат құра алмаймын.  
Сен есіме түскенде, беу, қарағым,  
Кемесіндей дарияның бұраңдаймын.

Жылқым жатыр Ақкөлдiң шаңдағында,  
Кiмдер серi болмайды бойдағында.  
Қыз кеткен соң ауылдан қызық кетер,  
Келiп-кетiп жүргейсiң ойнағыңа.

## ҒАЙНИ

Есімнен еш кетпейдi Ғайни атың,  
Өртеген жүрегiмдi перизатым.  
Бұлақтай көгал қуған таудан құлап,  
Бересiң кiмге арнап бал ләззатың.  
    Ғайни-ау, уай, сәулем,  
    Жүргенiм менiң бүйтiп  
    Сенiң әурең.  
Қарағым, өзiңнен де сөзiң тәттi  
Сөзiңнен өзiң артық инабатты.  
Қоянның қолға түскен көжегiңдей,  
Жаутаң көз, сенi қандай адам тапты!?

## ӘЙКЕН-АЙ

Домбыранды, жеңеше-ай, қолыңа алшы,  
Кекiрленбей, шырқатып әнге салшы.  
    Әйкен-ай!  
    Кел, ойнайық, кел, кел-ай!  
Қыршын жасқа қиқаңдап қарсы шығып,  
Сатылғаның сондағы бiр-ақ шаршы.

Алып келген базардан боз белбеуiм,  
Жаман-жақсы болса да өз белбеуiм.  
Көрмегелi көп айдың жүзi болды,  
Есен-аман жүрмiсiң, көз көргенiм?!  
61

**ЖЫЛҚЫЛЫ БАЙ**  
**Сегіз серінің бабасы Толыбайдікі**  
**болуы да мүмкін**

Арқада толып жатыр жылқылы бай,  
Боз үйде кеңес құрған мен Толыбай.  
Сол үйден бір сұлу қыз шыға келді,  
Жамылып жанат ішік құлпырып-ай.  
Тағатым қызды көріп тоқтай алмай,  
Білектен ұстай алдым ұмтылып-ай.  
Буыным былқ-сылқ етіп тұрған кезде,  
Қолымнан шығып кетті-ау жұлқынып-ай.  
Қамшымен ашуланып тартып қалдым,  
Ақ көйлек шығын болды жыртылып-ай!

**НАЗҚОҢЫР**

*Мәтін нұсқасы Иса Байзақовтікі*

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,  
Кел десең, неге аяйын аттың терін.  
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,  
Қай жерде отыр екен бұраң белім.

Базардан алып келген күміс құман,  
Жігітті адастырған қалың тұман.  
Арадан қыл өтпестей тату едік,  
Біздерге қастық қылған қай антұрған.

**ЕҢЛІК (“ЕЛІК-АЙ”, “ИЛИГАЙ”)**

Шақырып ең, Еңлікжан, келіп тұрмын,  
Екі етпеген сөзіңді мен бір құрбың.  
Ниязды қасыма ертіп келген шақта,  
Сөзімді ілтипатқа ап мойын бұрдың...

Елік-ай, Елік-ай!  
Елік-ай, сәулем,  
Елік-ай!

Айтылған уәдеде берік тұрмын,  
Отқа түспей өртеніп еріп тұрмын.  
Сертте тұрсаң, мен сіздік, жаным құрбан,  
Шыным осы сертімді беріп тұрмын.

Айналайын, Еңлігім, қалам қасым,  
Қара мақпал жібектей қолаң шашың.  
Маралдың лағындай егілемін,  
Сізді еске алсам, моншақтап көзден жасым.

Сізді сүйдім Еңлікжан, топтан таңдап,  
Әнге қостым атыңды әдейі арнап.  
Асқар таудың еркесі марал болсаң,  
Сегіз сері мен болам ерке саңлақ.

**“Илигай” деп қазіргі айтылып жүрген мәтін:**

Кел деп едің, Илигай, келіп тұрмын,  
Отқа түспей өртеніп еріп тұрмын.  
Сертке тұрсаң, мен сендік, жаным құрбан,  
Сырым осы, сертімді беріп тұрмын.

Илигай, Илигай,

Илигай, сәулем, Илигай-ай.

Айналайын қарағым, қара қасым,  
Қара мақпал жібектей қара шашың.  
Баласындай еліктің егілемін,  
Сені ойласам мөлдіреп көзден жасым.

Илигай деп атыңды қойдым таңдап,  
Әнге қостым атыңды әдейі арнап.  
Еркін таудың еркесі, елік болсаң,  
Мен де өзіндей жалғызбын ерке саңлақ.

## **ЖЫЛОЙ**

Орынбор, тұз төбенің тұзын көрсең,  
Жылойдың таңғаларсың қызын көрсең.  
Атыңнан түссең, қайтып міне алмайсың,  
Еркемнің судан қайтқан ізін көрсең.



Торайғыр тоқпақ жалды тоғайда бар,  
Қыпша бел, жазық маңдай ноғайда бар.  
Көрінген қыздың бәрі сұлу емес,  
Сұлу қыз, көзі қара Жылойда бар.

### ДАЙДИДАУ

Хат жаздым қалам алып сізге, еркем,  
Жүзің бар он төртінші айдай көркем.  
Есіме сен түскеңде, беу, қарағым,  
Қозғайсың қатып қалған іштің дертін.

Шыныңмен менен, достым, қалғаның ба,  
Мойныңа айрылысуды алғаның ба?  
Екеуіміз айрылмастай болып едік,  
Қайтейн уәдеңнің жалғанына.

### ДӘУРЕН САЛ ҚҰДАБАЙҰЛЫ (1819-1890)

#### САРЫ БИДАЙ

Сағындым сарғайдым да қаудай болып,  
Елімде жүруші едім таудай болып.  
Күшіктің бір қызына ғашық болып,  
Маталып жатқан жайым жаудай болып.

Сары бидай  
Сағындым-ай,  
Туған ел, сағынбастай  
Не қылдым-ай!

Жұдырық салған маған шабырдан көп,  
Құлағым сарсып кетті дабырдан көп.  
Еркесі шапырашты бұлықсыған,  
Дәурен сал сазға жатты адырдан кеп.

Жанитын бойда қару қуатымды,  
Сағындым шапырашты, дулатымды,  
Күшіктер қадірімді қайдан білсін,  
Мендей жан жүз жылда бір туатынды.

## СЕЙТЖАН КӨРПЕШҰЛЫ (1819-1885)

### ҚАНАТ ТАЛДЫ

#### Бірінші шумақ Иса Байзақовтікі

Өндердің ұлы атасы — “Қанат талды”,  
Арқада аңыратып Сейтжан салды.  
Талдырып, тамылжытып шырқағанда,  
Үзіліп, естігенде жұрт таң қалды.

Гүл бақша көңілді бір әсем әнді,  
Тілейтін бұлбұл едім сайрағанды.  
Ән шырқап бой жаза алмай, шалқыта алмай,  
Қалықтап қайран дүние, қанат талды.

Әнім ед сүйін салған “Қанат талды”,  
Бұл әнім балқытушы ед тыңдағанды.  
Өмірден өз еркіме орын таппай —  
Кейінге “Қанат талды” әнім қалды.

## ЗІЛҒАРА ҚАРАТОҚАҰЛЫ

### ЖИЫРМА БЕС (1)

Беріп кет сақинаңды мыс та болса,  
Жүрейік күліп-ойнап қыс та болса.  
Шеш тағы етігіңді байпақшаң кел,  
Көрейін өз сорымнан ұстап алса.  
Аха-хау, жалған,  
Жиырма бес қайта айналып,  
Дүние-ау, келмес саған.  
Қайғысыз қара жүрек зарламайды,  
Адал дос бірін-бірі алдамайды.  
Қара тас, ұйқың келсе, болар мамық,  
Шын ғашық, сұлулықты таңдамайды.



*Күн бата жатпа!*

## ЖИЫРМА БЕС (2)

Баласы Қаратоқа Зілғара едім,  
Алмаған әке тілін, шіркін-ай, бір бала едім.  
Кешегі жиырма бес қайтып келсе,  
Төрт бұрышын дүниенің, шіркін-ай, пырмар едім.

Аха-хоу, оу, жалған,  
Жиырма бес қайта айналып  
Шіркін-ай, келмес маған.

### “Қыз Жібек” операсындағы Ғабит жазған Бекежанның әні:

Бір өзің айтарым да, тыңдарым да,  
Қол жетпес құмарым да, шынарым да.  
Жетпесе айтқан сөзім, амал қайсы,  
Қалармын құлармын да, сынармын да.

О-оу, жалған!

Жас шағың қайта айналып,  
Жібекжан, келмес саған!

Түскелі мен ізіңе көп жыл болды,  
Созғалы саған қарай екі қолды.  
Есіте алмай өз аузыңнан бір ауыз сөз,  
Өр көкірек өшпейтін бір шелге толды.

## БІРЖАН САЛ ҚОЖАҒҰЛҰЛЫ (1834-1897)

### ЖАНБОТА

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,  
Көкшетау боқтығына көмген жерің?  
Кісісін бір болыстың біреу сабап,  
Бар ма еді статиадан көргендерің?

Жанбота, өзің болыс, әкең — қарпық,  
Ішінде сегіз болыс шенің артық,  
Өзіндей Азынабайдың Боштабайы  
Бір қойып, домбырамды алды тартып.

## АЙТБАЙ

Атымның қақ тұрады сауырына,  
Қос тепкі салып келем бауырына.  
Қолынан шай құйдырып шейін деп,  
Келемін Айтбай сұлу ауылына.

Мамекең, Айтбай десем, күлімдейді,  
Сұр жорға астымдағы сүрінбейді.  
Аққудай аспандағы жүз құбылтып  
Сал Біржан ән салуға ерінбейді.

**Қажым Жұмалиев жазған операдағы мәтін:**

Базарың құтты болсын, *ардақты елім!*<sup>1</sup>  
*Қоянды*<sup>2</sup> — ту көтерген думан жерім.  
Оқжетпес, Бурабайды *мекендеген*,<sup>2</sup>  
*Телғара*<sup>2</sup> елге атанып өткен жерім.  
Жер шоқтығы Көкшетау,  
Баурың толған бақша, бау.  
Баурыңда бар сексен көл,  
Жұпар исің аңқиды-ау!

## АДАСҚАҚ

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай,  
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.  
Жиылысы жандаралдың болады деп,  
Жанбота, тынышымды алдың ала жаздай.

Ей, өгугай-ай!

Айтады Біржан өлең ентелетіп,  
Біржанды халқым қойды еркелетіп,  
Есерге Боштабайдай көз алдында,  
Біржанды қойғаның ба желкелетіп.



*Бейітке қарап түзге отырма!*

## ТЕМІРТАС

Теміртас, Асыл, Ақық, қалдың зарлап,  
Адамзат қалмақ па екен солай сарнап.  
Көз көрген құрбыларға дұғай сәлем,  
Батасын оқи берсін маған арнап.

Ақ үйдің ай көрінер маңдайынан,  
Шешеннің сөз шығады таңдайынан.  
Теміртас, Асыл, Ақық — қарғаларым.  
Искетіп кетсеңдерші маңдайыңнан.

Теміртас, Асыл, Ақық — қарақтарым,  
Үкідей мен сендерді балақтадым.  
Бірге өскен құрбы-құрдас, замандастар,  
Есіктен келе ме деп алақтадым.

Салғаным ағаш үйге ызботты пеш,  
Жаратқан, мен бендеңнің күнәсін кеш!  
Денеме кендір арқан жаман батты,  
Қайдасың, Асыл, Ақық, қолымды шеш.

Теміртас, Асыл, Ақық — балдан тәтті,  
Қинауға салады екен адамзатты.  
Үкідей желкілдеген қарақтарым,  
Шешсеңші, білегіме арқан батты!

## АЙБОЗЫМ

Айбозым, айхай, бозым, даңғыл бозым,  
Ел шалғай, жүре алмадым жалғыз өзім.  
Гагу-гига-гигай,  
Гигай, гигаи, гига-гоу,  
Гагигигау, гигау, гигагоу.  
Сүйікті, сүйіскенді сағынғаннан,  
Талады қарай-қарай екі көзім.  
Өзіңнің теңдес құрбың болмаған соң,  
Өтеді енді кімге айтқан сөзің?

## АҚТЕНТЕК

Қызы едің Ақтентектің Шұға, Мақпал,  
Әр жерде сабырлы ерді тәңірім сақтар.  
Көңілім бір-біріңмен болса ғасыл,  
Ауылын сұлу қыздың жігіт жақтар.

Гей-гигей-гек-гек,

Гей-гигей-гек-гек.

Лиллай-лиллау, лиллау-лиллау,

Лиллай-лиллау-лай-лау.

Қызы едің Ақтентектің Ажар атың,  
Ешкімнен кейін емес салтанатың.  
Алыстан ат өксітіп келіп едім.  
Жүрмісің есен-аман, перизатым!

## ЖОНЫП АЛДЫ

Аты еді бұл әнімнің Жонып алды,  
Алғандай сұлу жонып өрім талды.  
Жасымнан сүйіп айтқан ән болған соң,  
Жаңылмай әлі күнге есте қалды.

Жан едім әсем әнді сүйіп айтқан,  
Жағымды көпке бірдей жұрт ұнатқан.  
Келетін нақысына жүз құбылып,  
Кейде өрлеп, кейде шалқып, баяулатқан.

Кім сүймес көкке өрлеген әсем әнді,  
Қөңілдің күйін шерткен көркем сәнді,  
Болғандай бойға қуат, ойға азық,  
Балқытып еріткендей тербеп жанды.

## БІРЖАН САЛ

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын.  
Адамға зияным жоқ жүрген жанмын.  
Қасыңа мені сендер неге алмайсың,  
Өзім сұңқар, өзім сал, кімге зармын?

Жасым бар жиырмада, жасырмаймын,  
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.  
Басымнан дұшпан сөзі асып кетсе,  
Сен түгіл патшаға да бас ұрмаймын.

### БУРЫЛТАЙ

Таңбасы жоқ, ені жоқ Бурылтайдың,  
Сағасы өткел бермейді терең сайдың.  
Құба жонға шоқытып шыға келсем,  
Жұрты жатыр, ауылы жоқ қалқатайдың.  
Ахау, бикем жар-жар,  
Алма мойын, ақ сұңқар.  
Хош-есен бол, құрбым-ай,  
Құрбылықпен жүрдім жай.  
Ахау айдай,  
Жариям айдай.  
Жардың көңілін қалдырма,  
Қыз қалқатай!  
Қамшы бастым асыға Бурылтайға,  
Өткел бермей тоқтатқан терең сай ма?  
Жұрт жаңғыртып орнынан бір күн түнде,  
Қалқатайдың ауылы кетті қайда?

### ЛӘЙЛІМ ШЫРАҚ

Ләйлім шырақ дегенде, Ләйлім шырақ,  
Таудан аққан құм қайрақ сен бір бұлақ,  
Қайыс болсын, жіп болсын, неге керек,  
Шідерімнің бағасы — қырық қысырақ,  
Өзіме бер шідерім, тауып алсаң,  
Елу теңге берер ем, сүйінші алсаң,  
Жерде шіріп қалса да, өзіме бер,  
Шыбын жаным қиылсын, бітім алсам.

## ҒАШЫҒЫМ

Дариға, дүниеге неге келдім,  
Келдім де, бір жаманның соңына ердім.  
Сене алмай, сендім дерге дос таба алмай,  
Екенін өмір пани енді білдім.

Ғашығым, асылым,  
Қайғыңменен жасыдым.

Ғашықпын тағат, сабыр ете алмаған.  
Мұратқа көп ізденіп жете алмаған.  
Қайырса қара қарға қаз алмайды,  
Жібекті жүн қылады түте алмаған.

## ЖАМБАС СИПАР

Ұшына орамалдың түйдім сусар,  
Көп жылқы көкалалы көлде жусар.  
Кешегі ел қыдырған есер шақта,  
Ән екен Біржан салған "Жамбас сипар".

Деген соң біз қартайдық, біз қартайдық,  
Белгісі қартайғанның серттен тайдық,  
Қанеки, соныменен шыққан мүйіз,  
Қасына сұлулардың көп жантайдық.

## КЕМПІРБАЙ БӨГЕМБАЙҰЛЫ (1834-1895)

### КӨК КЕПТЕР

Көңілді Әсет келді-ау көтергелі,  
Қысады кеуде шіркін жөтелгелі.  
Артыма бір-екі ауыз сөз тастайын,  
Басымды жастықпенен көтер бері!  
Өлсем де "Көк кептерге" бір басайын,  
Қу тақтай қос ішекті әпер бері!  
Аузыма өлерімде сөз салмасаң,  
Қонғаның, өлең шіркін, бекер ме еді?



Ал енді шіркін көмей былпылдасын,  
Сөзімді әшиясыз кім тыңдасын?  
Ішінде арғын, найман салдым айғай,  
Қалайша шіркін көмей жыртылмасын?!  
Тірліктің тиянағын көру үшін,  
Кім мендей боламын деп ұмтылмасын?  
Суырған қынабынан наркескендей,  
Қызыл тіл әр-әр жерде қылпылдасын.  
Көңілді Әсет сұрай келгенінде,  
Шаба алмай кәрі тарлан сылпылдасын.  
Тыңдайтын келешегім – балалар бар,  
Әйтеуір, артқы жағым құр тұрмасын.  
Мойынға ғазірейіл салса құрық,  
Білемін ғазиз жанның құтылмасын.  
Кемпірбай бұл дүниеден көшіп кетсе,  
Білемін енді өзімдей ұл тумасын.

Боз шапса, боз озбай ма буырылдан?  
Мен шапсам, жер танабы қуырылған.  
Жай тастап құлашымды, жылдам алып,  
Жабының күнде озушы ем тұғырынан.  
Адаммен алтын жүзді душар болмақ,  
Өзіңнің бойға біткен пиғылыңнан.  
Сұрасаң хал-жайымды, Әсет жаным,  
Жатырмын ұшайын деп тұғырымнан.  
Тереңдеп Сырдың суы қаптаса да,  
Сонда да келмеуші еді жұлығымнан.  
Әй, Әсет, осы аурудан өлем білем,  
Науқасым меңдеу тартты бұрынғыдан.  
Ұшсаң да қанат байлап аспанменен,  
Ажалдың кім құтылар құрығынан?  
Ер Дәуіт жеті жаста иектеген,  
Қыдырдың суын ішіп құдығынан.  
Келсе де тоқсан ақын жолай бермей,  
Мен дағы озып жүрдім бұ ғылымнан.

Әсетжан, осы аурудан өлем білем,  
Алланың аманатын берем білем.  
Кеудемнен көк ала үйрек “хош!” деп ұшты,  
Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем.

## **ЖАЯУ МҰСА БАЙЖАНҰЛЫ (1835-1929)**

### **АҚ СИСА**

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса,  
Қалмайды кімдер жаяу зөрлық қылса.  
Шорманның Мұстафасы атымды алып,  
Атаңдым сол себептен Жаяу Мұса.

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса,  
Жүрмейді кімдер жаяу зөрлық қылса.  
Байлары өрыс-қазақ қашқын дейді,  
Көрер ем қашқындықты күнім туса.

Үш жүзге атым мәлім Жаяу Мұса,  
Жүрмейді кімдер жаяу зорлық қылса.  
Аттыдан жаяу жүріп кек аламын,  
Жігіттер, шамаң келсе, маған ұқса.

### **ХАУЛАУ**

Үш жүзге болған мағлұм атым — Мұса,  
Жігіттер, шешен болсаң маған ұқса.  
Сыртымнан, мені қазақ қашқын дейді,  
Көрер ем қашқындықты күнім туса.

Мен міндім Майдажал мен Қазмойынды,  
Мекенім — Баян тауы кейін қалды.  
Қорлыққа жас та болсам шыдай алмай,  
Өмірім Мұсаменен дауға қалды.

### **КӨКАРШЫН**

"Көкаршын" ән еркесі башпен айтса,  
Ер жігіт не болады серттен қайтса.  
Ән болмас "Көкаршындай" қайда барсаң,  
Ән білем деген адам шынын айтса.

"Көкаршын" көңліме қонған әнім,  
Сүйеді сұлу әнді менің жаным.  
Айқайлап шырқағанда жүз құбылтып,  
Кетеді бойым балқып, қызып қаным.

### ГАУҺАР ҚЫЗ

Қарағым айналайын асыл туған,  
Сорлы әкең жаяу жүріп, закон қуған.  
Мұсамен қағаздасып жүргенімде,  
Салықжан айналайын сонда туған.  
    Уа, әлдижан, әлдижан,  
    Көңілім сүйген Хұснижан.  
    Ахау, ой, Гауһар қыз,  
    Алма мойын, қоңыр қазым.  
Ішуге Омбы барып шай таппадым,  
Қайтейін, қайран жүрек, жай таппадың.  
Жұлдызға аспандағы қол созам деп,  
Торыдай жауыр болған қайқақтадым.

### ҚҰЛБАЙ

Құлбай байдың өгізі,  
Танкесінің семізі,  
Келген сайын тонайды,  
Жарымаған негізі.  
    Аһ, Құлбай бай,  
    Құлбай бай,  
    Әнім менің — "красивай"  
    Қыпшакский жарменке-ай.  
Құлбай байдың тайлағы,  
Ат шаптырым аймағы.  
Өзіне тәңірі берген соң,  
Бұзылмай тұр қаймағы.  
  
Құлбай байдың ешкісі,  
Күйеуі келді бес кісі.  
Шешесі тентек болса да,  
Қыздарының естісі.

Құлбай байдың тұсағы,  
Өткір екен пышағы.  
Басқасы жаман болса да,  
Қызының тәуір құшағы.

## ҚҰЛТУМА САРМҰРАТҰЛЫ (1840-1915)

### СОҚПАЙ-АЙ СОҚ

Мінезі жүйрік аттың соқпа-ай соқпа,  
Айтамын мен өлеңді осындай топқа.  
Сөйлеп қал, қызыл тілім, өлмей тұрып,  
Өмірің біразырақ бар ма-ай, жоқ па?  
Қайрым-қайрым-хайрау,  
Хайрау-қарай-рай.

Ал десе, еркін жүйрік ағындаған,  
Ақылға кейбір надан бағынбаған.  
Жігіттік — бойға таққан бір гауһар тас,  
Қартайсаң, қайта айналып тағылмаған.

### ҮШ КӨТЕРМЕ

Сұрасаң менің атым Құлтума-ды,  
Момыннан Құлтумадай ұл тумады.  
Қолға алып домбыраны шырқағанда,  
Қосжақтап, шіркін, көмей бұлтылдады!

Сұрасаң, менің атым Құлтума-ды,  
Момыннан Құлтумадай ұл тумады.  
Келгенде жетпес үшке өн шырқадым,  
Көмекей сонда дағы бір тынбады.

### ТАУ ҚИАЛАП

Саладан сусын алдым тау қиалап,  
Жас кезде әрбір істен еттім талап.  
Бергенім сөлемдеме ала қағаз,  
Ішіңнен оқы, қалқам, құпиалап.

## МҰХИТ МЕРАЛЫҒҰЛЫ (1841-1918)

### ҮЛКЕН АЙДАЙ

Мұхитың салады енді "Айдайына",  
Бақ бергей ер жігіттің маңдайына.  
Жаманға бір сөз айтсаң, теріс қарайды,  
Жақсының мен жүремін ыңғайына.

Дүние — қызыл түлкі бұлаңдаған,  
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған.  
Мегзеген асқар таудай есіл көңіл,  
Дүниеде еш нәрсеге тына алмаған.

### КІШІ АЙДАЙ (БАЛА ОРАЗ)

Жақсы адам жасырмайды адал сырын,  
Жаманда жақсылық жоқ, ешбір ырым.  
Атар таң, сол жаманға шығар күн жоқ,  
Келгенде сөйлер сөзге кетер қырын.

Бір күйі домбыраның пернесінде,  
Жел сөзден іркілейін мен несіне.  
Жігіттер, тіршілікте ойна да күл,  
Мен кепіл откен жастық келмесіне.

### КӨК АЙДАЙ

Ой, қалқам, сен де көркем, мен де көркем,  
Қосылса екі көркем, болады тең.  
Дөңбекшіп төсегімде жата алмаймын,  
Есіме сен түскенде, сұлу еркем.

Бір ағашта екі алма,  
Мен де алмаймын, сен де алма.  
Анық досым сен болсаң,  
Оймақ ауыз, күлім көз,  
Мен кеткенде сен қалма.  
Ой, *көк айдай*,<sup>2</sup>  
Күткен сәулем —  
Қыз қайда-ай.

Ой, қалқа, сен де ақ маңдай, мен де ақ  
маңдай,  
Қосылса екі ақ маңдай, шам жаққандай.  
Төбесі сұлу қыздың көрінгенде,  
Аяқты баса алмаймын жын қаққандай.

### АЙНАМКӨЗ

Салмасам "Айнамкөзге" ән болмайды,  
Кимесем жеңсіз бешпент сән болмайды.  
Ойнасаң, өзің теңдес жаспен ойна,  
Ол дағы алғаныңнан кем болмайды.

Айнамкөз, сен қайдағы, мен қайдағы,  
Біреудің мен де өзіңдей боз тайлағы.  
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,  
Шымырлап қан қайнайды өн бойдағы.

### ЗӘУРЕШ

Уа, Зәуреш, сенің үшін елден келдім,  
Баяғы өзің көрген жерден келдім.  
Сен неге мен келгенде тебіренбейсің,  
Иіскеп, бір сүйейін деген едім.

Қайыңның жазда көрдім жапырағын,  
Құланның тауда көрдім шоқырағын.  
Сен қалған отыз ұлдан едің, Зәуреш,  
Бір уыс бұйырмады топырағың.

Сақталмас болат пышақ қын болмаса,  
Өтірік неге керек, шын болмаса.  
Зарланып саулы інгендей келгенімде,  
Басыңды бір көтерші тым болмаса!



*Жер тоймай, ел тоймайды.*

## **АҚИІС**

Ұйқысыз біздің Мұқтар қаршыға ұйқы,  
Жақсының жүрген жері ойын-күлкі.  
Келді де бір ақсұңқар іле түсті,  
Біз едік тауда ойнаған қызыл түлкі.

Мұқтардың бәйбішесі Қашым еді,  
Жұлдызы өзгесінен басым еді.  
Ақиіс келгеннен соң кеми берді,  
Бір кезде желдей есіп, тасып еді.

## **ПАҢКӨЙЛЕК**

Паңкөйлек маң-маң аяқ басатұғын,  
Жар қайда ондай көңіл ашатұғын.  
Кешегі жиырма бестің желігінде,  
Көңілім тау суындай тасатұғын.

Кім білер, кімдер болар мейірім қанар,  
Рухым сөнген менің қайта жанар.  
Еңіреп Мұқит бабам өтіпті-ау деп,  
Кейінгі ұрпақтарым есіне алар.

## **АҚАН СЕРІ ҚОРАМСАҰЛЫ (1843-1913)**

### **ҚҰЛАГЕР**

Жел соқса, қамыс басы майда деймін,  
Ат қостым, ат айдаушым, айда деймін.  
Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды,  
Жығылмаса Құлагер, қайда деймін.

Ор болып қалушы еді шапқан жерің,  
Сүйсініп тұрушы еді қосқан елің.  
Атығай — Қарауылға олжа салған,  
Бота тірсек, қыл сағақ, сандал керім.

Құлагер құнанында керім еді,  
Нағашым сұрағанда беріп еді.  
Ат қоса Ерейменге барғанымда,  
Бір сыншы көзі шыққыр көріп еді.

### СЫРЫМБЕТ

Ауылым қонған Сырымбет саласына,  
Болдым ғашық ақсұңқар баласына.  
Бидайыққа ылайық қарағым-ай,  
Бөктергіге қор болып барасың ба?

Қарындас-ау,  
Енді, есен бол-ау.

Ауылым қонған Сырымбет жел жағына,  
Артық туған бала едің ел бағына.  
Бидайыққа ылайық дейтін сәулем,  
Бөктергінің іліндің тырнағына.

Алтын қайық жарасар күймесімен,  
Наздана алмас сұлу қыз сүймесімен.  
Қоскөл жаққа таныса киіп барған,  
Бешпентіңді беріп кет түймесімен.

### ҚАРАТОРҒАЙ

Келеді Қараторғай қанат қағып,  
Астына қанатының маржан тағып.  
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,  
Айрылдым қапылыста сенен нағып.

Қараторғай,  
Ұштың зорға-ай.  
Бейшара, шырылдайсың,  
Жерге қонбай.

Ертістің ар жағында бір терең сай,  
Сүйреткен жібек арқан тел қоңыр тай.  
Ағаштың бұтағына қонып алып,  
Сайрайды таң алдында Қараторғай.



## БАЛҚАДИША

Қызы едің Ыбыкеңнің Балқадипа,  
Бұралған бөлің нәзік тал, Қадипа.  
Жиылған осы тойға қалың қыздың,  
Ішінде қара басың хан, Қадипа.

Қызы едің Ыбырайдың Балқадипа,  
Боларсың біздің сөзге зар, Қадипа.  
Бұлаңдап асау тайдай жүрген басың.  
Боласың қандай жанға жар, Қадипа.

Қызы едің Ыбырайдың Балқадипа,  
Өзенді өрлей біткен тал, Қадипа.  
Бір түгіл екі жеңгең келіп тұр ғой,  
Рұқсат бізден сізге бар, Қадипа.

## МАҢМАҢҒЕР

Маңмаңгер, кекілің күлте, жалың майда,  
Байлаған сені сылап қалқатай да.  
Жүрісің желмаядай жануарым,  
Көрейін қызығыңды осындайда.

Ахау, туған елім,  
Балаң едім.  
Өзіңе осынау әнді,  
Ала келдім.

Маңмаңгер, ән қосайын жүрісіңе,  
Дер екен қалқа қалай келісіме.  
Сыдыртып Маңмаңгермен келе жатып,  
Осынау ән күйіндіріп түсті есіме.

Маңмаңгер, кекілің күлте, жалың майда,  
Бал татыр қант қосса қағаз шайға  
Кісіден анау-мынау жалтару жоқ,  
Ақ көйлек, дүрия бешпент сәулем қайда?

## ЛӘЙЛІМ

Есен-аман жүрмісің, Ләйлім шырақ?  
Жаңа таптым аулыңды көптен сұрап.  
Жел тимесе, жан тимес деп жүргенде,  
Қол ұстасып жатпенен кеттің жырақ.

Аққу едің таранған айдындағы,  
Ұштың ұзап қанатың жайдың дағы.  
Көлеңкеңді көрсетпей кете бардың,  
Қол алысқан сертіңнен тайдың дағы.

Осылай ма еді, ей, қалқа, айтқан сертің,  
Жүрегімді жандырды ғашық дертің!  
Мұнша неге сен мені әуреледің,  
Болмаған соң әуелде баста еркің?!

## ШЫРМАУЫҚ

Шырмауық шығарында бас тартады,  
Біздің ел ерте жайлап, кеш қайтады.  
Ел қайтқан жайлауынан құла дүздей,  
Көңілімді ұғатын жоқ қалқам тағы.

Ахау, дүние жалған,  
Өтті-ау арман,  
Сұм тағдыр, шырмауықтай,  
Шырмап алған-ау-ей.

Үйректің атқызбайды қасқалдағы,  
Шебердің былқылдайды басбармағы.  
Бұл күнде ағаң болдым төр алдында,  
Бір кезде Ақан едім аспандағы.

Дүние қызыл-жасыл, кімді алдадың?  
Сен берген ризықтан құр қалмадым.  
Дәуренді меңдей сүрген кім бар екен,  
Сонда да қызығына бір қанбадым.

## МАҚПАЛ

Үйірі қысырақтың мақпал қара,  
Шашыңды күндіз жу да, түнде тара.  
Алыстан ат аямай келгенімде,  
Ей, Мақпал, қырындамай бермен қара!

Үш жүзге атым мәлім Ақан сері,  
Келгенім Мақпал қыздың туған жері.  
Алыстан ат сабылтып келдім іздеп,  
Бір көріп қайтайын деп, Мақпал, сені.

Біз қайтып елге таман бастық қадам,  
Сымбатың хатқа сыймас айтсам тамам.  
Ей, қалқа, мұнша неге зарланасың,  
Елге алып қайтпас па едім келсе шамам.

Біраз күн Дөнетінге салдым салық,  
Артымда зарланамын Мақпал қалып.  
Қосылған ғашық болып қайран құрбым,  
Қасіретің өзегімді кетті жарып!

## ШАМСИҚАМАР

Шамсиқамар секілді дәттер бану,  
Кісі қайда көңілімді сіздей тану.  
Ғашықтықтың бұ дағы нышанасы:  
Айтқан сөзің құрбыға жетпей қалу.

Сен дағы Бағдатта Шамсиядай,  
Балқыды шіркін көңіл дауаламай.

Осы тойға бұл хатым өтпейді деп,  
Айтқан сөзім құрбыға жетпейді деп.  
Сабыр сақтап азғантай біз отырмыз,  
Бұйырған дәм ешқайда кетпейді деп.

## ӘУДЕМ ЖЕР

Әудем жер жүре алмаймын аяғымнан,  
Ұстаймын екі қолдап таяғымнан.  
Сайраған орта жүздің бұлбұлы едім,  
Көрілік келіп қалды қай жағымнан?  
Сәулем-ай, а-ау,  
Уаһау, қай жағымнан?  
Шіркін-ау, қай жағымнан.  
Қалу-қалу, қала-ләлу,  
Қалала, лаллу ей, еһей ей-ей-ау.  
Әудем жер жүре алмаймын белім ұйып,  
Кім тілер көрілікті жанын қиып?  
Тиынды біреу берген олжа көріп,  
Жүремін жас кісідей дүние жиып.

## АБАЙ (ИБРАҺИМ) ҚҰНАНБАЕВ (1845-1904)

### АЙТТЫМ СӘЛЕМ, ҚАЛАМҚАС

Айттым сәлем, Қаламқас  
Саған құрбан мал мен бас.  
Сағынғаннан сені ойлап,  
Келер көзден ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,  
Туса туар, артылмас.  
Бір өзіңнен басқаға,  
Ынтықтығым айтылмас.

Асыл адам айнымас,  
Бір бетінен қайрылмас.  
Көрмесем де, көрсем де,  
Көңілім сенен айырылмас.

Көзім жатқа қарамас,  
Жат та маған жарамас.  
Тар төсекте төсіңді  
Иіскер ме едім жалаңаш!

## КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫ

Көзімнің қарасы,  
Көңілімнің санасы.  
Бітпейді ішімде,  
Ғашықтық жарасы.

Қазақтың данасы,  
Жасы үлкен ағасы.  
"Бар", — демес сендей бір,  
Адамның баласы.

Жылайын, жырлайын,  
Ағызып көз майын.  
Айтуға келгенде,  
Қалқаға сөз дайын.

Жүректен қозғайын,  
Әдептен озбайын.  
Өзі де білмей ме,  
Көп сөйлеп созбайын.

## ТАТИАНАНЫҢ ӘНІ

Тәңір қосқан жар едің сен,  
Жар ете алмай кетіп ең.  
Ол кезімде бала едім мен,  
Аямасқа бекіп ең.

Талақ етіп бұл ғаламды,  
Бодды мәлім кеткенің.  
Кінәсі жоқ жас адамды,  
Қатты соққан не еткенің?

Елжіреген жас емес пе ем,  
Ешпен айтсаң жұбатып.  
Мен ғашыққа мас емес пе ем,  
Кетсең еді ұзатып.

Сен жаралы жолбарыс ең,  
Мен киіктің лағы ем.  
Тірі қалдым өлмей әрең,  
Қатты батты тырнағың.

### СЕГІЗ АЯҚ

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған.  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған.  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең, өзің біл.

Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі,  
Өрнегін сендей сала алмас.  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
Надандар баһра ала алмас.  
Қиналма бекер, тіл мен жақ,  
Көңілсіз құлақ — ойға олақ,

Басында ми жоқ,  
Өзінде ой жоқ,  
Күлкішіл кердең наданның.  
Көп айтса, көңді,  
Жұрт айтса, болды —  
Әдеті надан адамның.  
Бойда қайрат, ойда көз,  
Болмаған соң, айтпа сөз.

Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық —  
Аздырар адам баласын.  
Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
Қор болып, құрып барасың.

Өтірік шағым толды ғой,  
Өкінер уақытың болды ғой.

Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жоқ,  
Ағайын бек көп,  
Айтамын ештеп,  
Сөзімді ұғар елім жоқ,  
Моласындай бақсының,  
Жалғыз қалдым — тап шыным!

### **ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП**

Қараңғы түнде тау қалғып,  
Ұйқыға кетер балбырап.  
Даланы жым-жырт, дел-сал ғып,  
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол дағы,  
Сілкіне алмас жапырақ,  
Тыншығарсың сен дағы,  
Сабыр қылсаң азырақ.

### **ЖЕЛСІЗ ТҮНДЕ ЖАРЫҚ АЙ**

Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп.  
Ауылдың жаны — терең сай,  
Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы,  
Сыбырласып өзді-өзі.  
Көрінбей жердің топырағы,  
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Тау жаңғырып ән қосып,  
Үрген ит пен айтаққа,  
Келмеп пе едің жол тосып,  
Жолығуға аулаққа?

Таймандамай тамылжып,  
Бір суынып, бір ысып.  
Дем ала алмай дамыл қып,  
Елең қағып, бос шошып.

Сөз айта алмай бөгеліп,  
Дүрсіл қағып жүрегі.  
Тұрмап па еді сүйеніп,  
Тамаққа кіріп иегі?

### БОЙЫ БҰЛҒАҢ

Бойы бұлғаң,  
Сөзі жылмаң —  
                    Кімді көрсем, мен сонан,  
Бетгі бастым,  
Қатты састым,  
                    Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында,  
Тал бойында  
                    Бір міні жоқ пендесің,  
Тұзде мырзаң,  
Үйде сырдаң,  
                    Сөзі қылжаң еркесіп,

Бас құрасып,  
Мал сұрасып,  
                    Бермегенмен кетісер.  
Адам аулап,  
Сыпыра саулап,  
                    Байды жаулап жетісер.

Сөз қыдыртқан,  
Жұрт құтыртқан,  
                    Антын, арын саудалап  
Бұтты-шатты,  
Үй санатты,  
                    Байдан атты алмалап.



## ЖАРЫЛҒАПБЕРДІ ЖҰМАБАЙҰЛЫ (1851-1914)

### ШАМА

Күн батар кешке жақын таудан асып,  
Шапақтап қызыл алтын нұрын шашып.  
Ақшамның қараңғысы болған шақта,  
Аһ ұрып табысады өңшең ғашық!

Боз үйден таң алдында күйеу шығар,  
Артынан қалар жары бетін басып.  
Келгенше енді айналып кім бар, кім жоқ,  
Ей, қалқа, тілінді әкел, аузыңды ашып.

Тісің ақ, қара көзің жаудырасын,  
Тіліңнен жан шөлімді қаңдырасың.  
Сыдыртып сал күреңмен келгенімде,  
Көңілімді не себептен қалдырасың!

Ай жарық терезенің дәл түбінде,  
Кіргізбей босағанда талдырасың.  
Аршын төс, алма мойын шаһизада,  
Төсектен сүмбіл шашың салбырасын!

Айбатпен сотқа кірген прокурордай,  
Шашыңа таққан шолпың салдырасын.  
Жаңа ұшқан ұясынан бала қаздай,  
Сәулем-ай, екі көзің жаудырасын.

### АРДАҚ

Ой, Ардақ, сен ақ қоян секектеген,  
Қасымда бір тазым бар жетектеген.  
Ойымда үш ұйқтасам бар ма менің,  
Айрылып менен, сәулем, кетет деген.

Ой, Ардақ, сен ақ қоян шыңнан қашқан,  
Артыңда мен ақсұңқар түлеп ұшқан.  
Қан қылмай ақ жүніңнен бір ілгізші,  
Тамаша қарап тұрсын дос пен дұшпан.

## ТОПАЙКӨК

Көкшетау, Баянауыл — жер науаны,  
Елінен көктей гүлдеп шығады әні.  
Баурында Көкшетаудың көкке шалқып,  
Толғанып шарықтайтын салған өні.

Жарылғап ескі әншінің маңғазы еді,  
Әнді ерттеп, күйді мінген ардагері.  
"Осы әнді Көкшетаудан естідім", — деп,  
Баянға алып келіп жайған еді.

## ҚАЙЫП ҚОРАБАЙҰЛЫ (1853-1916)

### АҚБӨБЕК

Ақбөбек, сайқылықтап бұраңдайсың,  
Сұм жалған өтер десем, тіл алмайсың.  
Түлкідей құмнан қашқан қызыл алтай,  
Ұстатпай құбарланға бұлаңдайсың.

Бітімнің арғымақтың құлынындай,  
Көз тартып құлпырасың құбылып-ай.  
Көңіліңді берсең маған, шыдар едім,  
Кетсем де жер шетіне шығынып-ай.

Ақбөбек, айтшы менің мінім қандай?  
Ән салса, аңқытады тіл мен таңдай.  
Сөзіңе жалғыз ауыз зәру болып,  
Көкірек аласұрып өрт боп жанды-ай.

Ақбөбек, кеткенің бе серттен тайып,  
Адамды алла айырады ерлі-зайып.  
Даусымнан танымасаң, танығтайын,  
Баласы Қорабайдың атым — Қайып.



*Бейіт тұсынан шауып өтпе!*

**ЫБЫРАЙ (ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ)  
САНДЫБАЙҰЛЫ  
(1856-1932)**

**ГӘККУ**

**Иса Байзақовтың айтуында**

Құс салып, айдын көлде дабыл қақтым,  
Ән салып, талай елдің дәмін таттым.  
Жетсін деп осы даусым Гәккуіме,  
"Гәккуді" қоңыр қаздай қаңқылдаттым.

Түрлентіп тоқсан түрлі ән саламын,  
Жай тастап құлашымды кең аламын.  
Түскеңде сен есіме, ерке Гәкку,  
Құлпыртып осынау әнді толғанамын.

Бұл әнді салып жүрмін көптен бері,  
Дүниені сайран қылған мен бір сері.  
Қаңқылдап күздігүні қайтқан қаздай,  
Басайын "Гәккуіме" әрі-бері.

**АҢШЫНЫҢ ӘНІ**

**Дәнеш Рақышевтың айтуында**

Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа,  
Мінген ат шабуылмен танауласа.  
Кигенің іші қызыл орман түлкі,  
Құлпыртып жез сабаумен сабауласа.

Болғанда биенің жарау, атың қату,  
Жігітке ылайық па қарап жату,  
Бір серлік, жастықта ерлік бойға қонып,  
Жігітке ол бір қызық дуылдату.

Қызыл жел көңіліңді қыздырмалап,  
Тұрмай ма тағатыңды бұздырмалап.  
Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы,  
Үшеуі ержігітке құйрық, қанат.

Қалың бет, салыңқы төс, қамыс құлақ,  
Бөп-бөлек ойынды еті тұрған құлап,

Жүйрікті бір досыңнан сұрап алып,  
Кежімдеп кереуетте жатсаң сұлап.

Бүркітің сонда тұрса саңқ-саңқ етіп,  
Күтіліп саятшымен бабы жетіп,  
Қанды көз, қайқы тұмсық қарауытып,  
Ұмтылып көрінгенге тап-тап етіп.

Қарғылы тұрса тазың сылдыр қағып,  
Керіліп бір сілкінсе, дүр-дүр қағып,  
Таңертең аңға шығар мезгілінде,  
Еркелеп келсе жетіп сылаң қағып.

Сол күні келе қалса аңқұмарың.  
Лешідеп соға қалса ынтызарың.  
Бүгітін жылқыдағы жарау атты,  
Ертемен алып келсе малшыларың.

Итті алып аңға шықсақ, құсты біреу,  
Еріне күміс балдақ қылып тіреу.  
Жігіттің бес күн жарым ғұмырында,  
Па, шіркін, "болса!" деген бұл бір тілеу.

Таулардан түлкі қашса бұлдыр қағып,  
Соңынан қуса тазы сылдыр қағып,  
Кейінгі дабышының айғайымен,  
Шайқақтап қыран ұшса бұлтты жарып.

Алғанда қыран бастан, тазы таңнан,  
Құтылмас қашқан түлкі қос қыраннан.  
Жігіттің бес күн жарым өмірінде,  
Мұншама қызық отер сұм жалғаннан!..

Күн ұзын түлкі қуып тауды айналып,  
Қарайып күн кеш болса көз байланып.  
Олжаны қанжығаға байлап алып,  
Қонуға қызды ауылға ыңғайланып.

Желіккен сол көңілмен қайтқанда елге,  
Мінген ат қырауытып батса терге.  
Өлеңші, домбырашың қасыңда боп,  
Кез болсаң қоналқаға бұраң белге.

Самауыр ақ шөйнекпен тұрса қайнап,  
Отырса бір сұлу қыз көзі жайнап.  
Ол күні қыз әкесі үйде жоқ боп,  
Отырсақ әзілдесіп күліп-ойнап.

Шешесі желөкпелеу жастау келсе,  
Ол қызға бір жеңгесі қастау келсе.  
Бір жігіт аузы епті түлкі сойып,  
Әзілді қалжың сөзін бастай берсе.

Сол жігіт бастай берсе әзіл сөзін,  
Қараса қызға жігіт қадап көзін.  
Ішінде махаббаттың оты лаулап,  
Балқыса қорғасындай сонда сезім...

### АЛАЙКӨК

Дария ағып жатқан суда мін жоқ,  
Хайуан, өлдім дерге мада тіл жоқ,  
Құрбылар, тіршілікте ойна да күл,  
Бұл дәурен екі айналып келмегі жоқ,  
Мақпалда-мақпал алайкөк,  
Үкілі сәулем, ай, көк,  
Үкілі қоңыр үйрек,  
Кеткенде жерің шалғай,  
Шіркін-ау, қалдым жүдеп.  
Салғанда қара өлеңге тілім майда,  
Тілімнің майдасынан көрдім пайда.  
Әрдайым медет берсе тіл, жағыма,  
Салайын түрлендіріп осындайда.

### ҚАЛДЫРҒАН

Жасымда болдым балдырған,  
Талайды сөзге қандырған,  
Сол балдырған кезімде  
Ғашықтық оты жандырған.  
Айналайын халқыма  
Маңдайдан шырақ жандырған.

Мәжілісімді көркейт деп  
Халқым бір қалап алдырған.  
Бір сағатта он көрсе,  
Халқыма әнім жаңғырған.  
Құрбы-құрдас, замандас  
Іздеп кеп атын шалдырған.  
Сүмбіленің бұлтындай,  
Сөзім де жиі жаңбырдан.  
Алпысқа келіп ән салып,  
Атын бір қойдым "Қалдырған".

Шіркін, дүние, кең едің,  
Біраз күн алдап бөгедің.  
Орта жүздің ішінде  
Ән шырқаған мен едім.  
Сарарқаны сайраңдап,  
Талай сарқыт жеп едім.  
Қартайғанда, дүние-ай,  
"Қайдасың, Ыбырай?" — демедің.

Қызығың, дүние, өткен күн,  
Кейінгі қуып жеткен күн,  
Байланбаған асаудай,  
Сырт айналып тепкен күн.  
Қара бура қартайып,  
Жар басына шөккен күн.  
Қарлығып қарттың дауысы,  
Жалтар желдей ескен күн.  
Берейін, жастар, батамды,  
Сендерге тізгін көшкен күн.  
Кәрілер бесік тербетін,  
Жастар гүлдеп өскен күн.

Жасымда өстім қандай боп.  
Күмістен тартқан сымдай боп.  
Болам деген ой бар ма  
Аппақ қу шұнақ шалдай боп.

Алпысқа келдім, жамағат,  
Шықпады ешбір жаман ат.  
"Қалдырғанды" тапсырдым,  
Сұраған, саған аманат!

## ҚАРАТОРҒАЙ

Шаш алмас жасық темір қайрағанға  
Томар су суат бермес жайлағанда.  
Белің бу тәуекелге, ей, жігіттер,  
Жазудан қайғы келмес ойлағанда.

"Толмаса, құйма" деген бір мақал бар,  
Сый, құрмет неге керек тоймағанға.  
Көңілің тас та болса бір жібиді,  
Таңертең қараторғай сайрағанда.

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ (1858-1931)

### БҰЛ ӘН БҰРЫНҒЫ ӘННЕН ӨЗГЕРЕК

Бұл ән — бұрынғы әннен өзгерек,  
Бұған — ұйқасты өлең, сөз керек,  
Өзіне орайлы.  
Денең — жан нұрлы болса жөнделмек,  
Өлең — әнге өлшеп айтса өңделмек,  
Ұйқасқа қолайлы.

Ән өлшеуіш, өлең күміс,  
Қоспаңыз мыс аралас.  
Артық алу, не кем салу,  
Әрін қалу жарамас.

Ауыр, — осы әнге тұщы сөз салмақ,  
Тәуір, — татымды ұйқас жиналмақ,  
Тереңнен толғанып.  
Сырын бұл әннің айтып қарайын,  
Түрін, — сипаттап тізіп санайын,  
Өлең тап ойланып!

Буыны сегіз, алтауы егіз,  
Үш ем деңіз, екеуі,  
Кім дәл басты, кілтін ашты,  
Жақсы ұйқасты нешеуі?

## БЕРІКБОЛ (АҒАШАЯҚ) КӨПЕНҰЛЫ (1861-1929)

### АҒАШАЯҚ

Атаңдым мен жасымнан Ағашаяқ,  
Құдайым өнер берді аямай-ақ,  
Белдеудегі бақанды ат қып мініп,  
Ауылына қыз қалқаның келдім таяп.  
Әй, қалды-ай, қалды-ай,  
Қыз қалды ойбай,  
Қыз қалды-ау.  
Қара жол ма дегенім  
Шұбырынды із болды-ай, ойбай.  
Ала жаздай нәр татпай,  
Іздегенім қыз болды-ау, ойбай.  
Қыз қайда, ойбай, қыз қайда?  
Шіркін-ай, есіңе ал,  
Алсаң ал, алмасаң қой.  
Сенсіз өлер деймісің,  
Шіркін-ай, шіркін-ай,  
Үкілі кәмшат бөркің-ай,  
Ой, пәлі-ай!  
Ей, пәлі-ай!  
Осылай ма едің,  
Қыз бала-ай!

### ҚАРҒАМ-АУ

Қарғам-ау, ақша жүзің айдан да аппақ,  
Аулыңды таба алмадым айналақтап.  
Қасыңа ешбір адам бара алмайды,  
Көкше мұз төңірегін тайғанақтап.

Қарғам-ау, сен қалайсың мен дегенде,  
Кұриды ынтызарым сен дегенде.  
Аршын төс, алма мойын, беу, қарағым,  
Бал татыр сілекейің шөлдегенде.



## **САРЫ БАТАҚҰЛЫ (1863-1895)**

### **ҚЫЗ ҚОСАН**

Баласы мен Батақтың, атам — Достан,  
Достанға бата алмаған ешбір дұшпан.  
Тапсырдым жолыққанша бір құдайға  
Хош-сау бол жолыққанша, жаным Қосан.

Беріпті Қосан бізге мақпал қолғап,  
Ауызын таспа зерлеп қойған торлап,  
Қыз Қосан, мен келгенше үйден шықпа,  
Төртқара алып кетпейт сені зорлап.

Беріпті Қосан бізге мақпал қолғап,  
Мен жеттім Бесқалаға басым қорғап.  
Тілекті бұрынғыдай тағы беріп,  
Төртқара, жұтап қалғай, құдай оңдап!

### **САРЫНЫҢ ӘНІ**

Баласы мен Батақтың, атым — Сары,  
Дейтұғын Сары, Сары жұрттың бәрі.  
Он екі ай абақтыда жатқанымда,  
Қара шай бір қайнатым болды дәрі.

Баласы мен Батақтың, атым — Батыр,  
Шайнаймын қара нанды қатыр-қатыр.  
Жатқанда Жармоланың түрмесінде  
Тұсыма екі келді губернатыр.

Баласы мен Батақтың, атым — Батыр,  
Ішінде қараңғы үйдің бұл да жатыр.  
“Баспақшы басқа түссе” деген сөз ғой,  
Төсексіз қу тақтайға жаттық, ақыр.

Жатырмыз Жармоланың қаласында,  
Сәлем айт біздің қазақ баласына.

Ақырын, тағдыр, өзің жеткермесең,  
Қалдық қой кісі өлімінің жаласына.

Баласы мен Батақтың, атым — Сары,  
Дейтұғын Сары, Сары жұрттың бәрі.  
Мырзағұл аянбай-ақ түсті соңға,  
Оның да мендей болсын балалары...

## ИМАНЖҮСІП ҚҰТПАНҰЛЫ (1863-1931)

### САРАРҚА

Жүруші ем Сарарқаны қоныс етіп,  
Адастым қыңыр қонып, теріс кетіп.  
Күнде той, күнде думан қайран елім,  
Барады-ау әсіресе сонысы өтіп.

А-а-а-ай, елім-ай,  
Сарарқа сайран жерім-ай.  
Ит жүгіртіп, құс салған,  
Айдын да шалқар көлім-ай.  
Көлім-ай, көлім-ай.

Сарарқа, сағындым ғой, туған жерім,  
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім.  
Ойласам, екі көзден жас келеді,  
Асыр сап көбелегін қуған жерім.

### ИМАНЖҮСІПТІҢ ӘНІ

Абылай аспас Арқаның сары белі,  
Есіл бойын жайлаған Қыпшақ еді.  
Қырық мың жылқы су ішсе, лайланбайтын,  
Айулыда Нияздың Қаракөлі.

Күнбатысқа көлденең аққан Нұра,  
Тұс-тұсынан оған құяр өзен-жыра.  
Исі аңқыған Арқаның сай-саласы,  
Бірің — нәр, бірің — қорек, бірің — шипа.

Есіл аққан тау-таудың арасынан,  
Тасқыны асып төгілген шарасынан.  
Айулы мен Ереймен, қош, есен бол,  
Бет жылыған барғаңда панасынан.

Ботақара, Шағантау, қаласың да-ай,  
Ереймен мен Бұғының арасында-ай.  
Тоғыз жасар Дәулетім жылап қалды,  
Тірі жүрген қасқырдың баласындай.

Қош, аман бол, Сарарқа, өскен жерім,  
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.  
Тартысып ертелі-кеш ұлықтармен,  
Шұбырып маңдайымнан аққан терім.

Япыр-ай, нем бар еді көлге барып,  
Дұшпаннан кек алмадым сайран салып.  
Барамын ішқұса боп, амал бар ма,  
Теңбілкөк пен ақ сауыт үйде қалып.

## САРМОЙЫН

Бір кезде дәурен сүрдім құстай ұшып,  
Сайраған тоты құстай сайға түсіп,  
Тел өскен ормандағы айдаһар ем,  
Жаяулап аяңдадым жолға түсіп.

Жіберіп ата жауын жер аударып,  
Отыр ғой мұнар естек көңілі толып.  
Жалғыздық ұзақ жолда жаман екен,  
Батырың келе жатыр құса болып.

### “Қыз Жібек” операсындағы мәтін:

Айттым ғой, ерегес бір іс істетті,  
Түбіне Төлегеннің намыс жетті.  
Атыста, айдалада жекпе-жекте,  
Төлеген қайтпайтуғын сапар шекті.

Қапыда қыбын тауып атқаным жоқ,  
Түсірдім бергенінде ол кезекті,  
Амал жоқ, танып тұрсаң, айтпасыма,  
Өзі өлді, Ақбоз аты менде көтті.

## **АҚЫЛБАЙ АБАЙҰЛЫ ҚҰНАНБАЕВ (1863-1904)**

### **АҚЫЛБАЙДЫҢ ӘНІ**

"Бір ән тауып, — Әлекең, — бер!" — деген соң,  
"Матай да алыс, бірталай жер", — деген соң.  
Он минөтте есіме осы ән түсті,  
Қапаш-құпаш қолымды сермеген соң.

Ішік кидім бұлғыннан құндыз жаға,  
Жас дәуренді өткіздім бермей баға.  
"Ақылжан", — деп тұрушы ед талай қыздар,  
Сұмдық шықты дейтұғын: "Ақыл аға".

## **БЕЙСЕБАЙ ҚАРАТАЕВ (1863-1936)**

### **ОЙ, ЖАЛҒАН, АЛТЫН ТАҢ**

Сүйеніп жүретін ем-ай бар жігерге,  
Ұсталдым сүрінген соң-ай бір шөгірге.  
Ой, жалған, алтын таң.  
Қош, елім, аман болғын-ай, Нұржамалым,  
Айдалып кетіп барам-ай қыр Сібірге.  
Ой, жалған, алтын таң,  
Келер, кетер, қайрылмас.  
Артымда елім қалды-ай тау жайлаулы,  
Кері кетер басқан аяқ-ай жол айдаулы.  
Ой, жалған, алтын таң.  
Көргенмен Алматының-ай көшесінде,  
Қайтейн құшақтаман-ай, қол байлаулы.  
Ой, жалған, алтын таң,  
Келер, кетер, қайрылмас.

## ҚОШ, АМАН БОЛ!

Жасымнан болдым құмар, сәулем, саған,  
Күн бар ма дидарласар есен-аман,  
Дүниеде сенсіз маған қызық бар ма?  
Тілекке жететұғын туса заман.  
Аппақ етің қардай бар,  
Қызыл бетің қандай бар,  
Сен сәулеммен татулығым,  
Кеудемдегі жандай бар.  
Ахау, шіркін,  
Беу, беу, беу  
Қош, аман бол-ай!

Сағынып хат жазамын, алтын айым,  
Бір заман сені көріп тұра алмаймын.  
Дүниеде бір өзіңе не тең келер,  
Киіктің ұқсатамын құралайын-ай!

## НҰРЖАМАЛ

Өлең айтқым келеді бүгін таңда,  
Артта қалды ескі күн қалың таңда.  
Ахау, Нұржамал-ай,  
Ғашық едім саған-ай,  
Бостандық берген заман-ай!  
Әкең байқұс сұрап еді қырық жеті,  
Қалың беру жойылды бүгін заңда.

Кездесек те басында жол тұстасып,  
Кеткен едік ажырап жылыстасып.  
Уәдеңде тұрыпсың, Нұржамалым,  
Заман туды кететін қол ұстасып.

## ҚАЙРАН ОРАЗ

Кеттің бе Жетісудан, қайран Ораз,  
Кулак пен капиталға ойран Ораз.  
Қайран Ораз-ау.  
Қуғанда контрларды Алатаудан,  
Ел-жұртың салып еді сайран, Ораз.  
Қайран Ораз-ау.  
О-оу, қош аман бол-ау!

Жетісу өзің өскен жерің қалды,  
Артында Үйсіп-Найман елің қалды.  
Жерің қалды-ау.  
Жиында ертіп жүріп ән салғызар,  
Еңіреп Бейсебайдай серің қалды.  
Елің қалды-ау.  
О-оу, қош аман бол-ау!

### **ҚАЗЫБЕК – МЕНІҢ ӨТЕНІМ**

Қазыбекке құс қонар қалыптасып,  
Неге ғана құшпадаым алып қашып?  
Қол ұстасып өткенде, Нұржамалым,  
Жүрер едік бүгінде шабыт тасып.  
Қазыбек — менің өтенім,  
Қалай-ақ сенен кетемін?  
Қай түкпірде жүрсем де,  
Әндетіп сені өтемін.  
Қазыбекке құс қонар қайырылып,  
Қалды көңлім, шиткіді, майырылып.  
Опа берсін өзіңе, Нұржамалым,  
Ақсеңгірде барамыз айырылып.

### **БАЛУАН ШОЛАҚ (НҰРМАҒАМБЕТ) БАЙМЫРЗАҰЛЫ (1864-1919)**

#### **ФАЛИА**

Айым да сен, Фалиа-ау, күнім де сен,  
Оң қабағым тартады күлімдесең.  
Менің көңлім, Фалиа, дауаласын,  
Ауған түйе секілді бейімдесең.  
Ойпырмай-ай, жан сәулем,  
Фалиа-ау, бетіңнен,  
Аппақ қардай етіңнен,  
Бір күн ауру, бір күн сау,  
Жазылмадың, е-ей, дертіңнен.

Нұр-сипатты, Ғалия-ау, жамалыңыз,  
Ешбір жанға тимесін залалыңыз.  
Қаршыға төс, қаз мойын Ғалиажан,  
Әлдеқалай болады заманымыз.

Айдың көзін жалт етіп бұлыт алсын,  
Бүйте берсең, жүйкемді құрытарсың,  
Қаршыға төс, қаз мойын Ғалиажан,  
Қай қылығын қалқаның ұмытарсың.

### **БАЛУАН ШОЛАҚТЫҢ ӘНІ**

Мен өзім осы кезде тасып жүрмін,  
Кеудесін дұшпандардың басып жүрмін.  
Жаласы сексен өгіз маған ауып,  
Сол кезде Қарөткелде қашып жүрмін.

Айтқаны жақсылардың болар себеп,  
Қолтықтан көтере көр, әруақ, демеп.  
Ұстайды деген менің ойымда жоқ,  
Тайный кеп он бес солдат алды қамап.

Сұрасаң, менің атым — Балуан Шолақ,  
Оң қолым отқа күйіп болдым олақ,  
Сұлу қыз, келіншекке тынышсызбын,  
Жалғыз-ақ тал бойымда мінім сол-ақ.

Бұл күнде қырық тоғызда менің жасым,  
Қамалдың бұзар кезім тау мен тасын.  
Кешегі сентәбірдің базарында,  
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын.

### **ДАУЫС АШАР**

Атанған, ей, мен жасымнан Шолақ едім,  
Намаз бен оразаңа олақ едім,  
Айыңда қатын, бала бір көрмейтін,  
Мен жүрген ел шетінде қонақ едім.

Мен Шолақ ашуланса қалай тоқтар,  
Елде аз осы күнде мені боқтар.  
Қапанғы қорлығыңа шыдайын деп,  
Біреуін біреуіне қылдым шоқпар.

### ҚОС БАЛАПАН – КӨКШЕТАУ

Жасымнан үйір болдым қыз балаға,  
Шешесі қыз баланың қызғана ма.  
Он жеті, он сегізге жеткеннен соң,  
Қыз бала, жолығарсың бір жалаға.  
Көкше тауым,  
Күнде жауын.  
Сексен көл, айдын шалқар,  
Сенің баурың.  
Жақсы қыз сыр айтады жеңгесіне,  
Айтқан соң өз жеңгесі көнбесін бе.  
Білмеген адам жайын жаман қатын,  
Қондырар қара құсты кеудесіне.

### НАЗ

Нұрмағамбет Баймырзаұлы менің атым,  
Бар елге мағлұм болған асыл затым.  
Нағашым жалпақ Қанай деп айтады,  
Болады ұлы-ай жүздік арғы затым.  
И-ай, й-а-ай  
И-а, ой, а-а-а-а, ой, а-а-а-ай.  
Шығады ақыл жастан, асыл тастан,  
Сарқады арнасынан өзен тасқан.  
Әйгілі менің атым Балуан Шолақ,  
Дұшпанның ерегіскен көңілін басқан.



*Аға ішкен бұлақтан іні де су ішеді.*



## ҚЫЗЫЛ АСЫҚ

Ей! Ли-ля-ля, ля-ля-ля, ли-ля, а  
Ли-ля-ля, ли-ля-ля-ла-лай.  
Е-ги-гай, е-ги-ги-ги-ги-ги-ги.

Қыз емес қыздың аты — қызыл асық,  
Жастар көп қыз балаға болған ғашық,  
Әзілмен ебін тауып сөйлемеген,  
Жігіттің, ойлап тұрсам, өзі жасық.

Қыз емес қыздың аты — қызыл киік,  
Тараған тоты құстай шашын түйіп.  
Қымбатты мінездері балдан тәтті,  
Тұрады көрген жерден көңілің сүйіп.

Тұрмай ма жақсы қызға көңілің ауып,  
Әзілмен сөйлеу керек ебін тауып.  
Білетін құрбы жанын адам болса,  
Ілгегін өзі ашпай ма, есік жауып.

Жақсы қыз — иісті май құтыдағы,  
Жағуға әркім құмар оны дағы.  
Болғанда қыздар шабақ су ішінде,  
Мен шортан мұны қуған жылымдағы.

Қыз емес қыздың аты — қызыл қыршын,  
Менімен әзілдескен түрің құрысын.  
Сертіңнен күндіз берген түнде тайып,  
Қойдың ғой сыйпалатып жүктің бұрышын.

## ЕКІ ЖИРЕН

Көшкенде жылқы айдаймын, әй, аламенен,  
Аулыңа барушы едім, ай, даламенен,  
а-ха-ха-у, ха-ла-ла-ла-у, а-ай,  
Түскенде сен есіме, әй, беу, қарағым,  
Сағынып сарғаямын, әй, санаменен,  
а-ха-ха-у, ха-ла-ла-ла-у, а-ай,  
Ей! Екі жирен,  
Жалын түйген,  
Жалғанда ғашығымсың, ау,

Жаным сүйген,  
А-ха-ха-у, әридашым-а-ай!  
Қарағым айналайын, мейірбаным,  
Көрмеді ешбір рахат сенсіз жаным.  
Айрылып сенен, сәулем, кетіп қалсам,  
Жалғанда екі бірдей болмас мәнім.

Өзіңе хат жазамын, қалқам, саған,  
Самарқау осы күнде көңілім шабан.  
Рахат екі дүние бірінде жоқ,  
Дариға, құр жастықпен өтті заман.

### ШАПИБАЙ-АУ

Дегенде, Шапибай-ау, Шапибай-ау,  
Атымды талға байлап, келдім жаяу.  
Ақ үйге алшаң басып кіріп келсем,  
Шәпи қыз жатыр екен ұйқылы-ояу.  
А-хау! хай-ли-ли-лау,  
А-хау! хай-ли-ли-лау,  
А-хау! хай-ли-ли-лау,  
Пай-пай-пай-пай-пай.  
Бөде-үй, бөде-үй, хай-лай-ау.  
Боз үйге ай сәулесі нұрын төгед,  
Шәпи қыз сәлем айтып келсін деп ед.  
Шомылған айдын көлге аққудай боп,  
Бұраң бел сылаң етіп шыға келед.

### СҰРША ҚЫЗ

Сұрша қыз, біріншіден көктем дедің, ә-әй,  
"Гілімді алмадың", — деп еркеледің, ой, о-ой.  
Екінші уәдеңде, әй, жазда дедің, ә-әй,  
"Ей, Шөке-ай, осы алдауым аз ба?" — дедің,  
ой, о-ой.

Әндір, әндір, әндір-ай,  
Ішімді оттай жандырды-ай.  
Ғашық болып бас қостым  
Құмарымды қандырды-ай.  
Сөйтіп жүріп, ақыры  
Сұрша қызды алдым-ай.

Қайран ашық Сұрша қыз  
Көкшетауда қалдың-ай.  
О, Сұрша қыз, қалдың кейін,  
жөнелейін.

Үшінші, уәдеңде етектедің,  
Тайлақтай мұрындықтап жетектедің.  
Онан соң төртіншіде күзге дедің,  
“Ей, Шөке-ай, менен күдер үзбе”, — дедің.

“Қыздардан жаман-жұман дәндеп қапсыз,  
Бармасам адал жолмен сізге”, — дедің,  
Онан соң барғанымда қыста дедің,  
“Қолымнан енді бекем ұста”, — дедің.

Онан соң оятқалы қызға бардым,  
Төсіне Сұрша қыздың мызғып алдым.  
Түкпірлеп іргеменен қайтамын деп,  
Айранға аяғымды малып алдым.

### ҚАРАТАУДА ҚАЛЫҢ ЕЛ

Қалың ел, ризамын пейіліңе,  
Қарарсың ақыл қойып зейініме.  
Қалар ем мәңгі-бақи Қаратауда,  
Арттағы қарайлаймын кейінгіме.  
Ата қоныс Қаратау,  
Қажетіме жарады-ау.  
Ел есіме түскенде,  
Ішім күйіп барады-ау.  
Қаратау кейде қарсыз, кейде қарлы,  
Қыла алар кімдер кедей бастан барды.  
Кетпейді ата-анам естен, түстен,  
Десем де ұмығайын қайғы-зарды.  
Өзен аты Шу екен,  
Жүзіп жүрген қу екен.  
Атақоныс малға жай,  
Өне бойы ну екен.



*Бейуақытта жылама!*

## КӨКАЙРАҚ БАСЫ

Көкайрақ басы — қызыл тас,  
Шу өзені алар бас,  
Қызыл тасқа қарамай,  
Мара тартар өңкей жас.  
Көкайрақ басы Сымсаусақ,  
Аю жүрер кіл маймақ,  
Алатаудан мың бастау,  
Сырқырап ағып Шу бармақ,  
Көкайрақ басы жиын-ды,  
Қазақ, қырғыз сыйымды.  
Жорабоза ішпесең,  
Бір басыңа қиын-ды.  
Қазақ, қырғыз жорасы,  
Күнде көкпар арасы.  
Қандай қайғы кешсең де,  
Жазылар көңіл жарасы.  
Келтірді қырғыз көрікті,  
Кигізді сусар бөрікті,  
Көңілді көрік ашқан соң,  
"Көкөрік" өлең өріпті.  
Қырғызбен кеттім туысып,  
Суырдан жапты сұр ішік.  
Шай орнына бал жұттым,  
Көрмедім мұнда су ішіп...

## ШАШУБАЙ ҚОШҚАРБАЙҰЛЫ (1865-1952)

### АҚ ҚАЙЫҢ

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,  
Болсам да малға кедей, әнге баймын.  
Күніне жүзді беріп, мыңды алсам да,  
Қалтамның түбі тесік, байымаймын.  
Ақ қайың, жалған-ай,  
Кештім сайран-ай.  
Халқымның ортасында,  
Жүрмін жайнап-ай.

Ақ қайың, қызыл қайың, сырлы қайың,  
Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын.  
Өлеңнің бір-екі ауыз арқасында  
Дабылдап атағымды елге жайдым.

### **СЫРЛЫ ҚАЙЫҢ**

Басыма жарасады жекей тымақ,  
Таусылмас тастан аққан мен бір бұлақ,  
Сегіз пұт, сексен қадақ бұл әнімді  
Салуы басқа ақынның қиынырақ.

Бүлкілдеп сөйлей бергін, шіркін, көмей,  
Қырсық шалмай, болмайды жігіт кедей.  
Мен Шашубай болғаным бүтін емес,  
Біледі Сібір жұрты, Омбы, Семей.

Сайрай бер тоты құстай, қызыл тілім,  
Сөзімнің сынаңыздар, болса мінін.  
Қартайып, тағдыр жетіп, дем біткенде,  
Жарқ етіп жанып тұрған сөнер күнім.

### **ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫ (1867-1922)**

#### **ІНЖУ–МАРЖАН**

Әуелетіп ән салса әнші Әсет,  
Аққуменен аспанда жер тілдесед!  
Еркем,  
Сені-ай сағындым!  
Дауылдатып тұнықтан шыққан даусы,  
Жүрегінен күңіреніп желдей есед,  
Сағынбасқа не шара!  
Інжу-маржан секілді-ай,  
Ал көрінген көркінді-ай,  
Гүл майысып, гүл жайнап,  
Бір көрінсең, еркем-ай!

Сәйфіл-Мәлік, Жамалдай,  
Бейнетіңе көнсем-ай.  
Қозы Көрпеш, Баяндай,  
Бір молада өлсем-ай!  
Сағындырған еркем-ай!  
Әсеттей сал ән салсаң аңыратып,  
Орман, тоғай, өзенді жамыратып.  
Еркем,  
Сені-ай сағындым!  
Арқыратып ағызып ән нәсерін,  
Толқынымен жүректі жадыратып!  
Сағынбасқа не шара?!

### ҮЛКЕН АРДАҚ

Қыз қайда Ардақжандай туған айдай,  
Күлім көз, оймақ ауыз, ақша маңдай.  
Сағындым, еркем,  
Ах, ах-ау, сені-ау!  
Сені-ау, Ардағым,  
Шақырғанда бармадым!  
Болмас еді-ау, арманым,  
Болса өзіңдей алғаным!  
Сөйлесе, сөзі майда, лебі жылы,  
Жанымның сүйініші бұлбұл таңдай.

Ардақжан, сен ақсұңқар бақшадағы,  
Біреудің мәпелеген ақ тамағы.  
Ерке өскен ел ішінде ерке сәулем,  
Секілді айдын көлдің ақ шабағы.  
Сағындым, еркем,  
Ах, ах-ау, сені-ау!  
Сені-ау, Ардағым,  
Шақырғанда бармадым!  
Емін-еркін сөйлесіп,  
Тарқар ма еді-ау, арманым!



*Ақылды: “Көндім”, – десе,  
Ақымақ: “Жеңдім”, – дер.*

## КІШІ АРДАҚ

Ей, Ардақ!  
Ат қайда Ақбақайдай ақсай желген,  
Қыз қайда Ардақжандай көзі күлген!  
Алыстан әдейі іздеп келгенімде,  
Айттырмай ішкі сырды өзі білген.  
Хали-ләли, ләли-ләли, ләлім-ай-ау,  
Хали-ләли, ләли, ләлім-ай-ау.  
Ха-ли-ләм, ләйлім-ей, ау!

Ей, Ардақ!  
Ат қайда Ақбақайдай жарысарға,  
Ардаққа қолым создым алысарға.  
Жайлауға ел қондырып, қозы сойып,  
Күн бар ма Ардақ қызбен табысарға!?

## ҚЫСМЕТ

Арғынмын, атым Әсет арындаған,  
Арындап ән сала ма дарымаған?  
Аспанның аясында ән шалқытқан,  
Бұлбұлмын даусым көкте дамылдаған.

Көмекей көк қабысын әнмен ашсам,  
Төгіліп меруерт-маржан сауылдаған.  
Жорғамын, жортарманмын жұрттан озған,  
Майдамын майда желіс мамырлаған.

Сарайым — сабам құям пісіп-пісіп,  
Қойдырман ән қымызын ой кернетіп.  
Сөз — жаңбыр, даусым — дауыл, әнім-ескек.  
Ойнақтап басылатын аз желдетіп.

## ІСМЕТ (СМЕТ)

*Өлеңі Иса Байзақөвтікі*  
“Қысметтің” кеңестік нұсқасы

Алтайдың кен шығардым саласынан,  
Биік құз, төрең жартас арасынан.  
Көк балға, жарқылдаған болат сүймен,  
От шығады соққанда жартасынан.

Алтайдың айналасы шөккен алтын,  
Көркейткен іргесіне қонған халқын,  
Бір кезде қоңсы қонған жарлы, жалшы,  
Міне бүгін иемденіп басты қарқын.

## МАҚПАЛ

Хал қайда мен дұшпанмен алысарға,  
Ат қайда жүйрікпенен жарысарға?  
Жайлауға ел қондырып, қой қоздатып,  
Күн қайда Мақпалменен табысарға!  
Мақпал-ау, Мақпал,  
Мақпал-ау, Мақпал!  
Үкілі қоңыр ала үйрек секілдім-ау,  
Бір хабар алмаған соң өкіндім-ау!  
Айттым сәлем Мақпалға шын зерек деп,  
Өзгеден, топтан затың бір бөлек деп.  
Көйлекті көк атылас серпе тастап,  
Алдымнан Мақпал шықса, "Сіз керек", — деп.

## ҚАРАКӨЗ

Мынау қолым, Қаракөз, саған созған,  
Махаббаттың жүректе оты қозған.  
От жалындай көзіме көрінеді,  
Желбіреген көйлегің берен боздан.  
Қаракөз сәулем көз көрген,  
Түн ұйқысын төрт бөлген.  
Шақырғанда бармаған,  
Сүм басым, үйбай, сөзге ерген.  
Жүрген жүріс, Қаракөз, күлген күлкің,  
Жанған жүрек қасында болсаң, шіркін!  
Сені ойласам, Қаракөз, ас батпайды,  
Түнде ұйқым келмейді, күндіз күлкі□.



*Әйел — үйдің ажары,  
Бала — үйдің базары.*



*Бас болмақ оңай, бастамақ қиын.*



## ӘПИТӨК

Жасымнан болдым құмар, сәулем, саған,  
Күн туса дидарласар есен-аман.  
Жалғанда сенсіз маған қызық бар ма,  
Тілекке жететұғын болса заман.

Тіл-хат жоқ,  
Ақша маңдай, қаракөз,  
Өзіңіздей бекзат жоқ,  
Тым болмаса,  
Хат пен хабар  
Сөзің жоқ,

Ей, сәулем, хат жазамын сені ойлай,  
Жүректі булықтырған толқын болмай.  
Дертімді жазып-жазбау өз қолыңда,  
Ой билеп, тына алмайды ерікке қоймай.

## ЫРҒАҚТЫ

“Сырғақты” деп қате тарап кеткен

Ақ тұйғын құс қолымда зыр қақты ма,  
Басып-басып алайын “Ырғақтыма”.  
Бозбала, саған айтар өсиетім,  
Жақын жүр әлпештеген ардақтыға.

Жанып тұрған жас өмір алқызыл гүл,  
Сипаттауға қызығын жетпейді тіл.  
Жауқазын — желбіреген жастық шағың,  
Өмірдің мағынасын түсіне біл!

## АҚЫРҒЫ СӨЗ

Болжаусыз осы екен ғой өлім деген,  
Күн бұрын көзге келіп көрінбеген.  
Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,  
Қаптағы дән сияқты себілмеген.  
Тірліктің қызығына қызып жүріп,  
Айқайға қайран даусым ерінбеген.  
Абайдай арт жағына сөз қалдырып,  
Жақсы еді-ау, өттеген-ай, өлу деген!  
Зымырап бөйге атындай өте шықтым,

Жабығып көріп еді көңіл неден?  
Ертең жазып, бүрсігүн бітірем деп,  
Баянсыз тіршілікке сенуменен.

Гүлдерім қайта өнер ме өрімдеген,  
Жібегім кетті-ау талай өрілмеген!  
Өмірдің өрге басқан жолын қумай,  
Өттім-ау бос үмітке еруменен!  
Қатын-бала асырау амалында,  
Кеттім ғой соған көңіл бөлуменен.  
Менен сорлы ақында өтті ме екен,  
Бір сөзі баспа орнына берілмеген?  
Осымен өмір бітті, дәм таусылды,  
Ішімде көп сөз кетті-ау терілмеген!  
Тіршілікте әрекет етпеген соң,  
Сүйектен не шығады кебіздеген?  
Жолықтым дәм таусылар уақтысына,  
Ажалдың мейірімсіз қаттысына.  
Жүргенде елден ауып есім шығып,  
Тұрмыстың тура келіп тапшысына.  
Кеудемнен тіршіліктің оты өшіп,  
Жанымның қош айтыстым ақ құсына.  
Төбемде жарқыраған сәулем сөніп,  
Лақтырдым қолымдағы затты суға.  
Айбарлы ұлы арыстан болғаныммен,  
Тышқандай бағам бар ма жақты ашуға?  
Ажалды ақша беріп сатып алып,  
Кездестім аңқау елдің бақсысына.  
Әу деген үнімді ел көп тыңдаған,  
Жиналып жаяуы да, аттысы да.  
Сөйлесем, жүректегі шеріп төккен  
Арызды, армандысы, даттысы да.  
Сезімді, сергек туған көзі ашықтың,  
Талантты, талабы зор оттысы да.  
Ажал ма, арманда ма — қалай өлем,  
Білетін дәрігердің жоқ жақсысы да!

Алмасты мүсәтір деп татып алдым,  
Дерт шалды өне бойды, жатып алдым.  
Құдайдан тура келсе, арманым не,  
Ажалды бес теңгеге сатып алдым.  
Өлімді ойламаған сорлы басым,  
Дүрмекке елтіп жүріп қапы қалдым.

Өрнекті өлеңімнің гүлі курап,  
Сөгілген ескі етіктей қақырадым,  
Қоштасар мезгіл жетті ел-жұртыммен,  
Найман ел, жалпақ үйсін, қалың арғын.

**САУЫТБЕК ҰСАҰЛЫ**  
**(1868-1931)**

**АҚБӨПЕ**

Бес кепені жағалай бес үй отыр,  
Ақбөпе жоқ ішінде несіне отыр.  
Мал бергені барады алып кетіп,  
Кедейшілік қолымды кесіп отыр.  
Ақау, Ақбөпе, мұны тыңда.

Толғай түскен бұрынғы жырың қане,  
Айтып жүрген ежелден сырың қане.  
Ақбөпенің дертіне шыдай алмай  
Ержігіттің әрнеге ұрынғаны-ай  
Ақау, Ақбөпе-ау, ау.

Бес кепенің ауылым сыртында отыр,  
Үйреніскен баяғы жұртым да отыр.  
Мал бергені барады алып кетіп,  
Кедейшілік діңкемді кұртып отыр.  
Ақау, Ақбөпе, мұны тыңда.

**ҚАНАПИА БАСЫҒАРАҰЛЫ**  
**(1870-1900)**

**ҚАНАПИА**

Жасымнан көп салдырдым қаршығаны,  
Аққан тер маңдайымнан тамшылады.  
Ныспымыз Қанапиа болғаннан соң,  
Жиылып өңшең қапқың жаншылады.

Жасымнан қарсы болдым ханзадаға,  
Жүйрік ат жараспай ма бозбалаға.  
Баласы Басығара Қанапиа,  
Жем болдым ала жаздай қаңдалаға.

**ҒАЗИЗ ҒАЙЗОЛЛАҰЛЫ**  
(шамамен 1870-1930)

**ҒАЗИЗДІҢ ӘНІ**

Атандым Ғазиз ақын бала жастан,  
Ақын жоқ Қарөткелде менен асқан.  
Жүйрікті жорға мініп жетеледім,  
Көңілім қалған емес қиғаш қастан.

Ғау, өттің жалған,  
Кештім сайран,  
Жігіттік әсерінде  
Салдым сайран.

Ғайзолла — әкем аты, Ғазиз — атым,  
Демесең шала қазақ арғы затым.  
Жел сөздің бір-екі ауыз арқасында,  
Үш жүздің таныс еттім азаматын.

**ШАЛҚЫМА**

Мекен қылған Қап тауын диу-пері,  
Еш адам барған емес одан әрі.  
Елу бестен жас асып кеткеннен соң,  
Жігіттіктің болмайды серуені.

Ха-ла-ла-лай,  
Ла-лай-лай.  
Ла-ла-лай, А-ха-хау,  
Серуені.  
А-ха-хау хай-лә-ләй,  
А-хау-ха-ләй-ха-лә-лә-лә-ләй,  
ха-ля-ля-ля-ля-лей-ай!



*Сыйлап берген су да тәтті.*



*Адам — тастан қатты, гүлден нәзік.*

## ЗҰЛҚИА ОСПАНҚЫЗЫ (1871-1918)

### ЗҰЛҚИА

Қызы едім мен Зұлқиа Оспанбайдың,  
Ол Қасым қол астында болыснайдың.  
Сіздердің құзырында тұтқын болса,  
Өтініп кішілікпен-ай, жол сұрайын.

Ой, алла-ай!

Қызы едім Оспанбайдың мен Зұлқиа,  
Қолымда он бес түйме гармония,  
Бұл жерде өңшең маңғаз жиылыпты,  
Болайық сіздерменен кампания.

Ой, алла-ай!

### БЕСІК ЖЫРЫ

Оспанбайдың қызы едім мен Зұлқиа,  
Ұстағаным қолыма гармония, әлди-ай!  
Ел қыдырған баяғы есер шақта,  
Бозбаламен болушы ем кампания, әлди-ай!

Қой-қой, бөпем,

Қой, бөпем,

Жылама, әлди, әлди-ай!

Қонғаны ауылымның қызыл пішен,  
Құдай-ау, қыз күніме қашан түсем?  
Жаманды жер соққандай қылар едім,  
Сен болдың аяғыма салған кісен.



*Халық қаласа, хан түйесін сояр.*



*Ақылсыз атқа мінсе,  
Атасын басып кете жаздайды.*

## ЕСТАЙ БЕРКІМБАЙҰЛЫ (1872-1946)

### ҚОРЛАН

Бір қыз бар Маралдыда Қорлығайын,  
Табиғат берген екен күн мен айын.  
Мұратқа іздеген жан бәрі жетпес,  
Дариға, арманым көп не қылайын.

Ахау, арман,  
Құсни, Қорлан!  
Екі-ай бағлан,  
Екеуі туған екен бір анадан.

Бозбала, қалма қапы бұл жалғаннан,  
Жігіттің арманы жоқ Қорланды алған.

Өзіңдей боп жан тумас,  
Туса туар, артылмас.  
Бар ғаламды шарықтап,  
Уа, дариға, ләулік тас,  
Бағдат, Мысыр, Шың, Мәшін,  
Іздесем, Қорлан табылмас.

### БІР МЫСҚАЛ

Көзінің қаралығы қарақаттай,  
Сөзі бар ақ қағазға жазған хаттай.  
Көзіндей құралайдың ойнақтатып,  
Арман не соны құшқан адамзатта-ай.

Гүл жүзді, шырын сөзді, бал сілекей,  
Аяғын келер басып шекей-шекей.  
Алмадай беттерінен сүйгеніңде,  
Сурылар тілмен қабат сол көмекей.

Болғанда тілі жақұт, тісі маржан,  
Еті аппақ жазғытұрғы жауған қардан.  
Қан шырын, пісте мұрын, лағыл иек,  
Қалмайды жүзін көрген пендеде арман.

Меруерт кірпіктері бейне тізген,  
Ұқсамас адамзатқа көзін сүзген.  
Мас болып дидарына талып қалып,  
Жанынан көрген адам күдер үзген.

Бриллиант шашбауында таққан теңге,  
Түк болмас шаш пен кірпік, қастан өзге.  
Сағымда сәулеленіп көтеріліп,  
Құйылар бір сағатта әртүрлі өңге.

## ҚОШТАСУ

Йапырмау, қартайдым ба, өтіп дәуір,  
Менде жоқ бір туысқан, жақын, бауыр.  
Жұрдай боп замандастан, жалғыз қаппын,  
Осыны ойлағанда болды-ау ауыр.

Сақал, шаш аппақ құдай басымдағы,  
Жолдас жоқ мұң шағарлық қасымдағы.  
Ән салар, домбыра алар кезім емес,  
Әншейін әдетім ғой жасымдағы.

Арманның бір үлкені бала жоғы,  
Өзекті өртеп жатыр қайғы шоғы.  
“Қорланым”, “Қоңырларым” – сөзім қалар,  
Өзім жоқ жеткен сәтте ажал оғы.

Сері боп, сайран салып, дүние көрдік,  
Сал Біржан, Ақан сері қасына ердік.  
Тағдыр сол, өткен өмір қайта оралмас,  
Шәу тартып, тұралайтын жасқа келдік.

Ауыр дерт, қарттық жеңіп, бітті-ау әлім.  
Жанымда ұғар жан жоқ сөздің мәнін.  
Баршын тартқан дауысым, жетпейсің-ау,  
Құлақта қалмадың-ау, ақырғы әнім.

Домбыра, енді аман бол, қарт жолдасым,  
Жасымнан жанымдағы сен мұңдасым.  
Тапсырдым кейінгі жас ұрпақтарға,  
Мендей ғып қадірлесін, қолына алсын!

Ақының, әншің болдым, еркеледім,  
Кеше ғөр, хош аман бол, ардақты елім.  
Естайдың болды енді сөзі тамам,  
Ақтық сөз, айтқан қошым осы менің.

## ЖАЙ ҚОҢЫР

Ертістің аржағында, ей, Арғанаты-ей!  
Әншінің домбырасы, ей, қолғанаты.  
Жағалап қара Ертісті, ей, Естай ақын,  
Деп салған "Жай қоңыры", ақ-ау, әннің аты.

Өлеңді айту керек, ей, жайлап қана,  
Өзінің нақысымен, ей, сайлап қана!  
Дариядай толқып қана, ей, жатпаса да,  
Бұлақтай көзден шыққан, ақ-ау, қайнап қана!

## МАЙДА ҚОҢЫР

Әр түрлі сөз сөйлейді менің қалқам,  
Бір күнде бесті атандай болдым тарпаң.  
Мінезім мінезіңмен қосылғанда,  
Мойныңда үзілмейтін мен бір арқан.  
Дей түсіп құлағыма естірмейсің,  
Дертіңе ғашықтықтың толды қалқам,  
Түбінде бірімізді таппай қоймас,  
Серт қылып, уағыда қып жескен малтам.

Ей, қалқа-ау, мен айтайын әуел бастап,  
"Би" мен "қап" екі "ләмді" жүрмін жаттап,  
Шіркін-ай, мақсұтыма жеткізе көр,  
Шерменде боламын ба, бекер қақсап.  
Ағайын, ауыл аймақ, туысқаннан  
Ешкім жоқ жүретұғын сөзім қостап.  
Аулыңа аңда-саңда бара қалсам,  
Тұрады кәрі-жасы сөзбен ношқап.  
Түндіктен күн, түтіктен су ішсек те,  
Ей, қалқа-ау, мен айтайын әуел бастап,  
Бірге өскен кішкентайдан Күлмай едің  
Кетпеңіз тойған жерге айырбастап.



*Көргені көп көш бастар.*



**МАҚАЖАН ШИТЕНҰЛЫ**  
**(1873-1932)**

**Бұл өнді Дәмеш Дайрабайқызы (1862-1912)**  
**өзі шығарған деушілер де бар**

**ӘУПІЛДЕК**

Қамысы Әупілдектің мүше-мүше,  
Сарғайдым осынау көлдің суын іше!  
Қос қанат құсқа біткен, маған бітсе,  
Барар ем қалқажанға әлденеше!

Қар басты Әупілдектің қамыстарын,  
Айтады әркім көрген қасірет зарын.  
Көңілі қайғылының қара тұман,  
Кім білер сол тұманның ашыларын?!

Еріксіз Әупілдекті мекен еттім,  
Жасым жас, он алтыға жаңа жеттім!  
Айырған екі ашықты еңіретіп,  
Ісіне бар ма шара құдіреттің!..

**МӘДИ БӘПИҰЛЫ**  
**(1879-1921)**

**ҚАРАКЕСЕК**

Сұрасаң руымды, — Қаракесек,  
Досымнан дұшпаным көп қылған өсек.  
Үстінде құс мамықтың толықсушы ем,  
Жатқаным қу қара жер болып төсек.

Міндім де Қаракөкпен жылыстадым,  
Бардым да Қарөткелге жыл қыстадым.  
Науқасым жанға батып жатқан кезде,  
Болмады жан ашитын туысқаным.

## ҚАРҚАРАЛЫ

Атыңнан айналайын Қарқаралы,  
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.  
Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай,  
Мен бір жан қуғын көрген Арқадағы.

Басында Үшқараның балғын едім,  
Көкорай сазға біткен шалғын едім.  
Екінің бірі болсам, арманым жоқ,  
Мен туған бір атадан жалғыз едім.

Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін,  
Жағалай ел жайлауға барды-ау деймін.  
Кір жуып, кіндік кескен туған жерлер,  
Артына бір қарамай қалды-ау деймін.

Немене, көрген қызық көрмегендей,  
Жас дәурен жауар бұлт өрлегендей.  
Жастық шақ көк семсердің жүзі емес пе,  
Қайрап ап қалың жауға сермегендей.

## ҮШҚАРА

Арғы атам әулие өткен ер Қазыбек,  
Бекболат оның ұлы болыпты бек.  
Тіленші — одан туған абзал шері,  
Қарадан хан боп өткен бәрі асыл тек.

Атамыз одан кейін Алшынбай-ды,  
Кемеңгер ақыл ойлы, терең сай-ды.  
Атағың Алатаудай бабаларым,  
Көрдің бе осы күнде біздің жайды?

Сұрасаң, Мәди еді менің атым,  
Кем емес еш адамнан салтанатым.  
Кешегі Бауыр-Бошан ортасында,  
Біреуден кем тумаған менің затым.

Қақабай Бапан еді бір туысқан,  
Аянбай өле-өлгенше кек қуысқан.

Ақымақтық, надандықтың бәрін тастар,  
Болмады жанашырлық, бір туысқан.

Үшқара, басың биік мұнар шалған,  
Сұмпиып өте шықты мына жалған.  
Тар есік, тар босаға жаман екен,  
Ер едім ел ішінде сайран салған.

Жаралдым жалғыз болып әуел бастан,  
Қайтпаған қайран маңдай қара тастан.  
Мөр басса басқа болыс не қылайын,  
Мөр басып туған ағам болды-ау қастан.

Шоқпардың жылқы жайдым даласында,  
Не қылдым Қақабайдың баласына?  
Өрісте жылқы жайып жатқанымда,  
Бес солдат алып барды қаласына.

Абақты қатар-қатар болады екен,  
Ішіне жақсы, жаман толады екен.  
Ішіне абақтының кіріп барсаң,  
Көңілің су сепкендей болады екен.

Сүйендім абақтының шарбағына,  
Сыйыңдым атам Қазыбек аруағына.  
Бір күнде қаршығадай қалықтадым,  
Бұл күнде мен аңшының қармағында.

Баурынан Үшқараның аса алмадым,  
Жайқалатып жапырағын баса алмадым.  
Есіме, қайран елім, сен түскенде,  
Көл қылып көздің жасын баса алмадым.

## ШІРКІН-АЙ

Асыл зат Мәди еді менің атым,  
Кем емес еш қазақтан салтанатым.  
Кешегі Бауыр — Бошан ортасында,  
Жаралған артығырақ менің затым.

Сұрасаң арғы атамды, — ер Қазыбек,  
Бекболат ол дағы бір болыпты бек.

Тіленші — әндей болған абзал шерлер,  
Қазақта хан боп туған бәрі асыл тек.

Сұрасаң бергі атамды, — Алшынбай-ды,  
Естіген ел аруағынан қалшылдайды.  
Атағы асқар таудай бабаларым,  
Білдің бе осы кезде біздің жайды?!

**“Қыз Жібек” операсындағы мәтін:**

Күн бұлтсыз, аспан ашық, дүние күліп,  
Балбырап жаздың әні тұр төгіліп,  
Аққудың қанатынан төгілгендей  
Жолдасың осы ән болсын, қалсын күдік.

Күдіксіз күліп тұрған ой менен қыр,  
Құлпырып, толқыңдасын ән менен жыр,  
Алдыңнан аққудай боп Жібек шықсын,  
Қалмасын ақтармаған жүректе сыр...

**КЕНЕН ӨЗІРБАЕВ  
(1884-1976)**

**БОЗТОРҒАЙ**

Бозторғай, шырылдайсың жерге түспей,  
Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей.  
Ат қылып ақ таяқты қолыма ұстап,  
Сандалып қой артында ерте-кештей.

А-ау, бозторғай,  
Шырылдайсың, шіркін-ай.  
Құтылар күн бар ма екен,  
Осы қойдан бір күні-ай!

Отырсам қой күзетіп, таң атпайды,  
Жүргенде малды жайып, кеш батпайды.  
Қарайтын қабағыма бір адам жоқ,  
Бел шешіп төсегіме бір жатпадым.

## КӨКШОЛАҚ

Мінгенім астымдағы Көкшолақ-ты,  
Жалы жоқ, құйрығы жоқ, шоп-шолақ-ты.  
Ей, қыздар, қойшысынбай өлеңді айт,  
Тұсыңа біздей құрбың келіп қапты.

Олай жүрші, Көкшолақ,  
Былай жүрші, Көкшолақ,  
Қыздар мінген байталды,  
Жанай жүрші, Көкшолақ,  
Жамандатқыр, Көкшолақ,  
Арам қатқыр Көкшолақ,  
Мені құртқан Көкшолақ.

Мінгенім астымдағы қызыл шолақ,  
Қыз байғұс әкесіне аз күн қонақ,  
Ей, қыздар, кедейсінбей өлеңді айт,  
Тұсыңа келіп қалдым құдашалап.

Қызы едің сен бір байдың өтпей жүрген,  
Келгенше жиырма беске кетпей жүрген.  
Ей, қыздар, кедейсінбей өлеңді айт,  
Мен қойшы сендей қызға жетпей жүрген.

Мен өзім Алатаудың ителгісі,  
Қойшының қызға жақын икемдісі.  
Кедейсің деп кемітпе, байдың қызы,  
Келіп отыр құрбыңның сүйкенгісі.

## БАЗАР-НАЗАР

Маңырайсың, ақ ешкі, лағыңа, ой, дүние-ай,  
Емшек беріп өсірген шұнағыңа, ой, дүние-ай.  
Кел, екеуміз қосылып зарланайық,

ой, дүние-ай,  
Жетер ме екен құдайдың құлағына,  
ой, дүние-ай.

Айхай, дүние-ай,  
Салдың күйге-ай.  
Омырауымнан үзіліп түсті,  
Екі-ау түйме-ай, ой, дүние-ай.  
Базарым-ай, Назарым-ай,  
Сен өлген соң,  
Бәсең болды-ау ажарым-ай,  
ой, дүние-ай.

Көштің көркі кірмейді-ау түйесі-ай жоқ,  
Таппай айтқан сөз жаман киесі-ай жоқ,  
Базар-Назар екеуі өлгеннен соң,  
Домбыраның қала ма-ау иесі-ай жоқ,

От басында сарғайып апаң қалды-ау,  
Төр басында шошайып атаң қалды-ау.  
Құлын-тайдай ойнаған қарақтарым,  
Төр алдында шашылып сақаң қалды-ау.

### ЕРКЕМ–АЙ (ҚЫЗЫЛ ҚАЙНАР)

Ұзын су мен Иірсу, Қызыл қайнар,  
Қыз, бозбала жиылып күліп-ойнар.  
Алма, өрігі албырап, гүлі жайнап,  
Саясында сандуғаш бұлбұл сайрар.  
    Қызыл қайнар, шөл, қайың,  
    Су ағады сай-сайын.  
    Сен сағынсаң ай сайын,  
    Мен сағынам күн сайын.  
Сұлу қыздай керілген Сұлутөрім,  
Ән шырқатып, айтысып жүрген жерім.  
Керегенің көзінен қол жалғасып,  
Шәй орамал ұсынған кербездерім.  
    Еркем, еркем, еркем-ай,  
    Еркелеткен еркем-ай.  
    Еркелеткен еркемді,  
    Еркелетсем екен-ай!

### БҰЛБҰЛҒА

Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,  
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр  
Айрылып ел мен жерден жүрген шақта,  
Жұбатып ертелі-кеш сайра да тұр.  
    Алатау, аңсадым-ау самал лебін,  
    Қордайдың көкседім-ау қоңыр желін.  
Ер жігіт ең алдымен ел сағынар,  
Онан соң туып-өскен жер сағынар.  
Туған ел, өскен жерім, орның бөлек,  
Болмаса қырғыздан да сыйласар  
    ер табылар.

## ҚАЙРАН ЖАСТЫҚ

Бұл-бұл ұштың көзімнен қайран жастық,  
Асық ойнап жас күнде тайраңдастық,  
Сабау қамшы, шыбықты ат қып мініп,  
Желмен ұшып құспенен біз жарыстық,  
Қайран жастық-ай!

Қайғы-уайым бар ма еді жас күнімде,  
Кешке дейін ойнаушы-ек тас түбінде.  
Елу менен алпысқа жеткеннен соң,  
Еріншектей кез болдық қаскүнемге.  
Қайран жастық-ай!

Бала тілді алмаса беттен алып,  
Келін тілді алмаса кердең қағып.  
Кемпірің де соларға қосылып-ап,  
Отырарсың амалсыз жалғыз қалып.  
Қайран жастық-ай!

Жақсы көріп алғанды, бергің келмес,  
Бет алдына ерігіп жүргің келмес.  
Жасың жүзге жетсе де жаның тәтті,  
Қара жердің қойнына енгің келмес.  
Қайран жастық-ай!

## ОЙЖАЙЛАУ

Ойжайлау, шөбің шүйгін, суың дәрі,  
Болады халқыменен ақын сәні.  
Берейін ортаңызда әнге шырқап,  
Жиылып отырғанда жас пен кәрі.  
Ақ шәйнек, сары самаурын тұрса қайнап,  
Отырса қыз-бозбала күліп-ойнап.  
Киінген қызғалдақтай қыз-келіндер,  
Сапырса сары қымыз құлан ойнақ.  
Қанша жыл қара ағаштай қақиғанша,  
Жас шақты өткізелік гүлдей жайнап.

Ойжайлау, қойның қыстау, басың жайлау,  
Жарасар ақ үй тігіп, бие байлау.  
Жиылып мұнша елім отырғанда,  
Ақынға жараспай ма бұлбұл сайрау.  
    Ақ бүрлен, қызыл бүрлен, бүрлен,  
    Бүрленді аралайды жолын білген.  
    Қамшыны екі бүктеп қолға ұстап,  
    Қызығы бұл дүниенің ойнап-күлген.  
Ойжайлау, ата қоныс көп Дулатқа,  
Ат пен тон жарасады азаматқа.  
Айтысып қыз-бозбала қырындасып,  
Серуендеп жүрген жерім жастық шақта.

### КЕЛІНЖАН

Құтты болсын, келінжан, аяғыңнан,  
Осы еді ғой күткенім баяғыдан.  
Мал-мүлкіңе ие бол, арнап жиган,  
Өсекшілдің сақ болғын саяғынан.

Халқым тілеп әперген Көркем едің,  
Көк желкеме көтерген еркем едің.  
"Мұндар қу бас" атанып жүргенімде,  
Елу беске келгенде көрген едім.

Сен туып ең Жамбылдың батасынан,  
Бергендей боп суырып қалтасынан.  
Иірсу мен Қордайға сансыз алғыс,  
Екі таудың айналдым жотасынан.

Келін келді дегенде қуанғаным,  
Қуанғаннан орнымнан тұра аладым.  
Алғаныңмен қоса ағар, бақытты бол,  
Құттықтаймын бастарың құралғанын.



*Асты сұрап бергенше, сабап бер.*



## ПЫШАН (ПШӘН) ЖӘЛМЕНДЕҰЛЫ (1884-1921)

### ӨШІРКҮЛ-ЗЕЙНЕП

(Н.Тлендиев “Қыз Жібек” фильмінде бұл әнді  
“Көп болды ақ Жайыққа бармағалы” деп басталатын  
мәтінмен пайдаланды)

Пышанның өмірі өтті зейнетпенен,  
Әшіркүл айтыспақ-ты Зейнеппенен.  
Ей, қыздар, көңілімді ауларсыңдар,  
Келгенде ат арылтып бейнетпенен.

Әшіркүл-Зейнеп,  
Сөз айттым түйдек.  
Бұл дүние өтеді екен,  
Өй деп, бүй деп.

Өнерім бар басыма мол жетеді,  
Бәрібір жастық шағың бір өтеді.  
Мырзасы Байшегірдің келгенінде,  
Көңілімді аулай салсаң нең кетеді?

### КӨТЕРШІ, ҚАЙША, БАСЫҢДЫ

Таң сарғайып келеді сапақ жарып,  
Менің ұйқым келмейді бүгін нағып.  
Қызыл шұбар атамның жолбарысы,  
Қайда кеттің сыртымнан жүрген бағып.

Көтер, Қайша, ей, басыңды,  
Жердің жүзі ей ашылды.  
От болып жанған көңілім-оу,  
Су сепкендей-оу басылды.

Көкөзектің аяғы татырау деп,  
Қарамаушы ем жылқымды жатыр-ау деп.  
Он бес жастан қосылған Қайша жарым,  
Атамаушы ем атыңды қатын-ау деп.

Сәлем де, Қайша, ей, жолдасым,  
Ісіңді құдай ей оңласын,  
Отыз жеті жасымда-ей,  
Жуәрмек болды-оу өз басым.

Баласы Жәлменденің Пішән едім,  
Тұсында Николайдың кісі-ақ едім.

Кісі ақысы кісіге кетпейді деген  
Мен де өстіп талай жанды қышап едім.  
Амал бол, Қайша, ей, серігім,  
Баста жоқ менің ей ерігім,  
Отыз жеті жасымда-ау,  
Келіп тұр менің-оу өлімім.

**ДҮНИЕ, ШІРКІН**  
(Әншілер бұл әнді “Толағай” деген атпен айтып жүр)

Қанша ұрсаң қан шықпайды қара тастан,  
Дүние ағып жатқан Сарқант, Басқан.  
Дүние-ай, шіркін,  
Өтеді бір күн.  
Біз дағы кетеміз ғой аққан судай,  
Кеткендей талай жайсаң асқан-тасқан.  
Дүние-ай, шіркін,  
Өтеді бір күн,  
О-оу, дүние шіркін, а-а-ау  
Өтер бір күн.  
Бір кезде жігіт болдық өткір шоттай,  
Дүние өте шығар шапқан аттай.  
Сол атпен бізде бірге жөнелеміз,  
Зым-зия боламыз-ау өшкен оттай.

## **АЛА ҚАРҒА**

Мінгенім дөйім менің торы құнан,  
Ақсайды жануарым тобығынан.  
Көңілің шыныменен менде болса,  
Ауылдың жолығайық қорығынан.  
Аха-хай, ала қарға,  
Қонады жардан жарға.  
Қосылса екі жақсы, у-гай, у-гай,  
У-гай-ау, арман бар ма?  
Ендеше шәугім сары, ахау, шәугім сары,  
Жаз күні ерімейді таудың қары.  
Есіме сен түскенде, ахау, беу, қарағым,  
Өтпейді тамағымнан жалғыз тары.

## АҚҚУ ЕДІМ КӨЛДЕГІ

Қалып ем абақтыны тамұқ па деп,  
Күшедім өзімді өзім-ау қамықпа деп-ау.  
Құс төсек жатқан Пышан, қара жерді,  
Қалыпсың енді міне-ау мамық па деп-ау.

Аққу едім көлдегі,  
Шолпан едім елдегі,  
Амалым бар ма, әттең, тәңір-ай,  
Ахау, шөлдедім.

Ағайын, тілектеспін амаңыңа,  
Мен дағы дүрілдедім заманымда.  
Қаз табан жүйрік едім тас баспаған,  
Қадалды темір тікен табаныма.

Абақты аты жаман сарай екен,  
Алдыңда сыпырушы малай екен.  
Құс төсек, мамық жастық жатқан Пышан,  
Құданың құдіреті қалай екен?

## АРЫЗДАСЫП ЖАТЫРМЫН

Жәлменденің баласы Пышан едім,  
Николайдың тұсында кісі-ақ едім.  
Кісі ақысы кісіге кетпейді деген,  
Мен де өстіп талай жанды қышап едім.

Амал бол, Қайша, ей, серігім,  
Баста жоқ менің, ей, ерігім.  
Отыз жеті жасымда-ау,  
Келіп тұр менің-оу өлімім.

Айтқан сөзге, жан жарым, бас бұлғадың,  
Жасып тұрған көңлімді пәс қылмағын.  
Қайша, саған айтамын бір арманым,  
Сұңқар орнын қарғаға бастырмағын.

Құлақ сал, Қайша, ей, сөзіме,  
Отыз жеті-ей жасымда.  
Ажалдың түстім-ай тезіне.  
Өлі тілін тірі алмас-оу,  
Таутих та берсін-оу өзіңе!

Бұрын Пышпан-ей батырмын,  
Бұрын батыр-ей болсам да,  
Осы кезде-ей пақырмын.  
Пастой, жолдас-товарищ,  
Арыздасып-оу жатырмын.

Аман бол, Қайша, ей, қосағым,  
Жиырма бір жыл, ей, өзіңмен,  
Біргелесіп, ей, жасадым.  
Қош аман бол, Қайша жан-оу,  
Ақыреттік болды-оу Пышаның.

## **ҚАЛҚА ЖАПСАРБАЕВ (1886-1975)**

### **ҚАЛҚА**

Домбырам екі ішекті қолға алайын,  
Түрлентіп он екі алуан ән салайын.  
Баласы жүйрік айғыр ат ұстайды,  
Мен неғып бұл өнерден құр қалайын?

#### **Иса Байзақов жазған өлең:**

Бұл әннің кім біледі аты — “Қалқа”,  
Қалқаны сағындым ғой айта-айта.  
Қолға алып домбырамды шырқағанда,  
Тырнақтан дым қалған жоқ тарта-тарта.

Қалқаның сағынғанда салған әні,  
Үзілтіп, елжіретіп толғағаны.  
Сүйгенін, сүйінгенін есіне алып,  
Жай таппас, әнге салса, кімнің жаны.

### **ҚАЛҚАНЫҢ ЖАЙҚОҢЫРЫ**

Малым жоқ, өз басымды адал етті,  
Қаңғыртып кедейліктің қорлығы өтті.  
Қалмады мен бақпаған байдың малы,  
Қайтейін, қу кедейлік тентіретті.

Ішпедім ел қатарлы шынымен шай,  
Мінбедім той болғанда астыма тай.  
Жоқтықтан қойнымда жоқ сүйген жарым,  
Өмірдің өткені ме, о дариға-ай!

### САРЖАЗЫҚ

Саржазық, Алатаумен тұрсын тектес,  
Сартөрмен атың егіз, жерің шектес.  
Жанға азық, дертке шипа ауаң жұпар  
Аңқыған қалампырдай исің кетпес.

Балдырғаның малға азық,  
Сары қымызың жанға азық,  
Шөбің – дәрі, суың – бал  
Жер жақсысы – Саржазық,  
Саржазық деп шырқасам,  
Қаламын бір бой жазып.

Жазира Саржазыққа Күреңбелім,  
Малға жай, жанға сая самал желің.  
Көксу мен Қараталды гүлдендіріп  
Күлдірлей сай-сайыңнан аққан селің.

Текелінің қойнында  
Қорғасын мен алтын бар.  
Қаратал, Көксу бойында  
Күріш, бидай, қантым бар.  
Табыстан жетіп табысқа  
Бақыт құшқан халқым бар.

### ШОЛПАН ЖАНБОЛАТҚЫЗЫ (1889-1923)

#### ҚАРАТОРҒАЙ (СЫРДЫҢ “ҚАРАТОРҒАЙЫ”)

Құс болсаң, жібектен бау тағар едім,  
Күмістен тұғырыңды жабар едім.  
Мойныға сары алтыннан жыға тағып,  
Қолға алып, сылап-сипап бағар едім.

Салайын мен әніме  
Қараторғай, қараторғай.  
Қалаләкім лай-лай-ай!

Болғанда қасың қара, шашың сүмбіл,  
Албырап екі бетің жанар гүл-гүл.  
Бейіштің гүлжазира зарамында,  
Сайраған тоты құстай сен бір бұлбұл.

Қызымын Жанболаттың Шолпан — атым,  
Найманның Қарабала — арғы затым.  
Жел сөздің бес-алты ауыз арқасында,  
Халқымның арқаладым мархабатын.

Салайын мен әніме  
Қараторғай, Қараторғай,  
Қалалали лила,  
Лилалали лилай-ай...

Атаңдым он алтымда Қараторғай,  
Бұл атты шешем қойған, басқа қоймай.  
Торғайдай еркін ұшсын, ескерусіз  
Дегені болса керек, көзден қорғай.

Мен өзім Сырда өстім, Сырда тудым,  
Жасымнан осы өнердің жолын құдым.  
Жалындап, жайнап кетер әдетім бар  
Көркі боп, көңіл ашар той мен дудың.

### “АХАУ” ДЕМЕЙ (“АХАУ, СЕМЕЙ” ЕМЕС)

Ән салсаң, өзімдей сал, жаным, деймін,  
Бұл әнім баршаңызға мәлім деймін.  
Түркістан — губернатор той қылғанда,  
Сондағы салып алған әнім деймін.

“Ахау” демей!  
Тіл мен көмей,  
Басылмас жанған жүрек  
Сәулем келмей.

Ағайын, ән сал десең, жалықпаймын,  
Сарқылып айтар сөзден тарықпаймын.  
Халқымның өзі қанат бергеннен соң  
Көгінде көгершін боп шарықтаймын.

Менің де дұшпаным бар, достарым бар,  
Өнерге аздап үлес қосқаным бар.  
Біраз күн қонақ болған ортаңа кеп,  
Торғайды сағынғанда еске алыңдар.

## МАУСЫМЖАН

Қыз қосылса теңімен, жыламасын,  
Көздің жасын көл қылып бұламасын.  
Маусымжан, Маусымжан,  
Танимын, қалқам, даусыңнан.  
“Екі жасты бақытты ете көр!” — деп,  
Біздер бата берелік, сұрағасын.

## АХ, ДАРИҒА!

Қанайын қай сырына сұм жалғанның,  
Азабы ауыр екен ән салғанның.  
Құба үйрек көл таңдаған қонарына,  
Қайрандап шалшығында қалды арманның.  
Ах, дариға-ай,  
Қалды арманның,  
А-а-ай!

Кезінде Шолпан атым құсқа айналды,  
Болғанмен көзге қораш, сыртқа айбарлы,  
Қадірлі халық алдында қайран басым,  
Жаманның кесірінен мысқа айналды.

Даусым бар ере алмаған тартса сырнай,  
Көтерсем, көкті бұған, жерге сыймай.  
Тағы да талай әнді толқытармын,  
Өзімді әдділеген ерке Сырдай.

Қош енді, қош-есен бол, үлкен-кішің,  
Соқпасын қайта айналып көрген түсім.  
Ән болып ақтарылар армандарым,  
Туған жер, өзіңді аңсап толғанда ішім.



*Жаман итті еркелетсең,  
аузыңды жалар.*



*Үй иесі мейірлі отырса,  
Қонақ көңілді отырар.*

## АЙГӨК (ОЙ, КӨК)

Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген,  
Үстінде дүрия көйлек шәймен бүрген.  
Сол қыздың сұлулығын мен айтайын,  
Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген.

Айгөк, гиги-гай, гөк,

Ай, апырмай,

Жастық дәурен өте ме-ай?!

Болғанмен жаным құмар өлең, жырға,  
Емеспін сөзге шебер, әнге мырза.  
Сыйға – сый, сыраға – бал деген бар ғой,  
Осыма үлкен-кіші болсын риза.

Торғай-ау, күйің қайда, қошың қайда,  
Бұл жерде бас ауырса, досың қайда.  
Өлеңді бір бастасам, тоқтау бермей  
Кететін әдетім бар осындайда...

## АХАУ, КЕРІМ

Айналайын, қарағым, алтыным-ай,  
Ақ жүзіңді көргенде балқыдым-ай.  
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,  
Есен-аман жүрмісің, жарқыным-ай.

Ахау, керім,

Бұраң белім,

Күнде жиын, күнде той

Жүрген жерім.

Ризамын, жан қалқа, сертке жетсең,  
Қиын-қыстау жерлерден аман өтсең.  
Бір шыбындай жанымды құрбан етем,  
Ғашығыңды өзің біл зар еңіретсең.

Ай-ай, сарым,

Сәуле жаным.

Сағынғанда қайда едің,

Ғашық жарым?



## ҚАРАЛДЫМ-АЙ, ҚАРАҒЫМ-АЙ

Арман көп, орындалар болса, кәні!  
Көңілді емес бұл күнде жұрттың бәрі.

А-а-ай!

Қаралдым-ай, қарағым-ай,

Қадап көзді жолыңа

Қарадым-ай.

Ардағынан айырылып боздағынан,  
Ойын-күлкі халқымның кетті сәні.

Өксіп өмір осылай өте ме екен,  
Көрер кім бар көз жасты еселеген?  
Үміт қалды өшпейтін алдымызда,  
Қуанышқа сағым боп, жетелеген.

А-а-ай!

Қарағым-ай,

Қырға шығып

Жолыңа қарадым-ай.

## НАРТАЙ БЕКЕЖАНОВ (1890-1954)

### НАРТАЙ ӘНІ

Сырнайын ақын Нартай қолына алсын,  
Жаңғыртып аспан астын әнге салсын.  
Құбылтып, құйқылжытып шырқағанда  
Шарықтап түстік жерге даусым барсын.

Көңілім қыран құстай аспандаған,  
Он жеті үйір болып жастан маған.  
Бойыма біткен өнер шыдатпады,  
Қаумалап келгенінде достар маған.

Бұрылмас қайнар жолдан қаққанменен,  
Үстіне тау көтеріп артқанменен.  
Омалып оман дария тоқтап қалмас,  
Алдына көденең бел тартқанменен.

Сұңқардың тұғырына отырғызып,  
Құладың қу ілмейді баққанменен.  
Есекті ат орнына кім алады,  
Жалпоштап күміс, маржан таққанменен?

ІІ. Шерінің жатағына жан жуымас,  
Көрінбей жасырынып жатқанменен.  
Бәрібір қалыбынан аса алмайды  
Жауқазын ерте гүлін шашқанменен.  
Белгілі қазағымның Нартайымын  
ІІІ. Шалқытып ән қосатын аспанменен!

### БАС ТЕРМЕ

Өздерің білер Нартаймын,  
Нар да болсам қартайдым.  
Арнасы бар, өзі жоқ,  
Баяғы боран айқайдың...  
Тұғырдан дауыл тыңдайды,  
Ақиығы Алтайдың.  
Тұзағы түсті мойныма,  
Кәрілік деген сайтанның.  
Бұғалық киген асаудай,  
Бұлқынып ала қаша алмай,  
Басымды ғана шайқаймын.

Алпыс жыл тарттым сырнайды,  
Сырнайым енді конерді.  
Көнергенше сырнайым,  
Күйіме жұртым кенелді.  
Шырылдап туған сәбиге,  
Жаялық еттім өлеңді.  
Дірілдеп тұрған көріге,  
Таяныш еттім өлеңді.  
Осы отырған інілер,  
Кімің барсың алмаған,  
Ағадан жәрдем елеулі?  
Сағына қалсаң жарыңды,  
Шәрбатын іштің жырымның.

Аузыңа шырын сөз салдым,  
Арманын айтар сырыңның.  
Қайғының лебі мұздатса,  
Отыма келіп жылыңдың.  
Шаршасаң, таптың әнімнен,  
Төсегін жайлы тынымның.  
Жасқанып бұқсаң майданда,  
Оққа да төсеп өзімді,  
Алдыңа түсіп жүгірдім.  
Ыстықта болдым көлеңке,  
Бораңда болдым ығыңдай.  
Еңбекте жүрдім қасыңда,  
Жанымды күйттеп тығылмай.  
Отанды бірге күзеттім,  
Түндерде көзім жұмылмай.  
Биікке бассаң, сүйедім,  
Шықсын деп тауға жығылмай.  
Тереңге түссең, бір түстім,  
Бөгеліп яки бұрылмай.

Тобыңды бастар серке едім,  
Тойыңды бастар ерке едім.  
Жақсыға жаным жайдары,  
Жаманға жанған өрт едім.  
Анадан алғыс алып ем —  
Ашылсын деп өркенің.  
Атадан алғыс алып ем —  
Алды бол деген өлкенің.  
Ішемін десең, бұлақ ем,  
Жағамын десең, шырақ ем.  
Жанын да қияр мәрт едім,  
Қартайдым, міне, қартайдым,  
Келеді кілең жантайғым.  
Кесел де меңдеп барады,  
Келісер емес, байқаймын.  
Алыстап қалды артымда,  
Күндері қызу айқайдың.  
Дәме көп те, дәрмен жоқ,  
Еріксіз басты шайқаймын.  
Қанаты тозған түйғыңдай,  
Тұяғы тозған жүйріктей,  
Мұң шағар бүгін Нартаймын...

## БАЙҒАБЫЛ ЖЫЛҚЫБАЙҰЛЫ (1892-1977)

### ДОМБЫРА

Байғабыл домбырасын қолына алсын,  
Азырақ қоңырлатып әнге салсын.  
Талантты жастар болса айтып жүрер,  
Үлгі боп кейінгіге артта қалсын.

Домбырам – көңіл ашар ән менен күй,  
Табылар өнерліге құрмет пен сый.  
Әрқашан өнерліге орын дайын,  
Қиянат, бұзықтықтан бойыңды тый.

Домбырам, еріккенде қолға алатын,  
Жұмсайтын керек етсем, қолғанатым.  
Бір күні мен кетермін, сен қаларсың,  
Күн болар қош айтысып айрылатын.

Дауа жоқ кәрілік пен ақ өлімге,  
Қаратпас кезі келсе кезегіне.  
Тірлікте көрген қызық бәрі орынды,  
Қызықсыз жиған дүние керегі не?

Мінекей, сексен бесте менің жасым,  
Ағарды мәжіліспенен баста шашым.  
Өткенге өкінгенмен қолдан келмес,  
Білемін өткен өмір қайрылмасын.

Таусылмас айта берсем қызықтарым,  
Қызықтап жетпіс бес жыл сені ұстадым.  
Тапсырам домбырамды Шолпаныма,  
Қадірлеп өзімдей ғыш сол ұстасын.



*Кішіпейлділік – кішілік емес, кісілік.*

## ҮЛЕБАЙ (РАХМЕТУЛЛА) ӘНЕТҰЛЫ (1892 - 1967)

Құрдасы Дүйсенге құрдасы  
Мәриям Жагорқызының атынан шығарған

### ДУДАР-АЙ

Мәриям — Жагор деген орыс қызы,  
Он бестен он алтыға келген кезі.  
Қазаққа Дудар деген ғашық болып,  
Сондағы Мәриямның айтқан сөзі!

Дударари-дудым,  
Бір сен үшін тудым!

Шіркін-ай, Дудара-ри-дудым!  
Ащыкөл, Тұщыколдің арасы бір,  
Басыма кәмшат бөрік жарасып жүр.  
Дудар-ай, келер болсаң тезірек, кел,  
Орныға жаман орыс таласып жүр.

Қолында Мәриямның өткір қайшы,  
Қағазға Мәриям аты жазылсайшы.  
Қор болып бір жаманға кеткенімше,  
Алдымнан қазылған ор табылсайшы.

### САЙТАНТОРЫ

Соғады бет қаратпай боран долы,  
Жігіттің жорытқанда болсын жолы,  
Сертті жер — сағат сегіз жеткізбесең,  
Көресің көрешекті, Сайтанторы!

Бір тісім, екі тісім, маржан тісім,  
Сыртымнан не демейді дұшпан кісім.  
Сыртымнан айтқан адам айта берсін,  
Алаға аян шығар қылған ісім.

Қолымда жүз көретін айнам болсын,  
Алдайтын он бес қызды қайлам болсын.  
Қаншама күйдім, сүйдім десең дағы,  
Кісінің өз жарындай қайдан болсын!

## ТОРЫ АТ

Торы атым жемге келер пүшт дегенде,  
Аяғын әсем басар кішт дегенде.  
Құмарым сонда менің тарқар еді,  
Астынан ақ тамақтың үп дегенде.

Шығады қыздар үйден ішт дегенде,  
Немесе мен жөтеліп іхх дегенде.  
Түн аса жатар үйін біліп алып,  
Ақырын керегеден һік дегенде.

## СӘКЕН (САДУАҚАС) СЕЙФУЛЛИН (1894-1938)

### ТАУ ІШИНДЕ

Мен келем тау ішінде түнделетіп,  
Аймақты күңіrentіп өлеңдетіп.  
Астымда ақ боз атым сылаң қағып,  
Жалтақтап құлақтарын елеңдетіп.

Ақ боз ат менің тұлпарым,  
Шалқыған көңіл сұңқарым.  
Көкірек керіп жүттым мен,  
Ауаның жазғы жұпарын.  
Ә-әй, сүмбіл шап,  
Тәтті сөзің,  
Қара көзің,

Білгейсің келгенімді жалғыз өзің.  
Ән салдым есіп майда жаяулатып,  
Ырғалтып, шырқап, толғап, баяулатып.  
Толқындай мың құбылған әнімді естіп,  
Тыңдарсың кірпік қақпай ояу жатып.

Ақ боз атым қояндай,  
Еркелеп басар аяңдай.  
Тербеді даусым ауаны,  
Дыңылдап қалқып бояулай.  
Ә-әй, сүмбіл шаш,  
Тәтті сөзің,  
Қара көзің,  
Білгейсің келгенімді жалғыз өзің.

**МАЙРА (МАҒИРА) УӘЛИҚЫЗЫ  
(1896-1929)**

**БАҚША**

Кереку күйіп кетсін қала болып,  
Көргем жоқ өмір мұндай бала болып.  
Ішкенім алты ай жаздай қайғы шайы,  
Байланды көкірекке нала болып.

Дос тұттым, болдым жақын, тіліңе ердім,  
Басқадан сені өзгеше артық көрдім.  
Кіршіксіз махаббаттың қойынында,  
Өзің біл, жүрегімді саған бердім.

**МАЙРА**

Қызы едім мен Уәлидің Майра атым,  
Тартады бозбаланы магнитім.  
Құрбылар, жастық шақта ойна да күл,  
Қартаяр, күлкі қашар уақыт жақын.  
Майра, Майра,  
Қызыл тілім, сайра.  
Хара-раку — райра, Майра,  
Майра, Майра,  
Шырқа осындайда!

Дегенде атым Майра, атым Майра,  
Отыз тіс, көмекей мен тілім, сайра.  
Қолға алып домбырамен ән шырқасам,  
Лесер сонда маған жігіт қайда?



*Кішкентай тастан  
қауақтай бас жарылады.*



*Қазаннан қақпақ кетсе,  
Иттен ұят кетеді.*

## ҚАПЕЗ БАЙҒАБЫЛҰЛЫ (1896-1939)

### ДҮНИЕ-АУ

Жапалақ жалп етеді жар басында,  
Кедейдің күні қандай бай қасында?  
Дос болып қас қылғаннан сақта, құдай!  
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.

Ау!

Ақтоғай, Кеңсу, Арал, Орта Меркі,  
Айдында аққу жүзсе, көлдің көркі.  
Кейбіреу бүгін тату, ертең араз,  
Берген соң бұзылмасын, дүние-ау,  
ердің серті.

Қасқыр да қас қылмайды-ай жолдасына,  
Болмаса бір арамдық өз басында.  
Жер бетін топан қаптан кетсін, мейлі,  
Түбінде өзен ағар, дүние-ау, арнасында.

### МЕРКІ

Білім алдым Стамбұл, ахау, қаласында  
Қазақтың-ей тәлім бердім, ахау, баласына.  
Өлгеннен соң құр жылар, ахау, тірісінде  
Кім жетер-ей, азаматтың, ахау, бағасына.

Ахау!

Орта Меркі, Шет Меркі,  
Меркі, Меркі,  
Қарқара,  
Кегенменен жердің көркі.

Он бесімде, қайтейін, ахау, бала болдым,  
Ел үшін-ей жиырма бесте, ахау,  
дала қондым.

Отыз бесте қарындас, ахау, арыған соң,  
Бір өзім-ей алпыс үйге, ахау, пана болдым.



## ҚҰДАЙБЕРГЕН ӨЛСЕЙІТҰЛЫ

### ҚҰДАЙБЕРГЕННІҢ ӘНІ

Баласы Өлсейіттің Құдайберген,  
Өлеңді жастайынан құрай берген.  
Байлықты белшесінен кешін жүрші,  
Өзгеден тиын-тебен сұрай берген.

Өлеңді жатып та айтам, тұрып та айтам,  
Мадасты төр алдында құрып та айтам.  
Орыстың соқа тартқан өгізіндей,  
Мойнымды бір жағыма бұрып та айтам.

## ИСА БАЙЗАҚОВ (1900-1946)

### ЖЕЛДІРМЕ

Ал, қалқа, келді кезің жайнайтуғын,  
Бұлбұлдай бақшадағы сайрайтуғын.  
Өнердің қиясына шыққан сайын,  
Болаттай тастан табан таммайтуғын!  
Жөнелдім желдей есіп, жел маядай.  
Қырандай аспандағы самғайтуғын!  
Тізейін өлеңімді меруерттей,  
Есінен жұртшылықтың қалмайтуғын.  
Дабылым дауылпаздай шарықтаған,  
Екпінім самолеттей заулайтуғын.  
Өнерлі жастарымыз, үйреніп ал,  
Ән еді "Желдірме" атты самғайтуғын!



*Ай бетінде де дақ бар.*



*Орнынан сырғыған тас орнықпайды.*

**МАНАРБЕК ЕРЖАНОВ**  
**(1901-1960)**

**ҚУАНАМЫН**

*Өлеңі Қанабек Байсейітовтікі*

Аққудай айдын көлде сыланамын,  
Түрленіп тоты құстай.

ах-ха-ха, бұраламын-ай!

Бақыттың бақшасында бұлбұлдаймын.  
Бұралып ұлы тойда,

ах-ха-хай, ән саламын-ай!

Мұңсыз өскен баламын,

Шаттық әнге саламын.

Бабындағы жүйріктей,

Ашылып тұр маңдайым,

Озып бәйге аламын.

Қуанам, көк майсалы жерім, саған,

Төрт түлік малға толған белім, саған.

Құс ұшпас, қарсақ жортпас шөл далаға

Орнатқан еркін өмір, елім, саған.

**ҚОЙШЫНЫҢ ӘНІ**

*Өлеңі Тайыр Жароковтікі*

Ақ серке қой бастаған ай мүйізді,

Саулықтар қауын желін, сары уызды.

Қой қоздап бетегенің түбі сайын,

Толтырған ойымыз бен қырымызды.

Саулығым артық маралдан,

Мыңғырып өсіп таралған.

Қозыларым егізден.

Иесі өзім өргізген.

Шәй-шәй, қойым, шәй, қойым,

Құйрығың қардай май, қойым.

Өсе бер төлдеп егізден,

Итке, құсқа жегізбен.

Колхоздың мен қойшысы қойды баққан,

Құндыздай әр саулығым қозы тапқан.

Күңдей қып еңбегімді жарқыратып,  
Төсіме өкіметім орден таққан.

Колхоздың мен қойшысы, ей, шарықтаған,  
Бір қойға қасқыр тісін дарытпаған.  
Сүті бал, жүні жібек, қозысы егіз,  
Аязда қой құйрығын арытпаған.

## **МҰЗАРАП ЖҮСІПОВ (1905-1972)**

### **БАЛЫМША (ШЫНАР-АЙ, ЗИБАШ-АЙ, ҚҰРАЛАЙ)**

Айналайын көзіңнің қиығынан,  
Шашың түскен сүмбілдей иығыңнан.  
Томағасын сыпырған ылашыңдай,  
Күлімсіреп тұрушы ең миығыңнан.

Балымша-ай,  
Електірдің шамынша-ай,  
Тіл алмайсың жалынса-ай!  
Құралай,  
Әркім бір сізге құмар-ай,  
Қайткенде көңілім тынар-ай.  
Зибаш-ай,  
Қасыңның қара қиғашы-ай.  
Құрбыңды, сәулем,  
Сыйлашы-ай.

## **ҚҰРМАНБЕК ЖАНДАРБЕКОВ (1905-1974)**

### **ТУҒАН ЕЛІМ**

Сағынып, туған елім, аспаныңды,  
Алдыңа өншің келді асқақ үнді.  
Баршаңа, бақытты ауылым, басымда ием,  
Қабыл ал әнмен амандасқанымды.  
Ахау, туған елім,  
Еркең едім,  
Келіп тұр есейсем де еркелегім.

Шарықтап өзінде өскен бала шағым,  
Туған жер, көркі сенсің тамашаның.  
Орнапты қиял жетпес сәнді қала,  
Ертеңгі бұдан да зор болашағың.

Аштық қой асқақ үнмен таң пердесін,  
Шалқып мол аймағыңды мал кернесін.  
Айналып жолыққанша осы әнімді,  
Еңбекте айта жүрсін әр жерлесім.

## ГАРИФОЛЛА ҚҰРМАНҒАЛИЕВ

### НҰРЖАМАЛ

Сүйген сәулем Нұржамал,  
Күтудемін бір хабар.  
Үш жыл өтті ойыңды,  
Біле алмай болдым дал.  
    Жауап тосып өзіңнен,  
    Әлі үйленбей жүрмін мен.  
    Мезгіл өтіп барады-ау,  
    Айыпты оған — жалғыз сен.  
Жалғыз сені ұнатам,  
Неге, сәулем, нанбайсың?  
Жанымды қалай жұбатам,  
Жүрегің жоқ па, қандайсың?

Ұмытсам деп сені мен,  
Көрсем де болам көрмеген.  
Келбетің сенің әрқашан,  
Тұрады кетпей көзімнен.



*Дос — егіз, дұшпан — сегіз.*



*Аяғы жаман төрді былғар,  
Аузы жаман елді былғар.*

## СҮЙГЕН ЖАР

Атың сенің, сүйген жар, көңілге шат,  
Қуанамын көзіме көрінген шақ,  
ей, сүйген жар.

Қатар құрбы ішінде орның бөлек,  
Сөзің тәтті бір жансың, күлкің жұмсақ,  
ей, сүйген жар.

Бар ынтам өзіңде,  
Бір ауыз сөзіңде.  
Жанарың жанып тұр,  
Жалт еткен кезіңде.

Кел екеуіміз өмірге бір барайық,  
Дала көркем, ой әсем, қыр ғажайып.  
Тату салған, тәтті күн, асқақ оймен,  
Жаңа өмірге үлгі боп жырлау лайық,  
Жақсы жар, жанымсың,  
Бақытым, барымсың.  
Арманым, тілегім,  
Бір жерден табылсын!

## ЕРФАЛИ АЯЗБАЕВ

### ШАЙТАНҚАРА

Мінгенім-ай астымдағы-ау шайтанқара,  
Оралдан жылқы айдадым өңшең ала.  
Осыдан осы жылқы бойға сіңсе,  
Тағысын тағы айдармыз, қосшы бала-ау!

Оралдың тауы биік, жері дала,  
Ат міндім күрең төбел, көзі қара.  
Сыртынан ер жігітті жамандаған,  
Дұшпанды кез келтіргей айдалада!



*Ердің атағын иә аты шығарады,  
иә қатыны шығарады.*

## ӨТЕҒАЛИ

### УА, ЖАСТЫҚ

Уа, жастық, мені қайда бастамадың,  
Көңіліңді сенің қиып тастамадым.  
Дөңінде жиырма бестің жүрген шақта,  
Жат етпей еш нәрсеге аспаладың!  
Жайнаған қызыл гүлдей қайран жастық,  
Өзіңдей қағып шетке тастамадың.  
Жастықтан басқа сенің ісің жоқ па?  
Өзіңді өзің тежеп, ұстамасаң,  
Қадірің болмас сенің туған жұртқа.  
Жастықтың улаңдырған өрті қалың,  
Бір күні түсіреді жанған отқа.

## МҰХАМЕТЖАН МАЙБАСАРҰЛЫ

### ҚАЙРАН ЖАСТЫҚ

Басымнан өтгі дәурен, қайран жастық,  
Бұл күнде белге шықтық, таудан астық,  
Жиырма бес өтіп кеткен еске түссе,  
Жасиды шіркін көңіл қоңылтақсып.  
Қызық дәурен — қан сонар,  
Ол да оңар.  
Қыс келеді бой тоңар,  
Суынар.  
Махаббат, қызық гүл дәурен,  
Жүректе тозбай сол қалар.  
Оңаша ауыл сырты, уәде берік,  
Сағынып жүруші едік, аңсап келіп.  
Шомылып ой нұрына, қимас қалқам,  
Тұрушы ең құшағымда балқып, еріп.  
Бұлаңдаған жиырма бес,  
Ол да елес.  
Замана асау бой бермес,  
Ескермес.  
Жастықтың әні мәңгі өлмес,  
Жүректің оты еш сөнбес.

**ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ**  
**(1911-1955)**

**ДАРИҒА, СОЛ ҚЫЗ**

Өңімде ме еді, түсімде ме еді,  
Көріп ем ғой бір армандай қызды.  
Бір нәзік сәуле күлімдеп еді,  
Сұрапыл соғыс соқты да бұзды.

Сапырды дауыл, тебіренді теңіз,  
Тулады толқын, шайқалды шың-құз.  
Қып-қызыл өрттің ішінде жүрміз,  
Қайда екен, қайда, дарига, сол қыз?!

Оқ тиді келіп, қайратым кеміп,  
Барамын сөніп, келмейді өлгім!  
Тұрғандай сол қыз жаныма келіп,  
Талпына берді қайран жас көңілім!

Көрсетпей жүзін, есіртпей сөзін,  
Қаһарын төгіп тұр долы соғыс.  
Арманым бар ма өлсем бір көріп,  
Қайда екен, қайда, дарига, сол қыз?!

"Келмейді өлгім, келмейді өлгім,  
Қайратым қайда, келші осындайда!" —  
Дедім де тұрдым, жүгіре бердім,  
Қолымда найза, шағылып айға.

Жеңдік қой жауды, арман не, құрбым,  
Күркіреп күндей өтті ғой соғыс.  
Келемін қайтып, өлеңімді айтып,  
Қайда екен, қайда, дарига, сол қыз?!



*Адалдықтың бәйгесіне атыңды қос,  
Озсаң да олжалысың,  
Қалсаң да олжалысың.*

**СӘДІҚОЖА МОШАНҰЛЫ**  
**(1917-1946)**

**САРЫ БИДАЙ**

Біздің ауыл Текшенің етегінде,  
Ерте шықсам, ауылыңа жетемін бе?  
Ақ тамақтан емінте бір иіскетсең,  
Айналақтап ауылыңнан кетемін бе?  
Есіктің алды тал-қайың,  
Басында тұрмас жаз дәйім.  
Қалқатай еске түскенде,  
"Сары бидай" әнін,  
Сағынып сонда салғаным.  
Бұлт арылмай қойды ғой бастан, шіркін,  
Сенсіз өмір секілді жалған, шіркін.  
Ат арытып алыстан келгенімде,  
Кер маралдай керіліп тұрсаң, шіркін.

**БЕКЗАТЫМ-АЙ**

Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң,  
Ен жайлау құлазиды ел кеткен соң.  
Жолыққанша,  
Аман бол, амал қанша.  
Бірге өскен кішкентайдан құрбым едің,  
Ойнаймын енді кіммен, сен кеткен соң.  
Жолыққанша,  
Аман бол, амал қанша.  
Кекілін кескен кер атым-ай,  
Титтейден өскен бекзатым-ай.  
Жанымда бірге жүрген жайдарлым-ай,  
Жаутаңдаған көзіңнен айналдым-ай.  
Сыртынан аулымның өттің, кеттің,  
Үкісін тақияңның бермей кеттің.  
Сол үкің азар болса жүз теңгелік,  
Қалдырдың көңілімді мың теңгелік.



## СЫРҒАЛЫ ЖЕҢГЕМ

Сағынғаннан саламын әнге зарлап,  
Естігенде даусымды шықшы заулап.  
Жанарыңмен алыстан аймаламай,  
Аттандыршы, ау, жеңге, көңлімді аулап.

Сырғалы жеңгем, сыртыңнан,  
Білуші едім былтырдан.  
Қылығыңа қайран боп,  
Талай адам ұмтылған.

Неге отырсың, жеңеше, өлеңдетпей,  
Өлеңдетіп қалайық заман өтпей.  
Оралыңның барында ойна да күл,  
Албыраған бетіңнің нұры кетпей.

## САДЫҚ КӨРІМБАЕВ (1918-1975)

### АҚТАМАҚ

*Өлеңі Қанабек Байсейітовтікі*

Сенен сұлу, Ақтамақ, жан өтпейді-ай,  
Ақылың асқан дариядай көз жетпейді,  
Ақтамақ,

Шыға келсең жалт етіп бұлт астынан-ай,  
Қайран болмай көрген жан бір кетпейді,  
Ақтамақ,

Айдын көлдің еркесі,  
Ерке өскен-ай, Ақтамақ,  
Гүл бақшада сайраған,  
Бұлбұлымсың-ай, Ақтамақ,  
Оқтан ұшқыр жарқ етсе қара көзің,  
Қорғасындай балқытар айтқан сөзің,  
Сымға тартқан күмістей нәзік белің,  
Сәтті күні жаралған жансың өзің.



*Түнде шаш алма!*

## АҚЕРКЕ

Ақерке, тоты құстай құбыласың,  
Ақ жүзің әсем біткен, қиғаш қасың.  
Қолаң шаш, алма мойын қазақ қызы,  
Көзіңнен көрем күннің шұғыласын.  
Ақ тотыдай еркеш-ай,  
Мінезіңнің еркесі-ай.  
Жарқын жүзді жан сәулем,  
Сағындырмай, ай, кел-келші-ай!  
Ақерке, айым да сен, күнім де сен,  
Шалқиды іште жалын күлімдесең.  
Ойым да, арманым да, мақсатым да  
Өзіңмен мәңгілікке бірге жүрсем.

## ЖЕТІСУ

Шығысында Отанның гүлге оранған,  
Көңілі толып көрген жан мейірі қанған,  
құлпырған Жетісу.  
Кешегі өңшең сар дала бүгін жайнап,  
Өмірімнің жарқырап шамы жанған,  
жайнаған Жетісу.  
Алма бағы жайнаған,  
Қызып еңбек қайнаған.  
Жер жәннәті Жетісу,  
Тамаша ғой айналаң.  
Алатаудың алқабын алып жатқан,  
Күн сәулесі құлпырып нұрын шашқан,  
жайнаған Жетісу.  
Егісі мол, жері бай шалқш жатқан,  
Жер әсемі Жетісу, байлығы асқан,  
құлпырған Жетісу.



*Бек: Тісіме бассам, – қатты,  
Тіліме салсам, – тәтті.*

*(к...)*

**ДӘНЕШ РАҚЫШЕВ**  
**(1926-1992)**

**САЯСЫНДА АЛМАНЫҢ**  
*Өлеңі Құрманбай Толыбаевтікі*

Алма үзгенде сен кеше алма ағаштан,  
Жаулығыңды мойныңнан ала қашқам,  
Саясында алманың.  
Қуып келіп жармасып тұрғаныңда,  
Көріп едім гүлдерін жаңа ашқан,  
Саясында алманың.  
Қара көз тұнық тұңғиық,  
Сырларыңның тереңі-ай!  
Балбырай балқып нұр құйып,  
Сәулесін қашан төгеді-ай?!  
Сол гүлің ғой мен ылағи қызықтырған,  
Өзің дағы шоқтайсың қызып тұрған.  
Саясында алманың.  
Күңдей күліп сәуленді құйып кеттің,  
Қалды өшпестей кеудемде әсем тұлғаң.  
Саясында алманың.

**СОҒА КЕТ**  
*Өлеңі Рахметолла Нұрпейісовтікі*

Қозы жайып қыр басына шығамын,  
Көрем жақсы күннің жарқын шуағын.  
Шөпшек теріп келемін деп, соға кет,  
Арманымдай аңсап, күтіп тұрамын.

Қозы кепе, қоңыр құлақ болғанда,  
Көк қонысқа ауыл жылжып қонғанда.  
Сол кезде де ебін тауып соға кет,  
Сені көрмей, шіркін, көңіл толған ба?

Жайлау үсті қызық, думан тамаша,  
Ауылға ауыл қонып жатыр жанаса.

Көрші ауылға барамын деп соға кет,  
Шыныменен өз жүрегің қаласа.

Ел жайлаудан қайтар кезде күзекке,  
Мен де тұрам сары таңға күзетте.  
Сол кезде де ебін тауып соға кет,  
Елеусіз боп қасыңа бір қыз ерт те.

### **ЖЕТІСУ**

*Өлеңі Тоқбай Исабековтікі*

Жетісу, сенде өстім, сенде тудым,  
Жасымнан машықтанып өлең құдым.  
Сәулетті бейнеңе сай жарар еді,  
Теңеуін таба білсем өлең-жырдың.

Құлпырған жер өсемі Жетісуым,  
Татиды шырын-балдай, па, шіркін!  
Ішсем суын.

Жетісу, ордасысың думан-тойдың,  
Қуаныш, қызығыңа қашан тойдым.  
Тыңдағы ақтарылған алтын дәндей,  
Жетісу, азығысың асқар ойдың.

### **ЖАН-ЖАҚТАҒЫ БАУЫРЛАР**

*Өлеңі Оразақын Асқардікі*

Артта қалған айна көл,  
Айдынды, асқар тауың бар.  
Қай жер оған сай келер,  
Бармысыңдар, бауырлар!

Көп боп бірге көтерер,  
Басқа түсер ауыр бар.  
Көпшіл болар өсер ел,  
Армысыңдар, бауырлар.

Ел борышы өтелер,  
Бітпес қандай дауың бар?  
Пана болған бөтен ел  
Ана болмас, бауырлар!

Бірің асу, бірің бел,  
Алыстағы бауырлар.  
Келіп, кетіп жүріңдер,  
Жан-жақтағы бауырлар.

Елім, жерім қайда дер,  
Соңымнан ерген қауым бар.  
Көздемей тек пайданы,  
Ойланыңдар, бауырлар!

### ӨЗІМ ТУРАЛЫ

*Өлеңі Қасым Аманжоловтікі*

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,  
Жүрегім, жалын атқан сөз дайында.  
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйлі,  
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да.

Аманжол Рақымжанның Қасымымын,  
Мен қалған бір атаның ғасырымын.  
Біреуге жұртта қалған жасығымын.  
Біреуге аспандағы асылымын.

Екі көз — екі жұлдыз маңдайдағы,  
Көруші ең құбылысты қай-қайдағы.  
Япырым-ау, сен де бір күн сөнермісің,  
Қап-қара түнек болып маңайдағы.

Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,  
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.  
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Кең жайдым құшағымды дүниеге,  
Білдім мен қайғыра да, сүйіне де.  
Әйтеуір, әрі-сәрі болғаным жоқ,  
Ұқтым мен көңілімнің күйі неде.

Аяған жүрегім жоқ жолдасымнан,  
Сый көрді небір сараң мол Қасымнан.  
Жолдастың жүзін қайта алдым жинап,  
Айырылсам ала көңіл он досымнан.

### ЖАСТЫҚ ТУРАЛЫ

*Өлеңі Шәкәрім Құдайбердиевтікі*

Гауһардай көзі,  
Бұлбұлдай сөзі.  
Жаннан асқан бір пері  
Жүзі бар айдай,  
Мінезі майдай.  
Өзгеден артық сол жері  
Дариядай ақыл мол еді,  
Жан ғашығым сол еді.

Ұжмақтың хоры,  
Ізедім соны.  
Тал бойының кірі жоқ,  
Бойы бар сымдай,  
Белі бар қылдай,  
Мүшесінің міні жоқ,  
Қыз осындай болар ма,  
Оны сөккен оңар ма?

Жаудырап көзі,  
Тамшылап сөзі,  
Жібектей шашын тараса.  
Қалмайды халің,  
Шығады жаның,  
Қиғаштап көзбен қараса.

Бұл дүниеде қыз қызық,  
Бозбалада ой бұзық,

Сынаптай толқып,  
Түлкідей жортып,  
Кетеді көңіл әр жаққа.  
Қырандай қағып,  
Алмай ағып,  
Мұратын түгел алмаққа.  
Ел талабы бос қалмас,  
Толқынды көңіл тоқталмас.



*Ұлың өссе,  
Ұлы жақсымен ауыл бол.  
Қызың өссе,  
Қызы жақсымен ауыл бол.*



*Бек: “Кім?” – десем, жабылады,  
“Не?” – десем, ашылады.  
(а...)*



*“Ту!” – десем, тимейді,  
“Тиме!” – десем, тиеді.  
(е...)*



*Ағам үстінде, жеңгем астында,  
Қызылы кіріп жатыр,  
Ағы шығып жатыр.  
(д., б., ұ...)*



*Бас киімді босағаға ілме!*



*Кісіге қарап ышқырыңды көтерме!*

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӨНДЕРІ

### ҚАЗАҚ ВӘЛІСІ

*Әні Латыф Хамидидікі*  
*Өлеңі Сәбит Мұқановтікі*

Май туса, гүлдер шешек атса жазда,  
Тоғайда бұлбұл, көлде аққу, қаз да.  
Сайраса, біз жастар да нақ солардай,  
Бақытқа бөленеміз, сауық назға.

Бақыт нұрға,  
Оранса жер, аспан.  
Біздің жыр да,  
Бар жырға ұласқан.  
Махаббатты жырлаймыз біз —  
Жастар, жастар, жастар.

Сарқырап асау бұлақ ақса құздан,  
Алтын күн күлімдесе көкте қызған.  
Біз жастар күн нұрынан қуат алып,  
Жайнаймыз жарығырақ жұлдыздардан.

### ГҮЛДЕНГЕН ҚАЗАҚСТАН

*Әні Евгений Брусиловскийдікі*  
*Өлеңі Нығмет Баймұхамедовтікі*

Туып-өскен Отаным — Қазақстан,  
Күлімдеп, гүл жайнаған күншығыстан.  
Құлшырған жерім бар, алтын нұрлы елім бар,  
Шығыстан сәулелі жарқырап атқан таң.

Ахау, Гүлстан,  
Шығыстан бейне бір атқан таң,  
Далама бір көз жіберсең,  
Түкті кілем түтіндей.  
Алатауым әсем текше,  
Қыздың жиған жүгіндей,  
Жайсаң жайлау Қазақстан  
Осынау тұрған күлімдей.



Мыс қорытып, қорғасын, күміс қаптап,  
Бермесін табиғаттың тартып алған.  
Шалқыған көлім бар, асқар таулы белім бар,  
Шығыстан Отаным жарқырап атқан таң.

### **КЕЛ БІЗДІҢ АУЫЛҒА**

*Өлеңі Қалижан Бекхожиндікі*

Кел біздің ауылға, келіп кет,  
Алма бар, қымыз бар, уыз бар.  
Кел, өзің көзіңмен көріп кет,  
Алқызыл алма бет бар қыздар.

Кел біздің ауылға, келіп кет,  
Қызық бар тамаша, көріп қайт.  
Көкше қыр теңіздей шалқыған,  
Ән шырқап үстінде аққулар.  
Колхозға сендерді шақырған,  
Ақ маржан иесі сол қыздар.

Алқызыл моншақ бар шашылған,  
Жұлдыздай жайнаған далада.  
Ол қызыл бидай ғой ауылдан,  
Тасыған тасқындай қалаға.

Жұлдыздар түнде үйде жайнаған,  
Күлкі бар, қызық бар үйімде.  
Бағанның сымдары сайраған,  
Қосылған колхоздың күйіне.

### **АЛТАЙ**

*Өлеңі Нығмет Баймұхамедовтікі*

Өр Алтай, асқар Алтай, асқан Алтай,  
Анамдай әлпештеген жастан Алтай.  
Суы мол, көдесі май, жері майса,  
Ағызған сары алтынды тастан Алтай.

Елімнің бейне қалқасы —  
Сымбатты сұлу жер Алтай.  
Омырауда алтын алқасы —  
Отанымның сен Алтай.

Жайылған жер шарына даңқың, Алтай,  
Аспанда шуақ жазда — салқын Алтай.  
Төсіңе нәрестедей өрмелеген,  
Байлыққа батқан қазақ — халқың, Алтай.

### ҚАРЛЫҒАШ

*Әні Ахмет Жұбановтікі*  
*Өлеңі Ибади Матақовтікі*

Қарлығаш — әннің аты, жырымды айтам,  
Сүйген жар, сүйіскен дос сырымды айтам,  
Қарлығаш!

Айныма, асыл сәулем, берген серттен,  
Мен сендік, сен менікі, шынымды айтам,  
Қарлығаш!

Құралай көз, қолаң шаш,  
Алма мойын, қиғаш қас,  
Сүйген сәулем Қарлығаш.

Ақ тамақ, қиылған қас, жазық маңдай,  
Әдемі ақша бетің, жауған қардай,  
Қарлығаш!

Жайдары еркелеген жарқын мінез,  
Жарқ етсең, жадыратар жаққан шамдай,  
Қарлығаш!

### КӨГЕРШІН

*Өлеңі Нығмет Баймұхамедовтікі*

Ақ көгершін, көгершін,  
Қолқанат құс сен едің.  
Бар, кезіп қайт ел үшін,  
Кең дүниенің көлемін.  
Әділеттің құсы деп,  
Көз алмастан жолыңнан.  
Бақыт болып қоншы деп,  
Ұшырамын қолымнан.

Ел тілегін алып ұш,  
Адамзаттың бағына.  
Қара бұлтты жарып ұш,  
Мұхиттың арғы жағына.

Сенен көзін алмайды,  
Ақ ниетті бар адам.  
Ақ қанатың талмайды,  
Әділеттен жаралған.  
Тыныш-бейбіт өмірдің,  
Белгісі боп қанат қақ,  
Әлемге ортақ көңілдің,  
Қайт шыңына қонақтап.

### КЕСТЕЛІ ОРАМАЛ

*Әні Мұқан Төлебаевтікі*  
*Өлеңі Асқар Лекеровтікі*

Кестелі ақ жібек орамал,  
Алыстан жолдаған сүйген жар.  
"Жауынгер жарым сен, есіңе ал", —  
Деп жазған оюлап хаты бар.  
"Жауынгер жарым сен, есіңе ал", —  
Деп жазған оюлап хаты бар.  
Есіңе ал, еркетай, жазғы таң,  
Қол қысып, құшақтап аттанған.  
"Қас дұшпан мейірімсіз жауыздан,  
Аяма — деп, — едің қасық қан!"  
"Қас дұшпан мейірімсіз жауыздан,  
Аяма, — деп едің, — қасық қан!"

### АҚ МАҚТА

*Өлеңі Нұтфолла Шәкеновтікі*

Жан едім көп сенімін мен ақтаған,  
Сый алып келіп тұрмын ақ мақтадан.  
Мен де бір ауылымның жұлдызымын,  
Сүйсіне өнеріме ел мақтаған.  
Еңбегіңмен ер боп ақта,  
Еліміздің үмітін.  
Алтын мақта біздің жақта,  
Кел ауылға, жігітім.

Құрбыжан, қарай берме көп қадалып,  
Әзіл сөз сен жөнінде жүр таралып,  
Алыстан сығаламай, ауылға кел,  
Теруге ақ мақтаны бір баралық.

Елімнің көңіліндей кең даламыз,  
Кел, біздің ауылымызға, қарсы аламыз.  
Толқыған ақ алтынның ортасында,  
Шырқатып "Мақта" деген ән саламыз.

### ЖАС ҚАЗАҚ

Өні Рамазан Елебаевтікі  
*Өлеңі Фабиден Мұстафиндікі*

Қар жамылған кең дала қанға бөгіп,  
Күрілдейді сұр аспан өлім төгіп.  
Жас қазақ,  
Мұрттай ұшты уралап.  
Жанын қиып кете алмай жас өмірден,  
Асқақтаған арманға өрмелеумен.  
Жас қазақ,  
Жатты көзі от жайнап.  
Сол бетінде жан берді, ол тұрмады,  
Ары үшін елімнің боп құрбаны.  
Жас қазақ,  
Атылды оқтай көре сап.  
Ел қорғаған майданда жас арыстан,  
Төлегендей артыңа қалдыр дастан.  
Жас қазақ,  
Жатты жауын жаныштап.



*Жаралғанға жабысқан*  
(а... немесе е...)



*Еңкейгені несі, тоңқайғаны несі?*  
*Суырып алғанда, су тамғаны несі?*  
(қ..., а..., қ...)

## ТАҢ САМАЛЫ

*Әні Еркеғали Рахмадиевтікі  
Өлеңі Нұтфолла Шәкеновтікі*

Алтын нұр аймалап алапты,  
Алаулап арайлы таң атты.  
Таң самал тербеп, тебіренер кеудем,  
Сен дағы мені тербе, сәулем!  
    Өзіңдей нұрлы арайлы таңым,  
    Қуаныш етіп қараймын, жаным  
    Аспаным ашық, көңілім биік,  
    Гүлімді таптым өзіңді сүйіп.  
Орманда ақ қайың көремін,  
Ақ қайың сен өзің дер едім.  
Аулақта бұлбұл шырқаса әнге,  
Толқышы әнмен шалқып сен де!

Жазира кең дала көлбеген,  
Бір сен деп лебіңе шөлдеген.  
Сылдырлап бұлақ ағады таудан,  
Күмістей күлкің естілер қайдан.

## АЛМАТЫМ МЕНІҢ

*Әні Мансұр Сағатовтікі  
Өлеңі Нұрсұлтан Әлімқұловтікі*

Алматыда тұр алаулап,  
Алтын нұры айдың.  
Жүрдің бе сен тамашалап,  
Көшесінде Абайдың.  
    Алматының бағы қандай,  
    Алмасының дәмі балдай.  
    Алма дидар арулар,  
    Қыз Жібек пен Баяндай.  
Көктөбеде ақ отау бар,  
Саясында Арман.  
Бұлттан асқан Алатау бар,  
Мұз бен гүлден жаралған.  
    Алматының кеші қандай,  
    Алатаудың төсі қандай.  
    Күн қала бұл, Ай қала,  
    Аймала, жел, аймала!

Өстім сенде жарқын таңда,  
Жастық отын жағып.  
Мен есейіп марқайсам да,  
Сен өсе бер жасарып.

**ЖАРҚ ЕТПЕС ҚАРА КӨҢЛІМ  
НЕ ҚЫЛСА ДА**  
*Әні Сыдық Мұхамеджановтікі  
Өлеңі Абайдікі*

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,  
Аспаңда ай менен Күн шағылса да.  
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,  
Саған жер менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,  
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да.  
Шыдайды риза болып жар ісіне,  
Қорлық пен мазағына табынса да.

**ӘЙТЕУІР, СОЛ ҚЫЗ – БІР СҰЛУ**  
*Өлеңі Қуандық Шаңғытбаевтікі*

Білмеймін, Ақтөбе ме, Ақмола ма,  
Бір сұлу маған бір күн тап бола ма?  
Қыз таңдап ел қыдырып жүргенімде,  
Шынымен, маған солай бақ қона ма?

Айсұлу әлде Нұрсұлу,  
Жансұлу әлде Күнсұлу.  
Атын білмей қор болдым,  
Әйтеуір, сол қыз – бір сұлу.

Білмеймін, диқан ба екен, малшы ма екен,  
Әлде бір алма мойын әнші ме екен.  
Тапқанша сол сұлуды кең Арқаның  
Аралап барлық жолын таусып өтем.

Білмеймін, ақ құба ма, қара ма екен,  
Мейірім бір көргеңде қана ма екен?  
Ел кезіп, аудан қоймай жүргенімде,  
Йапыр-ай, қай ауылдан табар екем?

## ТЕРБЕЛЕДІ ТЫҢ ДАЛА

*Өлеңі Қуандық Шаңғытбаевтікі*

Түнгі самал егін басын тербейді,  
Алыста қыр қарауытып көлбейді.  
Айдың нұры баяу ғана дірілдеп,  
Тың алқапты көкшіл шұғыла кернейді.

Айлы дала  
Салқын самал тамаша,  
Екі ғашық  
Қол ұстасып  
Келе жатыр оңаша.

Екі ғашық қол ұстасып келеді,  
Айтылмақ сөз, ақтармақ сыр көп еді.  
Бар болғаны жүрек тулап, дем ысып,  
Әлсін-әлсін ерінге ерін төнеді.

Жанға рахат  
Түннің салқын самалы!  
*Махаббаттың<sup>2</sup>*

Оты лаулап жанады.

Махаббаттың оты лаулап жанады,  
Сол жалыннан жүрек сая табады.  
Түнгі дүние төңіректе мүлгиді,  
Тербеледі тың егіннің алабы.

## ЕСІМДЕ

*Өлеңі Қуандық Шаңғытбаевтікі*

Алматының бозғылт тұман түнінде,  
Көп тұрып ек жасыл терек түбінде.  
Сүйемін деп асылып ең мойныма,  
Қайда, қайда сол бір елес бұл күнде?

Айтшы, қалқам, қайда, қайда сол уақыт,  
Болған ем ғой тапқандай бір мол бақыт.  
Маңдайыңды сүйеп, сәулем, төсіме,  
Кетіп ең ғой кеудеме күн орнатып.

Айтшы, жаным, қайда, қайда сол бір кез,  
Қайда таныс, қайда мөлдір қара көз.  
Терек те жоқ, сен де жоқсың бұл күнде,  
Есімде тек сүйем деген жалғыз сөз.

## АҚ БИДАЙ

*Әні Бақытжан Байқадамовтікі*

*Өлеңі Нұтфолла Шәкеновтікі*

Арқаның ару қызы Еңбек Ері,  
Келемін алыс жолдан аңсап сені.  
Бақытты ауылыңа барғанымда,  
Жайқалған ақ бидаймен қарсы ал мені!  
Ақ бидай — алтын астық дәннің аты,  
Ақ бидай — бүгін шырқар әннің аты.  
Көсемге, елге деген жүрегіңнің,  
Еңбекте арта түссін махаббаты!  
Жастықтың оты жайнап жарқылдаған,  
Жырымды ала келдім арнап саған.  
Сымбатың, ерлік ісің, қайрат-күшің,  
Ақынға шабыт берді жалындаған.

Арқаның ару қызы, келдім бүгін,  
Естідім ауылыңнан жеңіс үнін.  
Тонналап ақ бидаймен қарсы алайық,  
Өмірдің бақыт берген ұлы күнін.

## АЙГӨЛЕК

*Өлеңі Нығмет Баймұхамедовтікі*

Көлдей шалқып жас өмір,  
Тасып жатқан шағында,  
Кемерінен шарықтап,  
Асып жатқан шағында.  
Ойын ойнап, ән салмай,  
Өсер бала болар ма?  
Күміс күлкі көрмей ол,  
Кемеліне толар ма?

Айгөлек-ау, айгөлек,  
Айдың жүзі дөңгелек.  
*Айгөлек деп ән шырқа,*

*Ел бөбегі, кел, бөбек!*

*2 рет*

Асыл сөздің ұстасы —  
Ақын болар ұрпақыз.



Өнер, білім, еңбекке  
Жақын болар ұрпақпыз.  
Он саусағы майысқан,  
Шебер болар ұрпақпыз.  
Тұла бойы толған бір,  
Өнер болар ұрпақпыз.  
Айгөлек-ау, айгөлек,  
Айдың жүзі дөңгелек  
*Айдай толған кезімде*  
*Би билеймін дөңгелеп.*

2 рет

### ӨЗ ЕЛІМ

*Әні Нұрғиса Тілендиевтікі*  
*Өлеңі Қадыр Мырзалиевтікі*

Келгенде көктемі,  
Көңілін гүл басқан.  
Шырағы көктегі,  
Жұлдызбен сырласқан.  
Өз елім менің —  
Өзегім менің,  
Жырыма қосып жүремін.  
Төрім деп менің,  
Жерім деп менің,  
Соғады мәңгі жүрегім.  
Түлегі сендер,  
Тілегі сендер.  
Тірегі сендер сол елдің.  
Назары сендер,  
Базары сендер,  
Ажары сендер сол елдің!  
Ақ күмбез астығы,  
Асқар боп өрлеген.  
Жалынды жастығы,  
Жүддені бермеген.  
Өз елім менің,  
Жырыма қосып жүремін.  
Төрім деп менің,  
Жерім деп менің,  
Соғады мәңгі жүрегім.

## ТУҒАН КҮНІҢМЕН!

*Өлеңі Мұқағали Мақатаевтікі*

Нұрын төккен маған  
Шуағымсың — сен!  
Айналайын мама,  
Қуанышыңмен!  
Шаттандырған мені,  
Жұбанышым — сен!  
Құттықтаймын сені,  
Туған күніңмен!

Аялаған мені  
Ән қанатымен.  
Құттықтаймын сені  
Салтанатыңмен!  
Бақытты ғөй заман,  
Қандай көңілді.  
Мен тілеймін саған  
Ұзақ өмірді!

## САРЖАЙЛАУ

*Өлеңі Мұқағали Мақатаевтікі*

Жазира, жасыл кілем өрнектеген,  
Туған жерге, дариға, жер жетпеген!  
Кең өлкем, әлдилей бер, сен деп келем,  
Аңсап келем, сағынып, шөлдеп келем.  
Саумал бұлақ — балдай дәрім,  
Салқын самал — баурайларың.  
Саялаған, беу, туған жер,  
Сағындырған Саржайлауым.  
Армысың, ата-қоныс, жасыл мекен!  
Ұлыңмын, мен сенің қасыңда өтем.  
Басқаның жерұйығын неғылайын,  
Жерұйығы өзімнің қасымда екен!

Жадырап, жұтайыншы тау самалын,  
Осы еді ғөй сағынып аңсағаным.

Гүлдерім, шыршаларым, аршаларым,  
Бәріңе арнап мен бүгін ән саламын.

Жанымды жырға бөлеп таң атырған,  
Әнім едің ақ таңда жаратылған.  
Төліңнен айналайын жаңа туған!  
Айналайын еліңнен дара тұрған!

### КУӘ БОЛ

*Өлеңі Тұманбай Молдағалиевтікі*

Көзімді жұмсам да көрем сені,  
Еседі арманның қоңыр желі.  
Куә бол, Алатау, бақытыма,  
Куә бол, көк терек көлеңкелі!  
Куә бол, жұлдыз,  
Куә бол, Айым,  
Куә бол, Алатауым!

Көп іздеп мен бүгін оны таптым,  
Бастадым бір әнін махаббаттың.  
Ақ қайың аялап арманымды,  
Куә бол, көк өзен, күліп жаттың.  
Куә бол, жұлдыздар жымыңдасқан,  
Куә бол, аппақ Ай, ашық аспан.  
Алданба, жүрегім, енді қайтып,  
Арманға кезінде есік ашқан.

### ӘЖЕ ТУРАЛЫ ӘН

*Өлеңі Қадыр Мырзалиевтікі*

Асыл әжем, ғасыр әжем аңсаған,  
Сағынышым — сары ормандай самсаған.  
Әке болып жүргенімді ұмытып,  
Әлі күнге еркелеймін мен саған.

Құлындаймын асыр салған аңғарда,  
Қозындаймын ойнақтаған албарда.  
Өзің барда қысылмаймын күлуге,  
Жылауға да қысылмаймын сен барда.

Мен өзіңнен қабылдапшын сүюді,  
Мен өзіңнен қабылдапшын күйюді.  
Сенің жаның жүрегіме ораулы,  
Менің жаным жаулығыңа түйюлі.

Тұра тұршы түзелгенде бұзығың,  
Жүре тұршы жалғанғанда үзігің.  
Маған дәулет неге керек, ақ әже-ау,  
Өзің бірге көре алмасаң қызығың?!

### ҚҰСТАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ

*Өлеңі Тұманбай Молдағалиевтікі*

Жаз өмірін, мөз өмірін қысқартып,  
Бара жатыр, бара жатыр құс қайтып.  
Зымырайды менің бала кезімдей,  
Бір жалт етіп *өте шыққан*<sup>2</sup> сезімдей.

Құстар, құстар сызылтып ән салады,  
Сол әнімен тербетеді даланы.  
Ал адамдар күліп бастап өмірін,  
Кетерінде *жылай да алмай*<sup>2</sup> қалады.

Біздің жаққа бауыр басып кеткен бе,  
Тамаша әнмен келіп еді көктемде.  
Өскен жерге сыймай кетіп барады,  
Өскен жерін *қимай кетіп*<sup>2</sup> барады.



*Төле би: Тұмау түбі – құрт,  
Тұман түбі – жұт,  
Ақыл түбі – құт,  
Елге бай құт емес,  
Би – құт.*



*Тауға қайың бітеді тал аралас,  
Бір топ сиыр келеді тана аралас.*

## АЛАТАУ

*Өлеңі Нұрсұлтан Өлімқұловтікі*

Алып тұлға байсалды,  
Манаураған Алатау.  
Қызыл-жасыл гүлдерің,  
Алаулаған Алатау.  
Манаураған Алатау,  
Алаулаған Алатау.

Шыңыңа көз жетпес,  
Көркіңе сөз жетпес.  
Басыңнан қар кетпес,  
Өзіңе тау жетпес.  
Өңірің гүлді,  
Өмірің жырлы,  
Жадыра, жайдарлым.  
Бақыт нұр шашқан,  
Даңқың бар асқан,  
Атыңнан айналдым.

Заңғар тасы бұлттарға,  
Айбат берген Алатау.  
Өр тұлғасы жастарға,  
Қайрат берген Алатау.  
Айбат берген Алатау.  
Қайрат берген Алатау.  
Қыз бейнелі гүліңді,  
Жиып алсам, шіркін-ай.  
Шежіредей сырыңды,  
Түйіп алсам, шіркін-ай.  
Жиып алсам, шіркін-ай.  
Түйіп алсам, шіркін-ай!



*Сыпыра сөктім, сыпыра тіктім,  
Сыпыра сөктім, сыпыра тіктім.*



*Бесікті аяқ астына тастама!*



Қадірі болмас адамның,  
Ортаңда тірі жүргенде.  
Орны қалар ойсырап,  
Бір күні көрге кіргенде.

Асыл жырым тыңдалмас,  
Ақылға салып білмесең.  
Алтынға балап әр сөзін,  
Құлағыңа ілмесең.  
Жүрегіңе нұр құяр  
Жақсы сөзді күндесең.  
Түбінде қор боларсың,  
Тағдырға кетер күнде есең.

Қызыл түлкі секілді,  
Уақыт шіркін алдайды.  
Қызылшыл болсаң базарлап,  
Түбінде саған сол қайғы.  
Еңбекпен еккен бәйтерек,  
Терің тамса, солмайды.  
Құлықпен тапқан мал арам,  
Ізінде қайыр болмайды.

Тағдырға мынау алдамшы,  
Шалдырмай, бәлкім, кетерсің.  
Жақыныңды жат қылып,  
Мұратыңа жетерсің.  
Амалсыздан бір күні,  
Қанағат сен де етерсің.  
Желгіп келсең өмірге,  
Жерініп түбі өтерсің.

Мәнсапқа жетсең, адал бол,  
Қызмет ет халқыңа.  
Әнін үйрен, күйін ұқ,  
Басыңды ій салтына.  
Қарашада қара үй тұр,  
Қарайлай жүр артыңа.  
Жолдас болма жаманмен,  
Көзің жетпей парқына.

Өзіңді біреу мақтаса,  
Елігіп оған тасыма.  
Бетіңе айтар адал дос,  
Жау деп оны жасыма.  
Бәрін де кейін көрерсің,  
Іс түскенде басыңа.  
Күні үшін жүрген құлардың,  
Бірі қалмас қасыңда.

### АҚСӘУЛЕ

*Әні Әбілахат Еспаевтікі*  
*Өлеңі Қасым Аманжоловтікі*

Ақсәуле, аспанда аймен таласасың,  
Төгіліп иығыңа қара шашың.  
Жалт етіп құралай көз қарағанда,  
Жанымның жайлауындай жарасасың.

Бір күй бар домбырамда тартылмаған,  
Бір сыр бар жүрегімде айтылмаған.  
Сен үшін келдім сақтап, сүйген сәулем,  
Көзіңнен айналайын жалтылдаған.

Ақсәуле, арнадым мен арманымды,  
Бұлбұлдай ұялаған таңда гүлді.  
Көркіне көңілі сай келіп тұрған,  
Арман не көргеніңде жан жарыңды.

### ОРАМАЛ

*Өлеңі Ғали Ормановтікі*

Сағынғанда жарыңа,  
Жіберіпсің орамал.  
Жабырқасам, жаныма,  
Жәрдем берген сол — аужал.  
“Сәулеме” деп жазылған,  
Орамалда сөзің тұр.  
Сонда сенің сағынған,  
Мөддіреген көзің тұр.



Жалғыз ауыз сөзіңді,  
Дәрмен көріп жаттаймын.  
Қайда жүрсем өзіңді.  
Көкіректе сақтаймын.  
Сақтай-сақтай жүремін,  
Төс қалтамнан шығармай.  
Жүрегіңмен жүрегім,  
Бірге соғып тұрғандай.

### **МАРЖАН ҚЫЗ**

*Өлеңі Садықбек Адамбековтікі*

Асқақтата салғаным жайлау әні,  
Баққан малым жайлаудың болған сәні.  
Қай жерімнен мін таптың, қалқатайым,  
Менің жазған хатыма жауап кәні?!

Кездескен күн есімде,  
Айлы жаздың кешінде.  
Еске сақта, қалқатайым,  
Айта берем несіне.

Жайлау қандай, мал қандай, өзім қандай,  
Көрген адам біздерге таңданғандай.  
Жалғыз жүріп есіме сен түскенде,  
Қарсы алдымнан болады шам жанғандай.

### **ҚАЙДАСЫҢДАР, ДОСТАРЫМ**

*Өлеңі Қабдікәрім Ыдырысовтікі*

Бірге тойлап, бірге өткізген,  
Жалындаған жас шағын.  
Талай қызық күнді өткізген,  
Қайдасыңдар, достарым?  
Достар, достар, жүрсің қайда?  
Бірге еді ғой жанымыз.  
Еске алысып осындайда  
Кел, шырқайық бәріміз!  
Бәріміз де таптық бүгін,  
Бақыт жолын іздеген.  
Дос үміті — достық сенім  
Әрқашанда бізбенен.

Жүрсек тағы қиыр шетте,  
Досты ұмытқың келмейді.  
Достық жалын бар жүректе  
Суымайды, сөнбейді.

### ӘЛІ ЕСІМДЕ

*Өлеңі Нұрсұлтан Әлімқұловтікі*

Әлі есімде сәулештің тіл қатқаны,  
Сырласумен жазғы таңның атқаны.  
Таудан аққан мөлдір бұлақ сылдыры,  
Ақ қайыңның желмен сыбдыр қаққаны.

*Әлі есімде,*<sup>2</sup> сол бір кез,  
Көз алдымнан кетпей қойды-ау,  
мөлдір көз!

Әлі есімде бұлтсыз әлем аспаны,  
Арман бізді алға апарып тастады.  
Қара шашың мойыныма оралып,  
Жерге тамған мөлдір көздің жастары.

Содан бері өтті, сәулем, талай күн,  
Әлсін-әлсін суретіңе қараймын.  
Тағдыр бізді алыстатты, қоспады,  
Сыры ғой бұл екеуміздей талайдың.

### КЕЛ, БАЛАЛАР, ОЙНАЙЫҚ

*Өлеңі Қабдікәрім Ыдырысовтікі*

Кел, балалар, ойнайық,  
Ойнайық та, ойлайық,  
Қандай жұмбақ болса да,  
Шешпей оны қоймайық,  
Ал тыңдаңдар, тыңдаңдар,  
Асығыстық қылмаңдар.  
*Асықпайық дегенге,  
Бөгеліп көп тұрмаңдар.*

*2 рет*

Бәрің жақсы тыңдаңдар,  
Бөгеліп көп тұрмаңдар.

Жұмбақта бар аспан, көк,  
Самолетпен зырлаңдар.  
Жұмбақта бар өзен, көл,  
Пароходпен жүзіңдер.  
*Айдын көлге шомылып,  
Ақ шабағын тізіңдер.*  
Ойшыл болса қай бала,  
Тез табады сол ғана.  
Кел, ойланып көрейік,  
Қызық жұмбақ айнала.  
Кел, балалар, ойнайық,  
Ойнайық та ойлайық,  
*Қандай жұмбақ болса да,  
Шешпей оны қоймайық.*

### САҒЫНЫШ ЕКЕН БАЛА КЕЗ

*Өлеңі Оспанхан Әубәкіровтікі*

Армандай асыл ақ дәурен,  
Алыстап қалды-ау қара көз.  
Алаулап атқан таңдармен,  
Келмейді-ау сол бір бала кез.

Тырналар ұшып өткенде,  
Түседі-ау еске бала кез.  
Қызғалдақ көрсем көктемде,  
Түседі-ау еске қара көз.

Аққу кеп қонса көліне,  
Түседі-ау еске қара көз.  
Тырналар қайтса еліне,  
Түседі-ау еске бала кез.

Сағынған жақсы бір сәтті,  
Сағыныш екен бала кез.  
Есіме алсам бір шақты,  
Арманым екен қара көз.

Армандай асыл ақ дәурен,  
Алыстап қалды-ау қара көз.  
Алаулап атқан таңдармен,  
Келмейді-ау сол бір бала кез.

## МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ

*Әні Шәмші Қалдаяқовтікі*  
*Өлеңі Жұмекен Нәжімеденовтікі*

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы.  
Думанды бастады,  
Далама қарашы!  
Кең екен Жер деген,  
Жерге дән шықты ғой.  
Дән егіп терлеген,  
Қазағым мықты ғой.  
    Менің елім, менің елім,  
    Гүлің болып егілемін,  
    Жырың болып төгілемін, елім,  
    Туған жерім менің — Қазақстаным!  
Сағымды далам бар,  
Сабырлы көлім бар.  
Қараңдар, жараңдар,  
Осындай елім бар.  
Қарсы алған уақытты,  
Ежелгі досыңдай.  
Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындай.

## АНА ТУРАЛЫ ЖЫП

*Өлеңі Гафу Қайырбековтікі*

Әлемнің жарығын,  
Сыйладың сен маған.  
Даланың әр гүлін,  
Жинадың сен маған.  
Сен бердің құстардың,  
Қанатын самғаған.  
Балалық құштарым,  
Өзіңе арнаған.  
    Әдилеп аялап,  
    Өсірген жемісің.  
    Самал жел, сая бақ,  
    Құшағың мен үшін.  
    Есейіп кетсем де,  
    Мен саған сәбимін.  
    Көңіліңді көктемдей,  
    Көзіңнен танымын.

Өтеуге борышым,  
Анашым, жан сырым.  
Іздедім сен үшін,  
Әлемнің асылын.  
Әлемнің байлығын,  
Сыйлар ем, кеш мені.  
Сыйлар ем ай, күнін,  
Қолыма түспеді.

### **КЕШІКПЕЙ КЕЛЕМ ДЕП ЕҢ**

*Өлеңі Мұхтар Шахановтікі*

Аңсаған бақытым сияқтанып,  
Ай туып келеді қияқтанып.  
Жол жаққа қараймын,  
Сен жоқсың, арайлым.  
Кешікпей келем деп ең,  
Мен тұрмын елеңдеумен.

Қайтемін кінәлап бұған сені,  
Сағатың алдаған шығар сені.  
Нұр ойнап көзіңде,  
Уәделі кезіңде  
Кешікпей келем деп ең,  
Мен тұрмын елеңдеумен.

Көшеде сырласып шалқын басып,  
Құрбылар барады қолтықтасып.  
Тағатым таусылды,  
Аңсадым даусыңды.  
Кешікпей келем деп ең,  
Мен тұрмын елеңдеумен.

### **ӘНІМ СЕН ЕДІҢ**

*Өлеңі Тұманбай Молдағалиевтікі*

Құрбым, жан құрбым, бала кезімнен,  
Бақыт көріп ем қара көзіңнен.  
Кеттің ұмытып, мәңгі ұмыттың,  
Жібін үздің ғой нәзік үміттің.

Әнім сен едің кешке салатын,  
Содан жас жаным ләззәт табатын.  
Шамын басқа үйдің жақтың, аяулым,  
Сендей бақытты қайдан табармын.

Бақтар гүлдеді біздің қырдағы,  
Жаңбыр жауды да, көктем жырлады.  
Өткен күндерден бүгін жоқ белгі,  
Тұрып қасыңда көрдім көктемді.

Тағы келді ғой құстар ән салып,  
Тұрмын оларды жалғыз қарсы алып.  
Сенсіз таң атты, сенсіз батты күн,  
Мәңгі ұмыттың мені, шаттығым.

### ҚАЙЫҚТА

*Өлеңі Нұрсұлтан Әлімқұловтікі*

Болсақ тағы жаңа таныс,  
Жүзсек те алғаш қайықта.  
Ұшқыр қиял кетті-ау алыс,  
Бұйырмашы айыпқа.

Самал болар толғандырған,  
Айдын шалқар көл бетін.  
Сәулем, мені ойлаңдырған,  
Сенің жарқын келбетің.

Көлдің жүзін нұрландырып,  
Тұр ма сенің дидарың.  
Сол бейнеңді тұрған күліп.  
Су бетіне қимадым.

Ескеріңді берші маған,  
Мен есейің, сен еспе.  
Су күлкісі сылдырлаған,  
Сенің күлкің емес пе?

Ашылғандай айдын көлде,  
Үлкен өмір есігі.  
Су бетінде қайық бейне,  
Махаббаттың бесігі.

Жылжы, қайық, осы көлде,  
Жыр толтыршы жаныма.  
Махаббаттың бесігінде,  
Тербелейік тағы да.

### **АҚ МАҢДАЙЛЫМ**

*Өлеңі Мұзафар Әлімбаевтікі*

Көк майса Алатаудың бөктерінде,  
Гүл тердік жастық шақтың көктемінде.  
Алдымнан арманымдай жарқ етіп ең,  
Қолымды жеткізгендей көкте күнге.

Айналдым, ақ маңдайлым,

Ақылдым, бал таңдайлым.

Жалынды жас дәуренде,

Ұялма, "жан сәулем" де.

Жақсылықтың жоқ, сәулем, ерте-кеші,

Жадырашы, назданшы, еркелеші!

"Сен" деген ыстық сөзің артық еді,

Өзіңе іштей мені тартып еді.

Өзгеге өзін қимас өр көңлім,

Лебіңмен қорғасындай балқып еді.

"Сен" деген ыстық сөзің артық еді,

Өзіңе іштей мені тартып еді.

"Сіз" деген салқын сөзден қорқамын ғой,

"Сен" десең, көңіл қайта шалқыр еді.

### **АҚ ЕРКЕ – АҚ ЖАЙЫҚ**

*Өлеңі Төлеген Айбергеновтікі*

Арманым саған ауған,

Самал соқса жағалаудан.

Жүректе тербетілген,

Ақ Жайығым,

Ақ еркем,

Аңсаған ән өлкем.

Жаным-ау дара туған,  
Ағыстардан жаратылған.  
Жайықтың жағалай тал  
Жағасынан,  
Қымбаттым,  
Сен маған тіл қаттың.  
Өзіңсің жаным,  
Жаңғыртқан өнім  
Каспийдің толқын тауларын.  
Сенбісің көгілдір, махаббатым,  
Алқызыл алаулы таңдарым.  
Айдыным шалқыған бір,  
Дидарыңда толқыған нұр.  
Мен сені көрдім, еркем,  
Ерке теңіз,  
Аспанға  
Маржандар шашқанда.  
Айрылмас достығыңның,  
Айғағы ма қос бұрымың.  
Жанымды нұрландырып  
Сенің шолпан жанарың,  
Алаулап барамын.

Бір сәуле күлімдеген,  
Жанарыңнан дірілдеген.  
Мен сені балықшының  
Арманынан,  
Жан, сәулем,  
Іздеймін аңсаумен.  
Арманым саған ауған,  
Самал соқса жағалаудан.  
Жүректе тербетілген,  
Ақ Жайығым,  
Ақ еркем,  
Аңсаған ән өлкем.



*Өзің сүйгенді алма, өзіңді сүйгенді ал.*



## АРЫС ЖАҒАСЫНДА

*Өлеңі Мұхтар Шахановтікі*

Өзіңмен Арыстың,  
Бойында таныстым.  
Жайнаған гүлдей құрбым сен,  
Жағада тұрдың сен.  
Жаз еді күлкің де,  
Қайдасың бұл күнде.  
Сені іздеп, арманым,  
Сыр бойын шарладым.  
Алдыңда бір бақыт,  
Тұрғандай тіл қатып.  
Толқынға қарап ойлана,  
Өңдеттің жай ғана.

Нұр шашып көзіңнен,  
Бір нәзік сезіммен.  
Жібектей шашың толқындап,  
Қалып ең қол бұлғап.

Кете ме осылай,  
Өніміз қосылмай.  
Аяулы таңым сен едің,  
Көрсем деп келемін.

## БАҚЫТ ҚҰШАҒЫНДА

*Өлеңі Тұманбай Молдағалиевтікі*

Көзіңнен бір ұшқын,  
Ұшты ма білмедім.  
Әйтеуір, нұр құштым,  
Әйтеуір, гүлдедім.  
Көктемнің бұлбұлы,  
Кеудеме қонады.  
Құшаққа қыр гүлі,  
Толғандай болады.

Кел билейік, кетпе менің қасымнан,  
Қызғалдағым таң нұрымен ашылған.  
Сезім шіркін ақ жаңбырға ұқсайды,  
Алматыда жаңа жауып<sup>2</sup> басылған.

Әнбісің төгілген,  
Жырмысың армандай.  
Бір бақыт көрінген,  
Жақындап қалғандай.  
Жанарың ұшқыны,  
Жүректе жанады.  
Қолыңның ыстығы,  
Қолымда қалады.

Мен бүгін бұлақпын,  
Ілгері жүтірген.  
Бір нәзік шуақпын,  
Жаныңа үңілген.  
Сүйемін мен күнді,  
Көңілді жалынды.  
Сен биле еркімді,  
Әлдиле жанымды.

### АҚ БАНТИК

*Өлеңі Мұхтар Шахановтікі*

Балауса қыз едің бір кезде,  
Шашыңа ақ бантик байлаған.  
Өзгеріп кетіпсің бұл күнде,  
Көркіңе көз тастап ойланам.  
Нұрлы бейнең қандай жарқын,  
Арманысың қандай жанның.  
Шынарым-ай,  
Сен мөлдірсің, еркем,  
Тау бұлағындай.  
Жол жатыр шақырып алдыңда,  
Өмір тұр ұсынып шаттығын.  
Білмеймін бойжетіп қалдың ба,  
Шашыңда ақ бантик жоқ бүтін.

Жылдардың еркіне бағындың,  
Жылдарға қол создың, жан құрбым.  
Белгісін балалық шағыңның,  
Айтшы, сен қай жерде қалдырдың?

## ҚУАНЫШ ВӘЛІСІ

*Өлеңі Мұхтар Шахановтікі*

Жадырап жанымыз,  
Жарасып әніміз,  
Болашақ бүгіннен басталғандай.  
Нұр құйып көңілге,  
Жол сілтеп өмірге,  
Арман тұр асқақтап асқар таудай.

А-а-ай, а-а-ай,  
Қуаныш көрем көзіңнен.  
Өзіңмен, жан құрбым,  
Қосылды тағдырым,  
Қосылған қос өзен секілденіп.

Өзің боп өлеңім,  
Шаттыққа бөлендім,  
Сәулешім, сеіңмен танысқалы.  
Теңізге телегей,  
Жол тартқан кемедей,  
Бойдақтық бізден де алыстады.

Достарсыз бұл күнде,  
Күн кешу мүмкін бе,  
Досымыз көбейсін, келе берсін.  
Жайнай бер жасқанбай,  
Мөлдір боп аспаңдай,  
Кірлетпе көңілімнің терезесін.

## ТУҒАН ЕЛ

*Әні Өмірбек Байділдаевтікі*

*Өлеңі Мәдеш Ниязбековтікі*

Туған жер қандай көркем мөлдіреген,  
Желегі желмен ойнап желбіреген.  
Аралап күндіз-түні жүрсем дағы,  
Тыншымай ет жүрегім елжіреген.

Ыстық-ақ бүлдіргенді өзендерің,  
Саянда сайрап өскен өрендерің.  
Мен едім соның бірі — қарыздармын,  
Әлі де аз сіңірген өз еңбегім.

Қашанда қарыздармын, елім, саған,  
Анамсың, алыс жүрсем, көп аңсаған.  
Жүректің арнап ыстық махаббатын,  
Туған ел, берерім көп менің саған.

### ҚИМАЙМЫН СЕНІ

*Өлеңі Әнуәрбек Дүйсенбиевтікі*

Жадырап жаз келді,  
Жайқалды өлкеміз.  
Неліктен өзгерді,  
Мінезің, ерке қыз?

Сандуғаш бақшада,  
Сайрайды таңертең.  
Қандай жан, сәулем, дақ салды,  
Көңіліңе сенің, ақ еркем?

Жүзіңді көргенде,  
Сөз таппай қиналам.  
Алдыңа келгенде,  
Өкпеңді қи маған.

Күлімде, көзіңнің  
Қиығын таста да.  
Қимаймын, сәулем, өзіңді,  
Қимаймын сені басқаға.

Оқуды бітіріп,  
Ауылға қайтармын.  
Жүректе сырымды,  
Жыр етіп айтармын.

Нұр толып жүзіңде,  
— Осында қал! — депші.  
— Қырманнан қайтар кезімде,  
Қырқадан күтіп ал, — депші.

## АРМАНДАСТАР

*Әні Әсет Бейсеуовтікі*

*Өлеңі Нұрсұлтан Әлімқұловтікі*

Бір ауылдың түлеп ұшқан жастары едік,  
Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік.  
Бәріміз де жазылмаған дастан едік,  
Армандастар — құрдастар.

Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік,  
Бәріміз бір өмір жолын бастап едік.  
Армандастар қайда?  
Абзал достар қайда?  
Замандастар, қарлығаштар қайда екен?

Арман қуған, қиял қуған кезің қайда,  
Құрбы қыздар, мөлдіреген көзің қайда?  
Сол алғашқы алаулаған сезім қайда?  
Армандастар — құрдастар.

Бәрің, достар, әр тарапқа кеттіңдер ме,  
Әлде биік асулардан өттіңдер ме?!  
Әлде игі армандарға жеттіңдер ме?!  
Қайдасыңдар, құрдастар?!

## АЛТЫНЫМ

*Өлеңі Нұрсұлтан Әлімқұловтікі*

Теңіз болып толқыдың да шалқыдың,  
Айдынында шағала боп қалқыдың.  
Гүлім болып жайнап өскен жайлауда,  
Самал болып аймаладың, *алтыным*<sup>2</sup>.

Бірге өткіздік талай күнді бал-шырын,  
Сымбатыңа, сөздеріңе балқыдым.  
Бұлбұл болып көңлімде сайрадың,  
Жұлдыз болып жарқырадың, *алтыным*<sup>2</sup>.

Тамашалап сұлу бақты, тау суын,  
Ортаға сап бөлуші едік жан сырын.  
Оралмасқа кетті ме әлде сол күндер,  
Сағындым ғой, қайда жүрсің, *алтыным*<sup>2</sup>.

## АҚ МАМАМ

*Өлеңі Әнуәрбек Дүйсенбиевтікі*

Ел жатқанда жатпаған,  
Мен деп тыным таппаған.  
Бақыты үшін балаңның,  
Аман-сау жүр, ақ мамам.  
    Күлімдеген көзіңнен,  
    Күн мейірімі сезілген.  
    Бұл жалғанда балаға  
    Жақын жан жоқ өзіңнен.  
Өзің маған мият-күн,  
Сен деп таңым жиі атты.  
Ақ мамамның айқайы,  
Айналайын сияқты.

Қуат беріп құшағың,  
Қанат бітіп ұшамын.  
Естіртемін алып кеп,  
Ел білмейтін құс әнін.  
    Көрсетемін күллі елді,  
    Жарық етем түндерді.  
    Өсіріп мен сыйлаймын,  
    Жұрт көрмеген гүлдерді.

## СЫРЛАСУ

*Өлеңі Әнуәрбек Дүйсенбиевтікі*

Түн жамылып келеміз, айсыз ашық аспан,  
Төбемізде жұлдыздар үнсіз жымыңдасқан.  
Бара жатқан зымырап байқалмайды уақыт,  
Бұл не деген қуаныш, бұл не деген бақыт!

Алматының гүл бағын аралаймыз ұзақ,  
Қиялменен кетеміз кейде алысқа ұзап.  
Күйге толы көңілдер, араластық биге,  
Қандай ыстық осы шақ, асықпа сен үйге.

Алақанда алақан, күлімдейді көзің,  
Құшағымда қуаныш, қасымда сен өзің.  
Бүгінгі түн тамаша, бүгін нұрлы бар маң,  
Бүгін, міне, қосылды арман мен арман.

### ШАҚЫРАДЫ КӨКТЕМ

*Өлеңі Тұманбай Молдағалиевтікі*

Елестеттің көктемді гүл ашқан,  
Көздеріңе ғашықпын нұр шашқан.  
Алыстарға жетеле, еремін,  
Сені ғана бақыт деп сенемін.  
Арманымдай алдағы,  
Ақ шуақтай таңдағы,  
Аялай бер, арманым, аялай бер.  
Сандуғаштар жырлаған,  
Көктемдерге бір барам,  
Шақырады біздерді көкорай бел.  
Қолыңды бер, жатсынба, арманым,  
Сәуледей боп аяла таңдағы.  
Шақырады жас көктем гүлімен,  
Шақырады жасыл бақ жырымен.

### МҰҢАЙМА

*Өлеңі Өспанхан Әубәкіровтікі*

Жаз гүліндей назың қайда,  
Неге, жаным, мұңайдың?  
Мен сүйетін әзіл қайда,  
Жадырашы, шырайлым!  
Жаралғандай сағыныштан,  
Қайда сенің жақсы әнің?  
Жүрегіңді жарып ұшқан,  
Дауысыңды аңсадым.  
Көрмегелі айлар өтті,  
Жұлдыз бардым, Ай бардым.  
Ерке назың қайда кетті,  
Қабағыңнан айналдым.

Жаз гүліндей назың қайда,  
Неге, жаным, мұңайдың?  
Мен сүйетін өзіл қайда,  
Жадырашы, шырайлым!

### ӘСЕЛ

*Әні мен өлеңі Илья Жақановтікі*

Самалы жұпар жазғы бір кеште,  
Ойласам болды Ыстықкөл жақты.  
Айтылған сырлар түседі еске,  
Оятқан сонда ақ махаббатты.

Тулайды жүрек,  
Толқындай шалқып.  
Аңсайды жүрек,  
Өзіңе тартып.  
Сағынтқан әнім,  
Әселім жаным.

Тағдырмен қатал ойнатқан сонда,  
Қайдасың менің армансыз күнім.  
Бақ құсым едің, қонбадың қолға,  
Қапыда қалдым зар толып үнім.

Алыссың, жатсың, білемін, сәулем,  
Тағдырға нала не керек айтып.  
Өмірде сол бір жарқ еткен дәурен,  
Әселім, сірә, келер ме қайтып.

### ЖАЙЛАУКӨЛ КЕШТЕРІ

Алаулап күн батса қырды асып,  
Кетуші ек, қалқатай, сырласып.  
Ұмытсам сол күнді, сол күнді, кеш мені,  
Есте ғой, дариға, Жайлаукөл кештері.

Ай туып, жұлдыздар жанғанда,  
Қол созып көктегі арманға.  
Жүрген кез жүректен, жүректен өшпеді,  
Жақсы еді-ау, дариға, Жайлаукөл кештері.



Мүлгіген тыныштық, айдала,  
Шу бойы ырғалып жай ғана.  
Гүлдерді тербетіп самалдың ескені-ай,  
Аңсаттың, дариға, Жайлаукөл кештері-ай.

### ЕДІЛ-ЖАЙЫҚ

*Өлеңі Жұбан Молдағалиевтікі*

Құлпырады дала, гүлдейді орман,  
Емізеді егіз Еділ мен Жайық,  
Ақ шағала айдын, ақталған арман,  
Тербеледі кеме, ойнайды қайық,  
А-а-а!  
Ағады шалқып,  
Аққулары қалқып,  
Еділ мен Жайық,  
Шырқалады әндер, жан жүрек іңкәр,  
Сылқылдайды сұлу Еділ мен Жайық,  
Әуелейді адам, самғайды сұңқар,  
Шығандарға, шыңға қанатын жайып.

### АТАМЕКЕН

*Әні Ескендір Хасанғалиевтікі*

*Өлеңі Қадыр Мырзалиевтікі*

Жасыл жайлау — түкті кілем, көк кілем,  
Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем.  
Айдарымнан сипап өткен самалды  
Қазағымның алақаны деп білем!

Қайда жүрсең атамекен,  
Көкейіңде жатады екен.  
Күннің өзі қимай оны,  
Ұясына батады екен!

Жасыл жайлау — түкті кілем, көк кілем,  
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем.  
Асқар тауын аспаныммен астасқан  
Қазағымның мәртебесі деп білем!

Жасыл жайлау — түкті кілем, көк кілем,  
Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем  
Күннің нұрын, айдың аппақ сәулесін  
Қазағымның махаббаты деп білем!

## АНАҒА СӘЛЕМ

*Өлеңі Оспанәлі Иманәлиевтікі*

Мереке күніңмен,  
Қарсы алам өзіңді.  
Сәбилік үніммен  
Арнаймын сөзімді.  
Көргенше алаңмын,  
Аңсаймын, толғанам.  
Қабыл ал балаңның  
Сәлемін жолдаған!

Бөбегің оянса,  
Ұйқыңнан мың тұрдың.  
Гүліңмен балауса  
Көктемдей құлпырдың.

Аялап алақан,  
Әлпештеп өсірген.  
Аяулы жан анам,  
Қатемді кешірген.

Сырымды ұғатын,  
Өзіңсің — қуатым.  
Күнімсің шығатын,  
Айымсың туатын.

## АУЫЛЫМ – ӘНІМ

*Өлеңі Бәкір Тәжібаевтікі*

Қайда жүрсем, туған жерім,  
Сен есімнен шығармысың!  
Жастық дәурен құрған жерім,  
Көз алдымда тұрармысың!

Ғашық едім қыр гүліне,  
Қызық-тойым сенде өтеді.  
Сенде өткізген бір күніме,  
Дүниеде не жетеді!

Сүйем таныс жолдарыңды,  
Саған бастап әкелетін.

Сүйем жасыл талдарыңды,  
Жанға ләззәт әперетін.

Сүйем айна көлдеріңді,  
Мөліреумен қарайтұғын.  
Сүйем белес-белдеріңді,  
Таң сәулесі тарайтұғын.

Саған жырдан сый арнағам,  
Қиял құсын қуған жерім.  
Туған жерін сүйе алмаған,  
Сүйе алар ма туған елін!

Ауылымнан аттанарда,  
Алтын аймақ ән салады.  
Жол тынымсыз тартқан алға,  
Жүрегімді нұр шалады.

### **КЕЛШІ, КЕЛШІ, БАЛАШЫМ!**

*Өлеңі Қабдікәрім Ыдырысовтікі*

Айым болып тудың ба?  
Күнім болып тудың ба?  
Ата жолын қудың ба?  
Әке жолын қудың ба?  
Бұл дүниеге келген соң,  
Сұрауы бар судың да.

Айдарыңнан айналдым,  
Маңдайыңнан айналдым.  
Торсық шеке, тоқ шеке,  
Бақ болар деп ойладым.  
Ашық жанар — көңілің  
Ақ болар деп ойладым.

Қуанышым — арай жүз,  
Сөйлесерміз талай біз.  
Бар ағайын жиналып,  
Мәз боп саған қараймыз.  
Сендей бала ешкімде  
Болмаған деп санаймыз.

Жалғыз дара — өзіңсің,  
Атасының көзісің.  
Әжесінің сөзісің,  
Мен барымды аяман,  
Ботақаным, сен үшін.

Не деп енді мақтаймын,  
Айтуға сөз таппаймын.  
Сөйлеп кетсем көбірек,  
Мен әжеңе жақпаймын.  
Келші, келші, балашым,  
Бір иіскемей жатпаймын.

### ЕЛІГІМ — ЕРКЕМ

*Өлеңі Бәкір Тәжібаевтікі*

Қиялымды көкке өрлеткен,  
Көңілімді көктем еткен.  
Елігімсің — еркем менің,  
Хабарыңды көптен күткем!  
Жан дауасы сенен деймін!  
Сенсіз күйге бөленбеймін.  
Бір сәлемің жетер-ау деп,  
Елігім-ау, елеңдеймін.  
Тағдыр берген саған көрік,  
Қарай қалсам, табам ба ерік.  
Елігім-ау, жетпей қойды,  
Сенсіз көктем маған келіп.

Елігім-ау, жүремін ғой,  
Сен туралы көп ойланып.  
Оралмай жүр жыр айналып,  
Қона алмай жүр ән айналып.



*Ырбығыма жырбығым.*  
*(т..., т... бау)*



*Малды басқа ұрма!*

## БОЗТОРҒАЙЫМ

*Өлеңі Бәкір Тәжібаевтікі*

Тіршілікте айнымасқа тағдыр қосқан,  
Құс едің ғой кең далаға бауыр басқан.  
Аяздарда тоңбайсың ба, бозторғайым,  
Жылы ұяңа қонбайсың ба, бозторғайым!

Даланы мен де,  
Сүйемін сендей,  
Бауырмал құсым!  
Назыңнан әсем,  
Сазыңнан әсем,  
Жаңылма, құсым!  
Тауқымет тартып,  
Торықпа, жаным,  
Қорқпа, жаным.  
Құшағымды ашып,  
Кеудеме басып,  
Берейін жалын!

Тіршілікте айнымасқа тағдыр қосқан,  
Құс едің ғой кең далаға бауыр басқан.  
Аяздарда тоңбайсың ба, бозторғайым,  
Жылы ұяңа қонбайсың ба, бозторғайым!

## ІЗДЕДІМ СЕНІ

*Өлеңі Нұтфолла Шәкеновтікі*

Іздедім сені, білмедім сені,  
Қайдасың, қалқам, қай жақта?  
Жаныммен құлап қалдың-ау ұнап,  
Кез болып маған бейуақта.

Өкініш көміп, барады сөніш,  
Үміттің шоғы азайып.  
Өңім бе екен, түсім бе екен,  
Қапыда көрген ғажайып.

Көлеңкең көлбеп, көрінсе сен боп,  
Қуаныш етер мен пенде.  
Жалт етші дәтке, бір ғана сәтке,  
Суретің қалсын кеудемде.

## ТАҢСӨРІДЕ

*Әні Күнсайын Қуатбаевтікі  
Өлеңі Жақсылық Сәтібековтікі*

Самал желпіп тербеледі қарағай,  
Су бетінде еркін жүзін барады ай.  
Алтын айдай ақ сәулешім жанымда,  
Жүріп келем өзен бойын жағалай.

Қырдың қызыл қызғалдағы қырмызы,  
Жымың қаққан көк аспанның жұлдызы.  
Сұлусыңдар таласпаймын, бірақ та  
Ерекше ғой еркетайдың нұр жүзі.

Көкжиектен таң келеді арайлап,  
Нұр жамылды, гүл жамылды бар аймақ.  
Нұр жайнайды аяулымның ақ жүзі,  
Күлімдеген күн жолына қарайлап.

## АЯУЛЫ АҚ СҰҢҚАРЫМ

*Өлеңі Сағи Жиенбаевтікі*

Көгеріп көрінбейді айна көлім,  
Көктем де желпімейді майда лебін.  
Ағарып атқан таңдай қарсы алатын,  
Аяулы ақ сұңқарым қайда менің?

Күн сайын қарсы аламын таң арайын,  
Қалқамның алма бағын аралаймын.  
Сыбырлап сыр айтпайды сұлу емен,  
Мүлгиді тасаланып бала қайың.

Ақ жүзін көрмегелі айлар өтті,  
Көктем де желпімейді майда лепті.  
Алтын ай, сыбырлашы сағындым ғой,  
Аяулы ақ сұңқарым қайда кетті?

**АЯУЛЫМ, АРМАНЫМДАЙ  
АСЫЛЫМ ЕҢ**

*Әні Әшір Молдағайыновтікі  
Өлеңі Есләм Зікібаевтікі*

Аяулы арманымдай асылым ең,  
Өзіңмен тілдескенше асығып ем.  
Ең алғаш көргенімде, ерке сәулем,  
Көзіме оттан да ыстық басылып ең.

Аяулы асылым ең,  
Көргенше асығып ем.  
Махаббат самалы ескен,  
Сол бір таң қалар ма естен,  
Жайнай түсіп,  
Жайнай түсіп, күн сайын,  
ерке сәулем.

Жаз гүліндей құлпырып далада өскен.  
От шашып жанарыңнан жымиясың,  
Жаныма сарқылмастай сыр құясың.  
Мәңгілік шаттық болып қоншы, сәулем,  
Кеудеме орнат та әнмен жыр ұясын.

**КӨП ҚАРАДЫМ СУРЕТІҢЕ**

*Әні Базарбай Жұманиязовтікі  
Өлеңі Оспанхан Әубәкіровтікі*

Көктем келер гүлін алып,  
Жаз да келер жырын алып.  
Жан көктемі қашан келер,  
Махаббаттың нұрын алып.

Бір хатыңда келем деп ең,  
Жолға қарап елеңдеп ем.  
Сағындым ғой, өзің келші,  
Хат жазғанша өлеңменен.

Күндер өтті талай-талай,  
Қарайламай, аялдамай.  
Өзің берген суретіңе  
Көзім талды қарай-қарай.

## АУЫЛЫМ

*Әні Теміржан Базарбаевтікі  
Өлеңі Жәбірайыл Бейсеновтікі*

Кіндігімнің жас қаны,  
Тамған жерім, ауылым.  
Шабытымның асқары,  
Самғаушы еді, ауылым.

Жастығымның куәсі,  
Шұрқыраған ауылым.  
Жусаны мен жуасы,  
Бұрқыраған ауылым.

Биік-биік шың, құзға,  
Құмар қылған ауылым.  
Бүлдіршіндей бір қызға,  
Сыңар қылған ауылым.

Әнмен таңды атырып,  
Ән салдырған ауылым.  
Сары қымыз сапырып,  
Тамсандырған ауылым.

Көк түтінді шұбатып,  
Желек созған ауылым.  
Ай көрмесем құмартып,  
Жүрек қозған ауылым.

Көк торғындай көктемде,  
Сағым қуған ауылым.  
Алыс сапар шеккенде,  
Сағындырған ауылым.



*Өзі қызыл, өзі қызық,  
Ортасында жалғыз сызық,  
Айналасы қылпық-қылпық.  
Жұрттың бәрі өған ынтық.  
(м., б...)*



## ҚАЗДАР ҚАЙТҚАНДА

*Өлеңі Тұманбай Молдағалиевтікі*

Көк жүзінде барады қаздар қайтып,  
Күндер солай өтеді тасып, шалқып.  
*Сағыныш қой*<sup>2</sup>, сары ала жапырақтар,  
Жақсылықтың жолында, жатқан балқып.

Ақ қайындар қалады дір-дір етіп,  
Жанымызды бір кезде күлдіретін.  
*Жазғы бақта*<sup>2</sup>, саулайды жапырақтар,  
Өз өмірін соңғы рет, бір жыр етіп.

Жайнап тұрған кешегі күн ескіріп,  
Қара суық хабары тұр естіліп.  
*Қаздар ұшып*<sup>2</sup>, барады оралмайтын,  
Қанатына, көктемді ілестіріп.

## ЖАС ДӘУРЕН

*Әні Бәкір Тәжібаевтікі*

*Өлеңі Қасым Аманжоловтікі*

Жас дәурен — гүл жазира қайран жазым,  
Тыңдаған ерке сұлу айтқан назын.  
Әсерлі ән, көк нәсер күй, сал домбыра,  
Жігіттің тебіrentесің өнерпазын.

Жас дәурен,  
Ризамын мен саған.

Жан сәулем,  
Келші, сәулем, аңсаған.

Жас дәурен — жігер оты жанған жалын,  
Көрмесем қызығыңды, армандаймын.  
Өмірге екі келер уақытым жоқ,  
Сондықтан үлесімді мол қармадым.

Жас дәурен, қызығыңа тоя алмаспын,  
Ән мен күй, өлең, сені қоя алмаспын.  
Тірлікте тербелейін, тебіренейін,  
Бір күні кетсем ұйқтап, оянбаспын.

Жас дәурен,  
Нажағайлы алтын жаз.

Жан сәулем,  
Қосыл күйге, айтшы наз.

## МАХАББАТ ВӘЛІСІ

*Әні Бекен Жамақәевтікі  
Өлеңі Нұтфолла Шәкеновтікі*

Таң атқанда гүл бағын суарамын,  
Күнде ертемен өзеннен су аламын.  
Алтын сәуле көремін сол бір шақта,  
Сенің нұрың болар деп қуанамын.

Жаным деп маған үн қатқан,  
Жүрекпен сүйіп ұнатқан.  
Бақытым менің,  
Таппаспын теңін —  
Махаббат гүл атқан.

Сағынышпен күтемін әрбір таңды,  
Жақсы үмітпен арнаймын төлқын әнді.  
Бақытымдай жалт еткен жанарыңнан,  
Үшқын түсті жаныма өшпес мәңгі.

Өзің сүйіп аңсаған ардағыңмын,  
Өзің едің жұлдызы арманымның.  
Көгершіндей ұялап көңіліңе,  
Жүрегінде табысқан жан жарыңмын.

## ЕРТІС ВӘЛІСІ

*Өлеңі Тұманбай Молдағалиевтікі*

Тамылжыған, мүлгіген айлы түнде,  
Қызықтаймыз көктемнің суретіне.  
Біз келеміз, Ертісте тербелеміз,  
Көлеңкеміз түседі су бетіне.

Қасымдасың, арманым,  
Алтын сәуле жан-жағым.  
Жырға толы жүрегім,  
Тыңда, жан жарым!  
Көгілдір көктем —  
Көңлім менің,  
Өзің, сәулем, өзің, сәулем —  
Өмірім менің.

Өзің, сәулем, аңсарым шөлдегенде,  
Көңіл құсы сайрайды сен дегенде.  
Өзіліңе бір сенің, жаз үніңе,  
Дүниенің бар көркін теңгерем бе.

## СЕН ҒАНА

*Өлеңі Нұтфолла Шәкеновтікі*

Жайма-шуақ көктемнің жасыл күні,  
Балбұлақтан естисің мың күлкіні.  
Аспан асты бір саған құмартқандай,  
Тамылжиды аулақта бұлбұл үні.

Аялап тербеткен,  
Сұрашы жер-көктен!  
Әлемнің сенде қызығы,  
Күннің де сенде қызуы,  
Бір өзің аңсарым,  
Бір өзің жан жарым!

Сабыр етші, жан сәуле, тыңда тағы,  
Сен дегенде тау шыңы тіл қатады.  
Ақ қайыңмен сырласып ұзап шықсаң,  
Әншіл арман бір сен деп шырқатады.

Кезсем дағы қай өлке, қай даланы,  
Самал желі сені аңсап аймалады.  
Махаббаттың көрдің бе құдіретін,  
Жердің өзі бір сен деп айналады.

## ЖАС ЖҰБАЙЛАР – ЖАС ОТАУ

*Әні Кеңес Дүйсекеевтікі*

*Өлеңі Шәмшібай Сариевтікі*

Толқып тасқан теңіздей,  
Аққулардың егіздей,  
Қос қанаты сияқты жас жұбайлар – жас отау.  
Көктемнің қос бүріндей,  
Жаңа ашылған гүліндей.

*Той-той, тойларың²,*  
Оңды болсын талабың,  
Құтты болсын қадамың.  
*Той-той, тойларың²,*  
Жас жұбайлар – жас отау,  
Құтты болсын, тойларың.

Жайсаң жастық төрінен,  
Ата дәстүр жолымен,  
Ақ босаға аттаған жас жұбайлар — жас отау.  
Айың тусын оңыңнан,  
Күнің тусын солыңнан.

Тойға шашу шашайық,  
Ырымдарын жасайық,  
Қол ұстасқан жұбымен жас жұбайлар —  
жас отау.

Тойлап шалқып толайық,  
Келін бетін ашайық,

### ҚАРАҒЫМ-АЙ

*Өлеңі Шәмшібай Сариевтікі*

Қарағым-ай,  
Сұлулық осындай болады екен,  
Бір басқа армансыз қонады екен,  
Адамдар өмірге қонақ екен,  
Шынымен бұл дүние шолақ екен.  
Қарағым-ай,  
Қиылып, үзіліп қарадың-ай,  
Қараған қандай сұлу жанарың-ай!

Қарағым-ай,  
Еліктер осылай жосады екен,  
Жолыңнан сені кім тосады екен?  
Бұл көңіл неліктен босады екен,  
Бұл тағдыр сені кімге қосады екен?

Қарағым-ай,  
Бұл дүние осылай өтеді екен,  
Сүймесең, бұл дүние бекер екен.  
Парақтап, жинасаң бар ғұмырың,  
Бір сүйген күйіңе-ай жетер ме екен?



*Көп түкірсе, — көл.*

**ӘЛИЯ**  
*Әні Сейдолла Байтерекөвтікі*  
*Өлеңі Бәкір Тәжібаевтікі*

Қобда, Нева суларын сүйіп өскен,  
Әсем гүлін құшаққа жиып өскен.  
Аққу құстың бейнебір баласындай,  
Сұлу сазды, жастықтың күйін кешкен.  
    Әлия — ару қызы сен халқымның,  
    Әлия — батыр қызы сен халқымның,  
    Ерке құсы сен даламның!  
Саған белгі орнаттық мәрмәр тастан,  
Саған күнде қызыққан мөлдір аспан.  
Саған күнде жазылған көркем дастан,  
Саған күнде құшағын көркем ашқан.

Шолпан жұлдыз — өзіңсің шоқтай жарық,  
Көз алмаймыз көркіңнен тоқтай қалып.  
Туған жердің төсінде мәңгілікке,  
Тұр ғой сенің жүрегің оттай жанып.

**ДОС ТУРАЛЫ ЖЫР**  
*Өлеңі Тұманбай Молдағалиевтікі*

Іздегенде табылатын қасыңнан,  
Көңілі бар қызғалдақтай ашылған.  
Көріспесек, сағыныштан жүдейтін,  
Кім бар жақын бала күнгі досыңнан?  
    Жан досым, үстем болсын мерейің,  
    Әрқашан жеңісіңді көрейін.  
    Сырымыз да бітпесін,  
    *Жырымыз да бітпесін!*  
Қос бұтағы секілдейіп ағаштың,  
Қатар тұрып гүлімізді сан аштық,  
Жол тапсақ біз, бірге жүріп жол таптық,  
Адассақ та бірге жүріп адастық,  
  
Өмір өзі арқамызға жүк салып,  
Бәрімізді қияларға жұмсады.  
Қатар ұшқан құсқа ұқсадық өлде біз  
Қатар жанған екі шамға ұқсадық,

**САҒЫНДЫМ АЛМАТЫМДЫ**  
*Әні Алтынбек Қоразбаевтікі*  
*Өлеңі Серікбай Оспановтікі*

Қосамын әнге атыңды,  
Тосамын әр хатыңды.  
Сағындым алма бағын,  
Арайлы Алматымды.

Сағындым аққу үнді,  
Сағындым ақ гүлімді.  
Алматым, сыйладың сен,  
Шабытты шаттығымды.

Еске алу Көктөбені,  
Жаныма от береді.  
Алғашқы махаббатқа,  
Куәгер — көк терегі.

Әкелген бар бағымды,  
Сағындым таңдарыңды.  
Алматым, сені ойлаумен,  
Жалғадым арманымды.

Қалайды жаным жырды,  
Болмайды әнім мұңды.  
Пәк көңіл, ақ жүректі,  
Достарым сағындырды.

Аспаны астананың —  
Сағындым жастар әнін.  
Сағындым шыңдарыңды,  
Алатау асқаралым!

Ғашықпын жауыныңа,  
Талпынған тау ұлына.  
Сағынып жетем саған,  
Бас мені бауырыңа!

**САҒЫНДЫМ КЕНЕН АТАМДЫ**  
*Өлеңі Жақсылық Сәтібековтікі*

Алатаудың сен дағы бұлбұлы едің,  
Озып келер жарыстан дүлдүлі едің, Кенеке.  
Сүйінбай мен Жамбылдың орнын басқан,  
Қазағымның сен дағы бір гүлі едің, Кенеке.  
Желбіреген ақ күміс,  
Сақалыңды сағындым.  
Жайлауындай даланың,  
Шапаныңды сағындым.  
Ән мен күйдің кені екен,  
Айналайын берекем.  
Шырылдаса бозторғай,  
Сен екен деп қаламын.  
Ақ сақалды абызды,  
Кенекем деп қаламын.  
Шілдедегі нөсердей шаңды басқан,  
Сағынды елің әніңді — мәңгі дастан, Кенеке.  
Күн күлімдеп шыққанда көкжиектен,  
Дауысыңды аңсаймын таңға ұласқан, Кенеке!

**ҚАРА КЕМПІРДІҢ ЗАРЫ**  
*Өлеңі Жақсылық Сәтібековтікі*

О-о-о-о, Дүние-ай!  
Сағындым, Жексенқұлым, Қосшығұлым,  
Өзекті жарып шыққан қос шыбыным.  
Қырық жыл аңыраған сорлы анаңның,  
Зарына құлағыңды тосшы бүгін.

Қырық жыл ен сап жүрмін қозы-лаққа,  
Сендерге бәсіре деп өзі жоқта.  
Ірімшік, құрт-майымды сақтап жүрмін,  
Бір тойың болады-ау деп осы жақта.

Қызылсай қырат-қырат белесі көп,  
Белесте қос қозымның елесі көп.  
Білемін, өлім бар ғой, өле алмаймын,  
Өйткені мал-мүлкіңнің иесі жоқ,

О-о-о-о, Жалған-ай!  
Жексенқұл, Қосшығұлым, қарақтарым,  
Малыңды алсаңшы кеп санап бәрін.  
Анаңды жыңды атаған бұл ағайын,  
Әкетер, көзім жұмсам, талап бәрін.

Сендерсіз мына қу үй қыстай екен,  
Баласын жылан жұтқан құстай екен.  
Қырық жыл аңыраған арманымды,  
Қалайша қанат қылып ұшпай өтем.

Қара шаш апшақ бүгін қырау болды,  
Дүние белгісі жоқ сұрау болды.  
Әр күнім тойға арналған малың бағып,  
Әр түнім ағыл-тегіл жылау болды.

О-о-о-о, Жалған-ай!  
Көңілім мұнша неге қоңырлайды,  
Торлап бір алғаны ма өмір-қайғы.  
Атасу сағындырған Аспараға,  
Қос қозым неге келіп шомылмайды?

Мен қайда, сендер жүрген қиыр қайда?  
Дүние шектігі жоқ шиырлайды.  
Егерде мәңгілікке көзім жұмсам,  
Қос уыс топырағың да бұйырмай ма?

Күн қайда терлеп ішер қызыл шайды,  
Тер емес, көздің жасы жүзім шайды.  
Жексенқұл, Қосшығұлым кеп қалды ма,  
Аралап қайтайыншы Қызылсайды.



*Отыра таудың басында,  
Отау тіккен ойналы.  
Отауымды қотаныма тігем,  
Қотанымды отауыма тігем.*



## СЫРҒАЛЫМ

*Өлеңі Жақсылық Сәтібековтікі*

Көрінсеңші көзіме сағынғанда,  
Жайнап кеттің сырғаңды тағынғанда.  
Сырғалым-ау, сыңғырлап тез жетсеңші,  
Жадап-жүдеп жүрегім тарынғанда.

Сырғалым,  
Сырғаңның,  
Сыңғырлы ырғағы  
Ұйқымнан оятты,  
Мың бір түн сияқты.  
(Шехеризада сияқты.)

Аспандағы ақ жұлдыз — түн гүлі ғой,  
Сол ақ жұлдыз көңілдің сыр гүлі ғой.  
Оятатын әрдайым таң алдында,  
Самалға ерген сырғаңның сыңғыры ғой.

Ай туғанда ымыртта қияқтанып,  
Шехеризада ертегі сияқтанып.  
Алтын сырғаң тербелтіп жіберді ғой,  
Жүрегімнен сиқырлы күй ақтарып.

Жалықтырып көктемнің желең желі,  
Өзіңді іздеп құлағым елеңдеді.  
Сырғалым-ау, сырғаңның сиқырлы үні  
Жүрегіме жатталған өлең бе еді?

## ҮШ ҚОҢЫР

*Өлеңі Нұрсұлтан Назарбаевтікі*

Үш Қоңыр Алатаудың қойнауында,  
Әкемнің ізі қалған жайлауында.  
Қасқасу гүр-гүр тасып, гүлі еркелеп,  
Арқарың жайылатын аймағында.

Ай, Үшқоңырым — туған жерім  
Рахым нұры тұнған жерім.  
Ай, Үшқоңырым — тал бесігім,  
Жүрегімде мәңгі есімің.

Бұл жерде тарих сырдың сыбдыры бар,  
Бабалар тұлпарының дүбірі бар.  
Бұл жерде Жамбыл “Жәкең” өлең айтқан.  
Өнерде ақындықтың тұғыры бар.

Шыңдары төбе бидің қалпағындай,  
Жазира жасыл әлем алқабындай.  
Жуасы, қарақаты, бүлдіргені,  
Әжемнің шекер қосқан талқанындай.

Көрінер сонадайдан анық маған,  
Шыңында қырандары қалықтаған.  
Самсаған қыранына құмар қылып,  
Өсірген ұландарын алып далам.

### **ҚОШТАСУДЫҢ ҚИЫНЫ-АЙ** *Өлеңі Исрайыл Сапарбайдікі*

Қайран күндер кешегі, сайран күндер кешегі,  
Көрген түстей көңілден қалайша өшеді.  
Бақытыма балаған, жарық айын санаған,  
Жан серігім жалғанда, сен едің қалаған.  
Қия алмадым, қимадым,  
Қинадың-ау, қинадың.  
Гүл орнына қайтейін,  
Саған мен мұң сыйладым.  
Қарай бердің қиылып-ай,  
Қоштасудың қиыны-ай.<sup>2</sup>

Саған ғана жан сырын,  
Айтушы едім, бал шырын.  
Бірге кешкен күндер-ай,  
Мөп-мөлдір таң шығы!  
Шығар ма екен бәрі естен,  
Көк түн мынау жан ескен.  
Жылап жатыр жүрегім,  
Нәп-нәзік нәрестем.

**СЕН МЕНІ САҒЫНДЫҢ БА?**  
*Өлеңі Шәмшібай Сариевтікі*

Тағдырға бағындың ба?  
Жібек мұң жамылдың ба?  
Мені аңсап, аяулым,  
Сен мені сағындың ба?  
Малынып жаның мұңға,  
Өмірдің ағымында.  
Сағымдар арасынан,  
*Сен мені сағындың ба?*

Тербеліп жаным жырға,  
Әуелеп әнім мұңға.  
Мені іздеп ен далада,  
Сен мені сағындың ба?  
Аңсаудан арылдың ба?  
Сезімге табындың ба?  
Көз ілмей ойлай-ойлай,  
*Сен мені сағындың ба?*

**ҚАЗАҒЫМ МЕНІҢ**  
*Әні Бекболат Тілеухановтікі*  
*Өлеңі Нұрсұлтан Назарбаевтікі*

Арайлап таңым, асқақтап тауым,  
Ән ойнап көгім, күй тартты көлім.  
Қол жетті, міне, аңсаған күнге,  
Жасай бер, жаса, қазағым менің!

Қазақстаным — жасыл орманым,  
Қуанышымды жасыра алмадым.  
Аңсаған бабам, аңсаған елім!  
Бостандық еді-ау асыл арманың!  
Елім менің, аңсаған,  
Тас бұғаудан босаған.  
Құтты болсын отауың,  
Берік болсын босағаң!

Бабамның қаны, анамның жасы,  
Сіңген бұл далам, қымбатсың маған.  
Береке, бірлік — қамалдың басы,  
Ұрпаққа мәңгі тіл қатшы, далам!

Күйінсін жауың, сүйінсін досың,  
Жиылсын қауым, құйылсын көшің.  
Ертеңің үшін аянба, ерім,  
Ояншы, елім, жиылсын есің!

### ЖЕЗ КИИК

*Әні Жақсыгелді Сейіловтікі  
Өлеңі Кәкімбек Салықовтікі*

Жез қанат, күміс бауыр киік көрдім,  
Дәруі сол ма дерсің күйік-шердің.  
Жез марал жүреді екен арасыңда,  
Қаптаған Бетпақтағы киіктердің.  
Жез киік, біздің жаққа қалай келдің?  
Жолымды тіке кесіп жанай бердің.  
Адамның көздеріндегі екі көзің,  
Йапырмай, дәтім шыдап қалай көрдім?!  
Дәл саған құрмап еді торды ешкім,  
Ғайыптан душар болдың, сорды кештің.  
Мен дағы сертшіл едім далада өскен,  
Сен дағы жалтармадың, жолды кестің.  
Асықпа, көрейінші жөндеп қана,  
Кетпесін жаңа тиген меңдеп жара.  
Ет кесіп өз етімнен берсем дағы,  
Жөніңе жіберейін емдеп қана.  
Дедім де қоя бердім, ұстамадым,  
Қасымда қал демедім, қыстамадым.  
Тілеймін суық жақтан есен қайтып,  
Жылы құм мекеніне қыстағаның.  
Түс тербеп жаздың мөлдір қысқа таңын,  
Тұзақтап жез киікті ұстатамын.  
Баяғы қызыл ішік киген қызға,  
Жез камзол сол киікті ұқсатамын.

Құмарым қайта көріп қанар ма екен,  
Әл бітіп салқын жүрек жанар ма екен,  
Болмаса суық қолды бір сұр мерген,  
Дәл көздеп әлде атып алар ма екен?..

Сұлуды адам жаны қимайды екен,  
Беймезгіл еске түсіп қинайды екен.  
Жез киік, сені аңсаған кездерімде,  
Бір өзім кең далаға сыймай кетем.

### АНА ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

*Өлеңі Аманжол Шамкеновтікі*

Әлі есімде, біледі жұрт, біледі,  
Ел басына қатер төнген жыл еді.  
Қимастарын қан майданға ұзатып,  
Қарс айырылған аналардың жүрегі.  
О, аналар, осындайсың бәрің де,  
Осындайсың жасың дағы, кәрің де.  
Сыйынатын болса өмірде құдірет,  
Сыйынар ем ана деген тәңірге.  
Соғыс жұлып кетті үйінің тірегі,  
Соғыс бұзды қуанышын, іреңін.  
Тұрды ана күйеуінен айырылып,  
Тұрды құшып тек қана оның күрегін.

Ақ сүті оның өтеусіз жай қала ма,  
Борышты оған небір дарқан дана да!  
Тірлік сеуіп келе жатқан дүниеге,  
Әй, адамдар, жол беріңдер анаға!

Тағы да үміт, шек бола ма арманға,  
Өмірге ынтық ана шөлі қанған ба?!  
Ана — үміт, ана — жігер, ана — азамат,  
Одан берік, одан нәзік жан бар ма?!



*Кісімен амандасқанда,  
екі қолыңды да ұсынып, қос қолдап амандас.*

## АҚҚУ ЖЕТКЕН

*Әні мен өлеңі Кәкімбек Салықовтікі*

Бар еді тату күндер аққуды өпкен,  
Барады баурап үні "тәккулеткен".  
Сарарқа сырнайлатып сәні келді,  
Жыл құсы жылы жақтан аққу жеткен.  
    Аққу, қаздар саңқылдайды,  
    Қамыс, қоға ән тыңдайды "тәккулеткен".  
    Осы екен ғой біздің көлге аққу жеткен.  
Ғаламат көзге алыстан көрінгенің,  
Айдынның жан саяхат тәріндеміп.  
Махаббат қуанышқа шомылғанда,  
Көрдің бе ән нәсері төгілгенін.

Қуансам бақытыма тап болардай,  
Толғандым ару құсқа ат қоя алмай.  
Ей, қалқа! Таң мезгілде сырласайық,  
Толқынға тербетіліп жатшы оянбай.

## ТУҒАН КҮН КЕШІНДЕ

*Әні мен өлеңі Мұхтар Шахановтікі*

Тойыңа гүл алып,  
Келіп ем қуанып.  
Қарсы алдың күлімдеп көктемдей.  
Жүзіңе нұр толып,  
Кетіпсің құлпырып,  
Бір бақыт сәулесін сепкендей.  
    Сен туған күн — мерекеміз,  
    Ән бастайық кел, екеуміз.  
    Ұмытпа сен, құрбым,  
    Есте қалсын мәңгі бұл күн.  
Жасқанба, жасыма,  
Отыршы қасыма,  
Басталсын бір терең әңгіме.  
Қолыңды бер, еркем,  
Қуансын ел ертең,  
Жалғыздық жоғалсын мәңгіге.

Көп жүрме сарылып,  
Жетсе де кәрілік,  
Қақпаңды ашпа сен уақытсыз.  
Жастықтың жарығын,  
Жүректің жалынын,  
Өшіріп алған жан бақытсыз.

### ЖҰБАЙЛАР ЖЫРЫ

Қуаныш пен бақыттан мүсіндеген,  
Келбетіңнен сенімнің күшін көрем.  
Сен сияқты мені ешкім еркелетіп,  
Сен сияқты мені ешкім түсінбеген.  
Асыл жарым,  
Жайнаған жасыл бағым.  
Бағаласаң, бақытыңмын,  
Сағынсаң, қасыңдамын.  
Арманды дара құмаймыз,  
Құстың қос қанатындаймыз.  
Жүректе от жанып,  
Тауларды бетке алып,  
Бірге ұшып барамыз болашаққа.  
Сен бар жерде керегем кең сияқты,  
Кең сияқты, терезем тең сияқты.  
Ешкім мені дәл сендей өкпелетіп,  
Жұбата да алмаған сен сияқты.

Шаттығымның бастауын сенен көрдім,  
Сенен көрсем, қалайша төмендермін.  
Енді, сәулем, бәрі де әділетсіз,  
Бізді бақсыз, бақытсыз дегендердің.



*Жақсыдан – шарапат,  
Жаманнан – кесепат.*



*Қолыңды төбеңе қойма!*

## ТУҒАН ЖЕР

*Әні Балнұр Қыдырбекованікі*

*Өлеңі Ерлан Багаевтікі*

Туған жерім, тарылмайтын өрісің,  
Жеңістерге ұласуда жеңісің,  
Ойым дағы, тілегім де сен үшін,  
Бойымдағы қайратым да, жігерім де сен үшін.

Шыңдарыңнан мәңгілік қар кетпейтін,  
Қырларыңнан мәңгілік гүл кетпейтін.  
Арысым құрметтейтін,  
Намысым кірлетпейтін,  
О, туған жерім!  
Туған жер!

Туған жерім, топырағыңнан жаралдым,  
Қалай ғана қажетіңе жарармын.  
Сенің атың — ән-күйіндей бабамның,  
Сенің атың — арманыңдай, ақ сүтіндей анамның.

## ҚЫЗҚАРАҒАЙ

*Әні Жоламан Тұрсынбаевтікі*

*Өлеңі Мақсұт Әубәкіровтікі*

Ауылында бар Ағаның Қызқарағай,  
Тал бойында бір мін жоқ қыз баладай.  
Ақ балтырлы ақ қайың арасында,  
Жалғыз өсіп, асқақтап тұр дарағай.

Қызқарағай, Қызқарағай...

Жалғыз өсіп, асқақтап, тұр дарағай.

Ауылында бар Ағаның Қызқарағай,  
Қызығамыз көркіне біз баладай.  
Аясынан жанына сая тауып,  
Оған мәңгі ұл менен қыз қарағай.

Қызқарағай, Қызқарағай...

Оған мәңгі ұл менен қыз қарағай.

Ауылында бар Ағаның Қызқарағай,  
Өтпес адам қасынан бір қарамай.  
Ыстықта да, суықта өңін бермес,  
Өзі ме екен Ағаның Қызқарағай.

Қызқарағай, Қызқарағай...

Өзі ме екен Ағаның қызқарағай.



## САРАРҚА

*Әні Ақселеу Сейдімбековтікі*

*Өлеңі Несіпбек Айтөзтікі*

Саржайлауым менің,  
Ән жайлауым менің,  
Жан жайлауым менің,  
Беу, беу, Сарарқа!

Аққу аңсап қонған  
Ақ маңдай көлдер.  
Сал самалы саумалдай болған  
Мақпалдай белдер.  
Бал бұлағы есіліп аққан, оу, Сарарқа,  
Арғымағы көсіліп шапқан,  
Оу, аңыз дала,  
Абыз дала,  
Қобыз дала, Сарарқа!  
Қасиетті төрім:  
Кер биігім,  
Ор киігім,  
Шер-күйігім, Сарарқа!

Кең бесігім менің,  
Көл-көсірім менің,  
Сенде сырым менің,  
Беу, беу, Сарарқа!

Армандай нұр шашқан  
Аялы таңдар.  
Аңсағанда құшағын ашқан  
Саялы таулар.  
Боз жусаны омырау қаққан,  
оу, Сарарқа,  
Бозторғайы қоңыраулатқан,  
Оу, аңыз дала,  
Абыз дала,  
Қобыз дала, Сарарқа!  
Қасиетті төрім:  
Кер биігім,  
Ор киігім,  
Шер-күйігім, Сарарқа!

## ДӘУРЕН-АЙ

Өлеңі Несіпбек Айтөзтікі

Самғаған аспанында сардаланың,  
Сағындым бозторғайдың *салған әнін*,<sup>2</sup>  
дәурен-ай!

Еркіңе бағынбас,  
Асау арман-ай!  
Іздесем табылмас, беу, шіркін,  
Асыл маржан-ай!

Жастық дәурен тұрмас,  
Қайта мойын бұрмас,  
Тоқтамастай,  
Шапқан аттай,  
Атқан оқтай, дәурен-ай!

Сырыңды мен қалай,  
Қалдым аңдамай.  
Анамның сүтіндей беу, шіркін,  
Аппақ таңдар-ай!

Сағынсам бозторғайдың салған әнін,  
Қолға алып домбырамды *толғанамын*,<sup>2</sup>  
дәурен-ай!

Сабадан асырмас,  
Сайран өмір-ай!  
Арыны басылмас, беу, шіркін,  
Қайран көңіл-ай!

Өмір көркі тозбас,  
Одан ешкім озбас,  
Ескен желдей,  
Көшкен сеңдей,  
Аққан селдей, дәурен-ай!

Аспандап алатын,  
Асқақ қанатым,  
Саған да кез келер, беу, шіркін,  
Тыным табатын.

## **СӘБИ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ**

*Әні Тұрсынғазы Рахимовтікі  
Өлеңі Мұқағали Мақатаевтікі*

Құс та болғым келмейді!  
Қанатым бар,  
Қанатым бар күмістен жаратылған.  
Сәби болғым келеді, сәби болғым,  
Бұл өмірден хабарсыз, жаңа туған.

От та болғым келмейді, жылуым бар,  
Жылуым бар, керексе, жылыныңдар.  
Әлди болғым келеді, әлди болғым,  
Күн сәулесі ойнақтап тұлымымда.

Қанаттанып өмірге ұшарымда,  
Кесілмесін бәрібір тұсауым да.  
Сәби болғым келеді, сәби болғым,  
Сәбиі жоқ ананың құшағында.

Тар бесігі — кең жаһан тарылмаған,  
Біреуге бар, біреуге табылмаған.  
Сәби болғым келеді, сәби болғым,  
Ана сүті аузынан арылмаған.

## **СЫҢАРЫМ**

*Әні Марат Омаровтікі  
Өлеңі Жүрсін Ермановтікі*

Жастықтың қызығын бірге кешкен,  
Шығар ма шырайлы күндер естен.  
Жылуын сезініп махаббаттың,  
Бір асып келеміз мың белестен.  
Аяулы жыр-әнімсің,  
Сен — менің шынарымсың.  
Сен — менің тағдырыма  
Балаған сыңарымсың.  
Көңілім өзіңсіз толмайтындай,  
Өзіңсіз шөлім де қанбайтындай.

Қасымнан әрдайым табылмасаң,  
Басыма бақыт та қонбайтыңдай.

Өзіңсіз тағат жоқ, менде мүлде,  
Өзіңсің сүйгенім, сенгенім де.  
Жолымды тосумен сен тұрасың,  
Сағынып сапардан келгенімде.

### АНАШЫМ

*Өлеңі Қайрат Жұмағалиевтікі*

Шет жүрсем, — сағынарым,  
Жабықсам, — шағынарым.  
Анашым, бір өзіңсің —  
Табынарым!

Анашым, шалқып күлсең,  
Алдымда ұзақ жүрсең,  
Жүрегім жыр толғайды,  
Көңілім ортаймайды.  
Анасы бар адамдар,  
Ешқашан қартаймайды!  
Ұшырған сұңқарыңмын,  
Қияға шырқарыңмын.  
Бәйгеге өзің қосқан,  
Тұлпарыңмын!

Қорғаным — өзің деймін,  
Жан дауа сөзің деймін.  
Анашым, сені ойласам,  
Көз ілмеймін...



*Ой да көп, уайым да көп,  
Ойлай берсең.  
Ой да жоқ, уайым да жоқ,  
Ойнай берсең.*



*Кісіге қарап керілме!*

## ӘКЕ АРМАНЫ

*Өлеңі Құдайберген Қазыбековтікі*

Жапырақ жайған бөйтерек,  
Тереңге тартқан тамырын.  
Сезбепшін, әке, ертерек,  
Жаныңның ыстық жалынын.

Ертеңім үшін көз ілмей,  
Атқыздың қайта таңыңды.  
Түсінер кім бар өзіңдей,  
Сағыныш толы жанымды.

Шапағат нәрін жиыпсың,  
Көңілге қуат беретін.  
Жолыма менің қиыпсың,  
Бақытты өзің көретін.

Мейірім шашқан жүзіңнен  
Өмірдің өзін көремін.  
Әкелік асыл сөзіңнен,  
Жолымды тауып келемін.

## ЫСТАМБҰЛ–АЛМАТЫ

*Өлеңі Қ.Атжановтікі*

Ыстамбұл мен Алматы,  
Сұлу жердің жаннаты.  
Түрік елі, мен саған,  
Жеттім байлап қанатты.  
Құшақ толды гүлдерге,  
Туыс жұртқа келгенде.  
Өз ортаңдай сезіндім,  
Бауырларды көргенде.

Ойна, жастар, ойна,  
Тағы да, тағы да, тағы да!  
Биле, жастар, биле,  
Тағы да, тағы да, тағы да!

Алыстағы ағайын,  
Келші, үкі тағайын.  
Сағынғанда өзіңді,  
Әсем әнге салайын.  
Жүрсек тағы қиырда,  
Туыс болу қиын ба.  
Ерлік біздің салтымыз,  
Тек өзгеге сыйынба.

Ұзарғанда жолымыз,  
Көбейгенде тобымыз.  
Ұрпақтарға аманат,  
Жазылмасын жұбымыз.  
Мәңгі болсын әніміз.  
Жарасып тұр сәніміз.  
Болашаққа беттейік,  
Күллі түркі бәріміз.

### АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ

*Өлеңі Құдайберген Қазыбекұлыныкі*

Өртенген сезімді,  
Қалайша өшірем?  
Балауса кезімді  
*Қалайша кешірем.<sup>2</sup>*  
Алғашқы махаббат,  
Жүректі тербейді.  
Мәңгілік бақ құсым,  
*Қоштасқым келмейді.<sup>2</sup>*  
Өмірдің пәктігін,  
Жаныма сыйлаған.  
Кештерді қайтейін  
*Кетуге қимаған.<sup>2</sup>*

Айтпаған әнімді,  
Кімге мен арнаймын.  
Үмітім үзілсе,  
*Қайтп мен жалғаймын.<sup>2</sup>*

## ҚАЗАҚ ОСЫ

*Әні Әшірхан Телғозиевтікі  
Өлеңі Қадыр Мырзалиевтікі*

Е-е-ей!

Жайлауында жүрген жігіт бағып қой,  
Дос келді деп, жасап жатыр анық той.  
Алғашқы рет көріп тұрсың сен оны,  
Нағыз қазақ осы, міне, танып қой.  
Сәйгүлікті құйрық-жалы таралған,  
Сүйетұғын қазақ осы, қараңдар.  
Қазақ осы күй шығарып, ән салып,  
Көкпар тартып, қыз қууға жаралған.  
Қазақ осы — айтатұғын желге сыр,  
О, ағайын, халық емес ол кесір.  
Қазақ осы — аңғал-саңғал жабусыз,  
Қазақ осы — ағыл-тегіл, көл-көсір.

Айхай!

Қазақ осы — ағыл-тегіл,  
Көл-көсір.

Е-е-ей!

Қазақ осы — дала дейтін, күн дейтін,  
Қазақ осы — "Өнер алды — тіл" дейтін.  
Қазақ осы — қарасың ба, ақсың ба,  
Қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін.  
Қазақ осы — көргенінен танбайтын,  
Той-думансыз оты түзу жанбайтын.  
Қазақ осы — алудай-ақ алатын,  
Ал беруден алдына жан салмайтын.  
Қазақ осы — ашық жарқын қабағы,  
Қонақ келсе, шабылып бір қалады.  
Байқа да тұр, саған да ол кетерде,  
Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.

Айхай!

Ат мінгізіп,  
Жібек шапан жабады.

Е-е-ей!

Қазақ осы — құда бол деп қинайтын,  
Құдаларын құдайыңдай сыйлайтын.  
Қазақ осы — дүние мен малыңды,

Оңды-солды шашу үшін жинайтын.  
Қазақ осы — жайып жатқан қанатын,  
Батыр халық, ақын халық — дәл аты.  
Қазақ осы — өзімсінген адамға,  
Насыбайға бола өкпелеп қалатын.  
Жайлауында жүрген жігіт бағып қой,  
Дос келді деп, жасап жатыр анық той.  
Алғашқы рет көріп тұрсың сен оны,  
Нағыз қазақ осы, міне, танып қой.

Айхай!

Нағыз қазақ осы, міне,  
Танып қой.

### КЕЛШІ, АЙЫМ

*Әні Мелс Өзбековтікі*

*Өлеңі Абдрахман Асылбековтікі*

Көрікті көл беті,  
Көк елес көлбеді,  
Мен тұрмын жағада жабырқау.  
Ай нұры арайлы,  
Айдынға тарайды,  
Сүйіктім келер ме, йапырмау?

Айдын көл, сен айтшы,  
Самал жел, сен айтшы,  
Жарыма құс болып ұшайын.  
Бір хабар берші, айым,  
Жақындап келші, айым,  
Лапылдап мәңгі құшайын.

Айым боп қалқыдың,  
Қайың боп балқыдың,  
Қызықты көктемнің кешінде.  
Жарасты үніміз,  
Жарасты жырымыз,  
Тербелдік айдын көл төсінде.

Гүлім боп аңқыдың,  
Нұрым боп шалқыдың,



Өртеді тәнімді от лебің,  
Бақытты шақтарда,  
Жақұтты бақтарда,  
Өзіңмен бірге көктедім.

### ӘКЕМ – ӘНІМ

*Әні Әділбек Сүлейменовтікі  
Өлеңі Орынбасар Сүттібаевтікі*

Ұшырдың баптап ұядан,  
Кетпейсің ойдан, қиялдан.  
Арманға биік қол созсам,  
Тұрасың демеп жиі алдан.  
Көңілім бүгін алаң-ды,  
Күттің бе, әке, балаңды.  
Шаттықпен жарқын тойыңа,  
Сыйлаймын сазды бұл әнді.  
Адалдық әр кез көксеген,  
Үйрендім, әке, тек сенен.  
Ардақтап өтем мәңгілік,  
Ғұмырда жалғыз жетсе дем.

Жүректі тербеп күй сынды,  
Биікке ұшсам, сүйсіндің.  
Мойныға көптен асылмай,  
Сағындым, әке, иісінді.

### АУЫЛ ҚАРТТАРЫ

*Әні Досқан Жолжақсыновтікі  
Өлеңі Сағи Жиенбаевтікі*

Дүниеге келер бір рет,  
Дария-кеуде тау мүсін.  
Құрыштан құйған құдірет –  
Қарттарым, аман-саумысың?!

Өздерің болсаң жаныңда,  
Ел іші жомарт, еңселі.  
Дән иісі жүрген қаныңда,  
Даламның бір-бір бөлшегі.

Арада жылдар жөңкіліп,  
Алыстап кеттім біртіндеп.  
Айта алмай ауыз толтырып,  
"Ассалаумағалейкум!" – деп.

Өзге бір меңде жоқ тілек,  
Өздерің көзбен баққаным.  
Жайлы жер іздеп кетті деп,  
Жазғыра көрме, қарттарым.

Ердім бір сиқыр қаламға,  
Шығардым белге жыр көшін.  
Болғам жоқ алаң, даламда,  
Әулие қарттар жүргесін.

Жанды ғой бағы даланың,  
Сендерге қуат, дем берсін.  
Киесі де оның сендерсің,  
Иесі де оның сендерсің.

Алдында жүрші көзімнің,  
Асылым, алтын қазынам.  
Ауыра қалсам, өзіңнің  
Пейіліңмен-ақ жазылам.

Сағынып талай жыр туар,  
Оралар әлі-ақ сан жыршы.  
Даламның исі бүрқырап,  
Қарттарым, аман-сау жүрші!

**АЙНАЛДЫМ СЕНІ, АТАМЕКЕН**  
*Әні Жанбота Тұяқбаевтікі*  
*Өлеңі Шәмшібай Сариевтікі*

Кең далам! Толғанайын, толғайын,  
Домбырам! Қолға алайын, жырлайын,  
Қазағымның даласындай!  
Көзімнің қарасындай,  
Айналдым сені-ай, Атамекен-ай!

Теңіздей тебіреңдім, тербедің,  
Сапарда сағынышым сен менің,  
Дүние-ай сырларыңдай,  
Мөлдіреп тұрғаныңдай,  
Сағындым сені-ай, Атамекен-ай!  
Сағыныш мұңдарыңдай,  
Айналдым сені-ай, Атамекен-ай!  
    Бақыт тұнған күндер-ай!  
    Жұлдыз тамған түндер-ай!  
    Өзің куә өмірде,  
    Кімдер өтті, Кімдер-ай! Атамекен-ай!  
Ғажап-ау! Атамекен ғаламат,  
Бір саған тағдырымыз аманат,  
Қымбатты — даламыздай,  
Сымбатты — анамыздай,  
Айналдым сені-ай, Атамекен-ай!  
Арымдай — тірегімдей,  
Жанымдай — жүрегімдей,  
Айналдым сені-ай, Атамекен-ай!

### АҚБАЯН

*Әні Бексұлтан Байкенжеевтікі*  
*Өлеңі Ә.Сыздықовтікі*

Сол бір кеште аялады тәтті арман,  
Жан сырымды жая алмадым, Ақбаян.  
Көк теңіздей буырқанған, толқыған,  
Жүрегіңнен сая таптым, *Ақбаян*.<sup>2</sup>

Жас жүрегім іздеп жалғыз өзіңді,  
Еске аламын мөлдір қара көзіңді.  
Көңілімнің аңсағаны өзіңсің,  
Сөндіремеші сол сезімді *Ақбаян*.<sup>2</sup>

Сол бір кеште аялады тәтті арман,  
Жан сырымды жая алмадым, Ақбаян.  
Көк теңіздей буырқанған, толқыған,  
Жүрегіңнен сая таптым, *Ақбаян*.<sup>2</sup>

**АНАМНЫҢ ТІЛІ – АЯУЛЫ ҮНІ**  
*Әні Әбшірбек Тінәлиевтікі*  
*Өлеңі Шона Смаханұлыныкі*

Өмірге келдім,  
Анамды көрдім,  
Деді ол: "Жаным,  
Арайлы таңым".  
Самал бөп желпіп,  
Жырымен ерітіп,  
Үйретті тынбай,  
Бал тілін, әнін.

Анамның тілі – айбыным менің,  
Анамның тілі – Ай, Күнім менің.  
Сүйемін байтақ елімді туған,  
Сүйемін мәңгі өмірді думан.

Мектепке келдім,  
Ұстазды көрдім.  
Тыңдадым сөзін,  
Табынып, сүйіп.  
Анамның тілі –  
Аяулы үні  
Жүрекке нұрын  
Жіберді құйып.

Көңілге көрік,  
Өмірге серік.  
Әсем ән-жыр,  
Қайрат, қуатым,  
Сөйлесем мыңға,  
Өрлесем шыңға,  
Анамның тілі –  
Асыл мұратым.



*Кісіге қарап есінеме!*



*Ақымақтың кемдік қылмайтын жері жоқ,  
Ақылдының кеңдік қылмайтын жері жоқ.*

## ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІ

*Өлеңі Абдрахман Асылбековтікі*

Желтоқсан бірде,  
Ел тосқан түрде,  
Келетін мүлде жайдарлы.  
Сол жылы бірақ,  
Әдеттен жырақ,  
Көріңді шын-ақ айбарлы.  
Тондырды мені,  
Тондырды сені —  
Желтоқсан желі ызғарлы  
Солдырды гүлді,  
Оңдырды нұрды,  
Көңілде мұңлы із қалды.

Жоғалтып нуын,  
Жоғалтып қуын,  
Арал да суын тауысты  
Қаңырап мекен,  
Аңырап бөкен,  
Қонысқа бөтен ауысты.

Шайқалды күйім,  
Шайқалды миым —  
Бомбалар жиі жарылды  
Малым да кеміп,  
Әлім де кеміп,  
Қинады берік жанымды.

Бабалар өлер,  
Балалар келер,  
Аналар берер тіршілік.  
Гүлденер дала,  
Түрленер қала,  
Бұтаққа жаңа бұр шығып.



*Түрі жылқы бейнесі,  
Жолақ-жолақ жейдесі.*

*(з...)*

## АҚ БОСАҒА

*Әні Мұхамеджан Рүстемовтікі  
Өлеңі Сәнімқұл Желдербаеванікі*

Қыз аттаған, келін кеп, ақ босаға,  
Ақ босаға, мерейлі бақ босаға.  
Қасиетті халқымның дәстүріне,  
Куә болып ғасырлар жатты осы ара.  
    Пай-пай, шіркін, қазақтың келіндері,  
    Көл-дария секілді пейілдері.  
    "Абысын тату болса, ас көп" деген,  
    Мақалдың айтылуы тегін бе еді.  
Қариялар батасын береді екен,  
Бата деген ақ тілеу керек екен.  
Жақсы дәстүр, жақсы сөз, игі тілек,  
Ұрпақтарға жалғасып келеді екен.  
    Пай-пай, шіркін, қазақтың келіндері,  
    Көл-дария секілді пейілдері.  
    Бір шаңырақ келінсіз көтерілмей,  
    Бір кереге келінсіз керілмеді.  
Татулықпен тамсантқан ауылымды,  
Ардақ тұтқан аға, іні, бауырымды.  
Ізеті мол қазақтың келіндері,  
Бағалаттың баршаға қадіріңді.  
    Пай-пай, шіркін, қазақтың келіндері,  
    Көл-дария секілді пейілдері.  
    Сол келіндер арқылы босағадан,  
    Құда-жекжат іргесі сөгілмеді.

## АҚҚУ ӘНІ

*Әні Жағыпар Әлімхановтікі  
Өлеңі Кәкімбек Салықовтікі*

Жылжиды аққу айдында, жылжымайды,  
Мұңаяды ол неге, тұнжырайды.  
Сыңсып салған әніне тебіреніп,  
Қамыс басы қамығып, су жылайды,  
Су жылайды, тұнжырайды,  
Жылжиды аққу айдында, жылжымайды.

Қалқиды аққу айдында, қалқымайды,  
Баяғыдай бой жазып шалқымайды.  
Сыңарынан айрылып қалған күні,  
Бұл өмірдің қызығы жартылайды,  
Жартылайды, шалқымайды,  
Қалқиды аққу айдында, қалқымайды.

Сырғиды аққу айдында, сырғымайды,  
Жақын барып хал, жөйін кім сұрайды.  
Қатар жүрген күндерді сыйлайықшы,  
Біреу ерте, біреу кеш бір құлайды,  
Бір құлайды, кім, сұрайды,  
Сырғиды аққу айдында, сырғымайды.

### ҚАРА КӨЗ

*Өні мен өлеңі Жібек Оспанованікі*

Тербелді гүлдер далада,  
Сүйгенім менің қалада.  
Сүйемін, сәулем, мен сені,  
Басқаны қалама.

Көңілімде бар түйгенім,  
Сенсің, сәулем, сүйгенім.  
Көптен күткен жарым менің,  
Қара көз сүйгенім.

Ақ қайың тұрар иіліп,  
Тау басында жиылып.  
Сүйгенім менің алыста,  
Қараймын қиылып.

Елжіреп сүйер жүрегім,  
Бақытым сенсің, білемін.  
Сағынпа мені, жан сәулем,  
Өзіңсің тілегім.



*Айға қарап дәрет сындырма.*

## ЖҰЛДЫЗЫМ

*Әні Сүгірәлі Сапаралиевтікі  
Өлеңі Исрайыл Сапарбайдікі*

Құйылып көзіңнен нұр,  
Ерекше сезіммен бір.  
Тұнжырап қара меңің,  
Сен маған қарап едің.  
Жұлдызым,  
Жүзіңе күлкі үйірген,  
Арайлы кірпігіңмен,  
Бір ұшқын шашып өттің,  
Сөйттің де ғашық еттің.  
Осынау жас шағымда,  
Айым боп аспанымда.  
Сырыңды жанға ашпаған,  
Сыйладың алғаш маған.

Ешкімге оқылмаған,  
Жүректе лапылдаған.  
Махаббат қуат күші,  
Сен ғана сияқтысың.

## МЕН САҒАН ӨКПЕЛЕМЕЙМІН

*Әні Марат Илясовтікі  
Өлеңі Мұхтар Шахановтікі*

Алыстап кеттік, расында,  
Суынып кетті-ау сезім де.  
Сен мені қарсы аласың ба?  
Аулыңа барған кезімде.  
Кеудемде ізгі ой қалдырған,  
Жан едің, енді не деймін.  
Шықпасаң шықпа алдымнан,  
Мен саған өкпелемеймін.

Толғантқан осы ой көп мені,  
Ажырап кетті жол неден.  
Білмейсің оны өйткені,  
Кезінде білгің келмеген.



Арман-ай, арман көктегі,  
Жақын кеп сәлем берген ең.  
Білмеппін соны, өйткені  
Менің де білгім келмеген.

Сен соны іштей ұғына,  
Көрсетпей маған жасыңды.  
Тек менің адалдығыма,  
Кеткенсің ніп басыңды.  
Жоқ бұған қазір таласым,  
Гүл едің жарқын жаны алау.  
Жоғалған заттың бағасын,  
Соңынан білген жаман-ау.

### ҚАЗАҚЫ ДАСТАРҚАНЫМ

*Өлеңі Жарылқасын Боранбаевтікі*

Бүгінгі ел ішінде,  
Дәстүрді жалғастырған.  
Татулық белгісі ме,  
Жағалай малдас құрған.  
Ей, менің асқар тауым,  
Қазақы дастарқаным.  
Өзіңсің бақ-берекем,  
Ақ қайнар бастауларым.  
Көңілін ақтарып сап,  
Ашылған мақтаға ұқсап,  
Даланың маржаны ма,  
Үйілген ақ бауырсақ.

Анаға ақ пейілді,  
Иілсе келін балаң,  
Ықылас ізет еткен,  
Сыйластық елін табам.

Дәм татар талай ғасыр,  
Ұрпақтар абай болсын.  
Кірлетпей таза ұстасын,  
Халықтың шар айнасын!

## МЕРЕКЕМ – СЕН

*Өлеңі Құдайберген Қазыбековтікі*

Махаббатым нәр бердің,  
Жүрегіме – жаныма.  
Ғұмырыма гүл ектің,  
Арманыма – жолыма.  
Жан шуағым – мерекем,  
Іздегейім сен екен.  
Өзіңменен шаттанып,  
Кірер менің берекем.  
Бақытым да сен болдың,  
Мақсатым да аңсаған.  
Болдым ынтық өзіңе,  
Кездескелі мен саған.

Мөддіреген көзіңді,  
Пәктігің деп сенемін.  
Сүйем деген сөзіңді,  
Қуат етіп келемін.

## КЕЗДЕСЕЙІК

*Әні Бейбіт Дәлденбаевтікі*

*Өлеңі Ерлан Багаевтікі*

Он жыл бұрын нұрға толы жанымыз,  
Арман қуып кеткен едік бәріміз.  
Он күндей боп он жыл өтті, кездестік,  
Бас қосуға арналады әніміз.  
Достар, достар.  
Кетсек те біз есейіп,  
Бар қызығын өмірдің бір кешейік.  
Он жыл өтсін, жыл жиырма, жүз жыл өтсін,  
Амандықпен әрқашан кездесейік,  
Кездесейік, Жүздесейік!  
Меруерт толы, маржан толы көңілден,  
Бал бақыттың әсем өні төгілген.  
Дүниеге кірпіш болып қаланып,  
Орнымызды таптық бүгін өмірден.

Бір ұядан түлеп ұшқан құстармыз,  
Жақсылық пен адалдыққа құштармыз.  
Еңбекпенен тіршілікке сән беріп,  
Достық туын әркез биік ұстармыз.

### **БАЛДЫРҒАНДАР ӘНІ**

*Өлеңі Нұрхан Жанаевтікі*

Біз — балдырған баламыз,  
Шырқап өнге саламыз.  
Туған жердің төрінде,  
Алау болып жанамыз.

Алау болып жанамыз,  
Құлыншақ бөп шабамыз.  
Балапандай талпынып,  
Көкке қанат қағамыз.

Болсын кіші бойымыз,  
Биікке ұшу — ойымыз.  
Біз — бақытты балдырған,  
Тойға ұласқан тойымыз.

### **ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ**

*Әні Рамазан Таймановтікі*  
*Өлеңі Исрайыл Сапарбайдікі*

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,  
Жанары, жаны жаздай жайраңдаған.  
"Қыз өссе, — елдің көркі" деген сөзді,  
Қапысыз қалай айтқан қайран бабам.

Намысын бермеу үшін жатқа қолдан,  
Арулар аз болды ма атқа қонған.  
Көңілде қалған сыз бар өткен күннен,  
Өмірде қалған із бар "Ақтабаннан".

Жасырмай айтар болсам жан сырымды,  
Тағдырым қарауылға қанша ілінді.

Ерліктің қос қанаты деп білем мен  
Аяулы Әлия мен Мәншүгімді.

Сүймеген сені азамат азамат па,  
Көңілің тәрізді аппақ таза мақта.  
Бәрін айт, бірін айт та лайықсың,  
Қазақтың қызы деген ражап атқа.

### ҚАСҚАЛДАҚ

*Әні Г.Амановтікі*

*Өлеңі Есенғали Раушановтікі*

Қара бауыр қасқалдақ, қайда ұштың пыр-пырлап?  
Сазың қалды сәбидің еңбегіндей былқылдап.  
Қара бауыр қасқалдақ, кері қайт,  
Сиреп қалған тоғайға "қамықпа" деп көңіл айт!  
    Ұя қалса иесіз — айдын үшін сол қайғы,  
    Қаңғып келген шүрегей көлге пана болмайды.  
Өз босағаң — бұл жердің тауы, қыры, белесі,  
Босағасын басқаға тастай ма екен, о, несі?  
Қара бауыр қасқалдақ, кері қайт,  
Сиреп қалған тоғайға "қамықпа" деп көңіл айт!

### ҚАРЫНДАСЫМА

*Әні мен өлеңі Қ.Жүнісовтікі*

Дәм тартып жатқа,  
Кеттің бе, қалқам.  
Жар болар жасқа  
Жеттің бе, қалқам.  
    Қиналған жерде  
    Сыр берме, қалқам.  
    Сыналған жерде  
    Сүрінбе, қалқам.  
Елінді ойлап,  
Егілме, қалқам.  
Анаңды аңсап,  
Езілме, қалқам.

Жамандық көрсең,  
Жасыма, қалқам.  
Табылам әр кез  
Қасыңнан, қалқам.  
Жер басып жүрсем,  
Қорғаның болам.  
Суықтан қорғар  
Орманың болам.  
Әкеңді ойлап,  
Сағынба, қалқам.  
Сыйлы бол әр кез  
Жарыңа, қалқам.  
Соңымнан ерген  
Інімдей боп ең.  
Шуағын төккен  
Күнімдей боп ең.  
Сұқ көзден қорқар  
Балапан едің.  
Аққу боп ұштың,  
Табылып теңің.

**АЛТАЙДЫҢ АР ЖАҒЫНАН КЕЛГЕН АРУ**  
*Әні мен өлеңі Тынышбай Рахымовтікі*

Қимайтын жан екенсің жат ұяға,  
Қарғам-ау, кез келдің-ау қапияда, шіркін.  
Мөп-мөддір жанарың-ай,  
Жаз дидар жамалың-ай,  
Қалдым-ау тіл қата алмай, қарағым-ай.  
Қасыңа бара алмадым,  
Сездің бе жан арманын,  
Еріксіз, қалқам, саған ән арнадым.  
Сүйсіндім сымбатыңа, қабағыңа,  
Ұқсаттым асқар Алтай маралына, шіркін.  
Алтайдың ар жағынан келген ару,  
Жарқ етіп қарағаның жанға дәру, шіркін.

Көзіңнен ерекше бір арай көрдім,  
Келді ғой қарай бергім, қарай бергім, шіркін.

Жарқ етіп өте шықтың нұр елестей,  
Өзіңсіз кешкен дәурен түк еместей, шіркін.

Баянды болсын сенің құшар бағың,  
Қолыңды қош айтысып қыса алмадым, шіркін.

### **КЕТСЕҢ ДЕ ШАЛҒАЙ**

*Әні С.Қайыргалиевтікі  
Өлеңі Б.Баймұханованікі*

Арманым менің,  
Аяулым едің,  
Табысар бізге күн бар ма?  
Толассыз іздеп,  
Даланы кезсем,  
Қоятын маған сын бар ма?  
Кетсең де шалғай,  
Жанарымды алмай,  
Қараймын сенің бейнеңе.  
Түсімде көріп,  
Аймалап, өбіп,  
Қысамын ыстық кеудеме.  
Тыңдайды гүлің,  
Бұлбұлдың үнін,  
Сағынып сені армандай.  
Күткенмен, күнім,  
Келмейсің бүгін,  
Тағдырдың жолы тар қандай.

### **КІРМЕШІ ЖИІ ТҮСІМЕ**

*Әні Қалдыбек Құрманәлиевтікі  
Өлеңі Жарасқан Әбдірашевтікі*

Кіресің жиі түсіме,  
Деймісің дәйім ескерсін.  
Тағдырдың салған ісіне  
Не істерсің, жаным, не істерсің?!  
Кірмеші жиі түсіме,  
Жұлдыздай жанып өшкенсің.  
Тағдырдың салған ісіне  
Не істерсің, жаным, не істерсің?!

Кеше де кірдің түсіме,  
Елесің кетпей естен шын.  
Тағдырдың салған ісіне  
Не істерсің, жаным, не істерсің?!

Бүгін де кірдің түсіме,  
Басымнан бұлттай көшкенсің.  
Тағдырдың салған ісіне  
Не істерсің, жаным, не істерсің?!

**ӘН АҒА НЕМЕСЕ  
ШӘМШІМЕН СЫРЛАСУ**  
*Өлеңі Ибрагим Исаявтікі*

Жетгі ғой осы күнге,  
Ән болып есімің де.  
Тербетгің ғашықтарды  
Махаббат бесігінде.  
Аққулар арасында  
Әнің жүр, барасың ба?  
Бір сұлу мұңаяды  
Арыстың жағасында.  
Ән аға,  
Жан аға,  
Сені аңсап шарқ ұрды шағала.  
Каспийдің толқыны,  
Соғады жағаға,  
Жағаға, жан аға,  
Ән аға.  
Еліңе мәңгі ұнатқан,  
Нәр бердің ән бұлақтан.  
Жетеді іңкәр әнің,  
Теріскей Тамды жақтан.  
Ән болып ұшарыңда,  
Аққуға ұқсадың ба?  
Гүл болып үлбіредің,  
Бақыттың құшағында.

Шалқыған жалын жастар,  
Тойларда әнің бастар.

Толқиды әуеніңмен  
Ақ маңдай қарындастар.  
Тұнса да дала гүлге,  
Өксиді дала бірге.  
Ескегін қайығыңның,  
Қалдырдың, аға, кімге?

### ҚЫЗ СӨЗІ

*Әні Гүлнәр Шәмшиеванікі  
Өлеңі Фариза Оңғарсынованікі*

Сенің от құшағыңда,  
Дүниені ұмытып талықсыдым,  
Жүрегімді өртеді жан ыстығың.  
Мынау байтақ әлемде тек екеуміз,  
Жүргендейміз айналып ғарышты мың.  
Арманым-ай, ардағым-ай,  
Ардағым боп неге қалмадың-ай.

Сен жанымда жүргенде,  
Жанарымды толтырдың жылылыққа,  
Жан жылуын балар ем ұлылыққа.  
Тәттілігін сезіндім бұл өмірдің,  
Әр күніне тоймадым құнығып та.

Бірақ өзің айныдың,  
Ұмыттың да барлығын жұмақ күннің,  
Сен мысқылдап, мен болсам  
жылап тұрдым.

Өмір атты бұрқаған дарияға  
Бұрымымнан ұстап ап лақтырдың.  
Сонда ғана есейіп, бұл жалғанда.  
Бәрі алдамшы екенін бір-ақ білдім...



*Аққуды атпа!*

*Ақты төкпе!*



*Екі ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады*



## КӨК КӨЙЛЕКТІ КӨКТЕМ

*Өлеңі де өзіңкі*

Шашылмай жанның шықтары,  
Кеудемді кернеп кеткені.  
Алдымнан күліп шықпады,  
Көк көйлек киген көктемім.

*Көк көйлек киген<sup>3</sup> көктемім.*

Қан жоса болған азабым,  
Шашылып қалды қағазға.

Несіне жылап жазамын,

*Жыламай жүрген<sup>3</sup> жан аз ба?*

Сұлу түн көзі мөддіреп,  
Жұлдызын сеуіп жаныма.  
Тұр ма екен әлде елжіреп,  
Төгілген мұнша зарыма.

*Төгілген мұнша<sup>3</sup> зарыма.*

## АҚҚУ-ҚАЗДАР

*Өні Әсем Нүсіпбаеванікі*

*Өлеңі Мұқағали Мақатаевтікі*

Аттанып бара жатыр аққу-қаздар,  
Қош енді, қош болыңдар, гәкку-наздар.  
Кеудемде қуанышты дастан қалды,  
Киелі қанатымен аққу жазған.

Аққулар, алданыш па ең, арман ба едің?  
Қош енді, қанатым жоқ самғар менің.  
Шаңқылдап соғылғанда қанаттарың,  
Таба алмай қалды менің тағат жаным.

Ақ көлдің айдын төсін шимайлаған,  
Аққулар, жатыр сені қимай далам.  
Аққу боп неге ғана жаралмадым,  
Адам боп өзіме өзім сыймай барам.

## САҒЫНЫШ САЗЫ

*Әні мен өлеңі Исрайыл Сапарбайдікі*

Есігімді ашып еріп кіргелі,  
Сен болып бақыт келіп тұр ма еді?  
Қарақат көзім, әніммен алғаш,  
Ерітгің мені, еліттің мені.  
Құшағымды ашып,  
Көңлім тасып,  
Бірге жүрген күндерімді сағындым.  
Бақытым менің,  
Жақұтым менің,  
Кел, кел, кел,  
Ғашығым, менің,  
Асылым, менің, —  
Сен, сен, сен.

Көзімде неге, көл, дірілдедің?  
Солмаса екен енді гүлдерім...  
Қуантсаң қуант, мұңайта көрме,  
Моншақтай мойыл мөддірім менің.

Жұлдызым жанып, жайнасын бағым,  
Бұлбұлым қонып, сайрасын бағым.  
Хабарың келмей, қамығып жүрмін,  
Сағынып жүрмін, қайдасың, жаным!

## НОСТАЛЬГИЯ

Сарғайды бағым,  
Сағындым, жаным,  
Қайда сол бір жалын жылдарым?  
Төтті үнің қайда?  
Шаттығым қайда?  
Аймаласқан ақ түнім қайда?  
Арманым менің,  
Ардағым менің.  
Өзіңменен жарық екен,  
Жан-жағым менің,  
Айқабағым-ау,

Аймаладың-ау!  
Сол бір түндер,  
Мөлдір күндер,  
Қайда, жаным-ау?  
Бұлбұл бағыңда,  
Жүрдім жаныңда.  
Сол бір мөлдір күнді ұрладың ба?  
Тағдырым едің,  
Жан гүлім менің,  
Қайда адасып қалды күндерім?

Түсімде көрдім,  
Соңыңнан ердім,  
Боз мұнардың ішіне ендің.  
Күнге қарадым,  
Айға қарадым,  
Айтшы, жаным, қайда хабарың?

### КӨҢІЛ КӨКТЕМІ

*Әні мен өлеңі Мұрат Ыбыраевтікі*

Туған жерді шарлайтын,  
Шаттық болғым келеді.  
Жүректерді баурайтын,  
Бақыт болғым келеді.  
Қызғалдақтай жерімнің,  
Сәні болғым келеді.  
Сүйіп айтар елімнің,  
Әні болғым келеді.

Тамылжыған таңдарға,  
Көрік болғым келеді.  
Жалындаған жандарға,  
Серік болғым келеді.

Көктем болып көңілді,  
Нұрландырғым келеді.  
Шұғыладай өмірді,  
Түрлендіргім келеді.

## МЕН СЕНІ ҰНАТАМЫН

*Әні Мақпал Жүнісованкі  
Өлеңі Мұқағали Мақатаевтікі*

Мен сені ұнатамын,  
Дегенменен,  
Басқадан көрмегенді сенен көрем.  
Өз обалың өзіңе, өзіңнен көр,  
Бір күні ғайып болсам егерде мен

Басқадан көрмегенді сенен көрем,  
Сен биікте жүрсін деп, төмендегем.  
Кім екен мені өзіңе дуалаған?!  
О, тоба!  
Мен неғылған өлермен ем?!

Дегеніңнің бәрін де жасап жүрмін,  
Көрсетпеймін зәредей асау қылық,  
Сенің ғана ырқыңа бас алдырып,  
Бұға берем...  
Неғылған жасандылық!..

Мен сені ұнатамын,  
Бірақ, бірақ...  
Мейіріңді қайтейін жылап сұрап.  
Ұнатамын дегенім — жасандылық,  
Саған деген жүрегім құрақ-құрақ...

## ҚҰДА БАЛАНЫҢ ТОЙ ЖЫРЫ

*Әні Әлмырза Ноғайбаевтікі  
Өлеңі Қайрат Жұмағалиевтікі*

Жақсы келдің, құдашажан, ақ маңдай,  
Ай жүзіңнен арайлап таң атқандай!  
Сен келгелі мәз-мейрам боп отырмын  
Ағам емес, мен үйленіп жатқандай!

Ажарыңның ашығын-ай, құдаша!  
Сендей болсын ғашығым-ай, құдаша!  
Ұлан-асыр осы тойдың үстінде,  
Тау суындай тасыдым-ай, құдаша!  
Жанарыңның жарқылын-ай, құдаша!  
Магниттей тартуын-ай, құдаша!  
Ай деп,  
Күн деп,  
Ақ шолпан деп,  
Тең таппай,  
Бар теңеуді сарқыдым-ай, құдаша!  
Шын асылды сендей қайдан табамыз,  
Бойдақ біткен сен деп күйіп-жанамыз!  
Құда бала, құдаша ғып біздерді,  
Тауып кеткен жеңгеміз бен ағамыз!

Көз сүзгендер көп секілді, құдаша!  
Ет жүрегім шоқ секілді, құдаша!  
Бір-біріне соншалық тең келетін,  
Дәл біздей пар жоқ секілді, құдаша!

Мен қайтейін, көңіл саған құласа,  
Ай қабақты, найза кірпік құдаша!  
Өзгелердің құдашасын қайтейін,  
Өз құдашам өзіме көп ұнаса!

Аһ ұр десең, аһ ұрайын, құдаша!  
Таңды көзбен атырайын, құдаша!  
"Иә!" десең, мына отырған халықты,  
Тойымызға шақырайын, құдаша!



*Бесікті сатпа!*

*Бүйіріңді таянба!*

*Бір қолыңмен нан үзбе!*

*Дастарқанды баспа!*

*Есікті керме!*

## ТОЙ ЖЫРЫ

Әні Досым Сүлеевтікі

Өлеңі Х.Садықовтікі

Махаббаттың құдірет күші әдділеп,  
Екі жастың табыстырған жүрегін.  
Жастық жалын, асыл арман, ақ ниет,  
Бақыт сыйлап ұсыныпты гүлдерін.

Той үстінде *тәтті күндер!*<sup>2</sup>

Жас жұбайлар, *шат күлiндер!*<sup>2</sup>

Ән салайық, *би билейiк!*<sup>2</sup>

Шарықтасын *шаттық үндер!*<sup>2</sup>

Бірге аттанып болашаққа, өмірге,  
Тікті бүгін ортамызға отауын.  
Қуаныш пен бақыт орнап көңілге,  
Тойламаққа келді бүгін көп қауым!

Жас шаңырақ болсын бақыт бесігі,  
Жас жұбайлар, құтты болсын тойларың.  
Кең ашылсын болашақтың есігі,  
Орындалсын арман, тілек, ойларың.

## АУЫЛДАҒЫ ТОЙ

Әні А.Алпысбаевтікі

Саулық айтқан қауымға,  
Той басталды ауылда.  
Осында үлкен-кіші де,  
Туыс пен ағайын да.

Гүлдей жайнап ажарың,  
Таусылмасын базарың.  
Әзілдері жарасқан  
Бөлелер мен бажаның.  
Тойың тойға ұлассын,  
Салған әнің қыр ассын.  
Сәнін берсін Сәкеннің,  
Әнін берсін Күләштің,  
Туысқандар-ай.

Өсе берсін өркенің,  
Ырыс қамын ел тегің.  
Жасай берсін салтымен,  
Бәрі де бұл өлкенің.

Бастап өмір жазына,  
Той — таусылмас қазына.  
Жарасады әзілдер,  
Той болған соң ауылда.

### АРМАН ЖЫРЫМ – АРУЛАРЫМ

*Әні Қ.Нұрғазиндікі  
Өлеңі Ж.Баязитовтікі*

Қыздарға әсемдік жарасады,  
Ай көркі биіктетер аласаны.  
Болмаса сұлу қыз, ару әйел,  
Табынып ер кімдермен санасады?  
    Өрімтал, көркем сұлу мүсін,  
    Көргенде қайран қап, күйоң шын.  
    Мың ақын жырласа, тіл жетпейтін  
    *Бұл қыздар жаралған тек сүйо<sup>2</sup> үшін.*  
Қана алмас құмарың қарасаң да,  
Сұлуга ынтық сұңғақ, аласаң да.  
Жердегі аруға жетер емес,  
Аспанның мың жұлдызын баласаң да.

### ЕСІҢЕ МЕНІ АЛҒАЙСЫҢ

*Әні Лена Әбдіхалықованікі  
Өлеңі Мұқағали Мақатаевтікі*

Нұр жауып тұрған көктемде,  
Гүл тере барсаң бөктерге,  
Қоңыраулатқан аспанды  
Найзағай шаншып өткенде  
Есіңе мені алғайсың.

Қазбауыр бұлттар маңғанда,  
Орманға жазда барғанда,  
Арманда меіі, арманда,

Мен бар деп мынау жалғанда,  
Есіңе мені алғайсың.

Қараша келген шақтарда,  
Құлазып тұрған бақтарда,  
Жапырақ жайрап жатқанда,  
Қурайлар сыңси қаққанда  
Есіңе мені алғайсың.

Ақ ұлпа жерді жапқанда,  
Ағаштар сырға таққанда,  
Бозарып атқан ақ таңда,  
Бозарып тұрған ақпанда  
Есіңе мені алғайсың.

### **ҒАШЫҚ ЖҮРЕК**

*Әні Ержан Белғозиевтікі*

*Өлеңі Тұманбай Молдағалиевтікі*

Алқынғандай, талпынғандай боласың,  
Шарқ ұрғандай бүкіл қазақ даласын.  
Көкірегіме сыймай менің барасың,  
Ғашық жүрек, қайда апарып соғасың?

Дегбірінді тауысқандай боласың,  
Жазың күзге ауысқандай боласың.  
Күз жапырақтай қалтырайсың, тоңасың,  
Ғашық жүрек, қайда апарып соғасың.

Көрген жандай арманыңның моласын,  
Күрсінесің, ауыр ойға шомасың.  
Жабырқайсың жауын таптап кеткендей,  
Ғашық жүрек, қайда апарып соғасың?

### **ТУҒАН КҮН**

*Өлеңі Тұманбай Молдағалиевтікі*

Менің туған күнім ғой, қалғымайын,  
Баса бермес қара бұлт тауды дәнім.  
Көтерейік, достарым, арман үшін,  
Туған жердің шарабын алдырайын.



Байқаймысың, күн дағы қабақ ашып,  
Кетті менің күлкіме араласып.  
Қырда менің бір тойым өтіп жатыр,  
Көңілімнің көкпарын ала қашып.

Жігіт бола алдым ба ел мақтаған,  
Маған сыйлап кетіпті жер-көкті анам.  
Сыйлық іздеп жүгірме дүкендерден,  
Сенен артық қандай сый керек маған?

### АЯУЛЫМ

*Өлеңі Тұманбай Молдағалиевтікі*

Алыс қалған күнде,  
Жүр ме едіңдер бірге сағындырып.  
Жетемін деп арман,  
Мен де өзіңнен қалман, сағым қуып.  
Жеткізбейді кезең,  
Өткізбейді өзен,  
Бір бақытты сезем,<sup>2</sup>  
Бар өмірім алда,  
Сен қасымнан қалма,  
Оята бер таңда, аяулым.  
Зуылдайды кеме,  
Теңіздерден терең дауылдарда.  
Келе берші сеніп,  
Жауратпаймын сені жаным барда.

### ШЫҢДАҒЫ ШЫНАРЫМ-АЙ

*Әні Гүлнар Дәукенованікі  
Өлеңі Абдрахман Асылбековтікі*

Көздеріңді күлімдеген,  
Көктегі күнім дер ем.  
Жақындап барған сайын,  
Жүрегім дірілдеген.  
Сөз таппай байланады,  
Сол бір сәт тілім неден?  
Шыңдағы шынарым-ай,  
Қол жетпес құмарым-ай!

Түсіме енесің де,  
Жақындап келесің де,  
Кетесің сағымданып,  
Әлде бұл елесің бе?  
Мен жалғыз қала берем  
Махаббат кемесінде.  
Шыңдағы шынарым-ай,  
Қол жетпес құмарым-ай!

### **АҢСА, ЖАНЫМ**

*Әні Д.Сыздықовтікі*

*Өлеңі Мұқағали Мақатаевтікі*

Мен тілейін, жарқыным, сен де тіле,  
Жақсылық орнасын де жер бетінде.  
Аққу тіле айдынның келбетіне,  
Айдын тіле аққуды тербетуге.

Мен аңсаймын, сен дағы аңса, жаным,  
Жақсыдан жайлап ескен жан самалын.

Аңса, жаным,

Зарығып шарша, жаным,

Қалса да қанша ғұмыр, қанша амалың.

Мен сағынам, сен дағы сағын, жаным,

Адамнан тек жақсылық табылғанын.

Ашусыз, ала көзсіз бауырлардың,

Аңсаймын алқам-салқам қауымдарын.

Көңілім болса дағы қанша жарым,

Солармен білінбейді шаршағаным.

Жақсыдан жайлап ескен жан самалын,

Жабықпай *аңса, жаным!* <sup>2</sup>



***Жақын адамға пышақ сыйлама!***

***Жас босанған ананы түнде суға  
жіберме!***

***Жер таянба!***

***Жұма күні кір жума!***

**СЕНІ КӨРГІМ КЕЛЕДІ ДЕ ТҰРАДЫ**  
*Әні Құралай Сәтмұхамбетованікі*  
*Өлеңі Исрайыл Сапарбайдікі*

Көз моншақтай көлдің көркем құрағы,  
Махаббаттың мың бір мақам құрамы.  
Тағдырымның таусылмайтын сұрағы,  
Сені көргім келеді де тұрады.

Сезімімнің бұлағы,  
Қиялымның жұмағы.  
Жүрегімнің сыңары,  
Сені көргім келеді де тұрады.  
Есімді алған есіл жалған тұмары,  
Үмітімнің өшіп-жанған шырағы.  
Көңілімнің басылмайтын құмары,  
Сені көргім келеді де тұрады.

**МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ**  
*Әні Б.Тұрғараевтікі*  
*Өлеңі Исрайыл Сапарбайдікі*

Махаббат деген қандай-ды,  
Қарасаң, көзің талмайды.  
Сағынған жанға жете алмай,  
*Қаншама күндер<sup>2</sup>* сарғайды.  
Ғашықсыз өмір өмір ме?  
Егілме, жаным, егілме.  
Көктегі күнге қол созған,  
*Не дерсің мынау<sup>2</sup>* көңілге.  
Күлерсің дағы, жыларсың,  
Жыларсың дағы, шыдарсың.  
Жазылмас дерттің дауасын,  
Жанымды тербеп, жүректі емдеп жазарсың.  
Махаббат — өмір ғажабы,  
Алқызыл гүлдей ажары.  
Сүйемін деген жалғыз сөз,  
Жанымды тербеп, жүректі емдеп жазады.

Махаббат — мәңгі ертегі,  
Көңілдің күйін шертеді.  
Ертіп жүрсең, шіркін-ай,  
*Еліктей сұлу<sup>2</sup>* ертегі.

**АҚҚУ АРМАНЫМ**  
*Әні Қ.Мәлібековтікі*  
*Өлеңі Қанипа Бұғыбаеванікі*

Арман жылдарым, алыстадың қайда, бұрылмай.  
Менің жырларым, көңіл сырым,  
Демің шырындай, сыбдырлашы таныс бағым,  
Ағыстарым-ай.

Қайда кеттің сен,  
Аққу дәурен,  
Гәкку сәулем,  
Таранбайсың ба?  
Оралмайсың ба  
Айдынына айна көлдің,  
Аққу арманым-ай?

Ізгі арманым, қызғалдағым,  
Қызға арнадым,  
Сұлулықты,  
Сақтап, қорғап, қызғанбадым,  
Алдыңда әлі аңғармайсың ызғар барын.

Гәкку арманым, ұштың қайда?  
Жұлдыз көктен ұшқындай ма?  
Оралсаңшы, қол алсаңшы,  
Таңғажайып менің сұлу — аққу таңдарым.

**АҚҚУЫМ**  
*Әні Б.Есебаевтікі*  
*Өлеңі Н.Арапбаеванікі*

Тағдырым мынау таңдарды сенсіз атырды,  
Ұмытамын деп, өшіріп алдым отымды.  
Жаным-ау, сен де келместі күтіп жүрмісің,  
Жас жүрегіңе тұмар ғып жазып атымды.

Жетейін десем, жете алмай,  
Жүрген жоқпын ба.  
Сүйкімді едің, періште едің, пәк едің,  
Аңсадым ғой, қайда жүрсің,  
әдемі-ау, әдемім?

Толқыттың мені, есіме түстің, тербедің,  
Алтыным менің, қадірін білмес сен менің.  
Кешірші, жаным, оралмас қайта көктемді,  
Кешірші мені жоғалтқан өмір өрнегін.

Аққуым менің, ақ гүлім едің,  
Ғашығым менің, асылым едің,  
Қиялым менің, ұяңым едің,  
Аяулы арманым.

### ӘКЕНІ САҒЫНУ

*Әні мен өлеңі Гауһар Әлімбекованікі*

Арайлы ақ тілекпен,  
Ән жолдаймын өзіңе.  
Сағыныш сазды жүрекпен,  
Сыр арнаймын өзіңе.  
Сағындым, әке, сағындым,  
Тәңірге тәубе, табындым!  
Өзіңсің, әке, қолдаушым,  
Бағытын болжар бағымның.  
Сағынышпен самғайын,  
Үмітіңді жалғаймын.  
Әкенің жөні бөлек,  
Қадірін біл, ағайын.  
Аққудай ақ арманым,  
Ауырмашы, әкешім.  
Ауыры көп-ау жалғанның,  
Қартаймашы, әкешім.

Көкке өрлеп көңілің,  
Нұрға толсын өмірің.  
Бақытты бол, жан әке,  
Ұзақ болсын ғұмырың!



*Жүреңнен отырма!*

*Итті менне!*

## ДОСТАР ҮШІН

*Әні мен өлеңі Е.Серікбаевтікі*

Басты қосты достар бүгін,  
Гүлдердің жапырағындай.  
Жайнап тұр ақ дастархан,  
Алып-ұшып көңіл шіркін жанғандай.

Көтерейік, кәне, достар,  
Махаббат үшін!

Үзілген, сөнген бір өмір  
Қайта жалғансын.

Көтерейік, кәне, достар,  
Мол бақыт үшін,  
Осы күнге жете алмаған  
Жан достар үшін!

Жастық шақ гүл ашқан ба?  
Ағаштар жайқалатын.  
Жүзінде жылы шуақ,  
Қуанышпен оятайық ақ таңды.

Аймалап таң самалы,  
Көңілім өн салады.  
Қуанып дос жүрегі,  
Жақсылыққа жолығайық тек мәңгі.

## ЖҮРЕГІМ ЖҮРЕГІҢМЕН ЕГІЗ БЕ ЕДІ?

*Әні мен өлеңі Тоқтар Серіковтікі*

Аққудай қатар жүзген теңіздегі,  
Көңілім алып-ұшып сені іздеді.  
Біле алмай отырмын-ау бәрібір де,  
*Жүрегім жүрегіңмен*<sup>2</sup>  
Егіз бе еді?

Жүремін өзің жайлы күнде ойланып,  
Шығамын кірпік ілмей түнде ойланып.  
Келем де айтайын деп қаншама сөз,  
*Қалады-ау құрғыр мынау*<sup>2</sup>  
Тіл байланып.

Мен сені бақытыма балап жүрмін,  
Көрмеген күндерімді санап жүрмін.  
Ұққайсың айтқызбай-ақ, бар сырымды,  
Мен сені жүрегіммен,  
Мен сені көңіліммен  
Қалап жүрмін.

### КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ

*Әні мен өлеңі Бекжан Әшірбаевтікі*

Ғашықтар халқы ұлылық күтті,  
Орындалмасын кім білген.  
Қағаз гүлдердің ғұмыры тіпті,  
Ұзақтау екен шын гүлден.  
Көршінің қызы керемет еді,  
Әкесі де оның жақсы адам.  
Ауылдан біздің неге кетеді,  
Ауа райы ма жақпаған?  
Ол қызға берер антым да дайын,  
Сағына білдім әр тәулік.  
Алты құрлыққа атыңды айтайын,  
Әліпбидегі алты әріп!

Ештеңе етпес кідіріп келсе,  
Уақыттың ұзақ көшінен.  
Естелік үшін бір күліп берсе,  
Ажалдың өзін кешірем!

### АҒАЛАР-АЙ

*Әні Жәнібек Кәрменовтікі  
Өлеңі Несіпбек Айтөвтікі*

Ағалар-ай!  
Барында аз ғұмырды бағаламай,  
Абайсыз адаспаңдар бір-біріңнен,  
Жарықта жайнап тұрған самаладай,  
Болғанда халық — теңіз шалқыш жатқан,  
Өздерің шырылдайтын шағаладай!  
Әттең, ағалар-ай!

Ағалар-ай!  
Ауылын пенделіктің жағаламай,  
Басына бір төбенің жиналсаңшы,  
Андыздап әр бұтаны сағаламай!  
Түбінен бір жүректің табылсаңшы,  
Бауырды бөліп-жарып алаламай!  
Әттең, ағалар-ай!

Ағалар-ай!  
Көңілін інілердің жараламай,  
Бірге ұшып, бірге қонып жүрсеңдерші,  
Қатарын бұзбайтұғын бал арадай!  
Өздерің қонақтайтын бәйтеректің,  
Тамырын балталамай, араламай!  
Әттең, ағалар-ай!

Ағалар-ай!  
Тартысып, бір-біріңді табаламай,  
Шоқыға шығарсаңшы хан көтеріп,  
Жақсыны жарға қуып қамаламай!  
Аңдыссаң, аяғыңнан шалдырарсың,  
Жұлқыссаң, жыртылмайды жаға қалай?  
Әттең, ағалар-ай!  
Ағалар-ай!  
Ит қоссаң, үнсіз қалмас абаламай,  
Әрқашан аттың басын түзу ұста.  
Саныңды сүрінгенде сабаламай.  
Құйрығын қырық мәрте баса берсең,  
Жыландай бәле шіркін шағады оңай.  
Әттең, ағалар-ай!

Ағалар-ай!  
Болар ма оң-солыңды шамаламай,  
Қалың ел — қоршап өскен қара орманың  
Қысады құшағына жан анадай.  
Басына баданадай бұршақ жауса,  
Тоғайды торғай тұрмас паналамай.  
Әттең, ағалар-ай!



**ДАРИҒА, ДӘУРЕН**  
*Әні Тұрсынжан Шапайдікі*  
*Өлеңі Несіпбек Айтөзтікі*

Аққу ән әуелейді қалықтаған,  
Қайтейін, қанатым жоқ, қалып барам.  
Жүрегім құс боп ұшып кетті-ау бірге,  
Жылатып жалғыз қалай алып қалам.

Оу, дариға, дәурен!  
Әгигай-гиккай, гиккай-ай,  
Гагигай, гикка-ай.  
Әгигай — гиккай, — гиккай-оу,  
Гагигай-гиккай, гагигай!  
Дариға, шіркін, дәурен!

Жаз көшіп омырауын алтындаған,  
Айдын көл мұңаяды салқындаған.  
Басынан Төлегендей гашықтардың  
Айналып алты қаздай қаңқылдаған.

Ой, дариға, дәурен!  
Әгигай-гиккай, гиккай-ай.  
Айналып алты қаздай қона алмаған,  
Дариға-ай, шіркін дәурен!

**АРМАН**

Атқан таң, шыққан күндей жайнап алдан,  
Дариға, алтын дәурен қайда қалған,  
ой, арман.

Айналған айдынынан жалғыз аққу,  
Адасқан әнім бе едің, қайран арман,  
ой, арман.

Ахоу, ай, жалған,  
Арман, арман.  
Аққудың көз жасындай көлге тамған,  
ай, ой, арман.

Аққудың көз жасындай көлге тамған,  
Жанымды тербетесің шерге толған,  
о-ой, арман!

Жастық шақ нөсерлетіп тез басылған,  
Өткен соң қайта оралмас өз басыңнан.  
Арудай арман құсым, айналайын,  
Мөлт етіп тына қалған көз жасыңнан!

## АЙ, СӘУЛЕМ

Аялдамай алтын күн бел асқанда,  
ай, сәулем,  
Айдың жүзі дөңгелер көк аспанда.  
Бір көрінші жарқырап туған айдай,  
ай, сәулем,  
Он сегіздің аулынан ары асқанда.  
Ән тербетіп,  
Құр желдетіп.  
Көктем көшті көңлімнен  
Керуендетіп.  
Сағынғаным-ай!  
Сарғайғаным-ай!  
Осы еді сені армандап,  
Салған әнім-ай!  
Сәуле жаным-ай!  
Мөдiреген көзiңнiң қарасындай,  
Бал дәурендi ойыңа аласың ба-ай?  
Қанатыңды талдырып қарлығаштай,  
Сағынғанда айналып қонасың ба-ай?

## СӘУЛЕ ҒҰМЫР

Айна көлдің *мөдiрiңдей*<sup>2</sup>  
Қайран күндер, ораласың ойға.  
Алатаудың *сеңгiрiңдей*<sup>2</sup>  
Асау жүрек, талпынасың айға.  
Сағым көшкен сары белдей,  
Самал желдей арман.  
Тебiреншi, телегейдей жалған,  
Жанарымда Ай мен Күндей  
Шыр айналған!  
Аққан жұлдыз *сәулесiңдей*<sup>2</sup>  
Асау жүрек, асығасың қайда?  
Домбыраның *пернесiңдей*<sup>2</sup>  
Екi iшегiң үзiлгенше сайра!



*Пенде пейілінен табар.*

## БАРКӨРНЕУ

*Әні мен өлеңі Бексұлтан Нұржекеұлыныңкі*

Атыңнан айналайын атамекен,  
Кім сені Баркөрнеу деп атады екен?  
Қайғы мен қапанда да көремісің,  
Саған да соның зілі бата ма екен?

Атыңнан айналайын Баркөрнеуім,  
Суанда сенен биік тау көрмедім.  
Өзіңнің еңсеңе ұқсап өр тумасам,  
Алдыңда алқа топтың әу дер ме едім?

Баркөрнеу, басың биік, баурың төскей,  
Бір қарап биігіңе көзім түссе, ей.  
Ағайын-туыстарға деген өкпем,  
Бәрі де болады ұмыт көрген түстей.

Баркөрнеу, балаңмын деп бұлаңдаймын,  
Кеммін деп, кедеймін деп ұялмаймын.  
Іздесем, шеттен байлық табар да едім,  
Туған жер, тек өзіңді қыя алмаймын!

## ҚҰСНИ СӘУЛЕМ

*Әні Ерболат Қызыкендікі  
Өлеңі Алмас Ахметбекұлыныңкі*

Ойпаң жер жаз ауғанда мұнарланып,  
Көк шалғын бара жатыр қуарғалы, оу-ай.  
Басына Бесбастаудың бұлаң қағып,  
*Келуші ең, Құсни сәулем, су алғалы, оу-ай.*<sup>2</sup>

Қаракер жан-жағына қарайлаған,  
Мен жүрмін сары жұртты маңайлаған.  
Сен қайда, Құсни сәулем, уағда қайда?  
*Дидарың ғайып болды-ау қан ойнаған.*<sup>2</sup>

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ӨЛЕҢІ, ҚАРАСӨЗІ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨНЕРІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

---



Анадан қам сүт іштік, піскен емес,  
Күнәміз таудан да үлкен, кішкене емес.  
Үстіне тағы сонша қоссақ тағы,  
Құдайым кешем десе, ештеңе емес.



Соғады зергер бұйым қалайыдан,  
Сорғалап аққан тері самайынан.  
Көңіліне бір Айзаштың қараймын деп,  
Айрылдым Айзаштайдың талайынан.



Ауылым көшіп жатыр, қонып жатыр,  
Пенденің қай дегені болып жатыр?  
Алпыстың асқарынан ассақ тағы,  
Кеудеде арман шіркін толып жатыр.



Тайтұяқ-ты, ендеше, тайтұяқ-ты,  
Ашырқанып мал жейді тауқияқты.  
Той тойлап, қызық іздеп не жыным бар,  
Отырса үйде жарым сен сияқты.



Бұйда салсаң, құдаша, қасқа нарға,  
Ақ білегің жақсы еді-ау жастанарға.  
Туған айдай толықсып сен тұрғанда,  
Қарағым да келмейді басқаларға.



Он түймең омырауда қатар-қатар,  
Түйменді ағытқанша таң да атар.  
Келер болсаң, түйменді ағытып кел,  
Ағытқанша шамам жоқ, шыдап жатар.



Өлең айтқым келмейді ерінгенде,  
Бойым байсал тартады керілгенде.  
Жерден алтын тапқандай қуанамын,  
Тақианның төбесі көрінгенде.



Екінің бірі жомарт тасқан жерде,  
Шын ерлік байқалады сасқан жерде.  
Жазатайым жаманға ісің түссе,  
Қабысып қалады екен аспан жерге.



Ішпедім көлдің суын ылай ма деп,  
Баспадым жардың шетін құлай ма деп.  
Жаманнан жарты сабақ жіп алмадым,  
Тар жерде ердің құнын сұрай ма деп.



Жібекті түте алмаған жүн қылады,  
Қатынды күте алмаған күң қылады.  
Жаманға жазатайым күнің түссе,  
Алатын сәлемін де пұл қылады.



Айым туып келеді алқасынан,  
Шалып жықтым қыздарды шалқасынан.  
Шалып жығып қыздарды шалқасынан,  
Шаңын қағып тұрғыздым арқасынан.



Жолықсаң ер жігіттің тентегіне,  
Жалғанның қарамайды келтегіне.  
Қонаққа жалғыз атын сойып тастап,  
Қалады жүген ұстап ертегіне.



Кедейде де кедей бар байдан жақсы,  
Жұлдызда да жұлдыз бар айдан жақсы.  
Бір сөз айтсаң жаманға, қорс етеді,  
Қорғасындай балқыған қайран жақсы!



Дүние — бір қисық жол бұраңдаған,  
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған.  
Күніне жүз бір пәле жолықса да,  
Сонда да күдер үзбе бір алладан!



Бұл дүние — жеткізбейтін арман дүние,  
Бұрынғы бабалардан қалған дүние.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Бізден де өте шығар жалған дүние.



Қасқа атымды, ендеше, қасқа атымды,  
Қасқа атымнан мінбеймін басқа атымды.  
Құдайдың маған берген бір мінезі,  
Көремін қыздан жақсы жас қатынды.



Қызыл гүлге көбелек түнемес пе?  
Қыздан жігіт бір бұйым тілемес пе?  
Түнеп жатып төсегін бір түртпесе,  
Тыныш жату жігітке мін емес пе?



Қараймын қарайғанға жылқы ма деп,  
Көңілдің көзге іркілген бұлты ма деп.  
Сағыңдым ақ жүзіңді, сүйген сәулем,  
Кетсеңші бір көрініп жұртыңа кеп!



Қараймын қарайғанға қой ма екен деп,  
Бұл дүние биігі жоқ, ой ма екен деп.  
Ән салсаң, айдалада даусыңды естіп,  
Қуанам төңірегім той ма екен деп.



Дүние, қолға тұрмас сынаптайсың,  
Беткейден құлап аққан бұлақтайсың.  
Қасына жақсылардың аялдамай,  
Сұм дүние, енді қайда тұрақтайсың?



Дүние, қудым сені бала жастан,  
Жақсы мен жаманыңды талғамастан.  
Қызға да, қызыққа да жарытпадың,  
Көрмедім қатыгезді сенен асқан!



Өлеңнің "Ә!" — деп бастау — қиын жері,  
Жүйрікке бәрі бірдей ылди, өрі.  
Алтынның ұшып түскен сынығындай,  
Жігіттің сөз бастайды кемеңгері.



Балыққа су ішінде дем болмайды,  
Бетінде сұлу қыздың мең болмайды.  
Қатының қойныңдағы шайпау болса,  
Дұшпаннан қылыш сұққан кем болмайды.



Ұшып жүрген аспанда ұлар ма екен,  
Атып алсам баласын, жылар ма екен?  
Атып алмай, қасыңа жатып алсам,  
Шыбын жан кеудемдегі шығар ма екен?



Дегенде дүмбір дүние, дүмбір дүние,  
Азырақ дүмбірлетіп жүрдік, дүние.  
Қалайық, тіршілікте күліп-ойнап,  
Кетеді әлі-ақ, өтіп бір күн дүние.



Ат көркем көрінеді тұрманымен,  
Дүние жеткізбейді қуғаныңмен.  
Ақ ниет пиғылыңды кір шалса егер,  
Ашылмас сумен қанша жуғаныңмен.



Аспанда ай нұрланар толған сайын,  
Тәубасын пенде ұмытар болған сайын.  
Болғанда ашу — пышақ, ақыл — таяқ,  
Кемиді таяқ шіркін жонған сайын.



Сұлу деме сұлуды, сүймеген соң,  
Асыл деме асылды, кимеген соң.  
Жақсыны да жақсы деу неге керек,  
Бір жанға шапағаты тимеген соң.



Тәттінің бір тәттісі шекер екен,  
Ойнамаған, күлмеген бекер екен.  
Жастық шақ көк семсердің жүзіндей боп,  
Аз күнде-ақ жалт-жұлт етіп өтеді екен.





Жылқыны жайған жерім жусан ба екен,  
Белімді жусанменен бусам ба екен?  
Кешегі өтіп кеткен жиырма бесті,  
Артынан қос ат мініп қусам ба екен?



Бір тісім, екі тісім — маржан тісім,  
Сыртыңнан не демейді дұшпан кісің?  
Сыртымнан десе десін дұшпан кісім,  
Аллаға аян шығар қылған ісім.



Барған жұрт Баркөрнеуді биік дейді,  
Тұрады бұлтқа басы тиіп дейді.  
Жігіттің шықпаса аты батырлықпен,  
Шығарар туған жерін сүйіп дейді.



Қиын іс ер жігітке жұртқа жақпақ,  
Бай мен кедей көңілін бірдей таппақ,  
Қара қылды қақ жарған болсаң да әділ,  
Кетеді біреу мақтап, біреу даттап.



Жиырмаға он сегіз жуық дейді,  
Көтерген ақ боз үйді уық дейді.  
Барында оралыңның күліп-ойна,  
Қара жер өлгеннен соң суық дейді.



Жайлауы біздің елдің Құланөтпес,  
Қасқырға ит қарғысы, сірә де өтпес.  
Жігітке қыз қарғысы майдай жағар,  
“Жабысқыр!” — десе дағы, ештеңе етпес.



Жиын-той жарасады жайлаудағы,  
Жастықпен бұл көңілім қайда аумады?  
Есіме сен түскенде, қимас қалқам,  
Ботадай бұлқынамын байлаудағы.



Сұрасаң, біздің ауыл шат басында,  
Ала арқан алты құлаш ат басында.  
Көңілің шыныменен менде болса,  
Араға қыл сыйдырмай жат қасында.



Құланның шаң шығады ойнағынан,  
Қорқады қыз инесі оймағынан.  
Белге ұрған аш жыландай үш бұралып,  
Қалқамның оянсам-ау оң жағынан.



Өлең деген ол дағы ой емес пе?  
Қызды сұлу көрсетер бой емес пе?  
Өлеңді мұнда айтпаған қайда айтамыз,  
Біз үшін бас қосқан да той емес пе?



Тарыдан үн болмайды ақтағанмен,  
Болмайды жаман жақсы мақтағанмен.  
Сүймегенге қу жүрек құмартар ма,  
Жар болып босағаны аттағанмен.



Ілестім көш соңына інгенменен,  
Болмайды інген артық мінгенменен.  
Барында оралыңның ойнап-күлгін,  
Өмір қызық сол ойнап-күлгенменен.



Көшкенде жылқы айдаймын жиыстырып,  
Ер шаптым бес ағаштан қиыстырып.  
Құрбыжан, шағып алар шаяным жоқ,  
Тізеңді отырсаңшы тиістіріп!



Айтайын айт дегенде, ау, жасаған!  
Тоқты да тіршілікте қам жасаған.  
Барыңда базарыңның күл де ойна,  
Құзғындай кім бар дейсің мың жасаған?



Мінгесіп екеу-екеу қоян қусақ,  
Майда екен мақтадайын етің жұмсақ,  
Төрт елі, екі қарыс төсек салсақ,  
Кең болмаса, тар болмас, тату болсақ,



Домбыра күйге келмес бұрамаса,  
Кім білер кімнің жайын сұрамаса.  
Жігіттің тапқан малы суға кетер,  
Әйелі үйде отырып құрамаса.



А, құдай, жамандыққа жолатпашы!  
Жаманды жаратқанша жаратпашы!  
Айқасып қалқатаймен жатқан түні,  
Ауылды жау шапса да оятпашы!



Тасқа өтпеген қара су қайда сіңер,  
Жебір тайлақ желіде бұйдасын жер.  
Сыбырласып кел дағы сылқ ете қал,  
Көре алмаған көп дұшпан қимасы дер.



Жақсылар: "Жақсымын", — деп айта алмайды,  
Жамаңдар: "Жақсымын", — деп айқайлайды.  
Баурында күнде көрін жүргеннен соң,  
Таулардың биіктігі байқалмайды.



Адамға иман болмайды алған, берген,  
О дүниеден адам жоқ хабар берген.  
О дүниенің қызығы жұмақ болса,  
Бұл жалғанның қызығы — сүйе білген.



Аңшының алатыны — арқар, қарсақ,  
Аңдимыз қызды біз де қартаймасақ,  
Қу қыздар өздігінен кел демейді,  
Қасына түнде барып жантаймасақ,



Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,  
Айдыңды көлге қонып саңқылдаған.  
Дегендер: "Мен жақсымын", — толып жатыр,  
Жақсылық бір басынан артылмаған.



Ақшаның шыққан жері тыйын екен,  
Тыйынды жинай берсең, бұйым екен.  
Қиналмай қай жерде де той бастаушы ек,  
Той бастау қыз қасында қиын екен.



Ой, қалқа, қиғаш қасың қиылып тұр,  
Жүзіңе нұрлы сәуле жиылып тұр.  
Бүр жарған қырмызыдай қызыл ернің,  
Сүюге қандай жанға бұйырып тұр.



Көзіңнен күлім қаққан айналайын,  
Қолыңа сағат болып байланайын.  
Бергенде өзің бейіл, беу, қалқатай,  
Иіскеп ақ төсіңнен аймалайын.



Екеу едік, ей, қалқа, сыбызғылы,  
Қандай күйге салмайды қыз қылығы?  
Шыныменен көңілің менде болса,  
Жолығайық жырақта тобылғылы.



Есіңнің алдында тал бар, қалқам,  
Көкірегіңде әркімнің жан бар, қалқам.  
Өзіңе ылайық өзімді деп отырмын,  
Менің сенде әйтпесе нем бар, қалқам?



Сен де тату, жаным-ау, мен де тату,  
Татулықтың белгісі — бірге жату.  
Екі тату қосылып бір жатқанда,  
Он екі айда болсашы бір таң ату!



Жүрісінен мін таппас киігім-ай!  
Ай жүзіңе қол жетпес биігім-ай!  
Бір жаманға қор болып кете ме деп,  
Қу ішімиің өртеніп күйің-ай!



Айта алмайды өлеңді арындаған,  
Мақтамас өзін өзі дарынды адам.  
Дос болмас бірін бірі кешірмеген,  
Жар болмас бірін бірі сағынбаған.



Өлеңді бар да айтады, жоқ та айтады,  
Себепсіз неге бастан бақ қайтады?  
Шабан ат, өтпес пышақ, жаман қатын —  
Үшеуі ер жігітті қарғайтады.



Келіншек тері илейді тон болсын деп,  
Кереді пұшпақтарын мол болсын деп.  
Өлеңді тасқандықтан біз айтпаймыз,  
Айтамыз кейінгіге жол болсын деп.



Айт өлеңді үлкендер бұйырған соң,  
Қыз-келіншек қаумалап жыйылған соң,  
Ойнап-күліп алайық осындайда,  
Қандай заман болады быйылдан соң.



Жайлайды Іле бойын албан, суан,  
Жігіттің жүрген жері жиын-думан.  
Жігіттер, қызық қусаң, қызды қуғын,  
Бәлеге жолығады сөзді қуған.



Көрінер кісем сұлу қыныменен,  
Бойға шақ киім ұнар сыныменен.  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқам,  
Ұмытып кеткенің бе шыныменен?



Қаратау кейде қарлы, кейде қарсыз,  
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз.  
Дайраның жарға соққандай толқынындай,  
Көз салған көрінгенге көңіл арсыз.



Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер,  
Жүйрік ат өрге салсаң, өршеленер.  
Барында қызылыңның күліп-ойна,  
Шамшырақ мың күн жанған бір күн сөнер.



Бойжеткен, қуантады қуланғаның,  
Сөзіме менің айтқан иланғаның.  
“Қу тақым” деп мені ылғи тақылдайсың,  
Қалайсың ба тақымның суланғанын?



Киімнің қызылы бар, жасылы бар,  
Тастың да таптырмайтын асылы бар.  
Жігітті нар көтермес қыз көтерер,  
Шіркіннің қандай ғана тәсілі бар?!



Қияның қыран түскен түлкісіндей,  
Қайтейін қыздар мені жүр түсінбей.  
Қайырсаң өн аяғын, менше қайыр,  
Қыздардың сылқылдаған күлкісіндей.



Өмірдің тым өзгеше өктемдігі,  
Қалдырып жүрме қысқа көктемгіні.  
Қасыңа жігіт түгіл шал келмейді,  
Басыңнан қыз дәуренің өткен күні.



Қарайғанға қараймын мал ма екен деп,  
Мал саялап тұратын тал ма екен деп.  
Топ қыз көрсем, тесіле қарап қалам,  
Ішінде сен сәулешім бар ма екен деп.



Мал қораға қайтады кеш кіргенде,  
Үйден тамшы өтеді ескіргенде.  
Елегізіп көңілім тыным таппас,  
Сыңғырлап сенің күлкің естілгенде.



Сұлудың көзі қара, беті аппақ,  
Жігітке арман ондайды іздеп таппақ,  
Сымбатына сыры сай қалқатаймен,  
Бірге тұрып, күн қайда бірге жатпақ!



Тозаққа тізіп-тізіп бізді айдаса,  
Жігіттен біздей-біздей жүзді айдаса.  
Жұмаққа бармадым деп кейімес ем,  
Алдымнан өңкей сұлу қызды айдаса.



Ұшады бозша торғай ебелектеп,  
Аулыңа неше бардым төңіректеп.  
Қойныңа апақ-сапақ кіріп барсам,  
Жатсаң-ау күлімсіреп: "Не керек?" — деп.



Етінде сұлу қыздың мең болмайды,  
Жігітке қыз ауыртқан ем қонбайды.  
Жігіттің алған жары болса жаман,  
Жауынан қылыштасқан кем болмайды.



Құрбыны түнде іздеп тапқан қандай,  
Таңдайдан төтті ләззат татқан қандай?!  
Алтын бас, күміс кеуде болса да әйел,  
Болмайды қыз қасынан аттанғандай.





Қыз емес қыздың аты — қызыл асық,  
Барады қыздар тойға бір-бір басып.  
Табысып тар төсекте төспен жаншып,  
Өзіңмен жатар ма едім сыбырласып.



Қыз емес, қыз — қызыл шоқ қыздыратын,  
Қойыпты қызықсын деп қыздың атын.  
Шіркіннің қыз кезінде бәрі жақсы,  
Шығады қайдан ғана жаман қатын?!



Бір қыз жерге қарайды, бір қыз өрге,  
Қайсысы да татиды үздігерге.  
Жар таңдаған жалтаңдап жақсы жігіт,  
Анасын көр алдымен, қызды көрме!



Құрбым-ау, мұнша неге бұлаңдадың?  
Қолымды сілкіп тастап сылаңдадың?  
Қолыңа қона қалған қаршыға едім,  
Қайтейін, қадірімді біле алмадың!



Тойдың көркі — жарасқан қыз-келіншек,  
Қыз-келіншек дегенде, біз көңілшек.  
Өмірдің еш қызығы болмас еді,  
Бізден қыздар, қыздардан біз бөлінсек.



Қыз сырға ілер құлаққа тесіп алып,  
Құрық қылдым қайыңнан кесіп алып.  
Аулың алыс кеткенде, беу, қарағым,  
Ауық-ауық жүргейсің есіңе алып!



Қыздары біздің жақтың балдырғандай,  
Қарасаң, кеудеңе от жандырғандай.  
Сапырған сабадағы қымыздайын,  
Ұрттасаң, бар шөліңді қандырғандай.



Қыздар суға барады месін алып,  
Месі жоқ қыз барады несін алып?  
Суға барған кезінде сусындатсаң,  
Өмір бойы жүрер ем есіме алып.



Мал жақсы жылқы деген күзеткенге,  
Қисық тал сымдай болар түзеткенде.  
Тықыршып бәйгі атындай тұра алмаймын,  
Сусылдап жел жағымнан қыз өткенде.



Аспаннан үркер ауар жазға таман,  
Мінгенім күрең жорға қызба табан.  
Буылып қол-аяғым жатсам дағы,  
Домалап бара жатам қызға таман.



Қараңғы қаша берер таң айдаса,  
Ер жігіт қайда бармас, дәм айдаса.  
Жабысар жүздеп жала, мыңдап пәле,  
Жақсыға жаман келіп маңайласа.



Қақ жарып қара тасты қайың тұрар,  
Бекітіп ертоқымды айыл тұрар.  
Жігіттің алған жары жақсы болса,  
Елп етіп ымнан ұғып дайын тұрар.



Әуеде ұшып жүрген ұзақ, құр-ды,  
Ұзаққа епті жігіт тұзақ құрды.  
Серкесі өз елінің болсаң дағы,  
Жат елде қадірің жоқ, ылақ құрлы.



Ән салсаң, өзімдей сал есілдіріп,  
Сұлудай суға түскен шешіндіріп.  
Жарқ етіп қарсы алдымнан шыға келсең,  
Шыбын жан шаттанады-ау, есім кіріп.



Сал қара атқа салғаным сар тебінгі,  
Қыз баладан, бозбала, ал кегіңді.  
Ақ төсінің үстіне қарғып мініп,  
Ақ тамақтың астыңда ал деміңді!



Тіл — бұлбұл, көңіл — бақша, ой — тас қорған,  
Жігітке қиын екен ғашық болған.  
Өзіңді көрген сәтте қалам қатып,  
Өте алмай тұрған жандай қазған ордан.



Ер жігіт ез жігітпен керіспейді,  
Ел ісін асыл туған ер істейді.  
Ер жігіт ер жігітпен жолдас болса,  
Жоқ-барды алған-берген теріспейді.



Келе ме жігіт сәні ел болмаса,  
Келе ме елдің сәні жер болмаса.  
Қаздай боп сыңар аяқ қалғаның ғой,  
Қосағың құдай қосқан тең болмаса.



Сұлу қызға сұқтанбас жігіт болмас,  
Сандығында жомарттың кіліт болмас.  
Жақсы қыздың жауабы айдан анық,  
Не дегенін жаманның біліп болмас.



Көк тауды көбелейді көшкен кісі,  
Жігіттің қызда болар өшпендісі.  
Жастарды қызық қуған айыптамас  
Басынан жігітшілік кешкен кісі.



Сонар болар ақша қар жауған күні,  
Жиырма бес — жігіттің қаулан күні.  
Қасың түгіл қасыңа досың келмес,  
Бақыт шіркін басыңнан ауған күні.



Жақсы атақпен парапар жігіт деген,  
Қыз қарайды жігітке үмітпенен.  
Жұрт мақтаған жігітті қыз жақтаған,  
Қыз сүймеген жігіттен күдікпенем.



Айрылдым әйел іздеп ақылымнан,  
Жүйрік ат кеткен емес тақымымнан.  
Жігітті иектеген он пәленің,  
Тоғызы ағайын мен қатынынан.



Жиленді жігіт мінер қырындатып,  
Қандыар қыз ұйқысын бұрын жатып.  
Есті жігіт әзілдеп сөз айтады,  
Сұлу қызды сүйсінтіп, жымыңдатып.



Хат жаздым қалам алып, қалқам, саған,  
Күн бар ма көрісетін есен-аман?  
Патшадай алтын тақта отырсам да,  
Дүние қызық емес сенсіз маған.



Әуеде ұшып жүрген сона ма екен?  
Солқылдап ши басына қона ма екен?  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,  
Сексен қыз бір өзіңдей бола ма екен?



Бүгін, қалқа, қашуға серттеселік,  
Қос күреңді серттесіп ерттеселік.  
Шыныменен көңілің менде болса,  
Тиірмениң тасындай беттеселік!



Күнде барам сені іздеп ауылыңа,  
Жалғыз аяқ жол салдым қауыныңа.  
Сен әңгелек болғанда, мен — дөңгелек,  
Дөңгелентіп тартсаңшы бауырыңа!



Өзіңді бір көргеннен бөлдім ғашық,  
Адамға білдірмедім аузымды ашып.  
Батырған балға күміс қасық құсап,  
Жатармыз қашан біздер араласып?



Кигенім қара мәуіт, сары мәуіт,  
Өзіңді сағынамын ауық-ауық,  
Алыстан ат арытып келгенімде,  
Көйлектің ақ кіреуке бауын ағыт.



Есігі ақ боз үйдің сықырлауық,  
Ашайын сықырлатпай ебін тауып.  
Қолымды қойыныңа салғанымда,  
Баурыңа тартып алшы жылы жауып!



Жайлаудың ең төресі Бел болады,  
Жайлаған бас-аяғы ел болады.  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқам,  
Көзімнен аққан жасым сел болады.



Бешпетің үстіңдегі кіл қарадан,  
Ілгегін жарастырып кім қадаған?  
Алыстан ат терлетіп келгеімде,  
Көзіңнен айналайын бір қараған.



Баркөрнеудің басында кептер отыр,  
Қанатын ұшайын деп ептеп отыр.  
Болатынды, қалқатай, бүгін болдыр,  
Ағаң ертең аттанып кеткелі отыр.



Қараймын, қалқам, саған дүркін-дүркін,  
Көзімді қарықтырған сенің көркің.  
Шашыңды бір-бір талдап сүйер едім,  
Қайтейін жетпейді ғой өмір шіркін!



Сағым сүйген сілемін сары беткей,  
Сайлау жердің жатады қары кеппей.  
Көрген түстей дүние өте шығар,  
Көрінгенмен алда өмір әлі көптей.



Дүниеден жалқау да өтер, пысық та өтер,  
Қу жанды қуырдақ қып қысып бекер.  
Сырласып жұбын жазбай аққу да өтер,  
Аңдысып арсыз ит пен мысық та өтер.



Қоңыраулатқан қос аттай күймеменен,  
Жүйткіп өтін барады дүние деген.  
Жете алмайсың қуғанмен, қасыма кел,  
Омырауыңды ағыт та түймелеген.



Көрінеді о баста көптей дүние,  
Қауызынан жарылған көктей дүние.  
Ойнап-күліп қалайық, қимас қалқа,  
Басымыздан тұрғанда өтпей дүние.



Қай дүние мына дүние, ұшпа дүние,  
Жүретін ұшып-қонып құс па дүние?  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Ұстатпас бір-ақ тұтам қысқа дүние.



Қайың жоқта қу шыбық бұрау болар,  
Құрым киіз жабыққа құрау болар.  
Қос қолыңмен бүйірді тіреп тұрып,  
Жұбанышың жат елде жылау болар.



*Жылт-жылт етіп төбемде,  
Түсе алмай тұр төменге.  
(ж...)*



*Аузында әзілі жоқтың  
Қолында қолшоқпары бар.*



*Үйіңе келгенге үйдей дауыңды айтпа!*

## ӨЗІЛ КҮЛКІ ШАҚЫРАДЫ, КҮЛКІ КЕУДЕҢЕ ГҮЛ ЕГЕДІ

---



Тілек сабаққа кешігіп келеді.

- Неге кешіктің? — деп сұрайды мұғалима.
- Мектепке келе жатқанымда, қарулы қарақшылар шабуыл жасады.
- Құдай сақтасын, ештеңенді тартып алмады ма, әйтеуір?
- Үй жұмысымды тартып әкетті.



Кішкентай қыз көршісіне келеді.

- Шешем науқастанып қалды. Бүлдіргеннің қайнатпасын беру керек екен.
- Ыдыс әкелдің бе, неге сап берейін?
- Керегі жоқ, аузыма сала салыңыз!



- Күйеуге шық деп маған жүз рет ұсыныс жасаған шығар.
- Кімдер олар?
- Әкем мен шешем.



"Кім көп ішеді?" деген жарыс өтеді.

Қатысушылар: ағылшын, франсұз және орыс.

Ыдыстың түрлері: рөмке, ыстақан және шелек.

Ағылшын рөмкені қағып салады. Франсұз ыстақан мен рөмкені ішеді. Орыс шелектен бастайды. Сонан соң ыстақандағыны ішеді де, тоқтайды.

- Рөмкені неге ішпейсіз?
- Норма-өлшемім осы.





- Сұмдық! Жыл сайын бала туатын болдым!
- Ал сен күйеуіңмен екі жыл бойы жатпай қоймадың ба?
- Өйтпеш те көрдім. Көмектеспеді.



- Сот айыпкерге сұрақ қояды:
- Өзіңіз нан сатып алған наубайхананың терезесіне неге тас лақтырдыңыз?
  - Сот мырза, тас емес, сол сатып алған нанымды лақтырғам.



Санаторидің асханасында үстел басына еркек пен әйел бірге отырып қалады.

Еркек бірінші күні әйелге: "Сізге тұз әперіш жіберуге рұқсат етіңізші!" – дейді.

Әйел: "Әпере қойыңыз", – дейді.

Екінші күні еркек: "Сізге кампот әперіп жіберуге рұқсат етіңізші!" – дейді.

Әйел: "Әпере қойыңыз", – дейді.

Үшінші күні еркек: "Танысуға рұқсат етіңіз: Петя", – дейді.

Әйел: "Өте жақсы", – дейді.

Бесінші күні еркек: "Ертең кешке сіз не істейсіз?" – дейді.

Әйел: "Петя, қарқыныңызға қарағанда, сіздің жолдамаңыз, сірә, жарты жылдық шығар, ө?" – депті.



- Сіз өз күйеуіңізді сүйесіз бе?
- Әрине. Мен, жалпы, еркектерді жақсы көрем.



Мен сізбен танысқан заматтан бері тамақ жемейтін, темекі тартпайтын, ішімдік ішпейтін болдым.

- Соншалық мені қатты сүйіп қалдыңыз ба?
- Жоқ, оның бәріне ақшам қалмады.



- Жан сәулем, мен бүгін дүкенімді ерте жабам, алайда үйге кеш оралам. Сол есінде болсын!
- Жаным-ау, сол айтқаныңа қарай қам жасауға анық бола ма өзі?



- Саған ақымақтау әйел ұнай ма?
- Айтады екенсің. Әрине, ұнамайды.
- Ал енді ертеңгі тамағыңды да әзірлеп бере алмайтын әйел ше?
- Әрине, жоқ. Оны неменеге сұрайсың?
- Түк түсіне алмай-ақ қойдым, онда неменеге менің әйеліме қырындай бересің?



- Ашуға булыққан әйелі соңғы сөзін айтады:
- Оңбаған, көрмегенім сен болсын! Бәрі бітті, төркініме кетемін, жолыма ақша бер!
- Ері үн-түнсіз тиын-тебен ұсынады. Бергенін әйелі санап жіберіп:
- Ау, қайтар жолдың ақшасы қайда? — депті.



- Қанша жастасыз? — деп сұрайды әйел егде, бірақ жүрісі ширақ еркектен.
- Сексенге келіп қалдық, шырақ.
- Қойыңызшы? — дейді әйел шынымен таң қалып. — Мен сізге бермес едім!
- Маған керегі де жоқ, шырақ, бермей-ақ қой.



- Ауыл шаруашылығы институтында дәріс оқылып жатады:
- Бір асыл тұқымды бұқа күніне он екі рет қашыра алады.

- Кешірерсіз, профессор, қанша рет дедіңіз? — дейді алдыңғы жақта отырған әйел.
- Он екі рет. Күніне.
- Егер мүмкін болса, артқы қатарда отырғандар үшін тағы да қаттырақ қайталап айтыңызшы!
- Он екі рет болғанда, бір ғана сиырмен бе, жоқ, әр басқаларымен бе? — деп сұрайды артқы қатардан бір еркек.
- Әрине, әр басқасымен, — дейді профессор.
- Ендеше, соны тағы қайталап, алдыңғы қатардағылар үшін тағы бір айтыңызшы!



- Әйел жұмысқа көзінің алды көгеріп келеді.
- Ойбай, көзіңді кім көгерткен? — деп сұрайды қасындағылар.
- Күйеуім.
- Біз оны іссапарға кетті деп ойлап жүрсек.
- Мен де сөйтіп ойлағам.



- Алтыным, жаныма жылу беретін бір жақсы сөз айтшы!
- Шапан.



- Әй, естідіңдер ме: Сәдірбек ауруханаға түсіп қапты.
- Қалайша? Кеше ғана бір әдемі келіншекпен барда отырғанын көргем.
- Мәселе сонда ғой. Әйелі де соны көріпті.



- Зауыттың деректері демалыс үйіне жолдамамен өзінің әйелін және ашынасын жібереді. Олар қайтып келген соң, әйелі әкелген фотосуреттерді қарап отырып, демалыс үйіндегі еркек-әйелдің әрекеттері жайында жұқалап қана сұрайды.
- Сұмдық! — дейді әйелі. — Міне біреудің істегенін, — дейді ашынасын көрсетіп, — мен саған

айтып жеткізе алмаймын. Күн сайын бір жаңа еркек.

Қыңжылған бастық ашынасына келіп, оған да сол тәрізді байқау жасайды.

— О-ой, көп әйел бұзық жүріске салынды, — деп сөге сөйлейді ашынасы.

— Ал мына біреу ше? — деп, деректір өз әйелінің суретін көрсетеді.

— Ал дәл бұл жайында жаман сөз айта алмаймын, қалай күйеуімен келді, солай күйеуімен тып-тыныш қайтты.



Бір көңілді ортада Техастың шабандозы:

— Біздің Техаста бәрі үлкен болады. Бұзауы бұқадай, қызанағы қарбыздай, адамдарының саусағы білектей, бәрі сол ыңғайда үлкен болып келеді, — деп мақтаныпты.

Әлгінің мақтаны бір әйелдің ынтасын аударып, өзінің әлгі шабандозбен кездесуге қарсы еместігін сездіріпті.

Екеуі бірге түнеп шыққан соң, әйел көңілі толмай: — Сен: "Біздің Техаста бәрі үлкен", — деп сендіріп едің, — депті.

— Құдай ақы, мен шындықты айттым! — дейді шабандоз. — Бірақ мен сенің де Техастан екеніңді қайдан білейін?!



— Мен сіздің жүрегіңізді дәп ашық кітаптай оқи алатын сияқтымын!

— Жарайды, оқи беріңіз. Тек мұқабасына қол жүгіртпеңізші!



Сәдірбек франсүз әйелге үйленіпті. — Айтшы, қалай өзі? — деп туыстары қызығады.

— Бәрі тамаша!

— Әйеліңнің тіл жағы қалай?

— Тіл жағы да тамаша. Тек қатты қытығымды келтіреді.



Әйелі төсек салып жатса, біздің Ақаң теледидардан мәнерлеп сырғанаудан әйелдер арасындағы жарысты қарап отырады.

— Несі бар, мен міне біреу қызбен еркін бағдарламаны рахаттана орындап шығар едім! — дейді Ақаң.

— Жарайды, оны армандамай-ақ қой, — дейді әйелі, — көрерміз қазір міндетті бағдарламаны қалай орындап шығарыңды!



Ақаң мен Сәдірбек жолығып қалады. Ақаң әдемі киінген, қымбат темекі тартады.

— Ей, ақшаны қалай тауып жүрсің?

— Ене, жолын табу керек. Жарайды, саған үйретейін: мен өз әйелімнің қойнына тек ақша берсе ғана барам. Егер еденде болса, — бес. Төсекте — он. Ал егер әр түрлі әдіспен құбылту керек болса, онда жиырма бес алам.

Сәдірбек үйіне келе сала әйеліне айқай салады.

— Қатын, енді бұдан былай мен сенің қойныңа тегін жатады екен деп ойлама. Еденге жатсаң, — бес теңге бересің, төсекте — он, ал егер әр түрлі эротикалық әдіспен керек болса, онда жиырма бес теңге, ұқтың ба?

— Ұқтым. — Әйелі дереу барып әмианынан 25 теңгені суырып алып: — Кәне, әр түрлі әдіспен жасауға қалайсың? — дейді.

— Ойбай, тұра тұр, — дейді Сәдірбек даусы дірілдеп. — Кешкісін андағы жиырма бестің бәріне еденде-ақ бірдеме жасармыз.



— Мама, — дейді жұмысқа жақында орналасқан хатшы қыз шешесіне телепон соғып, — мен бүгін үйге кешігіп келем.

— Неге?

— Күндіз бір үлкен қателік жасап қойып едім, соны бастық кешкісін түзетуімді талап етіп жатыр...



Кешкісін әйелі партианың ірі қайраткерінің бірі саналатын күйеуінен сұрапты:

— Барлық жерде: “Қарсы жоспар, қарсы жоспар қабылдады”, — деп жатыр, ол не өзі?

— Саған оны қалай енді түсініктірек айтсам екен? Мысалы, мен үйге келгенде сен маған: “Бүгін екі рет сойтеік”, — дейсің. Ал мен саған: “Екі ретің не, жаным-ау, ақыр кіріскен соң, төрт ретке жеткізіп тоқтайық та”, — деймін. Бірақ екеуіміз де төрт рет түгіл біреудің өзі болса болатынын, болмаса ол да жоқ екенін іштей біліп тұрамыз.



Лифтіге ерлі-зайыптылар және бір әдемі орыс қызы мінеді. Еркегі өзі де байқамай қызға қарай жақындаңқырап тұрады. Кенет қыз еркекті шапа-лақпен шарт еткізеді.

— Бұдан кейін қыздарды шымшымайтын боласыз! — дейді ашуланып.

Лифіден шыққан соң, күйеуі таң қалып:

— Мен оны шымшыған жоқпын, — дейді әйеліне.

— Білем, — дейді әйелі, — оны мен шымшып алдым.



Әйелі күйеуінен:

— Неге сен осыншама кешігіп келесің? — деп сұрайды.

— Мен еркін адаммын, — дейді күйеуі, — қашан келгім келеді, сол кезде келемін.

Білер күннен кейін әйелі үйге таңғы алтыда оралады. Күйеуі:

— Қайда жүрсің? — дейді.

— Мен тәуелді адаммын, — дейді әйелі, — қашан жіберсе, сол кезде ғана келем.



Кеңес одағының ұшағы бұзылып, жаңғылға қонады. Екипаж бен жолаушылар адамжегіштерге тап болады. Әлгілердің көсемі әйелдерді бір жаққа, еркектерді екінші жаққа тұрғызуды бұйырады. Сонан соң қатардағыларға қарап тұрып: "Әйелдерді жейміз, еркектерді істейміз", — дейді. Әйелдердің бірі айқайлап: "Бізде еркекті істемейді", — дейді. Сонда еркектер бір-бірімен жарыса: "Істейді, істейді, істегенде қандай істейді", — деп бәрі тобымен шулап қоя береді.



Үш әйел жұмыстан үйге қайтып келе жатса, жолда бір мас еркек жатады, үсті-басы былғаныш, беті батпақтан көрінбейді. Кімнің күйеуі екені белгісіз. Біреуі тұрып:

— Кел, шешіндірейік, өркім өзінікін таниды ғой, — дейді.

Шешіндіреді. Бірінші әйел қарайды да:

— Бұл менің күйеуім емес, — дейді.

Екіншісі қарап:

— Иә, бұл сенің де күйеуің емес, менікі де емес, — дейді.

Үшіншісі келіп қарайды да:

— Жүріңдер, кеттік, — дейді. — Бұл еркек мүлде біздің ауылдікі емес.



- Бикеш, сізді жекешелендіруге бола ма?
- Алдымен өзіңіз купоныңызды көрсетіңіз!



Сәдірбек саяжайына барып шешініп тастайды да, күнге қыздырынады. Құдайдың жіберем десе, бәлесі жоқ па, гүлдің қауашағына онша ұқсаңқырамай тұрса да, әй, мұның да дәмін көрейінші деген болу керек, нәр жинап жүрген бір ара шалқасынан

жатқан Сәдірбектің сайманына тұмсығын бір сұғып алыпты. Баж ете қалған Сәдірбек ұшып түрегеп киінгенше әлгі жері гүп боп ісіп кетіпті. Даусын естіп, жүгіріп әйелі де жетеді.

– Қане, қай жерің? – дейді әйелі.

Сәдірбек көрсетеді.

– Оho! – дейді әйелі бір түрлі бөтендеу үнмен.

Шыдай алмай шыңғыра берген соң, әйелі жедел жәрдем шақырады. Дәрігер келіп ине салайын деп жатқанда, әйелі құлағына сыбырлайды:

– Ауырғанын қойғызсаңыз болды, ісігі қала берсін!



Шешесі баласына ақыл айтып отыр дейді:

– Балам, таңертең жұмысқа кетіп бара жатқаныңда алдыңнан егде кісі шықса, сәлем бер, бәлкім, ол әкең шығар. Бала жолықса, басынан сипа. Бәлкім, балаң шығар.



– Сәдірбек, оқып жатқаның не кітап? – деп сұрайды Ақаң.

– О, бұл бір ақылды кітап – ақырзаман. “Логика” деп аталады.

– “Логика” дегенді қалай түсінуге болады?

– Ол өзі өте ғылыми нәрсе. Ал жарайды, мен саған түсіндіріп көрейін. Естуімше, сенің үйіңде аквариум бар ғой деймін?

– Иә, аквариум балығымен бар.

– Демек, сен жан-жануарларды жақсы көресің.

– Иә, балықты, құс пен аңдарды жақсы көрем.

– Мінеки! Әрине, жан-жануарларды жақсы көрген соң, сөз жоқ, жалпы табиғатты да жақсы көресің?

– Әрине, жақсы көрем, кім табиғатты жек көреді?

– Табиғатты жақсы көрген соң, әрине, сен тоғайға барасың. Тоғайға қыздарды да қыдыртуға апарасың деп шамалауға болады?



- Иә, ондай да болатыны рас, апарам.
- Сен енді ересек жігітсің, тоғайға барған соң, ұмар-жұмар да боп қалатын шығар?
- Енді не деуге болады. Ол да рас, болып қалады.
- Демек, бұдан біз тиянақты тұжырым жасаймыз: сен әтек емессің! Міне, көрдің бе қайдан бастағанымызды, логикалық пікірдің қандай қортындыға әкелгенін!
- Иә, — деп таңданды Ақан, — мынауың нағыз ғылым екен!
- Ертесі Ақан Кәкенді кездестіреді.
- Амансың ба, ей. Кеше Сәдірбек мені логикаға үйретті. Енді мен саған үйретейін бе?
- Үйрете қой.
- Жақсы, ендеше. Алдымен сен маған мынаны айтшы: сенің балығың мен аквариумың бар ма?
- Жоқ.
- Е-е, бауырым, онда сен әтексің.



Грузияның жолымен орыс келе жатады, жолда оны грузин ініспектір тоқтатады.

— Сіз жолда жүру тәртібін бұздыңыз, грузин тілінде түсініктеме жазыңыз!

— Білмеймін ғой!

— Білгеніңше жаз!

Орыс әрі-бері отырған соң, ақ қағазды алады да, арасына 25 теңге салып ініспектірге береді. Ініспектір қағаздың арасын ашып қарайды да:

— Білмеймін деп едің, көрдің бе, жартысын жазып тастапсың, — дейді.



Армян радиосына сұрақ:

— Телемұнара мен әйелдің аяғында қандай ұқсастық бар?

— Өрлеген сайын жүрегің аузыңа тығылады.



Он бес жасар қызбен жыныс мәселесі жайында әңгімелесуге бола ма?

– Әрине, егер ой өрісіңді кеңейткің келсе.



– Әйелдің байы мен деректірдің арасында қандай айырма бар?

– Деректір өз орынбасарының кім екенін біледі, ал байы білмейді.



– Әйелдің күйеуі дегеніміз кім?

– Ол – ашынасының шаруашылық жөніндегі орынбасары.



– Еркектің шолақ дамбалының әйелдікінен қандай айырмасы бар?

– Әйелдікіне қолыңды тығасың, ал еркектікіне – аяғыңды.



– Бұрын әйелдерді неге әскерге алмаған?

– Өйткені олар: “Жатыңдар!” – деген бұйрықты дұрыс түсінбеген.



– Әйел еркекті миллионер жасай ала ма?

– Жасайды, егер еркек миллиардер болса.



– Өтек пен жас маманның арасында қандай ұқсастық бар?

– Екеуі де бәрін біледі, бірақ түк істей алмайды.



– Ең қаһарлы қару қайсы?

– “Аврора” зеңбірегі.

– Қалайша?

– Бір рет зірк етіп еді, соның өзінде қаншама дүниені қиратты!



– Егер шет тілде түс көретін болсақ, не істеу керек?

– Онда қасыңа аудармашы әйелді алып жатуың керек.



Әкесі баласына:

– Сенің жасыңда Наполеон сыныптағы ең үздік оқушы болған, — дейді.

– Иә, әке, ал сенің жасыңда Францияға император және Италияға кәрел болған.



Баласы шешесіне:

– Мен енді мектепке бармаймын! — дейді.

– Е, неге?

– Күрсыншы... Кәдірбек тағы рогаткамен атады. Ақжол оқулықпен басыма ұрады. Телтай аяғымнан шалады. Бармаймын!

– Жоқ, Игенжан, баруың керек. Біріншіден, жасың қырыққа келді, ал, екіншіден, мектептің деректірісің ғой.



Қалекең қонақ шақырып, ұлының бірінші сыныпқа барғанына тілашар жасапты. Қонақтар ырду-дырду боп отырғанда, бүгін бірінші рет мектепке барып қайтқан ұлы сөмкесін ашулана лақтырып жіберіп кіріп келіпті.

– Ой, не болды, балам?

– Неге сендер мені ылғи алдағансыңдар? “Насыбай, насыбай” деп жүргендеріңнің аты басқа екен ғой!



Балтық бойының халқы оптимист, пессимист және реалист болып бөлінеді. Оптимистер өз тілін оқып үйренеді, пессимистер Сібірдің қартасын оқып үйренеді, ал реалистер Калашниковтің автоматын атып үйренеді.



Бір еркек көкөніс дүкеніне кіреді.

— Қызанақтарың бар ма?

— Жоқ,

— Қиярларың ше?

— Жоқ,

— Алмаларың да жоқ па?

— Сіз өзі қандайсыз, бұл көкөніс дүкені ғой, анықтама бұйросы емес.



— Даяшы, мына паштетті таза қоян етінен жасалған дей аласыз ба?

— Қазіргі қиын жағдайды ескерін, біз оған ештеп сиыр етін қосамыз.

— Қандай мөлшерде?

— Тең мөлшерде: бір сиырға бір қояннан.



Нағыз еркек әйелдің пәлтөсін екі жағдайда ғана шешеді: егер әйелдің өзі ұнаса немесе әйелдің пәлтөсі ұнаса.



Нағыз еркек әйелге ешқашан қол жұмсамайды, егер әйел өзінен күштірек көрінсе.



Әйелге көп нәрсе қажет, соны ол бір ғана еркектен алғысы келеді, ал еркекке бір-ақ нәрсе қажет, оны ол көп әйелден алғысы келеді.



Нағыз еркек сонша сәнді киінбесе де, мейлінше тез киінуі тиіс.



*Үйге қарай жүгірме!*



Бойдақ еркектің үйленген еркектен айырмасы не? Бойдақ үй шаруасының бәрін өздігінен істейді, ал үйленгенде әйелі істетеді.



Бір еркек дәріханаға кіріп, сатушының құлағына сыбырлап бірдеме сұрайды.

— Қайдағы қорғану құралы? — дейді сатушы іренжш. — Бұл дәріхана ғой, Қорғаныс министірлігі емес.



Сәдірбек: Кешке дейін "Ақымақ" деген сөзді қайталай бересің. Маған, әйтеуір, қатысы жоқ па?

Ақан: Туу, соншалық атаққұмар болармысың. Жер бетінде сенен басқа ақымақ жоқтай-ақ!



Бір еркек төңірегіндегілерге еш назар аудармай, өзімен өзі сөйлесіп келе жатады.

— Ей, нағып өзіңмен өзің сөйлесіп келе жатырсың? — дейді танысы жолығып.

— Жақсы адаммен сөйлескеннің өзі бір рахат қой.



Мейрамханаға еркек кіреді. Үстелге отырады. Қасына даяшы келеді.

— Сәлеметсіз бе? Қандай тамақ сұрайсыз?

— Кәдімгідей: бірінші, екінші, үшінші және десертке бірдеме беріңіз.

— Бірінші бар, екіншіге ештеңе жоқ, өзімді бермесем.

— Ендеше, екіншіден екеу.



— Қарындасым, күйеу бала қайда істейді?

— Асыққанда — диванда, асықпаса — төсекте.



Еркек пен әйел жағажайда жатыр.

- Қарындас, бүгін кешке не істейсіз?
- Бәрін.



Франсүз әйелінен: "Ең рахат ләззәт алатын үш нәрсеңіз не?" — деп сұрапты.

- Алдынан — кофе, артынан — темекі.



— Әй, келіншек, сен ауырып қалғансың ба?  
— Е, не боп қалды?  
— Бүгін таңертең есігіңнен дәрігер шығып бара жатқан соң сұрағаным ғой.

— Е, ода не тұр? Сенің есігіңнен әскери адам шығып бара жатқанын көрсек те, соғыс басталған шығар деп ойламаймыз ғой.



Әйелдерге төрт кеңес:

Бірінші. Бойдақты сүйме: саған дейін үйленген жоқ, саған да үйленбейді;

Екінші. Жесірді сүйме: сені де өлтірші тынады;

Үшінші. Ажырасқанды сүйме: сенімен де ажырасып кетеді;

Төртінші. Үйленген еркекті сүй: өз әйелін сүйеді, сені де сүйетін болады!



Қалжыңбас еркек дүкеннің кезегінде тұрған әдемі келіншекке:

- Кезектің арты кім? — депті.
- Мен. Менің артым — сіз.



— Кеше он теңгеге бал аштырсам, "Күйеуің көзіңе шөп салады екен", — дейді.

— Он теңгеге ме? — деп сұрайды досы. — Мен саған оны тегін-ақ айтып беретін едім ғой.



Жігіт қызды биге шақырады.

– Сізді бола ма?

– Болады... Бірақ әуелі билеп алайық!



Жақсы қыздар жазушының шығармасын оқиды, жаман қыздар шығарманың авторымен ұйқтайды.



– Мына елексірден алыңыздар! Адамның өмірін ұзартады. Міне, маған қараңдаршы үш жүз жылдан артық жасадым.

– Шынымен-ақ сонша жаста ма? – деп сұрайды біреу әлгі сұмырайдың көмекшісінен.

– Қайдан білейін, менің қоластымда істеп жүргеніне бар-жоғы жүз-ақ жыл болды.



Гинеколог екіқабат әйелден:

– Күйеуіңіздің резусы қандай еді? – деп сұрайды.

Әйел ұяла жауап қатады:

– Шамасы, он сегіз сәнтіметір-ау деймін.



– Дәрігер жолдас, менің күйеуім қатты ауру. Не істеймін?

– Әуелі диагнозын қою керек. Шешініңіз де, күйеуіңіздің қай жері ауыратынын көрсетіңіз!



Пойыздың ішінде болған әңгіме:

– Біздің осы бүлініп жатқанымыздың бәріне еврейлер кінәлі.

– Және велосипедшілер, – дейді егделеу бір еврей.

– Неге велосипедшілер?

– Ал неге еврейлер?



— Абрам, неге кісінің көңіліне келеді-ау демейсің? Әйелім жүкті екен десем, кімнен дейсің?

— Кешірерсің, біледі екен ғой деп қалдым.



Орыс-жапон соғысында бір еврей ерекше көзге түсіпті. Одан қандай сыйапат алғысы келетінін сұрапты: Георгий кресін бе әлде жүз сом ба?

— Георгий кресінің құны қанша? — деп сұрапты еврей.

— Сұрағаныңа болайын, — депті әписер. — Крестің өз бағасы бір сомнан аспайды. Бірақ мәселе абыройда ғой...

— Түсінікті, — дейді еврей, — онда маған 99 сом мен кресті беріңіз!



Еврейді ОБХС-ке шақырыпты.

— “Волгаға” ақшаны қайдан алдыңыз?

— “Москвичім” бар болатын. Соны саттым, қалғанын қарызға алдым.

— Ал “Москвичке” ақшаны қайдан таптыңыз?

— Бұрын “ИЖ”-ім бар болатын, соны саттым, қалғанын қарызға алдым.

— Ал “ИЖ” алатын ақшаны қайдан таптыңыз?

— Ол үшін мен Сталин кезінде отырып шыққам.



Сара: Абрам, ваннасы бар бөлмеге перде сатып алу керек. Қасымызда — жатақхана, онда жас жігіттер тұрады.

Абрам: Басы артық шығынданып қайтеміз? Ваннадан сені көрген соң, олар өздері-ақ перде сатып алады.



*Тізеңді құшақтама!*





Бикешпен билеп жүреді де, Сәдірбек бір кезде сыртқа шығып кетеді. Үсті-басы су-су боп қайтып келеді.

— Немене, жауын жауып тұр ма? — дейді бикеш.

— Е, жоға, қатты жел соғып тұр екен.



— Жолдас майор! Капитан Петкин сіз емессіз бе?



— Алдымен адамдар өтеді, артынан біз барамыз, — дейді әписер.



Мыстан кемпір әдемі жігітті ұстап алып:

— Жұмбағымды тапсаң, мен сені қойныма алам; таппасаң, онда сені жеймін, — дейді.

Одан да жеп қойғаны жақсы деп ойлайды жігіт. Мыстан жұмбағын айтады:

— Өзі жасылдау, батпақта өмір сүреді, бақылдайды, аты "ба" дегеннен басталып, "қа" дегенге бітеді. Ол не?

— Шегіртке!

— Ах, бәлекет, тауып қойдың!



Екі жолдас қыз жолығып қалыпты.

— Ой, бүгін менің күйеуіммен бірінші некелі түнім. Қорқамын, сұмдық қорқынышты!

— Ой, жынды! Нағыз қорқынышты деп бала тапқанды айт.

— Ой, оны қойшы, түк те емес! Бір рет бала тапқам...



*Түнде ұй сыпырма!*



Алғашқы некелі түннен кейін күйеуіне аяқ киім алу үшін, жаңа үйленгендер дүкен аралапты. 46, 47, 48 мөлшерлі аяқ киімнің бәрі күйеуіне тар келіпті.

— Кешірерсіздер, бұдан үлкен мөлшерлісі бізде жоқ, — депті дүкенші.

Сыртқа шыққан соң:

— Сонша неғып аяғың үлкен болған? — дейді әйелі.

— Мен ауылда өстім ғой, бала кезімізде ылғи жалаңаяқ жүретінбіз.

— Оданда жалаңбұт жүргенінде ғой!



Одессаның базарында бір еркек тотықұс пен күркетауық сатып отырады.

— Тотықұсыңыз қанша тұрады?

— Миллион.

— Сөйлей ме өзі?

— Сөйлейді.

— Не айтады?

— “Сен ақымақсың”, — дейді.

— Саған айта ма?

— Егер сатып алсаң, саған: “Сен ақымақсың”, — дейді.

— Ал мына күркетауығың қанша?

— Он миллион.

— Немене, ол да: “Сен ақымақсың”, — дей ме?

— Жоқ... Ол тек солай ойлайды.



— Дәл биылғы жылдың еркегі қандай?

— Бір бөтелкені азсынады, бір әйелді көпсінеді.



Балқудың шегіне жеткен әйел еркекке:

— Наталиа Ростованы кінәздің сүйгеніндей сүйші, Дездемонасын құшқан Оттелoша

қушақташы, Жүлеттесіне көз сүзген Ромеоша қарашы, жаным! — дейді.

— Мен ол былжырақтардан тек Чеховтың “Каштанкасын” ғана оқығам. Мықтағанда күйрығыңды қыршып алу ғана келеді қолымнан.



Құжаттарды қабылдап жатып шенеунік:

— Күтіңіз. Жасаймыз, — дейді.

— Қашан?

— Көреміз.

— Онда, ертең келейін?

— Келіңіз.

Қуанған еркек болған жағдайды дереу көршісіне айтады. Оның бір ай жүріп зорға алған анықтамасын бір-ақ күнде алатын болғанына мақтанады.

— Саған не деп айтты? — дейді көршісі.

— Күту керек.

— Дәп өзі! Күту керек! Күтудің мәнін түсінгенше мен бір ай саңдалғам.



Ауру дәрігерге келеді.

— Дәрігер, сіз маған екі-үш аптадан аспай өлесіз деп едіңіз... Күдайға шүкір, үшінші ай өмір сүріп жатырмын.

— Демек, сізді дұрыс емдемеген.



Петка мамандығын арттыру курсың оқып Америкадан оралады. Чапаев қарсы алады.

— Ал, Петка, әңгімеңді айтшы, не оқып қайттың?

— Вәсіл Иванның, үш ғылымды оқып қайттым: логика, психология және диалектика.

— Кәне, сол ғылымдарың туралы айтшы!

— Жарайды, Вәсіл Иванның. Мысалға екі адамды алайық; біреуі — таза, екіншісі — кір.

Қалай ойлайсың, осы екеуінің қайсысы жуынуға бұрын барады?

— Әрине, кірі бұрын барады.

— Дұрыс, Вәсіл Иванныш. Логика дегеніміз — осы. Ал енді осыны басқа жағынан алып қарайық, Таза адам неге таза? Өйткені ол жуынады, ал кірі жуынбайды. Ал қайсысы бұрын барып жуынды?

— Тазасы.

— Дұрыс, тазасы. Бұл, Вәсіл Иванныш, психология.

— Тұра тұр, Петка, өзі таза бола тұрып таза адам неге бірінші жуынуға барады? Мен осы арасын онша түсіне алмай тұрмын.

— Ә, Вәсіл Иванныш, диалектика дегеніміз — осы!



Дәрігерге біреу өзінің еркектігі әлсіреп жүргендігін айтады.

— Әйеліңізбен жатқан сәтте нені сездіңіз?

— Бірінші рет суықты, екінші ретте ыстықты ғана сездім.

Дәрігер аң-таң боп, әйелін шақыртып ап жөн сұрайды.

— Е, не таң қалатыны бар? — дейді әйелі. — Бірінші рет ақпанда, екінші рет шілдеде болған.



Сот:

— Сонымен, айыптаушы, істің қалай болғанын айтыңыз!

— Айтатын несі бар? Үйге келдім. Әйелім төсекте жатыр екен. Кешілерсіз, тырдай жалаңаш. Терезе ашық тұр. Қарасам, мына біреу жүгіріп келеді. Бұтында дамбалы ғана бар. Тумбочканы алдым да, осыған жіберіп кеп қалдым.

— Жапа шегуші, енді сіз айтыңыз! — дейді сот.

— Мен үш мың метірлік кроссқа жүгіріп келе жатқам, кенет терезеден тумбочка маған қарай атылды...

– Түсінікті. Ал сіз не айтасыз? – дейді сот әйелге.

– Күн ыстық болатын. Мен шешініп тастап терезенің түбіндегі төсекте жатқам. Кенет күйеуім кіріп келді де, тумбочканы көшеге қарай лақтырды.

– Түсінікті. Енді куәге сөз берейік.

– Менің бұл оқиғаға еш қатысым жоқ. Мен тумбочканың ішінде тып-тыныш отырғам.



– Зорлап жатыр, көмектесіңдер!  
Жетіп-жетіп келді де, көмектесті.



Н.С.Хрущев шошқа фермасында болды. "Правда" газетінің саралқасында бірінші бетке баратын суреттің астына не деп жазу талқыланды. "Хрущев жолдас шошқалардың ортасында", "Шошқалар Хрущев жолдастың айналасында" дегенді бәрі ұнатпайды. Таңертең суреттің астынан жұрт мынадай мәтінді оқыды: "Сол жақтан үшінші – Хрущев жолдас".



Брежнев бастаған Саяси Бұйроның мүшесі Кубаға ұшып бара жатады. Атлант мұхитының үстінде ұшақтың астыңғы жағы жұлынып кетеді. Бәрі жоғарыдағы біліктен шап беріп ұстап үлгереді. Ұшақ құлай бастайды. Жолаушыларға радиодан тілек айтылады.

– Жолдастар! Іштеріңізден біреу өзін құрбандыққа шалмай болмайды, сонда ұшақ түзеліп, дұрыс жағдайда ұшады. Ол үшін қолыңызды жібере салсаңыз, жетеді.

Брежнев жеткірінеді.

– Қымбатты жолдастар! Мен партия мен халықтың сенімді ұлымын. Талмай еңбек еттім... Талай тамаша істі жүзеге асырдым. Сол үшін

сан рет сыйапат көрдім... Солардың бәрін ескере келіп, бұл құрбандыққа бірінші мен баруым керек!  
Сол кезде бәрі ду қол соғып жіберді.



Жапондықтар біздің зауытты аралап көреді. Цехты, станоктарды көрді. Құрмет тақтасының қасына келеді.

— Біз бұл араға жақсы жұмыс істейтіндердің портретін ілеміз, — дейді бір басшы түсіндіріп.

— Оны ғой біз ұғып тұрмыз, — дейді жапондықтар, — тек біз бұлардан басқаларды неменеге ұстайтындарыңды ұқпаймыз.



Бір жас жігіт, бардан шыққан соң, жас келіншекті үйіне әкеледі.

— Менімен ұйқтап шығуға қарсы емессің бе?

— Менде ондай болған емес.

— Қалай, еркекпен ұйқтап көрмедің бе?

— Жоқ, қарсы боп көрген емеспін.



— Бикеш, сіз менің жақсы көрген бірінші адамсыз.

— Түу, бұл аптада жолым болмай-ақ қойды: тағы тәжірибесізге тап келіппін.



— Бикеш, мен сізді сүйемін!

— Қашаннан бері?

— Екі апта болды.

— Ойбай-оу, қаншама уақытты құр бекер жібергенбіз?!



Түн. Төсекте.

— Вася, сен мені сүйесің бе?

— Сүймесем, не істеп жатырмын?

— Үйленейік те.

— Жарайды, телепонмен сөйлесеміз ғой.



- Туған күніме не сыйлайсың?
- Тамаша түнді.
- Егер мен келіспесем ше?
- Онда сыйлықсыз қаласың?



- Екеуің араздасып қалғансыңдар ма?
- Иә.
- Не үшін?
- Кеше: "Үйленейік!" – деп ұсыныс жасайды.
- Оның не сөкеттігі бар?
- Алдыңғы күні ұсыныс жасап, мен оған сонда келісіп қойғам.



Жас әскер:

- Келе жатқан кім? Пәрөліңді айт!
- "Көкек".
- "Көкек" емес, "Қыран". Өте бер!



Жаңа үйленген еркек әйелінен:

- Қымбаттым, шыныңды айтшы, маған дейін қанша еркек көрдің? – деп сұрайды.
- Ұзақ үнсіздік.
- "Іренжіп қалды-ау", – деп ойлайды күйеуі.
- Бір сағаттан соң тағы тіл қатты:
- Әлі іренжіп жатырсың ба?
- Жоқ, әлі санап жатырмын.



Көп жасқа келген егде әйел күйеуіне:

- Қарашы, шашымды қып-қысқа етіп кестіргіп едім, енді кемпірге ұқсамаймын ғой, ә?
- Әрине! Енді шалға ұқсайсың.



Дәрігер келушіден сұрайды:

— Ұйқыңыз қалай?

— Нашар! Кешкісін ерте жатам, ертесі кеш оянам, бірақ есесіне түстен кейін сағат бойы дөңбекшіп ұйқтай алмаймын.



— Сен менменсің, — дейді әйелі, — екі сөзіңнің бірі — "мен". "Менің мәшинем, менің үйім, менің жалақым", — дейсің де жүресің. Есінде болсын: бұл үйде ештеңе сенікі емес! Бәрі біздікі — ортақ. Шкапты қопарыстырып не іздеп жүрсің?

— Біздің шалбарымызды.



Күйеуі таңертең ақырын үйге кіріп, аяғының ұшымен басып жатын бөлмеге барады... Төсектің қасына келіп шешіне бастайды.

Әйелі көзін ашып, таңдана сұрайды:

— Таң атпастан қайда барасың?

— Көрші ауданға іссапарға, — дейді де, күйеуі қайта киіне бастайды.



Психиатыр аурудан сұрайды:

— Осы мен итпін-ау деген ой басыңызға қашан келді?

— Әлі күшік кезімде келген болатын.



— Жыңды мен жүйкесі жұқарған адамның айырмасы неде?

— Жыңды: "Екі жерде екі бес болады", — дейді. Ал жүйкесі жұқарған екі жерде екінші төрт болатынын біледі, соған жыны келеді.





- Алло? Марина үйде ме екен?
- Жоқ, Егер сіз Юра болсаңыз, онда бұдан былай сізге келудің қажеті жоқ, Егер Володя болсаңыз, ертең кешке телефон соғыңыз. Ал Сережа болсаңыз, бұрыштағы кафеде сізді күтіп отыр.



- Автобустың іші лық толған жолаушы.
- Кешірсіз, сіз млісада істемейсіз бе?
  - Жоқ,
  - Бәлкім, қауіпсіздік комитетінде істерсіз?
  - Жоқ,
  - Әскери де адам емессіз бе?
  - Е, жоға.
  - Еңдеше, қай бетіңізбен аяғымның үстінде тұрсыз?



- Махаббат пен тамақ жеу өнерге жата ма, жоқ па?
- Оны білгіштер ғана біледі.



- Қаншаға келдіңіз?
- Қырыққа жақындап қалдық қой.
- Қай жағынан.



- Ақанды жолдан МАИ қызметкерлері тоқтатады.
- Аға, жаппай тексеру, мына түтікті үрлеңізші! Егер арақ-шарап ішкен болсаңыз, түтік көкпеңбек боп кетеді.

Ақаң үрлейді, түтік өзгермейді.

- Бұзылып қалған ба?

МАИ қызметкері түтікті алып сілкіп-сілкіп жібереді де, өзі үрлеп көреді. Түтік көкпеңбек боп кетеді. – Аға, жүре беріңіз, мынау бұзылып тұр екен.



Ерлі-зайыптылар кішкентай ұлымен бірге мәшинеден келе жатса, МАИ қызметкері тоқтатады.

— Мына түтікті үрлеңіз! Егер ішкен болсаңыз, түтік көкпеңбек боп кетеді, — дейді рүлдегі еркегіне.

Күйеуі үрлесе, түтік көгеріп кетеді.

— Сіз мәшинені ішіп ап айдап келеді екенсіз, — дейді МАИ қызметкері.

— Мүмкін емес. Мұнда бір кілтипан бар. Әйеліме үрлетіңізші.

Әйелі үрлейді. Түтік көгеріп кетеді.

— Бәсе, бір кілтипан бар. Балама үрлетші!

Баласы үрлесе де, түтік көгеріп кетеді.

— Айттым ғой, бір кілтипаны бар, — дейді еркек иығын қиқайтып.

— Кешірерсіз, жүре беріңіз! — дейді МАИ қызметкері.

Былай шыға бере күйеуі әйеліне бұрылады:

— Көзің енді жетті ме, балаға елу грамм ішкізіп қойғанның ешқашан зианы жоқ.



— Ішкен кезде неге көзіңді жұмасың?

— "Енді рөмкеге қарасам, көзім шықсын", — деп әйеліме қарғанып ем.



Сәдірбек мәшине сатып алады. Түске дейін Ақаң оған жүргізуді, тоқтатуды үйретеді. Түстен кейін мәшинеге отырады да, өңі-түсі бұзылып үйге қарай жүгіреді.

— Міліса шақырыңдар! Мәшиненің рүлін, алдындағы бүкіл тетігін біреу ұрлап кетіпті, түк қалдырмапты.

Соны айтып, өзі қайтадан мәшинеге қарай жөнеледі.

Аздан соң жығылып-сүрінші үйіне қарай қайта жүгіреді.

— Табылды! Мілісаны шақырмай-ақ қойыңдар. Мен мана артқы орындыққа отырған екем.



— Еврейлер жайында анекдот деген қаншама, сұмдық?!  
— Шынында, тым көп, енді негірлер жайында айтайықшы. Айдалада құмның ішінде Абрам мен Сара деген екі негір келе жатады...



Генерал немерелі болады. Ол көмекшісін босану үйіне жұмсайды. Қайтып келіп, көмекшісі асыға-үсіге баяндайды:

— Тақсыр генерал, сізден айнымайды: жалтыр бас, іші қампиған, ештеңені ұқпайды, тек жылай береді.



Ішкі істер басқармасынан барлық мілиса бөлімдеріне қылмыскердің алты түрлі қырынан түсірілген фотосуреті жіберіледі. Көп ұзамай бір бөлімнен хабар түседі:

— Бесеуін тауып ұстадық, алтыншысын бақылауға алдық.



Бір отбасында тоғыз бала бар екен. Әйелі бір күні күйеуіне ақыл айтады:

— Жақында президенттің жарлығы болады екен. Кімде-кімнің он баласы болса, оған бес бөлмелі үй беріп, әр балаға ай сайын 500 теңге төлеп тұрады екен. Арқада некесіз туған бір балам бар деп жүр едің ғой, соны барып алып келсеңші!

Күйеуі үш күннен кейін қайтып келсе, үйде жалғыз әйелі ғана отыр.

— Балалар қайда?

— Кеше келіп бәрін өз әкелері алып кетті.



Түнде келе жатып кеме қирайды. Кішкене аралға жүзіп шығып төрт еркек аман қалады: жиырмадағы жігіт, отыздағы, елудегі және жетпіс-

тегі шал. Таңертең төртеуі оянса, көрші бір жақын аралға төрт әйел де жүзіп шыққан екен.

— Қыздар, қазір қастарыңа барам! — деп, жиырмадағы жігіт дереу суға қойып кетеді.

— Су суық екен — дейді отыздағы еркек суға аяғын малып көріп. — Сал сияқты бірдеме жасап алайық та, әйелдерге жүзіп барайық.

— Бірдеме жасап, жүзіп әуреленудің керекі не? — дейді елудегі еркек. — Әйелдердің өзі-ақ келеді.

— Е, оларға келудің де қажеті жоқ, — дейді жетпістегі шал. — Менде дүрбі бар ғой.



Сағалбай Жанбаев Мәскеудің жоғары партия мектебінде оқып жүргенде, логикадан емтихан тапсырыпты.

— Жолдас профессор, — депті Сәкең, — жауабым түсінікті болу үшін, мысалмен айтсам қайтеді?

— Мейліңіз.

— Мен — қазақпын. Бұл — біріншіден. Қазақтар етті жақсы көреді. Бұл — екіншіден. Демек, мен де етті жақсы көрем. Бұл — қортыңды.

Профессор жымиа күліп, дұрыс баға қойып беріпті.



Маймыл бананның қабығымен суды шалпылдатып отырса, қасына қолтырауын жүзіп келеді.

— Не істеп отырсың?

— Бір доллар берсең, айтам.

— Мә, кеңірдегіңе тықсаң! Ал енді айтшы, не істеп отырсың?

— Бананның қабығын суға малып отырмын.

— Сол-ақ па?

— Сол-ақ.

— Түу, нағыз жыңды екенсің!

— Жыңды болсам жыңды шығармын, бірақ отыз доллар таппай бұл арадан кеткен емеспін.



Газеттегі жарнама:

"Жас келіншек жұмысқа орналасқысы келеді. Жасы 30-да, білімі жоғары, бойы 1,5 метір, әдемі, еуропалық тәрбие көрген, мәдениетті, көзі көк, белі жіңішке, шашы қара, қасы қиғаш, аузы оймақтай, төсі төс-ақ. Жақындасуға пиғыл білдіруге болмайды. Орысша айтқанда: "Ингим не предлагать!"



Абылайдың алдына Бөгембай батыр келеді:

— Хан ием, әскери кеңеске ақын да кірсін дегеніңіз не?

— Жиырмансыншы ғасырдың ақын-жазушылары Абылай ақын-жазушыларды жек көрген екен деп жүрмесін дегенім ғой.



Франсиада "Әле-Банк" деген банкі ашылады. Оған бір кісі телепон соғады.

— Әле! Бұл банкі ме?

— Иә. Сізге не керек?

— Көп ақшам бар еді. Соны сіздердің банкіге салып қойсам деп едім.

— Жауап күтіңіз... Күтіңіз.

Күтеді. Бір кезде есігі қағылады. Ашады. Үш жігіт кіреді. Қолдарында автомат, беттерінде маска.

— Әлені шақырған сіз бе?



Ақаң Сәдірбекке 2 мың тұтас теңгелікті ұстатады.

— Мынаған бір ақ әкелші, ішейік!

— Бір ғана ақ әкелейін бе, жоқ бәріне бірақ әкелейін бе?



Ақаң мен Сәдірбек өздері жетік білетін тақырыпта сырласып отырады.

— Ата-бабамыз неғып көп әйел алуға құмар болды екен? — дейді Ақаң таңданып.

— Құмар болды дейсің бе? Әр апта сайын жаңа әйелді айналдырып жүруге ақшасы жетпеген соң, әубастан алып қойғанды дұрыс көрген ғой.

— Жо, ылғи өз әйелдерімен бола бергенге жалықпай ма екен дегенім ғой?

— Қайдам. Кезегі айналып келгенше, олардың өзі де бөтен әйел құсап қалатын шығар.



Ақаң мен Сәдірбек әлі сол тақырыпта сырласып отыр.

— Ақа, сен франсүз, ағылшын әйелдерімен болып көрдің бе?

— Жоқ, Жаркенттен басқа жаққа барып көрмесем, қайдан көрем?

— Мен көрдім.

— Е, қалай екен?

— Таңертең ояnsам, франсүз әйелі күлімдеп қасымда жатыр. "Сүйіктім, маған соншалық рахат болды. Менің атым — Катрин. Мә телепоным. Тек хабарласып тұр", — деді. Ал ағылшын әйелі мен оянғанша киініп алыпты. "Сәдіржан, түрегелесің бе? Түнде бәрі тамаша болды. Менің атым Кетти. Таңғы тамағың үстелдің үстінде тұр. Уақытың болғанда, тағы келіп тұр!" — деді күлімдеп.

— Мен, ендеше, жақында бір қазақ келіншекпен болдым, — деді Ақаң. — Таңертең оянып алып құлақ етімді жеді. "Ойбай-ай, енді қайтіп ел-жұрттың бетіне қараймын?!" — дейді.



— Мен әйеліммен ажырасам.

— Е, не болды?

— Түн ортасында мені оятып алып: "Сүйіктім, кететін уақытың болды!" — дейді.



Әйелі таңертең дәрігерге кетеді. Кешкісін күйеуі жағдай сұрайды.

— Дәрігер не деді?

— Махаббатпен мықтап айналасуыңыз керек дейді. Айына аз дегенде жиырма рет.

— Жақсы. Екі ретін маған қалдырарсың.



Жаңа үйленгендер екі апта бойы күні-түні бірге болған соң, мейрамханаға барады.

— Не бұйырасыздар? — дейді даяшы.

— Сүйіктім, маған не қажет боп тұрғанын білесің бе? — дейді әйелі күйеуіне.

— Білем, жаным. Бірақ ара-арасында тамақтанып та алуымыз керек қой.



— Егер сен осы ботқаны жемесең, онда мен Мыстан кемпірді шақырам!

— Шақыра бер, бәрібір ол да жемейді.



Бір инетел Қазақстанға өзінің жансызын жұмсайды.

— Н. деген қаласына барасың. Үйсін дәуірінен қалған қорған бар, соған арқанды беріп тұрып, шығысқа бір оралым жүресің де, оңға бұрыласың, тағы екі оралым тура жүресің де, солға бұрыласың, үлкен үйге кезгісің. Ол — құпия зауыт. Соның не шығаратынын біліп қайт!

Жансыз Н. қаласына келеді. Үйсін дәуірінен қалған қорғанды әрі іздейді, бері іздейді, таба алмайды. Сонан соң көшеде кетіп бара жатқан бір кемпірді тоқтатып, қорғанға қалай баруды сұрайды.

— Мына тұрған үй — құпия зауыт, — дейді кемпір. Атом бомбасының атылатын басын жасайды. Осыдан оңға бұрылған соң екі оралым тура жүресің де, үйсін қорғанына барасың.



Ақаң мен әйелі мәшине сатып алады. Айдап көргілері келеді. Ақаң айдап келе жатып, алдынан бір топ әйел шыға келгенде, сасқанынан көшедегі бағанды барып соғады.

— Келдік, — дейді боқтанып.

— Ал айдалада бағаны жоқ жерде келе жатсаң, қалай тоқтатасың? — дейді әйелі.



Пойызда келе жатып Ақаң мен Сәдірбек және бір-екеу қарта ойнап отырады.

— Міліса мен есектің қандай айырмасы бар? — дейді Сәдірбек анекдот бастағысы кеп.

Сырттан соны естіп қалған мілісенер кіріп келеді.

— Ал, қане, айта қойыңыз, қандай айырмасы бар?

— Ой, көкетай, ешқандай айырмасы жоқ, — дейді Ақаң абыржып.

— Ә, солай ма екен! — дейді мілісенер қоқилана шығып бара жатып.



Ақаң мен Сәдірбек тағы ұшырасып қалады.

— Жетеді енді, ажырасам! — дейді Сәдірбек бірден ойын лақ еткізіп.

— О, не болды сонша бүлініп?

— Шаршадым, күнде сыраhana мен мейрамхананы түгел бір сүзіп шығады?

— Соншалық іпкіп пе қатының?

— Іпсе, қуанар ем ғой. Мені іздеп аралайды.



— Үйлену дегеннің не екенін түсіндірші! — дейді Ақаң Сәдірбекке.

— Әуелі күйеуі сөйлейді, әйелі тыңдайды. Сонан соң әйелі сөйлеп, күйеуі тыңдайды, одан кейін екеуі жарыса сөйлеп, көршілері тыңдайды.





— Мынандай азаматты қалайша ұры деп атайсыз? Қараңызшы, әп-әдемі киінген ғой?

— Енді қалай деп едіңіз? Менің су жаңа көстөмімді киіп ап тұрған жоқ па?



— Петя, кешікпей сен мектепті бітіресің. Біз шешең екеуіміз сенің дәрігер болғаныңды қалаймыз.

— Папа, о не дегенің? Өзің білесің ғой, мен шыбынды да өлтіре алмаймын.



Ақаң мен Сәдірбек жолығысып қалады.

— Ақа, денсаулық қалай?

— Құдайға шүкір.

— Әлі әйелден қалған жоқсың ба?

— Өзірге қала қойғам жоқ, бірақ бұрын әйелге жеткенше көне ме, жоқ па деп ойлап барушы ем, қазір тұра ма, жоқ па деп ойлап баратын болдым.



— Сәдірбекжан, адамның өмірі үш түрлі кезеңге бөлінетінін білесің бе?

— Е, жоға, Ақа. Қандай?

— Бірінші кезең: түнімен ішесің, ойыңа келгенді істеп қыдырасың, ал таңертең түріңнен ештеңе де байқалмайды. Екінші кезең: түнімен ішесің, ойыңа келгенді істеп қыдырасың, ал таңертең түріңнен бәрі білініп тұрады. Үшінші кезең: түнімен ұйқтайсың, ал таңертең түрің түнімен ішіп, ойыңа келгенді істеп қыдырған адамдардікіндей болады.



— Көке, сізге бір нәрсе айтайын деп едім.

— Өте асығыспын. Әрі қысқа, әрі нұсқа ғып ғана айтшы.

— Мың теңге!



Ақаң мен әйелі Қастеев атындағы мұражайға келеді. Киім ілгіштің сыртында әне жерін ғана жапырақпен жауып қойған жалаңаш әйелдің мүсініне қарап Ақаң тұрады да қояды. Әйелінің күте-күте шыдамы таусылады:

— Ей, жүресің бе, жоқ, күз түскенін күтесің бе?



Ақаңа Сәдірбек жолығады.

— Ақа, кешке стадионда у-шудан жарыс өтеді, соған кел!

— Әйелім жіберсе, келем ғой.

— Егер жібермесе, белдігіңді шеш те, әкесін танытып соқ!

Ертесі екеуі қайта жолығады.

— Қалай, айтқанымды істедің бе?

— Істедім. Белдігімді шештім де, дереу етегін түрдім. Қарадым да: “У-шудың маған не керегі бар?” — деп ойладым.



— Апа, қар неге аппақ? Оны біреу жуып қойған ба?



— Васіл Иваныш, ақымақ деп кімді айтады? — деп сұрайды Петка.

— Не айтқанын адам түсінбейтін кісіні айтады. Ұқтың ба?

— Жоқ.



Байкөл — Амур магистраліне міністір келеді. Ешкім қарсы алмайды. Қарауылға:

— Ат мылтығыңды! — дейді міністір. — Ел жиналсын!

Қарауыл атады. Ешкім қыбыр етпейді.

— Тағы да ат!

Қарауыл тағы да атады. Жатақхананың бір терезесі ашылып, біреу ұйқылы-ояу айқайлайды:

- Неменеге атқылап кеттің?
- Міністір келіп қалды, — дейді қарауыл ақталып.
- Немене, келсе?! Бір атқаннан тигізе алмадың ба?



Кішкене бала шешесіне сауал қояды:

- Мама, бізді құдай асырайтыны рас па?
- Әрине, балам.
- Бала шанадан түсіп қала ма?
- Иә.
- Сыйлықты Аяз-ата әкеле ме?
- Иә, балам.
- Мен түсінбеймін, онда папаның бізге қажеті қанша?



Жаңа танысқан сүйіспенділер мейрамханаға келеді. Тамаққа тапсырыс беруді ұмытып, екеуі бір-біріне ішіп-жеп қарай береді.

- Сен сондай тәттісің, жеп қойғым келеді.
- Мен де сені жеп қояр едім.

Үстелдің қасында күтіп тұрған даяшы жөткірінеді:

- Ал не ішесіздер?



Экономикалық болжам:

Әуелі жаман болады, сонан соң өте жаман, сонан соң өте-мөте жаман болады, ал сонан кейін сәл жақсарады да, сонан соң жай жаман болады.



Телефон шырылдайды. Күйеуі без ете қалады:

- Көтерші! Егер мені сұраса, "Өкінішті, бірақ менің күйеуім үйде жоқ", — де.

Әйелі телефонды тыңдап тұрады да:

- Өкінішті, бірақ менің күйеуім үйде, — дейді.
- Ой, сайтан алғыр, саған ескерттім ғой!
- Ойбай, жаным-ау, сені сұрап жатқан ешкім жоқ қой.



Ақаң мен Сәдірбектің балалары жан-жануар туралы кітапты қарап отырып, бәстесіп қалады.

— Болады, — дейді Ақаңның баласы.

— Болмайды, — деді Сәдірбектің баласы.

— Жүр, менің әжемнен сұрайық.

— Сұрасақ, сұрайық. — Жүгіріп екеуі үйге келеді.

— Әже, сен енді бала туа аласың ба?

— Жоқ, шырақтарым, енді туа алмаймын.

— Әне, айттым ғой, — дейді Сәдірбектің баласы. — Әжем еркек десе, нанбайсың.



— Ешқашан ақымақпен таласпа! — дейді Ақаң.

— Неге? — деп сұрайды Сәдірбек.

— Жұрт кімнің кім екенін ұға алмай қалады.



— Сен, осы, ақымақтардан неге қорқасың? — деп сұрайды Сәдірбек Ақаңнан.

— Бір ақымақ, — бір ақымақ. Екі ақымақ — екі ақымақ. Ал он мың ақымақ, — ол саяси күш. Сондықтан қорқам.



— “Запорожец” мәшинесіне неге радиокондырғы орнатпайды?

— Бәрібір түк естімейсің, екі тізең екі құлағыңды жауып қалады.



— Әйелімнің мені алдап жүргеніне енді көзім анық жетті.

— Қайтп?

— Кеше Айгүлдікінде болдым дейді. Ал кеше Айгүлдікінде ол емес, мен болғам.



Сәдірбек: "Қызды көндіру керек, әйелмен келісу керек".



Ақаң: "Алғашқы зина түні некелескенге дейін болу керек, әйтпесе ол емтихан емес, көрсеткі жарыс боп кетеді".



Сәдірбек: "Егер еркекті көргенде, көзін әйел төмен түсірсе, онда оның ұяты болғаны. Ал егер әйелді көргенде, көзін еркек төмен түсірсе, онда ол – арсыз".



Ақаң: "Әйел екі жағдайда ғана бөтен еркекке көз салмайды: өз күйеуін ешкімге ұқсамайтын айрықша деп санаса немесе барлық еркектің бір-бірінен айырмасы жоқ деп санаса".



Сәдірбек: "Күйеуімді жалықтырып алмайын деп, әйел көйлегін ауыстырады, ал еркек әйелімді жалықтырып алмайын деп, әйел ауыстырады".



– Мен ешкімге өз есемді жіберіп көрген емеспін. Егер жұмыста бастығым маған айқайласа, дәл сол күні кеште мен де әйеліме айқайлаймын.



Төрт әйел курорттан қайтады.

– Үйге келген соң, бәрін түк қалдырмай күйеуіме айтып берем, – дейді біріншісі.

"Оһо, қандай ержүрек әйел!" – деп ойлайды екіншісі.

"Оһо, нағыз ақымақ екен!" – деп ойлайды үшіншісі.

"Оһо, бәрін қайтіп есіне сақтады екен!" – деп таң қалады төртіншісі.



Бір ауру түн ішінде дәрігердің есігін қағады. Есікті әйелі ашады.

- Күйеуің үйде ме? — деп сыбырлайды ауру.
- Жоқ, — дейді әйел де сыбырлап, — бол, тез кіріп кет!



Екі милисенер қарулы қылмыскерді қолға түсірмек болады. Есікке жақындағанда бірі:

- Сен алдымен кір, — дейді, — мен сенің кегінді алам!



Мариванна оқушыларға әдептілік жайында түсіндіреді.

- Баспалдақпен келе жатқанда ер адам әйелдің үнемі алдында жүруі керек. Неге өйтетінін қайсың білесіңдер?

Вова қолын көтереді.

- Мен айтайыншы! Әйел өйткені еркектің қай қабатта тұратынын білмеуі мүмкін ғой.



Достарының арасында франсүз әйелі сыр ашады:

- Біздің үйдің қасындағы қонақүйге бір еркек орналасыпты. Ой, сондай арсыз! Арсыз болғанда сұмдық! Қонақүйдің қасынан үйіме өтіп бара жатсам, қолымнан ұстай алды да, зорлап жіберді. Екінші рет өтіп келе жатыр ем, тағы зорлады.

- Қандай арсыз! — деп шулайды достары.
- Бірақ мені қорқыта алмайды, бүгін тағы сол жерден өтемін!



Вова сабақ үстінде мұғалимаға тілхат жазады: "Мария Ивановна, мен сізді сүйем!" Тілхатты оқын көріп, мұғалима былай дейді:

- Воважан, мен балаларды сүймеймін.
- Мариванна, бізде бала болмайды, ол жағын мен ойластырам.



Ақаңа Сәдірбек: "Тұрмысыңды тым жақсы қыла көрме! Көршілеріңді ая!"

Сәдірбекке Ақаң: "Ақымақ еркек бәрі үшін әйелін кінәләйді, ал ақылды еркек оған үйленгені үшін өзін кінәләйді".



Сәдірбек: "Ішу үшін сылтау емес, ақша іздеу керек".



— Папа, қарындасымды көтере-көтере шаршадым, енді андағы бөтелкелеріңді маған беріп, қызыңды өзің көтеріші!

— Қой! Сен қолыңнан түсіріп аларсың.



— Мен мына филімді бесінші рет көрдім. Бүгін актерлер сондай керемет ойнады!



Үш құрбы қыз қатарынан бір кезде күйеуге шығыпты. Алғашқы зина түнгі әсерлерін айтуға келісіп, үшеуі ертесі уағдаласқан жерде жолығысады.

— Сәлем! — дейді біріншісі.

— Сәлем! — дейді екіншісі.

— Сәлем, сәлем және таңертең сәлем, сәлем! — дейді үшіншісі.



Әйелі: Мен жыңды болыппын ғой, саған күйеуге шығып.

Күйеуі: Қатты құмартып жүріп, мен оныңды байқамаппын ғой.



— Папа, қайтсем екен, тіс дәрігері болайын ба, жоқ құлақ па?

— Балам, адамда отыз екі тіс, екі-ақ құлақ бар.



Көшеде келе жатқан еркек қарсы келе жатқан еркекті тоқтатады.

— Кешірерсіз, сіз ішпеуші ме едіңіз?

— Жоқ,

— Онда мына бір бөтелке кониакты ұстай тұрыңызшы, бәтіңкемнің бауын байлап алайын.



Сәдірбек: "Еркектің өзін қарт сезінуіне немере себеп болмайды. Кеміңнің қойнында жатырмын деген ой, міне, сол қартайтады оны".



— Менің күйеуім көзіме соншалық көп шөл салды, оның мен кейде үш баласының шешесі екеніме де күмәнданам.



Сәдірбектің әйеліне електір жөндеуші:

— Жарықтың өшіп қалған себебі сол — қысқа тұйықталу болған.

— Онда ұзартпайсыз ба енді.



Поп суретшіге іренжиді:

— Сіздің есіңіз дұрыс па өзі? Періштенің етік кигенін қайдан көріп едіңіз?

— Ал етік кимейтін періштені сіз қайдан көріп едіңіз?



Келушінің алдынан күтуші әйел шығады:

— Өкінішті-ақ, бірақ ханым мені жоқ деп айт деді.

— Онда сіз де Смит мырза келген жоқ деп айтып барыңыз.





- Сенің әкенде мүрт бар ма?
- Бар, – дейді үш жасар бала.
- Атаңда мүрт бар ма?
- Бар.
- Әжеңде мүрт бар ма?
- Немене, оны мысық қой деп пе едің?



Кішкентай бала жылап тұрған соң, Сәдірбек жұбатпақ болады:

- Балам, неге жылайсың?
- Апам үш теңге беріп еді, жоғалтып алдым.
- Жарайды, мә үш теңге, жылама.

Ақшаны алған соң бала тіпті қатты жылай бастайды.

- Енді неге жылайсың?
- Апам берген үш теңгені жоғалтпағанда алты теңгем болатын еді...



МАИ қызметкері әйел шопырды тоқтатады.

– Бикеш, сіз бір аптаның ішінде бес адамды қақтыңыз.

- Ал қаншасын қағу керек еді?



Көршісін “шошқа” деп боқтағаны үшін, сот Сәдірбекке екі жүз теңге айып кесіпті.

– Сот мырза, өткенде сіз сол жақ көршімді “шошқа” дегенім үшін жүз теңге кесіп едіңіз, бүгін екі жүз дейсіз, мен оған риза емеспін.

– Сәке, кешірсіз, ешқандай көмек жасай алмаймын. Одан бері шошқаның еті екі есе қымбаттап кетті.



Сот: Айыпкер, сіз бір аптаның ішінде алты рет адам тонапсыз!

Айыпкер: Иә, солай. Егер елдің бәрі мен құсап жан-тәнімен істесе, мемлекетіміз әлдеқашан гүлденіп кетер еді ғой, мырза.



Жаңа үйленгендер тойдан кейінгі бірінші түнін аталарының үйінде өткізеді. Таңертең атасы ұяла кеп үстелге отырған келінінен:

— Қалай, менің өкіл әке болатындай үмітім бар ма? — деп сұрайды.

— Бар, — дейді келіні ұяла төмен қарап. — Сірә, мен үш нәресте көтеретін шығармын.



Бернард Шоу өте семіз кісімен танысыпты. Апарық Шоуға қарап тұрып әлгі кісі:

— Сізге қарап, бүкіл Англия аштыққа ұшыраған шығар деп ойлауға болады екен, — депті.

— Ал сізге қарап, соның бәріне сіз кінәлі шығар деп ойлауға да болады.



Бернард Шоудан: “Егер сіз осы дәуірде өмір сүрмесеңіз, қай ғасырда, қай елде туғанды қалар едіңіз?” — деп сұрапты.

— Франсиада, Наполеон Бонапарттың заманында, — деп жауап беріпті Шоу.

— Неге?

— Себебі ол кезде бір-ақ адам өзін Наполеонмын дейтін.



Бернард Шоудан:

— Өмірдің шындығы неде? — деп сұрапты.

— Жиі-жиі алдауға мәжбүр болатындығымызда.



Сәдірбекке:

— Қойыңызшы, ғалымдардың айтуынша, бір рет қана сүйіскеннің өзінде, аузыма миллион микроб түсіреді екенсіз.

Сәдірбек:

— Есесіне сонша микробты аузыңнан алып та кетем ғой.



Армян радиосынан сұрапты:

- Бізде зинаханалар бар ма?
- Бар, бірақ олардың бәрі қаланың сыртында, демалыс үйі деп аталады.



- Марста тіршілік бар ма?
- Онда да жоқ.



- Кісілікті адам деп кімді айтамыз?
- Қажеті жоқ жерде арамдық жасамайтын адамды.



- Өз кемшіліктерін білу үшін еркек не істеуі керек?
- Үйленуі керек.



- Ақылды адам ненің есебінен байиды?
- Ақымақтардың есебінен.



- Ғылым төңірегінде орташа дәрежедегілер неғып қаптап кеткен?
- Отызыншы жылдары орташалар колхозға кірсе, елуінші жылдары ғылымға да кірді.



- Брежневке Кеңес одағының Маршалы атағы не үшін берілді?
- Кремілді алғаны үшін.



- "Аш бала тоқ баламен ойнамайды", – дейді қазақтар, сол рас па?
- Тоқ бала да аш баламен ойнамайды.



Сәдірбек: Таңертең оянған соң, жарты сағат бойы көзім қарауытып түк көрмеймін, содан қалай құтылуға болады?

Дәрігер: Жарты сағат кеш ояныңыз.



Александр Дюмаға бір әдебиетші келіп 300 франк қарыз сұрапты. Егер дереу бермесең, өзімді де, үш баламды да өлтірем депті.

— Менде бар-жоғы екі-ақ жүз франк еді, — депті Дюма.

— Жоқ, маған 300 франк керек, — деп көнбепті әдебиетші.

— Ендеше, екеуміз өзара келісімге келейік, — депті Дюма, — Сіз екі жүз франкты алыңыз да, өміріңізді қиыңыз, ал үш баланы тірі қалдырыңыз.



Ақаң мен Сәдірбек қатар отырғанда, қастарына кеп әдемі келіншек тұра қапты. Ақаң жалтақтап әлгі келіншекке қарағыштай берген соң, Сәдірбек:

— Ақа, бүгін істеуге болатын нәрсені ертеңге қалдырмасаңшы. Бүгінгі көрген рахатты ертең тағы қайталап көруге болады ғой, — депті.



Әйел біреуге қажет кезінде тұрмысқа шығады, еркек ешкімге қажеті болмай қалғанда үйленеді.



Еркек әйелден аз сөйлейді: үйленгенше аузына сөз түспейді, үйленген соң әйеліне сөз қыстырып та үлгермейді.



Фашық болған кезінде еркек — соқыр, үйленген соң — керең.



Егер еркек сүйем десе, ол сені ғана сүйем дегені емес.



Кейбір әйел соншалық ұялшақ болады, еркектің бетін қайтарудан да ұялады.



Әйелдер бәрін азайтып айтады: жасын, аяқ киімінің мөлшерін, қанша еркекпен болғанын. Ал еркектер көбейтіп айтады.



Мұғалім: Ұялсаңшы, сенің жасыңда Пушкин лицейдегі ең үздік оқушы болған!

Оқушы: Ал сіздің жасыңызда оны атып тастаған.



- Бүрге мен иттің қандай айырмасы бар?
- Иттің бүргесі болады, ал бүргенің иті болмайды.



— Мынау не? — дейді Сәдірбек сатып алған нанының ішінен шеге суырып алып.

— Енді жиырма теңгелік нанның ішіне шеге салмағанда, мәшине салып қоя ма? — дейді дүкенші.



Бір зауыттың жұмыскерлері тым боқауыз боп кетеді. Кезекті бір боқтық сөзден кейін деректір бұдан былай боқтап сөйлеуге қатаң тыйым салады. Боқтап сөйлеу тоқтайды, бірақ өндіріс көрсеткіші күрт төмендеп кетеді, жоспар орындалмайды. Деректір зауыттың ардагерін шақырып ал:

— Мұның қандай себебі бар? — деп сұрайды.

— Бұрын бір-бірімізге: “Анау х...наны әперіп жіберші!” — дей салушы едік, қазір оның қалай аталатынын еске түсіре алмай жарты сағат тұрамыз. Қиын болды, — депті.



- Амансың ба? Жағдай қалай?
- Жаман емес. Өзімді нашар сезінген кезде “Жедел жәрдем” алып кетеді, жақсы сезінген кезімде міліса әкетеді.



Жас жігітті қызметке алатын боп, Черчилл онымен жеке әңгімелесіпті:

- Қанша жастасың, жігітім?
- Жиырма тоғыздамын, сэр.
- Үйленгеніңе көп болды ма?
- Бес жыл болды, сэр.
- Балаларың бар ма?
- Алтау, сэр.
- Оу, жігітім, — дейді Черчилл таңданып. — Жақсы темекіні менің жақсы көретінімді бүкіл әлем біледі. Бірақ мен де кей-кейде аузымнан темекімді шығарып қоям...



Әйелі іссапарға кетіп, Сәдірбек үйде кішкентай қызы екеуі қалады. Таңертең қызын киіндіріп, үйдің қасындағы балабақшаға апарса, ол қабылдамайды. Оның ар жағындағыға апарса, ол да қабылдамайды. Енді үшіншісіне қарай әкеле жатқанда, қызы:

- Папа, жетеді ғой мені жетектегенің. Енді мектепке бармасам, сабақтан кешігіп қалам ғой, — дейді.



Американың, франсуз және орыс адамжегішгерге тұтқын боп қалады. Тайпаның көсемі үшеуіне:

- Бізге жауап бере алмайтындай сұрақ қойғандарыңды жемейміз, — дейді.

— Ықтималдық теориясы дегеніміз не? — дейді американдық.

Тайпа жиналады да, сыбырласып жатып дұрыс жауабын табады.

– Жеңдер! – дейді көсем.

– Ғарыш дегеніміз не? – дейді франсүз дірілдеп.

Тайпа тағы жиналады, тағы сыбырласады да, дұрыс жауабын табады.

– Жеңдер! – дейді көсем.

– Саяси Бұйро деген не? – дейді орыс.

Тайпа тағы жиналады, ары сыбырласады, бері сыбырласады, ақырында көсем:

– Ал орыс, біз саған өміріңді қидық. Бірақ сен Саяси Бұйро дегеннің не екенін бізге түсіндірші! – дейді.

– Ол да сендердікіндей: жиналады, өзара сыбырласады, сонан соң адамды жейді.



Жас жұбайлар төсекте жатыр.

– Ну шо? – дейді күйеуі.

– Ишо, – дейді әйелі.

– Да ты шо?

– А шо?



Бір ғалым ет жеудің зианы жайында дәріс оқиды: одан склероз болады, артық май бітеді, бауыр ауырады, асқазанға күш түседі...

– Және аяғың жаурайды! – дейді әлдекім залдан.

Ғалым іштей таң қалады да, үндемейді. Дәрісін бітірген соң, әлгі сөзді айтқан кісіге кеп мәнісін сұрайды.

– Мен өзім ет жеген күні еркектік мүшем қақаяды да, көрпені аяғымнан сиырып әкетеді, сөйтіп аяғым жаурап шығады.



Есіктен кірер-кірместен күйеуі әйеліне шағына бастайды:

– Трамвайдың ішінде адамдардың бір-бірін қысқандығы сондай, бір екіқабат әйел босанып қалды, байғұс!

— Оның несіне таң қаласың? Кеше адамдардың бір-бірін қысқандығы соншалық, мен екіқабат болып қалдым.



Әкір деген жалшы болыпты. Үйлене алмай, әйел көрмеген соң, мазасы кетіп әбден әуреге түсіпті. Отын-су тасып жүрген інгенмен ынтығын баспақ болыпты. Бір қалқалау жерге апарып інгенді шөгереді де, өзі артынан кеп жабысады. Енді ыңғайлай бергенде, інген түрегеп кетіп, бар еңбегі еш болады. Үш рет шөгеріп, үш рет артынан кеп өркешінен құшақтай бергенде, інген тұрып кетіп, түк бітіртпейді.

Әбден ашуланған әрі әбден көзі қарауытқан Әкір інгенді ескі, бұзылған қораның қалқасына жетектеп әкеледі де, шөгеріп, басын қораның ескі ағашына байлап қояды. Інгеннің арт жағына шықса, дөңестеу жерге шөгерген екен, өзінің бұты інгеннің керек жерінен тым жоғары шығып кетеді.

Інгенді тұрғызып әурелегенше, өзі тұратын жерді сәл қазып жіберіп төмендете салмақ болады.

Кішкене қазып көрсе, қолы әлдебір тұтқаға ілінеді. Әлгі тұтқаны тартып қалса, жерге көмген темір сандық шығады. Сандықты ашып қалса, ай мен күндей бір сұлу "иша!" деп оянып кетеді.

— О, жарық дүние! — дейді сұлу қыз әдемі керіліп. — О, мені өлі ұйқыдан оятқан құтқарушым! — дейді Әкірді аймалап. — Мені жүз жыл бұрын сиқырмен ұйқатып көміш тастап еді, сен таптың, тірілттің. Енді мәңгі сенікімін! Не айтсаң, бәріне көнем. Әміріңді айт, құлдық!

— Менікі екенің шын ба? — дейді Әкір.

— Шын.

— Не айтсам да орындайтының рас па?

— Рас.

— Еңдеше, мына атаңа нәлет інгеннің басын ұстай тұршы!



***Қонақтың көзінше балаңды ұрыспа!***





- Жолдас генерал! Сіздің бұйрығыңыздың бәрі орындалды!
- Мен ешқандай бұйрық бергем жоқ қой?
- Мен де ештеңе орындай қойғам жоқ!



Сара мен Абрамның он бір баласы бар екен. Он біріншісі сары екен де, қалған оны қап-қара.

- Әй, осы сары баланы менен көтермедің-ау, Сара, шынықты айтшы? — дейді Абрам.
- Оңбай кетейін, Абрам, ол — сенің өз балаң, — дейді Сара қарғанып.

Сара қатты ауырып, өлімші халде жатады. Дәл қазір шынын айтатын шығар деген оймен Абрам тағы сұрайды:

- Сара, сары бала кімдікі?
- Сенікі, сенікі, Абрам, ал қалған оны сенікі емес!



Екі грузин өзді-өзі әңгімелесіп тұр.

- Ельцин жайында тәмсіл тыңдайсың ба?
- Айта бер.
- Кір, кір болғанда да әбден кір асүйде тарақан өмір сүріпті. Бір күні әлгі тарақан өз бақытын іздеуге бел буып, биік табалдырықтан асып түсіп, бөлмеден бөлмеге жорғалай бастайды. Сөйтіп жүргенде, біреу басып кетіп өлтіріп тастайды.
- Ал, жарайды, Ельциннің оған қандай қатысы бар?
- Қандай қайғылы оқиға?! Ал оған Ельциннің қалай қатысы болмайды?



Тарих пәнінен семинар өтіп жатады. Профессор студентке сұрақ қояды:

- Қазір Парижде не өтіп жатыр?
- Студент ұзағырақ ойланады.
- Қай көшесінде?



Біздің бала кішкентай кезінен каратемен айналысады. Қара белдік алған.

— Онда неғып бұзақылардан таяқ жеп жүр?

— Олар оның каратемен айналысатынын білмеген ғой.



Қызбен кездесуге асығып келе жатқан жігіт не ойлады екен?

17-ғасырда: "Жолығуға келер ме екен?"

18-ғасырда: "Сүйгізер ме екен?"

19-ғасырда: "Шамам келер ме екен?"

20-ғасырда: "Осыдан, тегі, құтылар ма екем?"



— Дәрігер, мені қараңызшы!

— Жақсы, беліңізге дейін шешініңіз!

Әйел шешінеді.

— Жоқ, мен жоғарғы жағыңызды беліңізге дейін шеш дедім.

— Жарайды. — Әйел кеудешесін шешеді.

Дәрігер тыңдайды, қарайды. Басын шайқайды.

— Түсінсем, бұйырмасын. Ештеңе де көріп тұрғам жоқ, Сіз не үшін келдіңіз?

— Қалайша ештеңе көрмейсіз, дәрігер? Тоқтаңызшы, мен қазір бәрін шешейін.

Әйел бәрін шешеді. Дәрігер тыңдайды, қарайды.

— Сіз мүлде сап-сау адамсыз.

— Әрине, сап-саумын.

— Ендеше, мен сізді неменеге қарадым?

— Дәрігер, айтыңызшы, мен әдемімін бе?



— Люся, саған еркектің бойындағы ең айрықша ұнайтыны не?

— Ақылы.

— Сонан соң?

— Түрі.

— Сонан соң?

- Зиялылығы.
- Сонан соң?
- Жүріс-тұрысы.
- Сонан соң?
- Әзілі.
- Сонан соң?
- Күші.
- Сонан соң?
- Жетеді енді, әйтпесе шыдамым жетпей, шынымды айтып қоярмын.



Әйел купеге кірсе, ішінде еркек газет оқып отыр екен.

"Қазір оқып бітеді де, маған тиісе бастайды", — деп ойлайды әйел. Еркек бірақ газетті оқып біткен соң журналды оқи бастайды.

"Жарайды, — деп ойлайды әйел, — оны да бір оқып бітеді ғой. Сол кезде тиісер".

Журналды оқып біткен соң, еркек теріс қарап жата кетеді.

— Бері қараңызшы! — дейді күйінген әйел. — Сіз өзіңіз еркексіз бе, жоқ па?

— Екі сағат жалынғанша, жиырма минөт пыдаған дұрыс қой, — дейді еркек.



Профессор: "Сұйықтық сақтайтын ыдысты не деп айтады?"

Студент: "Презервуар".

Профессор: "Жалпылай айтқанда, дұрыс. Бірақ алдыңғы "П"-ны қоспай айту керек".

Студент: "Иә, айтпақшы, резерватив".



Таңертең Сара балконға шығады.

— Роза, біздің Абрам сенікінде ме?

— Менікінен не алады?

— Римма, Абрам сенікінде емес пе?

- Е, жоға.
- Рахила, Абраша сенікінде ме?
- Жоқ, келген жоқ, Не боп қалды?
- Жәлептерге барам деп кетіп еді, әлі жоқ.
- Немене, біз жәлеппіз бе?
- Немене, сұрауға да болмай ма?



Әйелі күйеуіне тамақ орап берін, жұмысқа шығарып сап жатса, күйеуі:

– Маған жиырма теңге бер. Бәлкім, жұмыстан кейін үшінші боп біреулерге қосылармын, – дейді.

Әйелі жекиді:

– Одан да үйге ертерек кел! Бәлкім, бірінші боларсың.



Жан деген франсуз өз әйелінің күйеуге шыққанға дейін жезөкше болғанын біліп қояды. Үйге келе сала шатақ шығармақ болады.

– Тұра түр! – дейді әйелі. – Мен, немене, сенің достарыңды жақсы қарсы алмаймын ба?

– Жоқ, жақсы қарсы аласың.

– Әлде тамағыңды дәмсіз пісірем бе?

– Жоқ, тіліңді қоса жұтып қоярдай өте дәмді пісіресің.

– Әлде мен төсекте сені қанағаттандырмаймын ба?

– Жо-жоқ, ол жағынан сенен артық әйел болады деп ойламаймын.

– Ал енді соның бәрін сырттай оқып үйренуге болады деп ойлайсың ба?



Күйеуі жұмыстан келеді. Тамақ ішеді де, жатып қалады. Әйелі ары сүйкенеді, бері сүйкенеді, күйеуі:

– Мазамды алмашы, менің дәнім әлі піскен жоқ, – дейді.

Ертесі де солай болады.

Үшінші күні күйеуі әйеліне өзі тиісе бастайды.

— Неге мазамды аласың? — дейді әйелі.

— Дәнім пісіпті.

— Піссе қайтем, сенің сол бір титтей дәніңе бола бүкіл комбайнды оталдырып әуре болам ба?



Бір әйел екінші әйелге мұңын шағады.

— Мен кір жусам-ақ болды күн жауады.

— Мен құсап сен де өзіңе ырым белгілеп алмайсың ба?

Таңертең көрпеңі көтеріп, күйеуімнің бұтына қараймын. Егер анаусы солға қисайып жатса, жауын болады; оңға қисайса, онда күн ашық болады.

— Ал егер тік жатса ше?

— Ой, жыңды! Ондай мереке күні кісі кір жуа ма екен?!



Еркек бәтеңке сатып алады. Үйіне келсе, оның жаңа бәтеңкесіне ешкім көңіл аудармайды. Душқа кіріп жуынып, тыр жалаңаш күйі аяғына тек бәтеңке ғана киіп шығады.

— Анауыңды салбыратпай жауып қойсаңшы! — дейді әйелі жақтырмай.

— Ол салбырап тұрған жоқ, бәтеңкені көрсетіп тұр.

— Өйтіп көрсететін болса, бәтеңке емес, шляпа сатып алмадың ба?



Ерлі-зайыптылар қонаққа барады. Әйелі мини-юбка киіпті, елдің бәрі соның аяғына қараумен болады. Күйеуінің оған әбден ызасы келеді.

— Өзіңнің мини-юбкаңмен сен менің бүкіл кешімді бүлдірдің! — дейді әйеліне.

— Ал сен өзіңнің мини-мүшеңмен менің бүкіл өмірімді бүлдірдің! — дейді әйелі.



Барға аузына қымбат сигар тістеген, әдемі киінген еркек кіреді. Жан-жағына қарап алып, отырғандарға былай дейді:

— Мен бұл қаладан кеткелі жиырма жыл болды. Сонда менің қалтамда бар-жоғы елу цент қана болатын. Оның өзін Діжім Конноли қарызға берген. Айтпақшы, ол әлі тірі ме?

— Тірімін, тірімін, — дейді Діжім алдыға қарай ентелеп.

— Сені көргеніме қуаныштымын, Діжім. — Тағы елу цент берші, сонда мен саған түп-тура бір доллар қарыз болам.



Бір кедей құдайға жалбарынады:

— А, құдай, маған неғып оң қабағыңды бермедің? Бәленше лотереядан тоңазытқыш ұтыпты, түгенше “Жигули” ұтып апты, маған да бір мәшине ұтқызсаңшы!

— Мақұл, күт! — дейді құдай.

Лотереяның екі-үш тиражы ойнайды, бірақ әлгі кедей түк ұтпайды. Құдайға тағы жалынады:

— “Күт!” — деп едің, күтудемін. Апырмау, қашан жарылқайсың?

— Апырмай, сен де бір мүмкіндік жасашы! Тым құрса бір лотерея белетін сатып алшы!



Екі әйел сырласып отыр.

— Менің байқауымша, күйеуге шығу күм үстіндегі сағым сияқты: сарайы да, пәлме ағашы да, түйесі де бар, — дейді бірі екіншісіне.

— Келе-келе әуелі сарайы жоғалады, соңынан пәлмесі құриды, ең артында қасында тек түйесі қалады.



Сократ заманында жезөкшелерді гетера деп атаған. Соның бірі Сократқа келіп:

— Сен немене, шәкірттеріңді ертіп әрі-бері жойтақтайсың? Мен саусағымды бүгіп өзіме шақырайыншы, бөрі де шөже құсап артымнан жүгіреді, сен жалғыз қаласың, — дейді.

— Мүмкін, — дейді Сократ. — Өйткені сен оларды төмендеуге шақырасың, ал мен биіктеуге шақырам. Төменге түскеннен гөрі өрге шыққанның қиын екенін сен де жоққа шығармассың?



Екі әйел бақшада жұмыс істеп жатады. Біреуі үлкен сәбізді қазып алып, әрі-бері аударыстырып қарайды.

- Тұп-тура менің күйеуімдікіндей.
- Қойшы, ей, дәл осындай дәу ме?
- Е, жоға, дәл осындай кір-кір.



Әйелдер бір көргеннен-ақ ұната қоюға дайын, ал еркектер бірінші мүмкіндіктен-ақ,



Жүк мәшинесінің шопыры жол үстіндегі кафеге кіріп, бифштекіске бұйырым береді. Даяшы әкеп алдына етті қоя бергенде, үш нән жігіт кіріп келеді де, шопырдың етін тартып жеп қояды. Шопыр түк болмағандай ақшасын төлейді де шығып кетеді.

— Көрініп тұр, — дейді үшеуінің бірі, — өзін қорғай да алмайтын жасық екен.

— Иә, — дейді даяшы, — мәшинені де жөндеп айдай алмайды екен. Шықпай жатып біреулердің үш матасекілін таптап кетті.



Гинекологтың телефоны шырылдайды. Көтерсе, әйелдің әдемі дауысы.

— Кешірерсіз, доқтыр, бүгін таңертең Сіздің кабинетте мен шолақ дамбалымды ұмытып кеткен сияқтымын.

Дәрігер кабинетін мұқият қарап шығады.

— Жоқ, еш жерде көрінбейді.

— Кешірерсіз мазалағаныма. Онда тіс дәрігерінікінде ұмытып кеткен екем ғой.



Әдемі бір келіншек елсіз көлдің жағасына келіп жан-жағына әбден қарап алып, үстінен әуелі көйлегін, сонан соң шолақ дамбалын шешіп тастайды. Суға аяғын енді мала бергенде, арт жағынан еркектің даусы шығады:

— Бикеш, бұл көлге шомылуға болмайды, — дейді мілісенер.

— Ондай болса, мен шешінші жатқанда неге айтпадыңыз?

— Шешінуге тыйым салынбаған.



Мен күйеуге шығар едім, бірақ еркекті табу сондай қиын, — дейді жас қыз.

— Мен күйеуге шыққалы біраз болды, бірақ мен де әлі соны таба алмай жүрмін, — депті қасындағы келіншек.



— Әй, көрші, келесі жолы әйеліңді жөндер кезде терезенің пердесін түсіріп қойсаңшы! Кеше түнде мен бәрін көрдім.

— Жоқ, бауырым, ондай қалжыңды маған айтпа! Кеше түнде менің үйде қарам да болған жоқ!





Психиатрға бизнесші:

— Доктыр, былтыр, есіңізде ме, жұмыстан демалу үшін қыздармен қыдыр деп едіңіз ғой.

— Иә, дедім.

— Енді қыздардан демалып, жұмыспен айналысу үшін не істеуім керек?



Екі шал паркте алдарынан өткен қыздарға қарап демалып отырады.

— Бұрын, жас күнімде, — дейді бірі екіншісіне күрсініп, — әдемі қыздарды көрсем-ақ қақайып кетуші еді!

— Қазір ше?

— Қазір... көзім нашарлап жүр.



Тіс дәрігеріне жас келіншек келеді.

— О, тісіңізді жұлуға тура келеді.

— Ойбай-ай, мен содан сұмдық қорқам, — дейді әйел. — Оданда бала туғаным оңай.

— Ендеше, шешініңіз! — депті дәрігер.



— Сіздің күйеуіңіз бар ма?

— Кей-кейде.



Біреуді әдейі өлтірген қылмыскер, електір үстелінен құтылу үшін, сот кеңесшілерінің біріне пара беріп, әдейі өлтірмеген дегізуді өтінеді.

Сот үш күн кеңеседі. Ақырында: "Алдын ала жоспарламай, кездейсоқ өлтірген", — деген шешім шығарады.

Қылмыскердің камерасына пара алған кеңесші келеді.

— Сізге үлкен рахмет! — дейді қылмыскер.

— О, сіздің өтінішіңізді орындау оңайға түспеді, — дейді сот кеңесшісі. — Бәрі сізді айыпты емес деп отырып алды, мен зорға дегенде айыпты екендігіңізді дәлелдеп шықтым.



Екі дос сырласады.

— Мен үйленейін деп ем, бірақ қалыңдығымның маған дейін таза, таза емес екенін қалай біле алмай басым қатып жүр.

— Е, оның ешқандай қиындығы жоқ, — дейді досы. — Таза болса, бірінші түні сасқалақтап не істеп, не қойғанын білмей, әйтеуір, бірдемені бұлдіреді.

Біраз күннен кейін екі дос тағы жолығады.

— Ой, — дейді досы қуанып, — қалыңдығым таза болып шықты. Бірінші түні не істерін білмей, сасқанынан жастықты басына жастаудың орнына құйрығының астына қойып қойыпты!



Кешкісін күйеуі үйге көңілсіз оралады. Тез-тез кешкі асын ішеді де, әйеліне тез жата қояйық дейді.

— Бүгін маған болмайды, — дейді әйелі кінәлі үнмен.

— Әй, бүгін, немене, бәрің ақылдасып алғансыңдар ма? — депті күйеуі.



Үйлену тойынан кейін жас жұбайлар өз отауларында бір сәт оңаша қалыпты.

— Сен қазір не ойлап отырсың? — дейді қалыңдық.

— Сен не ойласаң, мен де соны ойлап отырмын, — дейді күйеу.

— Ой, ұятсыз! — дейді қалыңдық бетін басып.



Мүлік сату жөніндегі жарнамашы өзін шақырған үйге келеді. Есікті әдемі әйел ашады.

— Мен сізді алдын ала ескертіп қояйын, — дейді әйел, — күйеуім тура бір сағаттан кейін келеді.

— Кешірерсіз, келсе, мен сізбен бірдеңе жасап жатқан жоқпын ғой?

— Мен де соны айтып тұрмын ғой. Ал уақыт дегенің зымырап өтіп барады.



Франсуз әйел өзінің үй күтушісіне қатты ұрсады. Қайдан келсең, сонда кет, боссың дегенді айтады. Үй күтушісі де долданып кетіп, тіл қайтарып қояды:

— Әйткенмен, мадам, сіздің күйеуіңіз мені жақсы аспаз санайды. Оны маған өзі айтты, — дейді.

— Кетіңіз, бұл үйге менің ғана бұйрығым жүреді!

— Оның үстіне мен төсекте де сізден гөрі тәуірмін, — дейді үй күтуші.

— Оны да сізге менің күйеуім айтты ма?

— Жоқ, сіздің шопырыңыз айтты.



Танысқандарына едәуір уақыт өткен соң:

— Жаным, өз туыстарыңмен мені қашан таныстырасың? — дейді әйел.

— Дәл қазір соның жөні бола қояр ма екен: балалар ата-енемнің үйінде, әйелім демалыс үйіне кетіп еді.



Жақсы киінген еркектен қайыршы он теңге сұрайды.

— Оданда мен саған жақсы темекі берейін, — дейді еркек.

— Мырза, мен темекі тартпаймын, — дейді қайыршы.

— Ендеше, жүр, барға апарып мен саған бір рөмке виски әперейін!

— Кешір, мырза, мен ішпеймін де. Маған онанда жейтін бірдеме әперсеңіз!

— Ал егер сені мен казиноға апарсам қайтеді? Сен үшін ақшаны мен шығарайын, ал сен көп ақша ұтып аласың.

— Жоқ, мырза, мен ондай құмар ойындарды ұнатпаймын. Маған тамақ жеуге бірдеме берсеңіз, жетеді.

— Жарайды, бірдеме берейін. Сен бірақ кішкене тұра тұр! Қазір осында әйелім келеді, мен оған темекі тартпайтын, арақ ішпейтін, қарта ойнамайтын адамның қандай болатынын көрсетейінші.



Күйеуге шықпаған қыз құрбысына сыр айтады:

— Мен кісімен ашық жарқын сөйлесетін, ән айтып, би билейтін, әзілкеш әрі кешкісін үйден шықпай қасымда отыратын еркекке ғана тұрмысқа шығам.

— Жаным-ау, онда саған күйеу емес, теледидар керек қой.



Әлемді көп аралаған бір еркек айтыпты:

— Әйел біткеннің бәрі әр жасында әр құрлыққа ұқсайды.

13-тен 18-ге дейін Африка тәрізді: әлі қыз қалпы бұзылмаған, зерттелмеген. 18-ден 30-ға дейін Азия іспетті: ыстық әрі таңсық, 30 бен 45-тің арасындағы әйел Америкаға ұқсайды: толық зерттелген, бірақ өзінің табиғи қоры әлі таусылмаған. 45-тен 55-ке дейін әйел Еуропа сияқты: табиғи қоры таусылғанмен, көзтартарлық ескерткіш орындары өте мол. Ал 55-тен кейін әйел Австралияға айналады: оның, әйтеуір, төмен жақта екенін бәрі біледі, бірақ оған ешкім де онша мән бере бермейді.



— Маған тұрмысқа шықсаңшы!

— Мақұл, — дейді қыз.

Сонан соң ұзақ үнсіздік орнайды. Ақырында қыз шыдамайды:

— Неғып одан басқа ештеңе айтпай қалдың, сүйіктім?

— Мен онсыз да артық айтып қойдым.



— Қыз қатты долданған кезде оны тыныштандырудың ең тиімді әдісі, — дейді психиатыр өз студенттеріне, — оны сүйіп алу.

— Ал айтыңызшы, профессор, — дейді студент, — қызды қатты долдандырудың ең оңай жолы қалай?



Жас жұбайлар бірінші неке түнінен кейін оянады.

— Таңғы тамақ ішетін кез болды, жаным, — дейді күйеуі.

— Сүйіктім, келші одан да махаббатпен тамақтанайық! — дейді әйелі.

Екеуі қойындасып, артынан түске дейін ұйқтайды. Түсте күйеуі тағы тамақ ішу қажеттігін еске салады. Әйелі де тағы махаббатпен тамақтануды қалайды.

Әйел келесі оянғанда, күн кешкіріп далаға қараңғылық түседі. Қараса, күйеуі жабырқап, жылу батареясының үстінде жалаңаш отыр.

— Сүйіктім, мына отырысың не? — дейді әйелі таңырқап.

— Сенің кешкі тамағыңды жылытайын деп отырмын...



— Жаным, сен мені үйленгеннен кейін де қазіргідей жақсы көресің бе?

— Бұрынғыдан бетер, жаным. Мен бозбала күнімде-ақ күйеуі бар әйелдерді өте ұнататынмын.



Үш еркек шыдамдылық дегеннің не екенін өзара талқылайды.

— Үйіңе келгенде, — дейді біріншісі, — әйеліңнің қасында бөтен еркек жатқанын көріп: "Кедергі жасағаным үшін кешірерсіз!" — десең, міне, сол — шыдамдылық.

— Жоқ, жоқ, — дейді екіншісі. — Ондай жағдайда тек кешірім сұрап қана қоймай, “Ары қарай жалғастыра беріңіздер!” — десең, сол — нағыз шыдамдылық.

— Екеуіндікі де дұрыс емес, — дейді үшіншісі. Ондай жағдайда кешірім сұрайсыңдар, ары жалғастыра бер дейсіңдер. Ал бөтен еркек ары қарай жалғастыра береді. Міне, нағыз шыдамдылық — соныкі!



Күйеуі әйеліне:

— Сенің жаңа қалпағың менің талғамыма сай келмейді.

— Енді қайтейін, басқа амалым жоқ, сүйіктім, басыма енді бір бөтелке арақты киіп жүре алмаймын ғой, — дейді әйелі.



— Жаным, егер сен мені тағы бір рет сүйсең, онда мен мәңгібақи сендік болам.

— Ой, ескерткеніңе рахмет!..



— Құдағи, кеше трамвайдың ішінде сіздің күйеуіңіз анекдот айтып, ішегіміздің қатқаны сондай, сәл болмағанда төсектен құлап қала жаздадық,



— Еркектің аяғы мен әйелдің аяғында қандай айырма бар?

— Аяқта ешқандай айырма жоқ, айырма аяқтың ортасында.



Су жаңа мәшинеді екі монашка отыр. Мәшинені жас қыз айдап келе жатады. Монашканың бірі:

— Мына мәшинені кім сатып әперді? Әкең бе? — деп сұрайды.

— Жоқ, сіздердің пасторларыңыз.

— О, оңбаған, бізге ылғи: “Құдайдан қайтады”, — дейді.



Телефон сыңғыр ете қалады.

— Алло! Сәлеметсіз бе? Кешірерсіз, құдай үшін айта қойыңызшы, бұл автопарк па?

— Қайдағы,.. қақбасының автопаркі? Әй, шешеннің... мұның бәрі мас немелер ме, бұл мәдениет министрлігі.



Қадиша — қалада қартайған кемпір. Өзі сияқты екі досын қонаққа шақырады. Өз ұмытшақтығын ескеріп, асүйге: "Шай беруді ұмытып кетпе", — деп жазып қояды. Екі дос кемпірі келген соң, бірден алдарына шай қояды, әңгімелеседі. Біраздан соң бірдемені ұмытып кеткен жоқ па екем деп, асүйге келіп: "Шай беруді ұмытып кетпе", — дегенді оқиды да, тағы шай береді. Тағы әңгімелеседі. Біраздан кейін тағы асүйге кіріп, тағы өз ескертпесін оқиды да, тағы шай береді. Сөйтп, бес рет шай беріп достарын шығарып салады.

Қадишаның үйінен шыққан соң біраздан кейін екі кемпірдің бірі:

— Қадиша неғып шай бермеді бізге? — деп сұрайды.

— Қадишанікіне қашан барып едік? — дейді екіншісі.



Үйге дәу сөмке көтеріп кірген әйелін көріп, Сәдірбек қатты кейіді:

— Жыңдымысың, осынша ауыр нәрсені неге көтересің?

— Енді қайтем? Не істе дейсің? Сені шақырам ба?

— Екі бөліп көтермейсің бе?



Газет қызметкері әдемі әртіске сұрақ қояды:

— Өміріңізде қанша күйеумен болдыңыз?

— Өз күйеуіммен бе әлде өзгенікімен бе?



— Бес жыл түрмеде отырғаныңызда, әйелім басқа біреуге кетіп қалар деп қорқпайсыз ба?

— Титтей де. Өйткені, біріншіден, ол — өте дұрыс адам. Екіншіден, ол мені сүйеді. Үшіншіден, қазір ол да түрмеде.



Сот:

— Күйеуіңіз сізді қайтпн ұрған? Өзі таяқпен зорға жүрген жоқ па?

Әйел:

— Мені ұрғанға дейін ол таяқсыз жүретін.



Төкең түнгі он екі болса да теледидар көріп отыра беріпті. Әйелі қасына кеп:

— Кеш боп кетті ғой, Төке, жатайық та, — дейді.

— Ой, өліп барасың ба? — дейді Төкең зәресі ұшып. — Алдыңгүні ғана жаттық қой.



Күйеуі әйеліне қалай тиісерін білмейді.

— Шамды жақ! — дейді жекпн. Әйелі жағады.

— Өшір! — дейді кіжініп. Өшіреді.

Сөйтпн бес рет қайталаңады.

Күйеуі әйелін бір періп кетеді:

— Сен оңбаған, кімге белгі беріп тұрсың?



Американдық, неміс және орыс үшеуі өзара кім мысыққа бұрыш жеуді үйрете алады деп бәстеседі.

Неміс мысықты ұстап алады да, аузына бұрышты тығады.

— Бұл — зорлық, — дейді орыс пен американдық,

Американдық, бұрышты екі жапырақ шұжықтың арасына сап береді, мысық жеп қояды.



— Бұл — алдау! — дейді неміс пен орыс.

Орыс мысықты ұстап алады да, құйрығының астына жағып-жағып жібереді. Мысық бажылдаған күйі құйрығының астын жалай бастайды.

— Міне, өсту керек, — дейді орыс. — Әрі өз еркімен, әрі әндетіп жейді.



— О, жақсы сөйледің, жақсы айттың! — дейді мінбеден түскен кісінің қолын алып.

— Бірақ, амал не, тыңдап отырғандар өңкей ақымақтар мен мисыздар болды.

— Ә, сенің: “Қымбатты менің бауырларым!” — деп бастағаның сол екен ғой.



Сұрбойдақ:

— Әйел дегенің қарақшыдан да жаман.

— Неге?

— Қарақшы не әмианыңды, не өміріңді қи дейді. Ал әйел екеуін де қи дейді.



— Мен жұмыстан кепін сыраhanaға соқсам, әйелім үш күн бойы меімен сөйлеспей жүреді.

— Сыраhanaға қанша күнде бір соғасыз?

— Үш күнде бір.



— О-ой, еврейлер деген бір оңбаған, ей.

— Неге олай дейсің?

— Өйткені олар құмды жердің өзін жұмаққа айналдырып жібереді, ал біз жұмақтың өзін құмға айналдыра алмай әуреміз.



Хатшы-мәшенқеші қызға деректірі:

— Саған менің орынбасарым айтты ма түскі үзілістен кейін не істеуің керек екенін?

— Иә, айтты. “Сіз келген кезде мені оятып жібер!” — деді.



— Гажап! Үйленгеннен кейін адам қалай өзгеріп кетеді.

— Айтпа деймін. Маған, мысалы, үйленгенге дейін барлық әйел ұнайтын.

— Ал қазір ше?

— Қазір біреуінен басқасы ұнайды.



— Қашан үйлену тойымыз өткенше мен қазіргі күйеуімнің қойнына бірде-бір рет жатпай қойдым. Сен ше?

— Есімде жоқ, күйеуіңнің аты кім еді?



— Көкөтай-ау, сен темекі тартпаушы ең ғой?

— Күйеуім іссапардан келе сап күлдеуіштен темекінің тұқылын көріп қойғалы бері амал жоқ тартып кеттім.



Сара өз үйінде ойнас жасап жатса, үстіне күйеуі кеп қалады. Ойнасы оған мән бермей, өз жұмысын асықпай жалғастыра береді, асықпай аяқтайды. Сонан соң асықпай киініпті, галстугін асықпай тағады да, күйеуінің қасынан шаршау басып шығып кетеді.

— Сара, — дейді өз көргеніне өзі сенбей есеңгіреп қалған күйеуі, — мына дәрекі ұятсызың кім?

— Айтпа, Абрам. Нағыз дәрекі, нағыз ұятсыз. Саған "сәлеметсізі" де жоқ, маған "сау болы" да жоқ.



— Күйеуің екеуің қалай тұрып жатырсыңдар?

— Ой, сұрамай-ақ қой. Мен қанша рет оған адал болсам, ол сонша рет менің көзіме шөп салумен келеді.



- Адам дегенде ақыл жоқ екен ғой.
- Е, не болды?
- Кедейліктің кемшілік емес екенін білеміз, біле тұра бай болуға тырысамыз.



Күйеуі әйелін ойнас үстінде ұстап алады. Ойнасының аузы-мұрнын қан қылып, сыртқа теуіп шығарып тастайды.

Біраз күннен кейін әлгіні тағы өз үйінен ұстап ап, тағы соғып, терезеден лақтырып жібереді.

Тағы біраз күннен кейін бет-аузын таңып алған әлгі еркекті күйеуі тағы ұстап алып:

— Егер енді сені әйелімнің төңірегінен жүз метір жақындықта көрсем, тұп-тура қылғындырып өлтірем, — дейді.

— А-а, ол сіздің әйеліңіз бе? Бірден солай демедіңіз бе? Ылғи біресе ымдайсыз, біресе астарлайсыз.



Сот сұрайды:

- Ажырасу себебіңіз не?
- Күйеуім мені сүймейді.
- Бұл — өте үлкен кінә. Оған қандай дәлеліңіз бар?
- Дәлелі қалай? Соңғы балам күйеуімнен емес.



— Жер бетіндегі ең күдікшіл әйел — менің әйелім, — дейді досына бір еркек. — Үйге ерте келсем, мен одан бірдеме дәметіп келді деп ойлайды. Кеш келсем, бір жаққа барып біреумен болып келді деп ойлайды.



— Бір қарағаннан-ақ ғашық болып, бір сөзден-ақ жек көріп кетуге болады.



— Ақылды, әдемі және бай әйелге үйлену үшін, үш рет үйленуге тура келеді.



— “Мені не үшін жақсы көресің?” — деп ешқашан сұрамаңыз. Ойлана қалса, сізден жақсы көретіндей түк те таппай қалуы мүмкін.



Кешкі тамақ желінеді, шай ішіледі, бірақ қонақ әйел үйіне қайтпайды. Бәрі үнсіз отырып қалады.

— Мен бір анекдот айтайын ба? — дейді сол үйдің қызы.

— Айта ғой! — дейді бәрі.

— Бір еркек бопты. Оның үйі, әйелі және балалары болыпты. Жерде өмір сүруден әбден жалығыпты да, әлгі еркек ғарышқа ұшпақ болады. Үйдің артынан зымыран орнатады да, ішіне кіріп, дәрісіне от қояды. Зымыран жерден көтеріліп ұшады да, қайта құлайды. Еркек есінен танып қалады. Есін жиған соң басқа планетаға келген екем деп ойлайды. Қараса, жердегі үйінен айнымайтын үй тұр. Үйден бір әйел шығады, жердегі әйелінен айнымайды. Жүтіріп балалар шығады, бәрі де жердегі балалары сияқты. Еркекті үйге кіргізіп, әлгілер жарасын таңып береді. Еркек сол үйде, сол отбасында әбден қартайып өлгенше тұрады. Бірақ бүкіл өмір бойы жерде қалған әйелін сағынумен өтеді.

Бәрі күледі. Сонан соң бәрі тағы үндемей қалады.

“Бұл анекдот дәл мен туралы екен, — деп ойлайды отағасы. — Мен әлі басқа әйелді аңсаумен жүрмін ғой”.

“Бұл мен туралы екен, — деп ойлайды отанасы. — Мен онымен тұрып жатырмын, бірақ оның басқа әйелді аңсап тұратынын білем ғой”.

“Бұл мен туралы, — деп ойлайды қонақ әйел. — Мен әлі ол оралатын шығар деп күтіп жүрмін ғой”.



Тіс дәрігері емделіп отырған әйелге:

- Аузыңызды сонша үлкен ашпай-ақ қойыңыз.
- Өзіңіз ғой айнама мен аспабымды тығам деген.
- Е, мен өзім сыртта тұрам ғой.



Еркек дәрігерге келіп:

– Доктыр, мен өзімнің нашарлап бара жатқанымды сезіп жүрмін, – дейді.

Дәрігер анализін алып, үсті-басын қарап, түк ауруын таппайды.

– Бәлкім, сіз көп ішіп кеткен шығарсыз?

– Жоқ, бір ай болды ішпеймін, – қойдым.

– Онда, бәлкім, темекіні көп тартатын болған шығарсыз?

– Жоқ, бір ай болды аузыма да алмаймын, қойдым.

– Бәлкім, әйелдер титықтатып жүрген шығар?

– Қойыңыз, дәрігер, бір ай болды мен әйел көрмегелі, – қойдым.

– Онда түсінікті, сіздікі – ӨКҚ.

– О не бәле тағы?

– Өте күрт қою. Орысша ОРЗ дейді: очень резко завязал.



Бір күні Сталин, Молотов, Жданов, Каганович, Ворошилов және Хрущев темекі тартып, анекдот айтып отырады. Бәрі айтады, тек Сталин ғана үндемейді. Бір кезде ол да аузын аша бергенде, Хрущев оған ештеңе айтқызыбай бөліп кетеді:

– Иосиф Виссарионович! Біздің бәрімізді отырғызып қойса, мейлі. Сіз өзіңізді сақтаңызшы!



Бір еврей Америкадан Францияға келіп, жезекшелер үйіне кіреді де, оның қожасынан:

– Айтыңызшы, сізде Соня Бейман істей ме? – деп сұрайды.

– Иә, істейді.

— Мен бүгін сол кісімен көңіл көтерейін деп ем.

— Жарайды, өйтуіңізге әбден болады. Әрине, Соня — сүйкімді тауар, бірақ бізде одан да тәуірлер бар.

— Жоқ, мен тек Соня Бейманмен болғым келеді.

— Жарайды, ол он бес минөтте дайын болады.

Екі сағаттан соң көңілі жай тапқан еврей Соня Бейманға 200 доллар тастап шығып кетеді.

Соня ешқашан дәл мұндай мол ақшаны бір "сеанс" үшін алып көрмеген еді. Сондықтан мұның сырын түсіне алмай күні бойы дал болады.

Ертесі әлгі американдық тағы келіп, тағы Соня Бейманды сұрайды. Кетерінде Соняға тағы 200 доллар тастайды.

Жезөкшелер үйінің қожасы мен Соня түні бойы ұйқтай алмайды, одан әлдеқайда арзан тұратын адамға бұл американдықтың неге 200 доллардан төлейтінін түсіне алмай өуре болады.

Үшінші күні американдық тағы келеді. Ол күні Соня бар өнерін аямай көрсетіп бағады. Американдық тағы 200 долларын беріп шығып бара жатқанда, оның жолын Соня жуан бөксесімен бөгей қояды.

— Мен, әрине, сізге бар білетін өнерімді көрсеттім, бірақ соның бәрі мықтаса 50 доллардан аспайды. Менің біле алмай миымның қатқанына, міне, үшінші күн, айтыңызшы, неге сіз ылғи 200 доллардан төлейсіз?

— Соня, сіздің Нью-Йоркте туысқаныңыз бар ма?

— Иә, бар.

— Сол кісі саған 600 доллар беріп жіберген болатын.



*Табалдырықты баспа!*



*Көкті жұлма!*

Жұмысқа жаңа орналасқан ақтаушы (адвокат) өз клиентіне:

– Бұл – менің бірінші ісім, сондықтан сіздің ақталып шығуыңыз мен үшін аса маңызды, – дейді.

– Қайтін ақтап алмақ боп отырғаныңызды түсінбедім. Тек зергерлік дүкенді ұрлаған менмін деп мойныңызға алмасаңыз, басқа жолы жоқ сияқты.



Сот айыпталушыдан:

– Сен оны не үшін өлтірдің? – деп сұрайды.

– Армандағаны үшін.

– Жұмбақтамай сөйлеңіз!

– Мен оны әйеліммен де, енеммен де жатып қойғаны үшін өлтіргем жоқ, Қарай көр оның дегустатор болмағын. Оны мен су ағатын труба арқылы тереземнен түскені үшін де өлтіргем жоқ, Каскадерлігін қайтейін оның. Мен оны: “Тағы да мұнда келем”, – дегені үшін өлтірдім. Қарай көр армандауын.



Бір еркекті ит қауып алады. Басы айналғандай болған соң, ол қаралуға дәрігерге келеді.

– Айтпасқа амалым жоқ, сіз жынданасыз, – дейді дәрігер.

Ауру сол арада бір парақ ақ қағазды жұлып алып, жалма-жан бірдемелерді жаза бастайды.

– Сіз немене, өсиетхат жазып жатырсыз ба? Асықпаңыз, мен сізді емдей алам ба деген ойдамын.

– Жоқ, бұл өсиетхат емес. Өзім өліп кеткенше, кім-кімді тістеп алуым керегін тізімдеп жатырмын.



“Ішімдікті артқы тесік арқылы енгізу” деген тақырыпта диссертация қорғалады. Диссертатшы бұл әдістің бұрынғыдан артықшылығын ғылыми дәлелдейді: 1-ден, мас болу үшін ішімдік аз кетеді; 2-ден, басыртқы жеудің қажеті жоқ; 3-ден, аузыңнан иісі шықпайды.

Оппонент сұрақ қояды:

— Бұл әдіспен қайтіп брудершафт ішуге болады?

— Ол — менің докторлық диссертациямның тақырыбы.



— Әке, — дейді баласы, — филиал деген не?

— Сен өзіңнің дәретке отыратын “горшок” дейтін ыдысыңды білесің бе?

— Білем.

— Білсең, сол ыдысың біздің унитаждың филиалы болады.



Мәскеуде екі спортшы Пушкин ескерткішінің қасынан өтіп бара жатады. Екеуі ақынның фран-сұзбен жекпе-жек айтысқанын әңгіме қылады.

— Мен осы әділетсіздіктің сырын түк түсіне алмай-ақ қойдым, — дейді біреуі. — Дантес дәл тигізді ғой, ал ескерткішті неге Пушкинге қояды?



Екі еркектің әңгімесі:

— Сен маған мынаны түсіндірші, арақ ішуге тыйым салған жарлық шыққалы бері ішу азайды, ал ажырасу көбейді. Неге?

— Оның не түсіндіретіні бар? Талай еркек өз қатынын бірінші рет сау кезінде сау көзімен көре бастады ғой.



Әйел сексопатологқа келеді.

— Доқтыр, менің күйеуім төсекте өте өлсіз, не істерімді білмеймін.

— Сіз оған қандай тамақ бересіз?

— Күнде картоппен тойғызып-ақ қоям.

— Сүйкімдім-оу, — дейді дәрігер басын шайқап, — есіңізде болсын, крахмалмен тек жейденің жағасын ғана қақайтып қоюға болады.





Студенттік ауыз әдебиеттен:

— Секс деген не?

Дәрігер-студент: — Бұл — ауру, өйткені төсекке жатқызу режімімен байланысты.

Дәрігер: — Ауру емес, себебі ешкім оған ауырғаны жайлы анықтама қағаз толтырмайды. Сірә, ол әрекет, яғни процесс.

Заңгер: — Ол процеске жатпайды, өйткені екі жақ та одан қанағат табады. Бәлкім, ол жұмыс болар.

Инженер: — Қайдағы жұмыс, негізгі агрегат қақайған қалпында қалса? Бұл, байқауымша, өнер шығар.

Әртіс: — Ол өнер бола қоймас, себебі көрермен жоқ қой. Бұл бәрінен бұрын ғылымға жатар.

Академик: — Студент жасай алып, мен жасай алмасам, ол не қылған ғылым?



— Апа, сіздің кішкентайыңыз газетті жеп жатыр.

— Жей берсін, кешегі газет қой.



Әйел өмірінде төрт рет қатты ұялатын көрінеді. Бірінші рет алғаш еркектің қойнына жатқанда. Екіншіде күйеуінен ұрланып ашынасына бірінші рет бара жатқанда. Үшінші алғаш рет ақша алып тұрғанда. Төртіншіде бірінші рет ақша беріп тұрғанда.

Ал еркек екі рет ұялады. Біріншісінде қашан екінші ретке шамасы жетпегенде. Екіншісінде қашан бірінші ретке жарамай қалғанында.



Өзеннің жағасында фотоапараты бар еркек кетіп бара жатады. Бір әйел қасына жанұшыра жүгіріп келеді.

– Тезірек, ағатай! Досым суға батып бара жатыр!

– Ой, айналайын, менің пленкам бітіп қалды.



– Түсіндіріңізші, жолаушыны сіз қалайша қағып кеттіңіз?

– Мен оны қаққам жоқ, Өтіп кетсін деп, мен тоқтай қалып ем, ол таңғалғанынан есінен танып қалды.



Мұғалима оқушылардан:

– Бүгінгіден революцияға дейінгі өмірдің қандай айырмашылығы бар? – деп сұрайды. Сәдірбек қолын көтереді.

– Революцияға дейін: “Шық, жоғал!” – дейтін, қазір: “Ертең келіңіз!” – дейді.



– Менің күйеуім көзіме шөп сала береді, сала береді, тіпті баламның кімнен екенін де біле алмай қалам.



Жағажайда жас бала мен кішкентай қыз жалаңаш жолығып қалады.

Бала:

– Сенікін біреу жұлып алған ба?

Қыз:

– Е, жоға.

– Жоғалтып алдың ба?

– Е, жоға.

– Әуелден осындай ма?

– Әрине.

– Қызық құрастырылған екен.



Қарт кісі дәрігер жігітке келеді.

– Балам, мен құрдастарыма қарағанда, ерте қартайып бара жатқан көрінем.

– Оны қайдан білдіңіз?

— Сәдірбек айтады кемпіріммен апта сайын болам деп, ал мен ай сайын да...

— Ой, ата, қызықсыз, аптасына екі рет болам деп сіз де айта беріңіз.



Әйгілі баукеспе ұры ұсталады. Ол шетелдік боп шығады. Аудармашы жалдауға тура келеді. Тергеуші ұрыдан:

— Ақшаны қайда тықтың? — деп сұрайды.

Аудармашы:

— "Алмадым", — дейді.

— Оған айт, — дейді тергеуші, — егер дәл қазір шынын айтпаса, онда ол атылады.

— Егер ақшаның қайда екенін тап қазір айтпасаң, онда сені атады, — дейді аудармашы ұрыға.

— Үйге тыққам, унитаздың су жинағышының ішінде, — дейді ұры.

— "Атсаңдар ата беріңдер, бәрібір айтпаймын", — дейді, — деп аударады тілмәш.



— Айыпкер, соңғы сөзіңізді айтудан неге бас тартасыз? — дейді сот.

— Оның еш қажеті жоқ деп ойлаймын, сот мырза. Айтылуға тиіс нәрсенің бәрін менің адвокатым айтты, ал айтылуға тиіс емес нәрсенің бәрін прокурор айтты ғой.



Заңгер:

— Біздің мамандығымыз — ең көне мамандық. Адам мен Хауаны құдайдың жұмақтан қууы — тұңғыш заңды қолдану.

Хирург:

— Хауаны құдай Адамның қабырғасынан жасаған. Оның өзі алғашқы хирургиялық әрекетке жатады.

Құрылысшы:

– Құдайдың бұл әлемді ең әуелі ешбір реті жоқ, былықтан жасап шыққанын ұмытпаңдар!

Саясаткер:

– Ал сол былықты біз жасамағанда, кім жасады? Оны да ойлаңыздар.



Сәдірбек босану үйінің алдына келеді. Терезеден әйелі қарайды.

– Кім? Ұл ма?

Әйелі басын шайқайды.

– Енді кім?



Арық әйел автобустан түсейін десе, дәл есіктің аузында шойқара жуан еркек денесімен жауып тұр екен.

– Кешірерсіз, сіз қазір түсесіз бе?

– Онда сенің не жұмысың бар?

– Қалай жұмысым жоқ, маған шығу керек.

– Онда менің не жұмысым бар?



Ақаң мен Сәдірбек Германияға барады. Гетенің ескерткішін көріп:

– Бұған неменеге ескерткіш қойған? – дейді Ақаң кейіп. Кәрөл емес, генерал емес, бар-жоғы “Қарақшылар” деген бірдемені жазғаны болмаса.

– Кетші, ей, “Қарақшыларды” жазған Шиллер ғой.

– Ал ендеше, тіпті, “Қарақшыларды” да жазбапты.



Қатардағы әскерді аға әскер әбден жерден алып, жерге салып ұрсады:

– Сен миғұлаға қанша рет айтам осы. Карл Маркс пен Фридрих Энгельс деген ешқандай да ерлі-зайыптылар емес, төртеуі төрт басқа адам.



Қонақ үйден шықса, есік алдында дәу ит жатады.

- Жүре беріңіз, қаппайды, — дейді үй иесі.
- Сізге сенем ғой, бірақ итке сенбей тұрғаным.



Мейрамханада:

— Вахтанғ, сен неге саңиви жемейсің, шарап ішпейсің?

— Дәрігер рұқсат етпеді, бауырым болмай жүр.

Ертесінде.

— Вахтанғ! Сен не істеп отырсың? Шарап ішіп, саңиви жеп отырсың ғой? Бауырыңды құртасың. Дәрігер не дейді?

— Қам жеме мен оған жүз мың беріп ем, рұқсат етті.



Мас еркек трамвайдың аялдамасында тұрса, қасына тағы бір мас келіп:

— Сен мұнда неғып тұрсың? — дейді.

— Трамвайды күтіп тұрмын.

— Қазір сағат түнгі үш, трамвай тоқтағалы қашан.

— Ғім! Онда неғып оңбағандар релісті жинап тастамаған?



Күйеуі есік қағады. Әйелі ашынасын су жүретін құбырмен төмен түсіп кетуге ақыл береді. Ол тоғызыншы қабатқа келгенде, қолы тайып кетіп құлайды. Құлап келе жатып кейиді...

— Ақымақ басым, үйде, қатынымның қасында отырсам ғой, бөтен әйелге барып не әкемнің құны бар еді? Ал енді бекерден-бекер абыройсыз өлетін болдым. Эттең, осыдан аман қалсам ғой, бәрін басқаша бастар едім. Ішуді қояр ем, темекі тартпас ем, қыз-келіншектің соңынан жүгірмес едім...

Қалың қасат қардың үстіне құлап, еркек аман қалады.

— О, құдай-ай! — дейді таңданып. —  
Құлағаным екі-үш секент қана, соның арасынша  
басыма қаншама жаман ойлар келіп үлгерді  
десеңші!



Бір күні Бернард Шоу байқамай, барлық әйел  
де сатылады деп қалады. Ағылшын кәрәлевасы  
соны естіп, Бернард Шоумен жолығып қалғанда:  
"Мырза, рас па, сіз барлық әйел де сатылады деген  
көрінесіз?" — деп сұрайды. "Иә, мәртебелім".  
"Мен де ме?" — деп іренжиді кәрәлева. "Сіз де,  
мәртебелім", — дейді Шоу саспастан. "Ал мен  
қанша тұрады екем?" — деп қалады кәрәлева.  
"Он мың фунт стерлинг", — деп бағалайды Шоу.  
"Неге соншама арзан?" — дейді кәрәлева  
таңданып. "Міне, көрдіңіз бе, сіз де саудаласа  
бастадыңыз ғой", — дейді драматург жымышп.



— Қай жеріңіз ауырады? — дейді дәрігер  
емделуге келген қарттан.  
— Жүрегім алқынады.  
— Қандай кезде?  
— Е, жай кезде-ақ, Біреуіне шыққанымда, бөрі  
дүп-дұрыс. Екіншісінде алқына бастаймын.  
Үшіншісіне шамам келмейді.  
— О, ақсақал-ау, жетпіс жасыңызда сіз  
өйтсеңіз, мықтысыз ғой. Мен сізден 30 жас кішімін,  
бірақ біреуіне де жарамаймын.  
— Сіз нені айтып тұрсыз, дәрігер?  
— Әрине, әйелдерді.  
— Ал мен баспалдақты айтам.



Анатомиядан емтихан алып жатқан профессор  
студент қыздан:  
— Адамның қай мүшесі махаббаттың символы  
боп саналады? — деп сұрайды.  
— Әйелдің бе, еркектің бе? — дейді студент  
қыз.  
— О, құдай-ай! — деп қиналады профессор. —  
Біздің заманымызда ол жүрек болушы еді.



Жігіт пен қыз махаббатпен айналысып жатқанда, үстілеріне жігіттің әке-шешесі кіріп келеді.

Жігіт ойлайды:

— Қап, көріп қойғаны ұят болды-ау. Айттым келесі жолы жасайық, бүгінше қоя тұрайық деп.

— Ә, бәлем, енді маған, сөз жоқ, үйленеді. Мәжбүр етем! — дейді қыз.

— Түсінікті, балам ержетіп қалған екен. Магасекіл сатып әперу керек шығар, — дейді әкесі.

— О, құдайым-ай, — дейді шешесі, — қыздың жатысы қалай, балама ыңғайсыз ғой.



Юрий Никулиннің анекдоты:

Ерлі-зайыптылар достарына мұң шағады:

— Біз мысығымызды піштіріп тастап едік, бірақ ол сонда да түні бойы үйге тоқтамайды.

— Қалайша?

— Кеңес беруші ретінде кетеді.



— Ақа, көшенің қақ ортасыңда төбелес шығарғаның не?

— Ой, Сәке, оған үй жалдап жататын жағдай қане?



— Немене, сіз парашютшісіз бе? Сенесіз бе, мен ешқашан парашютпен секірмес едім.

— Солай ма? Ал мен не берсе де ешқашан парашютсіз секірмес едім.



Трамвайдың іші тола әйел мен еркек. Босану үйінің қасындағы аялдамадан бір сап-сары еркек мінеді. Арт жаққа жалғыз тұрған ол кенет:

— Ой, шешеңді.., — дейді басын қос қолдап ұстап.

Кемпір-шал, бала-шаға — бәрі оған оскырына бұрылады. Біраз өткен соң еркек әлгі сөзді тағы айтады. Әйелдер айқайлап ұрса бастаған соң, еркек тынышталғандай болады. Бірақ біраздан соң тағы: “Ой, шешенді!” — деп, тағы басын шайқап, тағы басын ұстайды.

Келесі аялдамадан мілісенер мінеді.

— Жолдас мілісенер, анау еркек аузына келген боқтық сөз айтып тұр, мұнда әйелдер отыр демейді, тәртіпке шақырыңызшы! — дейді бір кемпір.

Мілісенер әлгі еркекпен сыбырласып біраз сөйлеседі де:

— Ой, шешенді! — деп, өзі де боқтап салады.

Бүкіл жолаушы шу ете қалады. Мілісенер қолын көтеріп, тыныштыққа шақырады.

— Түсінсеңіздерші, мына жігіттің әйелі босаныпты. Баламды көрейін деп барса, қатыны қап-қара, егіз негір туыпты.

— О, шешенді! — дейді бір шал жер теуіп. — Сары біреуді таппады ма екен, салдақы!



Франция. Париж. Жезөкшелер үйі. Екі жігіт қолтықтап қалтылдаған қарт кісіні алып кіреді. Үйдің қожасы қарсы алады.

— Сізге қандай қызмет қажет?

— Бір бөлме, бес қатын.

Үй қожасының көзі шарасынан шығып кете жаздайды. Бірақ ақшасын төлеп тұрса, оған басқасының қажеті қанша.

Екі сағаттан соң әлгі қарт бөлмеден шығады. Үй қожасы:

— Кешірерсіз, — дейді қартқа жақындап. — Қандай әдепсіз деп, айыпқа бұйырмаңыз. Дегенмен мұнша жаста мұншама әйелді қалай?

— Сіз білесіз бе? — дейді қарт қалтыраған дауыспен. — Мені жақында паралич соқты ғой. Өте сәтті жерімнен соқты.





Үйіне қонбаған Сәдірбек әйеліне:

— Әй, сен неге ұрыспайсың? — дейді таңданып.

— Үйрендік қой.

— Қап, әттегене! Керемет бір сылтау ойлап тауып ем!



— Дәрігер, мен сізге қатты ризамын. Алғысымды қалай жеткізерімді білмей қиналып тұрмын, тегі!

— Адамзат ақшаны ойлап тапқалы бері алғысты білдіру проблема болмай қалды ғой, бауырым!



Қожайын жаңадан алған қызметшісіне:

— Бақшаға барып шалқан жұл! — деп әмір етеді.

Малай шығып кетеді де, бірнеше түп шалқанды жұлып әкеледі.

— Әй, кешше!.. "Шалқан жұл" дегенімді — шалқанды жұлып әкелсем болды деп түсінгенің бе?!.. Жұлған соң оны жууың, тазалауың, турауың, одан соң оған қаймақ құйып, үстіне аскөк себуің керек емес пе?

Ызадан күйіп-піскен қожайын аяқ-асты ауырып қалады да, малайын дәрігер шақыруға жібереді.

Кешке қарай бір-ақ оралған қызметші:

— Тапсырмаңыз түгел орындалды! Дәрігер шақырдым, дәрі-дәрмек алдым, табыт жасауға тапсырма бердім, зираттан қабір қаздырып қойдым! — депті...



Бүкіл достарым жабылып мені де үйлендірмек. Еркін әрі бақытты әмір сүріп жатқан адамды өзгелердің көре алмайтыны несі екен, осы...



"Алға қарау керек, алдымызға қарауымыз керек", — дейміз. Ал біздің бүкіл байқағандарымыз бен іс-тәжірибеміз артымызда қалса, онда алдыға қарап не керек?



Әрине, кадрларым болса, мен де сапырылыстырар едім.



Сот:

— Айыпкер, сіз неге өзіңізге сонша сенген адамдарды алдадыңыз?

— Өйткені маған сенбейтін адамдарды алдай алмаймын ғой.



Қасқыр бөлтірігін қотанға түн ішінде қалай шабу керегін үйретпек боп ертіп әкеледі. Келсе, қотанның бір шетінде қарақшы тұр екен. "Анау тұрған — адам. Ол жақтан шапшай, басқа жақтан шабайық", — дейді қасқыр. Сонда бөлтірігі: "Сіздің адамыңыз қарақшының қай жағында?" — деп сұрапты.



Сыған әйел еркектің алақанына қарап:

— 45-ке дейін ақшаның жоқтығынан қорлық көреді екенсің, — дейді.

— Содан кейін ше?

— Содан кейін үйреніп кетесің.



Саяжайда бір еркек екіншісіне:

— Кеше жер қазып жатсам, кенет бес теңге шыға келгені. Алдым да, қалтама сап қойдым. Тағы қазып ем, тағы бес теңге шықты. Оны да қалтама сүңгітіп жібердім. Тағы бір минут өткенде, тағы бес теңге тауып алдым. Сөйтіп, қатарынан он рет таптым, — дейді.

— Шынымен-ақ қазынаға тап келдің бе?

— Е, жоға, қалтам тесік екен.



— Қайда барасың?

— Көрмеге.

— Саған да біреу-міреу қарайды деп ойлайсың ба?



Қарт еврей немересіне бәтіңке сыйлайды:

— Сема, ал, күтіп ки!

Бір ай өткенде Сема атасына келеді:

— Ата, бәтіңкең жыртылып қалды.

— Жыртылғаны қалай? Қандай киімді құрттың! Оны менің әкем он жыл киіп еді, мен сегіз жыл кигем, сенің әкең — тоғыз жыл, ал сен бір айда-ақ быт-шыгтын шығардың.



Поп пен еврей мәшинелерін соғып алады. Сыртқа шығады. Мәшинелері қабысып қалған.

— Құдай өзі берді, өзі алды, — дейді поп.

— Қалай келсе, солай кетті, — дейді еврей. — Кел, ішіп қайғымызды басайық!

— Кел, — дейді поп, рәмкеге кониак құйып. — Іш!

— Жоқ, бірінші сен іш!

Поп ішіп салады да, еврейге құяды.

— Жоқ, ішпеймін, — дейді еврей. — Мен ініспектірді күтем.



Шешендердің соғысында бір еврей, бір орыс және бір қазақ тұтқынға түсіп қалады.

— Қандай жазаны қалайтындарыңды өздерің айтыңдар! — дейді үшеуіне. — Атайық па, дарға асайық па, жоқ, електір үстеліне отырғызайық па?

— Мені електір үстеліне отырғызыңдар! — дейді еврей. — Бәлкім, істемей қалар деп үміттенеді.

Үстелге отырғызады. Електірді қосып қалса, ол істемей қалады. Еврей жазадан құтылады.

“Бәлкім, маған да сәті түсер”, — деп, орыс:

— Мені де үстелге отырғыз! — дейді.

Отырғызады. Електір үстелі оған келгенде де істемей қалып, ол да аман қалады.

— Мені атыңдар! — дейді қазақ.

— Е, неге? — дейді шешендер таң қалып.

— Енді андағыларың істемей тұрған жоқ па?



- Сіздің шет елде туыстарыңыз бар ма?
- Жоқ,
- Қойсаңызшы, Израйілде атаңыз бар екені бізге баяғыдан белгілі.
- Енді шет елде жүрген ол емес, мен ғой.



- Еврей Израйілге кету үшін мінездеме сұрайды.
- Неге кетесіз?
  - Ата-бабамның жері шақырған соң.
  - Ал туыстарыңыз қайда тұрады?
  - Бір бауырым Венгрияда, екіншісі Болгарияда социализм орнатып жүр.
  - Израйілге барып сіз де сөйтесіз бе?
  - О не дегеніңіз, өз отанымда ма?



Қарны қампиған семіз сары кісі жекеменшік дәрігерге келеді.

— Семіздіктен сіз тез арада арылтады деген соң...

— Иә, арылтамыз, шешініңіз! Енді мыңда кіріңіз!

Қап-қараңғы үйге кірген семіз әуелі түк көре алмай біраз тұрып қалады. Көзі үйренген соң қараса, қарсы алдында тыр жалаңаш сұлу әйел тұр.

— Қуып жетсеңіз, сіздікімін, — дейді де, тұра қашады.

Семіз ал кеп қуа жөнеледі. Сан рет жетейін-жетейін деп қалып, бірақ жете алмай, әбден қан сорпасы шығады. Содан, әй, енді жеттім-ау деген бір сәтте шам жарқ етіп жанады да, әйел бір есікке кіріп кетеді.

— Енді ертең келіңіз! — дейді дәрігер.

Дайындалып, бүгін қайтсем де қуып жетем деген дәмемен ертесі тағы келеді.

— Кіріңіз.

— Кіреді. Тағы қап-қараңғы. Біраз тұрып, көз үйренген соң алдына қараса, қарсы алдында

божбандай қара негір жалаңаш тұр. Әйелге шабатындай айбаттанып алған.

— Ал қаш, қуып жетсем, — деп, не істейтінін ымдап көрсетеді.

Семіз бұрыла сап қашады. Анау ырсылдап кеп қуады. Жақындап қалған демін естігенде, аяғы жерге тимей кеп безеді. Әй, енді өлдім-ау дегенде шам жарқ ете қалып, негір бір есікке кіріп кетеді.

— Міне, қалай тез арықтадыңыз, — дейді дәрігер семізді сүйемелдеп тұрып.



Еркек әйелін қылмыс үстінде ұстап алады. Тапаншасын суырып ап әйелінің ашынасына қарай кезейді. Әйелі екі араға тұра қап, арқасымен ашынасын қорғайды.

— Николай, есіңді жи! Сен біздің балалардың әкесін атып тастамақсың ба?



Бір шалшықта үш ұрғашы бақа тұрады. Біреуі көрші шалшыққа барып келем деп кетеді. Сол кеткеннен әлі жоқ, әлі жоқ. Әйтеуір, бір уақытта батпақ-батпақ болып келеді.

— У-у, құрсын! — дейді кейіп. — Ана шалшықтың бақалары ар-ұят дегеннен жүрдай екен. Барып ем, әй-шәй жоқ бас салды да, біреуі бас көзіме қарамай зорлады да тастады. Ондай сұмдықты кім көрген. Ертең тағы барам.



— Апа, мен біраз қыдырып келейін, — дейді қыз. — Бір түрлі таза ауа жетіспей тұр. — Жарайды. Тек “таза ауаға” ескерт, сағат тоғызда сен үйде болуың керек.



Американдық пен Ресейлік жолығып қалыпты. — Бізде демократия. Кез келген адам Ақұйдің алдына келіп: “Буш кетсін!” — дей береді, оған ештеңе де болмайды, — дейді американдық,

— Бізде де демократия. Кіремілдің алдына келіп, бізде де кез келген адам: “Буш кетсін!” — дей береді, оған да ештеңе болмайды.



СОКП XX-сезінде Сталиннің жеке басына табынуды әшкерелеген Хрущевтің баяндамасынан кейін залдан бір ақырын дауыс шығады:

— Ал сіздер, Саяси бұйро мүшелері, неге үндемедіңіздер?

— Кім сұрап тұрған? — дейді Хрущев.

Ешкім үндемейді. Хрущев қаттырақ айғайлайды:

— Кім сұраған?

Тағы тыныштық.

— Үндемейсің, ә? Біз де өстіп үндемегіміз.



Сталин науқас Лениннің көңілін сұрай келеді.

— Жағдайым жақсы емес. Әй, кешікпей өлем-ау деймін, — дейді Ленин.

— Онда билікті маған беріңіз!

— Иосиф, қорқам, халық сенің соныңнан ермейді-ау.

— Онда сіздің соңыңыздан кетеді.



Бір сараң дүниеге келіп киім ілгішті ұзақ таңдайды.

— Бұдан арзаныңыз жоқ па? — дейді бір кезде.

Бар. Келесі бөлімде шеге сатады.



Бір әйел Қожанасырдан жүкті болып қалғанын айтады. Қожекең ат-тонын ала қашады. Ақырында сот:

— Мына әйелмен ұйқтадыңыз ба? — деп сұрайды.

— Жоқ, мырза, бір секөнт те көз ілмедім, — депті Қожекең.



Купеге жас келіншек кіреді, егделеу кісі жалғыз екен:

— Кел, келе қой! — деп қарсы алады. Пойыз қозғалған соң, біраз үнсіздіктен кейін:

— Ата, қайда барасыз? — дейді келіншек.

— Шымкентке. Өзің ше?

— Мен де.

— Неге жалғыз жүрсің? Күйеуің қайда?

— Бизнес деп, бәрінен безіп кетті ғой. Өзіңіздің, кешіріңіз, кемпіріңіз қайда?

— Ол да базарлап Эмиратқа кеткен.

— Е, ол жақта бекер жүрмеген шығар. Тауып алған болар біреуді.

— Иә, менің кемпірім тауып алғанда, сенің жігітің тауып алмас деймісің. Солардан оданда кек қайтармаймыз ба?

— Қайтарсақ қайтарайық.

Екеуі кек қайтарады. Егде кісі есінеп, ұйқыға кете бергенде:

— Ата, ұйқым келмей жатыр, тағы бір кек қайтарсақ қайтеді? — дейді келіншек.

— Ой, айналайын, мен өзім кекшіл емеспін.



Бірінші актінде мойнымға тағатын маржан жасанды емес, шын маржан болсын! — деп талап етеді режиссерден кінәмшіл актриса.

— Жарайды, — дейді режиссер көніп, — бірінші актіндегі маржан да, соңғы актіндегі у да — бәрі шын болады.



Антрактіде 3-қоңыраудан кейін қараңғыда өз орнын іздеп келе жатқан ерлі-зайыптылардың еркегі шеткі отырған біреуден:

— Кешірерсіз, бағана шығып бара жатқанда мен сіздің аяғыңызды басып кетіп пе едім?

— Иә, иә. Және онымен қоймай...

— Бері жүр! — дейді әйеліне, — біздің қатар осы екен.



Ақсақ Темір бір күні Қожанасырды өз сарайына шақырыпты. Қожекең келсе, сарайдың іші лық толған адам, бәрі жайғасып жерде отыр, тек Темір ғана биік тақтың үстінде отыр. Қожекең дереу иіліп:

— О, құдай, есенбісіз? — дейді.

— Мен құдай емеспін, — дейді Темір. — Мен...

Қожекең Темірдің айтайын дегенін айтқызбастан:

— О, Әзірейіл, мен саған өмірімді қыйуға әзірмін! — дейді.

— Не деп тұрсың? — дейді Темір. — Мені Әзірейіл деп кім айтты саған?

— О, онда мен түкке түсінбедім, — дейді Қожекең мүләйімсіп. — Құдай болмасаң, періште болмасаң, онда адам құсап адамдардың қасына отыр, неғып сонша аспанға шығып алғансың?



Тағы бірде Темір Қожанасырды шақырып алып:

— Қожеке, бүгін мен көңілденіп отырмын. Саған бір сый жасайын десем, саған не ұнайтынын білмей отырмын, — дейді.

— Мәртебеңе құлдық, Не сыйласаң да маған бәрі ұнайды.

— Жарайды, мен айтайын, сен таңда: он алтын, бір ат, бір отар қой, жемісі жайқалған бақ, — қайсысын қалайсың?

— Егер қалтама он алтын салып беріп, бір атқа мінгізіп, бір отар қойды бақтың ішіне айдатып кіргізсең, онда сен әрі жомарт, әрі әділ екеніңді дәлелдер ең.

— Ал егер түк бермесем ше?

— Онда немене, онда шын мәнінде Темір екеніңді дәлелдер едің.



*Пышақтың жүзін жалама!*





— Қожеке! — дейді Темір, — Шыныңды айтшы, ел билегің келе ме?

— Құдай көрсетпесін, — дейді Қожекең, — немене, мен өзімді аямайды дейсің бе?

— Қалайша?

— Мен өзімнің осы қарапайым өмірімде екі ел билеушінің өлгенін көрдім. Құдай бұйыртса, тағы екі ел билеушіні о дүниеге аттандырам. Бірақ олардың бірде-бірі Қожекеңнің өлгенін көрмейді.



Темір бірде жұртшылыққа үлкен қонақасы береді. Қожанасырдың әлдекімен қызу әңгімелесіп тұрғанын байқап, Темір оны ұялтпақ болады.

— О, Қожекең қандай өтіріктің майын тамызып мақтап жатыр екен, ә?! — дейді қасына кеп.

— Енді не істеймін, мәртебелім? — дейді Қожанасыр саспастан. — Өтіріксіз өмір сүре алмайсың, досыма сенің әділеттілігің жайлы айтып жатыр едім.



Бір күні Темір Қожанасырдан:

— Қожеке, жұмақ үлкен бе, тозақ үлкен бе? — деп сұрайды.

— Әрине, жұмақ үлкен, — дейді Қожанасыр.

— Оны қайдан білесің?

— Өйткені байдан кедей көп қой.



Қожанасырдың сыйыры жоғалып кетеді. Көше-көшені аралап, жағы талғанша жар салады:

— Менің сыйырым кімге кезіксе кезіге берсін, тек сөтқа кезігіп қалмаса екен! Менің сыйырым кімге кезіксе кезіге берсін, тек сотқа кезігіп қалмаса екен!

— Ау, Қожеке, — дейді жұрт, — соншама неге соттан қорқасың? Сыйырың сотқа кезіксе, не болады?

— Қандай сауатсызсыңдар! — деп кейиді Қожанасыр. — Сендер түк білмейсіңдер, мен заң кодекісін білем ғой. Егер сыйырым сотқа кезігіп қалса, ол заңға сүйеніп оны жеп қояды. Ал егер мен оған қарсы болсам, онда ол маған тағы айып төлетеді.



Қожанасыр бір кісімен кергілесіп қалады да, оны әміршінің алдына алып келеді. Бір-екі күн бұрын басқа бір жанжалмен Қожекең тағы келген екен.

— Қожеке, ұят емес пе? Мұнда екінші рет келіп тұрсың, — деп сөгеді әмірші.

— Келсе, қайтеді? — дейді Қожанасыр түсінбей.

— “Қайтедің” не? Мұнда адал адамның келмейтінін білмейсің бе?

— Қызықсың, мен мұнда бар-жоғы екі-ақ рет келіп тұрмын, ал сен күнде-күнде күні бойы осыннан шықпайсың ғой?!



Бір күні Қожанасырдың бәйбішесі мен тоқалы ұрсысып қалады да:

— Шыныңды айт, қайсымызды артық көресің? — деп Қожекенді қинайды.

— Екеуіңді де бірдей көрем! — дейді Қожекең ант-су ішіп. Бірақ әйелдер оған көнбейді. “Айт! Айт!” деп болмайды.

Ақырында тоқалы:

— Сен бізді алдама! Егер екеуіміз де терең суға түсіп кетіп, батып бара жатсақ, алдымен қайсымызды құтқарар едің? — дейді қадалып.

Қожанасыр қатты сасады. Жанжалдан қалай қашып құтыларын білмей:

— Бәйбіше, сен еггеп жүзе алмаушы ма ең? — депті.



Түн ішінде әйелі Қожанасырды оятады.

— Ойбай, үйге мысық кіріп кетіпті, ыдыс-аяқтың бәрін сындыратын болды. Оң жағында шам тұр, маған алып бере салшы, жағып, мысықты қуып жіберейін.

— Жындымысың? Мынандай тас қараңғыда оң жағымның қай жақта екенін қалай ажыратам?



Қыстыгүні бір топ еркек әрқайсы өз күшін айтып мақтансады. Кезек Қожанасырға да келеді.

— Рас, мен қартайып қалдым, — дейді Қожекен, — бірақ менің күшім бұрын қандай болса, қазір де сондай.

— Қой, өтірік айтпа, оны қалай дәлелдейсің? — дейді бәрі.

— Не дәлелдейтіні бар? — дейді Қожанасыр. — Біздің есіктің алдында бір дәу қара тас бар. Әлгіні бала күнімде көтере алмаушы ем, жігіт күнім де де көтере алмадым, қазір де көтере алмаймын.



Бірде Қожанасырдан:

— Ақиат қайда болады? — деп сұрайды.

— Егер ол бар болса, қайда болатынын айтар едім ғой, — депті Қожанасыр.



Бір күні көршісі Қожекеннен:

— Қырық жыл сақталған сірке суың бар ма? — деп сұрайды.

— Бар, — дейді Қожанасыр.

— Маған кішкене құйып берші!

— Бере алмаймын.

— Қалайша? Көрші қақысына бір тілегімді орындай алмайсың ба?

— Сұраған адамға бере берсем, ол қырық жыл қайтіп сақталар еді?



Зоопарктің деректіріне келіп:

— Мен қоян мен керіктің қасында енді өмір сүре алмаймын, басқа жерге апарыңыз! — дейді маймыл.

— Е, неге?

— Қоян күндіз анекдот айтады, ал керік түнімен күліп шығады.



Қоян орманның шетіне шықса, ұзынынан түсіп қасқыр жатыр екен. Ерке, мейірбан дауыспен:

— Қасеке, демалып жатырсыз ба? — дейді қоян.

— Жо, Қысық көзім-оу, құдай атып қақпанға түсіп қалдым.

— Ү-үй, оңбаған сүр ит, жатуын қарашы жайылып!?



Сот:

— Алдыңғы екі әйеліңіз де саңырауқұлақтан уланып өліпті. Ал үшіншісінің мыйы шайқалған. Неге?

— Саңырауқұлақты жегісі келмеді.



— Жәбірленуші, сіздің ақшаңыз қай жерге тығулы еді?

— Төстартқышымда болатын.

— Енді айыпкер қолын төсіңізге сұғып жатқанда неге айқай салмадыңыз?

— Мен әуелде ойы бұзық емес шығар деп қалдым.



Сәдірбек кешкісін үйге келсе, пошта жәшігінде Рамазан Стамғазиевтің концертіне шақырған екі белет және "Кімнен екенін табыңызшы!" деген тілхат шығады.

Әйелі екеуі концерттен келсе, пәтерлерін түп-түтел үптеп кетіпті де: шкаптың есігіне: "Кімнен екенін енді түсінген боларсыз", — деген тілхатты іліп кетіпті.



Сот айыпталушыға:

— Сіз сабырмен, абыржымай қалай болғанын рет-ретімен айтып шығыңызшы!

— Мен сұмдық толқып тұрмын. Ол былай болды. Мен қолыма пышақ алып әпелсіннің қабығын аршып отырғам, дәп сол кезде ол байғұс келді де, түп-тура пышақтың үстіне құлады.

— Қайта-қайта үш рет құлады ма?



— Неге сіз ол мәшинені айдап кеттіңіз? — деп сұрайды сот.

— Бейіттің қасында тұрған соң, “Е, иесі өліп қалған екен ғой”, — деп ойлады.



Түн жарымда тас қараңғыда тірі жан жоқ көшеде жалғыз кетіп бара жатқан кісіге тонаушы:

— Не өмір, не ақша, таңдаңыз! — дейді.

Зәресі үшқан жүргінші кекештеніп:

— Өлердегі сөзім, ағатай, аяңызшы! — дейді. — Үйге ақшасыз келсем, әйелім өле-өлгенше маған маза бермейді.

— Өкінішті, менің әйелімнің мінезі де дәл сондай.



Бір топ ақын-жазушы мейрамханаға бардық. Шақырған — Шөмішбай. Отыра сап даяшыға Қуанышбай әзіл айтып еді, сәтті шыққан соң, ол да күлді, біз де күлдік.

— Ойбай, Қуаға, күлмеңіз, күлдірмеңіз! — деді Шөмішбай сыбырлап. Күлкіңізді де қосып есептеп қояды.



Төлен Орталық Комитетте істейтін. Торғайдан шешесі келіп жатқан. Күлән да жұмысқа кеткен соң, шешемнің іші пысқан шығар деп, Төлен үйге телефон соғады. Шешесі көтереді.

- Апа, мен Төлен ғой.
- Ә, мен Төленнің шешесімін ғой, — деп, апасы телефонды қоя салыпты.



Пәтерге тонаушы кіріп кеп, жалғыз отырған әйелге пышағын оқтайды.

- Ақшаның қайда екенін тез айт, әйтпесе өлтірем!
- Айтсам, маған тимейсіз бе? Ант ішіңіз!
- Ант етем!
- Ақша банкте...



— Егер ұрланған ақшаны қайда тыққаныңызды айтсаңыз, онда үкімді жұмсартамыз.

- Азамат сот, мұныңыз енді кодекістегі нағыз алдап көндіру ғой!



Қараңғы көшеде кезігіп қалған жүргінші екіншісінен:

- Жақын маңайдан полицейді байқамадыңыз ба? — деп сұрайды.
- Жоқ.
- Ендеше пәлтөңізді шешіңіз!



— Нанасыз ба, дәл қазір ғана мейрамханада екі жүз адамның көзінше әдемі киінген еркек бір әйелді қылғындырып өлтірді.

- Елдің көзінше және жап-жарық жерде ме? Ешкімнің араға түспегені ме сонда?
- Жоқ. Жұрттың бәрі екеуі жаңа шыққан бір биді билеп жүр екен деп ойлапты.



- Сізді не үшін соттады?
- Қызық, бір күні ойда жоқта белгілі болды, мемлекет те дәп мен жасағандай ақша шығарады екен.



— Ал енді айтыңызшы, аңға өзіңізбен бірге барған жолдасыңызды неге аттыңыз?

— Мен оны бұлан екен деп қалдым, азамат сот.

— Қателескеніңізді қай кезде білдіңіз?

— Бұлан да менімен атыса бастағанда.



— Біз бәріміз суретті сіз ұрлаған жоқ деген шешімге келдік. Боссыз, бара беріңіз!

— Азамат сот, енді сурет өзімде қала береді ғой?



— Ал енді сейфті қалай ашқаныңызды айтыңызшы!

— Жо, азамат сот, оны айтуға болмайды, залда қаншама бәсекелестерім отыр!

— Айыпталушы, айтыңызшы, сіз неге осыншама өтірікті көп айта бересіз?

— Енді сіз көп сұрайсыз.



— Сот мырза, құдай куә, мен...

— Болды-болды, куәлерді сұрау тоқтады ғой енді.



Түрмеге үш еркекті қамайды. Олар бір-бірімен таныса бастайды:

— Сені не үшін қамады?

— Бухаринді боқтағаным үшін. Сені ше?

— Бухаринді мақтағаным үшін.

— Ал мен — Бухаринмін, — дейді үшіншісі.



Сот айыпкерге:

— Сіз бұрын қылмыс жасағаныңыз үшін жауапқа тартылып па едіңіз?

- Иә, бірақ өте ертеде, он жыл бұрын.
- Одан бері қайда болдыңыз?
- “Қайда болғаны” қалай? Түрмеде отырдым.



— Сіз не үшін өмір сүресіз? Сізден қоғамға қандай пайда?

— Пайда бар ғой, полиция мен сотты жұмыспен қамтамасыз етем.



Үлкен шамадан көтерген адамды түн ішінде полицей тоқтатады.

- Тоқта! Шамаданыңда не бар?
- Білмеймін, әлі ашып көргем жоқ.



— Сотталушы, үшінші қабаттан әйеліңізді абыр-жып жүріп лақтырып алғаныңызды немен дәлелдейсіз?

— Бұрын біз бірінші қабатта тұратынбыз, мырза, одан көшіп кеткеніміз есімнен шығып кетіпті.



— Куә, сіз тек өз көзіңізбен көргеніңізді ғана айтуға тиіссіз.

— Түсіндім, мәртебелім.

— Сонымен, әуелі мынаны айтыңыз, сіз қашан тудыңыз?

— Өкінішке орай, оны айта алмаймын, оны өз көзіммен көргенім жоқ.



Адвокат куәге:

— Қылмыс жасалған жерден сіз қаншалық қашықта болдыңыз?

— 3 метір 78 сәнтиметір.

— Соншама дәлдікпен айтып тұрғаныңыз қалай?

— Әдейі өлшедім. Өйткені өңкей көкмыйлардың бірі оны менен бәрібір сұрайды ғой.





Екі-үш әйел сырласып отырады.

— Біздің Сәдірбектің аяғы қысы-жазы тап-тастай, бір жылынбайды, — дейді Сәдірбектің әйелі.

Кешкісін Ақаңның әйелі ертерек жатып, Ақаңның өзі көрпеге кешігіңкіреп кіреді.

— Туу! — деп тітіркенеді Ақаңның әйелі. — Аяғың қандай тап-тастай Сәдірбектің аяғы құсап.

— Уһ, әкеңнің... Оның аяғының тастай екенін сен қайдан білесің?



— Айышкер, сіз бекер мойындамайсыз. Осы залда сіздің қылмыс жасағаныңызды өз көзімен көрген 20 адам отыр!

— Мәртебеңізге құлдық, менің ол жерде болғанымды көрмеген мен сізге 100 адам алып келе алам.



Жаяу келе жатқан кісіні мәшине қағып кетіп, аяғын кемтар қылып қояды. Сотта жәбірленуші жүргізушіден үш жүз мың теңге талап етеді.

— Сіз немене, мені миллионер деп ойлайсыз ба? — дейді жүргізуші ашуланып.

— Ал сіз ше, мені қырықаяқ деп ойлап па едіңіз?



— Сіздің бұл бұзылған ортаға тап болғаныңызға қанша болды?

— Полицейлермен, соттармен байланысқаным түп-тура биыл 20 жыл толды.



— Куәгер, жалған куәлік жасағаныңыз үшін сізді қандай жаза күтіп тұрғанын білесіз бе?

— Иә, білем. "Волга" береміз деген.



Екі аңшы келе жатып жолбарыстың ізіне тап болады.

— Сен барып қайда тоқтағанын біл! — дейді біреуі.

— Ал сен ше?

— Мен артқа жүріп, оның қайдан шыққанын білейін.



— Кешікпей сіз қара шашты, қара қасты, қара көзді керемет жігітпен танысасыз, екеуіңіз бақытты өмір сүресіздер! — дейді балгер.

— Сіз оған менің күйеуімнің қалай қарайтынын алдын ала болжап бермейсіз бе?



Марк Твен бір күні домалақ хат алады, ашса, ішінде "шошқа" деген бір ғана сөз жазылыпты.

— Мен бұрын аяғына қол қойылмаған хаттар алушы ем, бүгін керісінше хаттың өзі жоқ, бірақ аяғына автордың қолы қойылған хат алдым, — дейді Марк Твен.



Бір еркек полицияға келіп:

— Әйелім жоғалып кетті, — деп хабарлайды. — Ит жетектеп кетіп еді, содан жоқ.

— Әйеліңіздің қандай өзгеше белгілері бар еді?

— Енді кәдімгі әйел сияқты ғой, — деп, мандымды ешнәрсе айта алмайды.

— Ал жетектеген иті қандай еді?

— Ерделгерриер деген тұқым, 33 кілі салмағы бар, түсі сұр, дәл жонарқасында 4 қара дөңгелек дағы бар, үш аяғы біркелкі сұр да, бір аяғы сәл қаралау, сол жақ құлағының кішкене жырығы бар.

— Қам жеменіз, итіңізді сөз жоқ табамыз.



АҚШ-қа келген бір ағылшын кешкілікте билеп жүрген жастарға ұзақ қарап тұрып, қасындағы американдыққа:

— Сіздерде жұрт бір сұмдық киінетін болыпты, ә? — дейді басын шайқап. — Қайсысы қыз, қайсысы ұл екенін адам ажыратып болмайды. Мәселен, мына бір шеткі ала шалбар киген біреуге қараңызшы...

— Ол — қыз.

— Қалай танып тұрсыз?

— Анық білем, ол — менің қызым.

— Ә, кешірерсіз, сіз әкесі екенсіз ғой?

— Жоқ, шешесімін.



Жас жігіт шіркеуге күнәсінен арылу үшін келеді.

— Күнәлі боп қалдым, әкей, — дейді попка.

— Қандай күнәге баттың, балам?

— Бір әйелмен болып қойдым.

— Кім ол?

— Оның атын айта алмаймын.

— Бәлкім, ол қала бастығының қатыны шығар?

Әлде полиция бастығынікі ме?

— Жоқ, олар емес.

— Әлде пошта бастығынікі ме? Соның артынан көп сөз ереді ғой өзі.

— Жо, ол да емес.

— Егер айтпасаң, онда күнәңнен арылтпаймын.

Жігіт шіркеуден шықса, тосып тұрған достары бас салады:

— Не болды? — деп сұрайды.

— Күнәмнен арылтпады, бірақ біраз босбелбеу әйелдің тізімін берді.



Түнде үйіне кеш келген еркек әйелінен бөлек басқа бөлмеге жата салады. Бір уақта әйелінің қатты шыққан даусын естіп, солай қарай жүгіреді. Ашық терезеден секіріп бара жатқан бөтен еркектің сұлбасын ғана байқап қалады.

— Ол мені екі рет зорлап кетті! — деп ойбайлайды әйелі.

— Енді нағып алғашында-ақ айқай салмадың?

— Екінші рет зорлағанша, мен оны сен екен деп ойладым.



Күйеуі шетелден келген соң, әйелі одан қызықты әңгіме күтеді. Ол айтып кеп береді:

— О, олардың кісі күтуі қандай, әуежайдан жап-жас қыздар қарсы алды да, автобусқа отырғызды. Қонақүйге әкеліп еді, ол жерде де жас қыздар күтіп алды да, жеке-жеке нөмірге апарды. Нөмірге кірсем, жап-жас қыз төсекте жатыр. "Неге жатырсың?" — десем, "Сіздің төсегіңізді жылытып жатырмын", — дейді. Кішкентай ғана ілтисат, бірақ адамға қандай әсер етеді!

— О, мен де бір еркекке жолықтым, сенікінен кішкентай ғана үлкен екен, бірақ сол кішкентай ғана өзгешелік кісіге қандай үлкен әсер ететінін білсең ғой!



Күйеуі әйелін ашынасымен жатқанда ұстап алады. Тапаншасын жұлып ап, өз шекесіне қарай кезейді. Оны көріп, әйелінің ашынасы күлін жібереді.

— Неге күлесің, малғұн? Келесі оқ, сенікі болады.



— Айыпталушы, сіз неге ашынасын өлтірмей, өз әйеліңізді өлтірдіңіз?

— Оның бүкіл ашынасын өлтіргеннен гөрі өзін ғана өлтіргенді орынды санадым.



Күйеуі іссапарға барарда әйелін бір сынап көрмек болады. Төсектің астына бір құмыра қаймақ қойып, дәл соның аузына туралап темір қасықты байлап қояды. Бір адам төсекке жатса, қасық құмыраға жетпейді, екеу болса ғана қаймаққа батады.

Иссапардан келсе, әйелі жайраңдап көңілді қарсы алады. Тамақты да тез әкеліп алдына қояды.

"Әлі тұра тұр, сенің сырынды білейін", – деп, жүгіріп барып құмыраны қараса, қаймағы баяғыда май боп қалыпты.



Әйелі ашынасымен жатқанда үстінен түссе, қай ұлттың еркегі қандай қылық көрсетер еді:

Ағылшын салқын ғана:

– Леди, тап қазір менің үйімнен шығып кетуіңізді өтінем!

Франсұз:

– Ах, кешірерсіз, месиө,.. Мен, сірә, ыңғайсыз уақытта келіп қалдым-ау деймін.

Орыс:

– Жәлеп! Сен мұнда жатырсың бұралаңдап, ал ана бұрышта тұздалған балық сатып жатыр.



– Егер менің әйелімді тауып келсеңіз, онда жүз доллар аласыз, – дейді Смит детективке.

– Ал егер таппай келсем ше?

– Онда мың доллар аласыз.



Еркек үйіне ойда жоқта келіп қалады. Қараса, балконда бөтен еркек тұр.

– Сіз мұнда қайдан келдіңіз?

– Парашютпен секіріп жүр ем, сіздің балконға парашютім ілініп қалғаны.

– Онда жүріңіз, шай ішейік.

– Сіз немене, тіпті таң қалмайсыз да ғой?

– Не таңғалатыны бар? Кеше бір геолог біздің унитаздан мұнай да тапқан.



*Өлген адамға топырақ салғанда,  
күректі табаныңмен баспа!*



Сен іссапарда жүргенде, әйелің көзіңе шөп салды ма, жоқ па, соны білу үшін, әуелі көршіңіздің есігін қағып, есікті ашқанда:

- Қал қалай, жәлеп? — деп амандассаң.
- Ал өз әйелің ше, өз әйелің ше? — деп, бәрін айтып береді.



Екі мұжық шай ішіп отыр.

- Сені жұрт менің әйеліммен жүреді дейді.
- Иә, дейді.
- Маған ол ұнамайды.
- Әй, сендерді адам түсінбейді: саған ұнамайды, оған ұнайды.



Мұжық ашынасымен жатқанда, кенет біреу есікті қағады: күйеуі ерте келіп қалады.

Әйел қоқыс салған шелекті ала жүгіріп:

- Айналайын! — дейді күйеуінің алдынан шығып. — Шешінбей тұрғаныңда мына қоқысты апарып төгіп келе қойшы!

Ол барып келгенше әйелдің ашынасы аман-есен киініп үйіне кетеді. Келсе, оның да әйелі алдынан жүгіріп шығып.

- Айналайын Вася, мына қоқысты төгіп келе қойшы! — дейді қоқыс толған шелекті қолына ұстатып.

Қоқысқа қарай келе жатып мұжық таң қалады: "Қатын дегенің — бір қызық халық! Күні бойы үйде, бірақ қоқысты төгіп келуге уақыт таппайды, ә?!"



Әскери еркек әйелін ашынасымен жатқанда ұстап алады. Тапаншасын шығарып:

- Жүр былай! — дейді ашынасына.

Екеуі былайыраққа барады.

- Қазір екеуіміз бұл мәселені біржола шешейік, — дейді әскери еркек. — Мен екі рет атам, екеуіміз де құлаймыз. Әйелім қайсымызға

бұрын келсе, сонымыз онымен бірге қалатын болайық.

Келіседі. Әйелі екі рет оқ атылған соң терезеден қарап, айқай салады:

— Ванюша, шық! Мына екі әумесер бірін бірі атып тастады.



Қызғаншақ еркек әйелінен күдіктенеді де, соңына жадамалы ізшіні салып қояды. Бірер аптадан соң ізші:

— Барлық дәлел осында, — дейді түсірілген пленканы беріп жатып. — Көзіңізге шөп салушы — өзіңіздің ең жақын досыңыз.

Пленканы қараса, досымен бірге әйелі киноға, театрға, жағажайға, биге, думанханаға барыпты.

Өз көзіне өзі сенбей, еркек тек: "Мүмкін емес, сене алмаймын!" — деп басын шайқай береді.

— Бар құжатымен дәлелдеп әкеп беріп тұрсам, бұған қалайша сенбейсіз? — дейді ізші іренжіп.

— Жо, құжатыңа емес, — дейді еркек. — Менің әйелімнің дәл сөйтіп көңілді, қуанышты бола алатынына сене алмай тұрмын.



Екі дос жолығып қалады. Бірі екіншісінен сұрайды:

— Отбасың қалай?

— Бір мәселе боп тұр. Кеше әйелімнің төсегінен бұранданың кілтін тауып алдым. Сірә, мәшинеші біреумен болып жүр-ау деймін?

— Ой, сен де айтады екенсің. Мен кеше әйелімнің қасынан мәшинешінің өзін тауып алдым. Сонда немене менің әйелім паровозбен ашына ма?



Күйеуі жұмыстан мас боп келеді, ал әйел ашынасымен жатады. Әйел ойланып жатпастан ашынасының үстін көрпемен жаба салады. Күйеуін еркелете қарсы алып, қасына жатқызады

да, өзі күйеуі мен ашынасының ортасына жатады. Күйеуі ұйқтаған кезде ашынасын ақырын шығарып жібермек болады. Кенет күйеуі дауыстап санай бастайды:

— Бір, екі, үш, төрт, бес, алты. — Әйеліне ажырая қарап: — Неге алты аяқ? — дейді ақырып.

Төсектен қарғып түрегеп, тағы санайды:

— Бір, екі, үш, төрт. Фу, атаңа нәлет, дұрыс екен ғой!



Тоғызыншы қабатта тұратын әйелге ашынасы келеді. Кенет есіктің қоңырауы басылады. Әйел ашынасына:

— Бар, балконға тығыл! — дейді. Ашынасы балконға кетеді.

Күйеуі кірген бетте сезіктенеді.

— Шыныңды айт, біреу болған сияқты ғой, айтпасаң, бәрібір өзім іздеп табам.

— Иә, ашынам болды. Мен оны балконға тығып қойдым.

— Жаным-оу, қанша айтам саған, бізде балкон жоқ.



Ашынасы жаңа ғана кіргенде, артынша есіктің қоңырауы басылады. Әйел ашынасын бос қапқа кіргізеді де, балконға шығарып қояды. Келген тағы бір ашынасы екен, оны қарсы алып жатқанда, тағы қоңырау басылады. Екіншісін де балконға апарып қапқа салып қояды. Үшінші келген де ашынасы екен, оны қарсы алып жатқанда, тағы қоңырау басылады. Үшіншісін балконға апарып, оны да қапқа салып қояды. Бұл жолы күйеуі келеді.

Шай ішкен соң күйеуі балконға шығып темекі тартады. Қаптарды көріп, қатынына айқайлайды:

— Мынау не қылған қаптар?

— Ауылдан шешем мейрамға деп беріп жіберіпті ғой.

Күйеуі бірінші қапты теуіп қалса.



- Бе-е-е! – деген дауыс шығады.  
– Бұл қой екен. Қақтама жасап қатыратын болдық.  
Екіншісін теуіп көреді.  
– Хрю, хрю...  
– Е, шошекеңді де тұздап жерміз.  
Үшіншісін тепсе, үн жоқ. Тағы тебеді. Тағы үнсіз. Үшінші рет қаттырақ тебеді.  
– Ақымақ! Үндемеген соң, өзі де түсінікті емес пе, картоп қой!



- Он бес жыл көріспеген достар жолығысып қалады.  
– Не жаңалық бар?  
– Әй, әкеңнің,.. менің әйелім көзіме шөп салады.  
– Сен мені түсінбедің, мен сенен: “Не жаңалық бар?” – деп сұрадым.



- Иван, менің әйелім – жүргіш, – дейді көршісі санаторияға кетіп бара жатып. – Байқай жүрші. Тағы бастаса, дереу жеделхат жібер: “Қатының өлді!” – деп. Мен содан түсінем.  
Бірнеше күннен кейін санаторияға “Қатының өлді” деген жеделхат жетеді. Қапа болған еркек: “Қашан болғанын хабарла!” – деп қайыра жеделхат салады. Оған мынадай жауап келеді. “Сіз кете салып-ақ. Бірақ өлікпен қоштасу әлі жалғасуда”.



- Әйел ашынасымен жатқанда телепон шырылдайды. Әйел көтереді. Күйеуі.  
– Қымбаттым, не істеп жатырсың?  
– Сені күтіп жатырмын.  
– Мен таңға жуық келермін. Роберт екеуміз фирманың жұмысымен жүрміз.  
– Жарайды, жаным, күтем.  
– Ол кім? – дейді ашынасы.  
– Күйеуім ғой. Таңға жуық келем дейді. Сенімен бірге фирманың жұмысымен жүр екен.



— Бол, ішкаптың ішіне тығыл! Күйеуім келіп қалды!

— Жындымысың, онда мен тұншығып өлем ғой!

— Қорқпа, бұған дейін ешкім де тұншығып өлген жоқ,



Телефон шылдырлайды. Әйел көтереді.

— Сіз әйел ретінде өз күйеуіңізді қанағаттандыра аласыз ба?

— Ақымақ! — деп, әйел телефонды тастай салады.

— О кім? — дейді күйеуі.

Әйелі болған жағдайды жасырмай айтады.

— Тағы телефон соқса, айт, “Қанағаттандырам” де, келсін.

Сол арада тағы телефон шылдырлайды. Әйел көтереді. Сол дауыс, сол сұрақ,

— Иә, қанағаттандырам, келіңіз!

Бір кезде есік қағылады. Күйеуі қолына жуан таяқ алып есіктің артына тығылады да, әйеліне:

— Аш! — дейді.

Әйел есікті ашады. Бір еркек есіктен кірмей, манағы сұрағын тағы қояды. Әйел де манағы жауабын айтып, үйге кіріңіз дейді.

— Егер сен өз күйеуіңді қанағаттандыратын қатын болсаң, онда сенің күйеуің неге менің қатыныма келеді.



Екі еркектің әңгімесі.

— Бейсенбіде бір әйелдің күйеуі іссапардан екі күн бұрын келсе, әйелі ашынасымен ойнап жатыр екен. Әйелін де, ашынасын да өлтіріп тастапты.

— Иә, одан сорақы болуы мүмкін еді.

— Одан өткен қандай сорақы болсын?

— Ал егер күйеуі сейсенбіде келе қалса, онда ол мені өлтіретін еді.



Бір күні Хаим Абрамдікіне қонаққа келеді. Әңгімелесіп отырып жарым түн болғанын білмей қалады. Қонақты жарым түнде үйден шық деу — ұят, Хаимді Абрам үйіне қондырады. Бірақ үйі бірақ бөлме, төсек те біреу, не істеу керек? Хаимді іргеге жатқызып, Абрам өзі ортаға, әйелін ең шетке жатқызады. Таңертең бір-біріне тіл қатады.

- Түн қалай өтті?
- Кәдімгідей, бәрі дұрыс, — дейді Абрам.
- Бәрі дұрыс екеніне кепілің қайда?
- Е, ол кепілді мен түнімен екі қолыммен ұстап жаттым.



Қатты ауырып жатқан әйелі күйеуіне тілек айтады:

- Жаным, уәде етші, мен өлген соң, менің көйлектерімді жаңа алған әйеліңе кигізбеші!
- Ант етем, жаным, одан қам жеме! Ол сенен әрі жіңішке, әрі ұзын, шақ келмейді.



Жас жігіт есіктің қоңырауын басады. Кеудесі, иығы жартылай ашық көйлек киген әдемі жас келіншек есік ашады. Жігіт көзін зорға айырып, өзінің газ жөндеуші екенін, есептегіштің жұмысын тексергелі келгенін айтады.

- Солай екеніне қалай сенуге болады? — дейді келіншек. — Менің қорғана алмайтынымды, үйде жалғыз екенімді, күйеуімнің жұмыста екенін, оның тек дәлме-дәл кешкі алтыдан 15 минут өткенде ғана үйге келетінін, ешқашан одан ерте келе қоймайтынын білетін маниак шығарсыз, бәлкім.



— Сендерді әйелдер неге жақсы көреді? Сендер немене, оларға айрықша бірдеме істейсіңдер ме? — деп сұрайды негірден ақ түсті еркек.

- Әрине, айрықша істейміз.

– Қалай, үйретші!

Негір үйретеді. Еркек қуанып үйіне келеді де, дереу әйелімен төсекке жатады.

– Кәне былай істейікші, – дейді әйеліне, негірдің үйреткенін істеп.

Әйелі теріс қарап жатып ернін жыбырлатады.

– Негір құсап саған не көрінген?



Әйелін бақылау үшін еркек дербес детектив жалдайды. Ақыры детектив саяжайға әйелінің бір бейтаныс еркекпен барғанын баян етеді.

– Екеуі әңгімелесіп отырды, ішті, сонан соң шешіне бастады, – дейді детектив.

– Сонан соң? Сонан соң не болды?

– Сонан соң олар шамды өшіріп тастады, қараңғыда мен түкті де көре алмадым.

– Қап, құрып кеткір белгісіздік-ай! Қайтіп аяғына дейін анық-қанығына көз жеткізуге болады?



Кафеге Әртім кіре бергенде, сонда отырған достары жамырай жөнеледі:

– Қанша айтсақ та бізге сенбеуші едің, қазір баршы үйіңе, әйелің өз қызметтесіңмен күшәқ-тасып жатыр.

Әртім таксимен кетеді де, жарты сағаттан соң қайта оралады.

– Не, өз көзіңмен көрдің бе?

– Әй, сендердікі әншейін сандырақ.

– Сандырақ?

– Қайдағы қызметтесім, мен ол жігітті тіпті танымаймын да.



– Сонымен, қойшы, төбелес басталған кезде оның қолында тақтай болыпты, ал сіздің қолыңыз-да не болды?

– Менің қолымда оның әйелі болды.



Ғылыми симпозиум өтіп жатыр. Қараған мәселесі — “Хауа Ана Адам Атаның көзіне шөп салған ба, жоқ па?” деген сұрақ,

Сөз алған академик былай деді:

— Біз дәл кесіп айта алмаймыз, бірақ ғылым адамның маймылдан жаралғанын дәлелдеді ғой.



Өртім алқын-жұлқын үйіне кіріп келеді. Әйелі мойнына асылып, ернінен шөп-шөп сүйіп алады.

— Қане, енді айтшы, мұртымды алғызып тастаған соң қалай көрінем?

— А, бұл сен бе едің? — дейді әйелі танданып.



Екі сырбаз өзара сырласып отырады.

— Саған тамақтан не ұнайды? — деп сұрайды бірі екіншісінен.

— Бөтен біреудің әйелімен ішкен кешкі тамақ әсіресе ұнайды, — дейді екіншісі.



Еркек ұзақ іссапардан оралады. Әйелінің іс-әрекетінен, жүріс-тұрысынан сезіктенеді.

— Мен жоқта кім болды? Сәдірбек пе?

— Е, жоға.

— Ақтай ма?

— Е, жоға.

— Онда Кәктай болған шығар?

— Сен немене сенің достарыңнан басқа өзімдікі жоқ қой деп ойлайсың ба?



— Кеше сенің әйеліңмен бір еркек болды, — дейді бір еркекке. Ол үйге келе сала әйелін тергейді.

— Көзіме шөп салып, қандай ұятсызсың сен! Маған айтты ғой жұрт осы, сенбіде сенімен Сәдірбектің болғанын.

— Жұрт осы өтірік айтудан қалай ұялмайды, а? Сәдірбек емес, Ақтай болды сенбіде.



Қарсы терезелес қарсы үйдегі көрші әйел:

— Күйеуіңізбен жатқан кезде көрінбес үшін, перде сатып алсаңызшы! — дейді көршісіне.

— Сіз көзілдірік сатып алыңыз, ол менің күйеуім емес, сіздікі болатын.



— Екі апта бұрын үйге тым кеш оралдым. Келсем, әйелім жартылай жалаңаш, ал төсектің астында мыж-мыж болған бір еркек жатыр. Төсектің астынан жұлып ап әкесін бір танытайын деп ем, байғұс мүләйім халде жыламсырап: "Еркексің ғой, жағдайымды түсінсеңші! — деп жалынғаны. — Менің сізге еш арамдығым жоқ, үстіңгі қабатта бір әйел тұрады, соған келіп ем, күтпеген жағдайда күйеуі келіп қалды. Баратын басқа жерім болмай, терезеден сіздің үйге түсіп, төсектің астына тығылдым". Жаным ашып кетті де, үйден өзім шығарып салдым.

— Е, жарайды, әйтеуір, өзіңе зияны болмаса, бопты. Бірақ одан бері екі апта өтсе, енді неғып көңілсізсің?

— Бүгін байқасам, біздің үй бір-ақ қабат екен!



— О, қымбаттым, мен сені сондай сүйемін! О, сондай сүйемін! Егер көзіме шөп салатыныңды білсем, онда бірақ...

— Қауіптенбей-ақ қой, білмейсің.



Франсүз әйел сенімді досына сырын ашады:

— Үйде отыр едім, кенет біреу қоңырау басты. Есікті ашсам, әдемі жігіт тұр. "Күйеуіңіз үйде ме?" — деп сұрайды. "Жоқ", — деп ем, үйге кірді де, мені диванға қарай итермелеп әкетті. Сонан соң шығып кетті. Ең қызығы, оның күйеуімді неге керек қылғанын әлі білмеймін.



- Менің әйелім екіқабат.
- Қойшы, ей? Ал кімнен күдіктенесің?



Еркегі жиналысқа барам деп жинала бастайды. Айнаға қарап: “Барам, барам, бара-рам”, – дейді көңілденіп. Әйелі де киініп жатып: “Берем, берем, бере-рем”, – дейді әндетіп.



- Ұшақ аспанда. Ұшқыш көмекшісіне:
- Сен отыра тұр, мен стюардессаны қатырып келейін.
  - Жарайды, келген соң айтарсың қызығын. Біраздан кейін ұшқыш келеді.
  - Қалай екен?
  - Әй, меніңше, бұдан өз әйелім жақсы.
  - Жарайды, енді мен барайын, сен отыр. Көмекші де бір уақытта оралады.
  - Сен дұрыс айтасың, бұдан сенің әйелің жақсы.



- Доктыр, менің ылғи аяғым тоңады. Не істеуім керек?
- Менің де аяғым тоңады, бірақ әйеліммен бірге төсекке жатқан соң жылынады. Сіз де сөйтіп көріңіз!
- Кешірерсіз, сіздің әйелді қашан үйден табуға болады?



- Саған не болған? – дейді заңгер басын қос қолдап ұстап отырған әріптесіне.
- О-о! – деп ыңқылдайды әріптесі. – Кеше бір мырзамен бірге больш ем, екеуміздің бизнесіміз жаман болмайтын сияқты. Бірақ бүгін бас жаза алмай бөле болды.
- Түсінем. Ондай-ондай менде де болады.

— Айтсаңшы, сондайда басыңды қалай жазушы ең?

— Әйелімді алып ұрам да, бар күшімді сап аянбай кірісем. Басымның ауырғаны қолмен жұлып алғандай қояды. Ақылымды алсаң, сен де сөйт!

— Мен, тегі, бәрін істеуге де даярмын. Жарайды онда, — деп, асығыс сырт киімін кие бастайды. — Кейін жолығармыз.

Біраз уақыттан кейін ол қайта оралады. Жайдары.

— Байқаймын, менің ретсебім көмектескен-ау деймін? — дейді заңгер.

— Көмектескенде қандай?! Маған сенің үйің де сұмдық ұнады.



Сыра ішіп отырған екі еркек сырласады.

— О, курортқа барған қандай рахат! Вокзалдан қарсы алып, гүл сыйлайды. Ең жақсы думанханаға апарып жегізеді, ішкізеді, билетеді — бәрі тегін. Сонан соң қонақұйдің жеке бөлмесіне әкеп жатқызады, төсегің дайын, ыстық су мен суық суың да дайын — бәрі тегін. Міне, нағыз өмір!

— Курортта қашан болдың?

— Мен бе? Мен болғам жоқ.

— Ендеше қайдан білесің?

— Қатыным айтқан.



— Қайырлы түн, үш баламның шешесі!

— Қайырлы түн, бір баламның әкесі!



— Үйге кіріп келсем, әйелім ашынасымен жатыр. Бізадан үстелдің қасына зорға жеттім. Ашумен сонда тұрған екі бөтелке арақты да ішіп салдым. Бізәлі бір әнді ыңылдап орнымнан тұрсам, о, құдайым-ай, үй біздің үй емес.





Ниу-Йөркте төтенше жағдай болады. Политсейлер аспанмен таласқан үйдің түбінен жас жігіттің өлігін тауып алады. Тексертсе, жігіт 102-қабаттан құлаған екен. Политсейлер 102-қабаттан қажетті пәтерді тауып алады. Есік қақса, езуінде темекісі бар әдемі сары шашты келіншек ашады.

— Өлген еркек сіздің терезеңізден құлады ма?

— Иә, мырза.

— Қалай құлады?

— Мен онымен, біздегі әдет бойынша, ұшақта таныстым. Ол, өздеріндегі әдет бойынша, бірдеңе ішейік деді. Мен, біздегі әдет бойынша, сода қосқан виски ал дедім. Ол, өздеріндегі әдет бойынша, екі бөтелке шарап әкелді. Сонымен біздің үйге келдік. Мен, біздегі әдет бойынша, елу грам ғана ұрттадым. Ол, өздеріндегі әдет бойынша, қалғанының бәрін ішіп қойды. Мен, біздегі әдет бойынша, төсекке жатуды ұсындым. Ол, өздеріндегі әдет бойынша, жүгіріп барып арақ әкелмек болды. Сол кезде менің күйеуім келіп қалды. Мен, біздегі әдет бойынша, оны күйеуіммен таныстырмақ болдым. Ал ол, өздеріндегі әдет бойынша, терезеден секірді де кетті.



Күйеуі іссапардан оралады. Әйелін сұраққа алады:

— Иван Сергейич келді ме?

— Келді.

— Не істедіңдер?

— Шай іштік.

— Сонан соң?

— Сонан соң музыка тыңдадық, биледік.

— Сонан соң?

— Сүйістік.

— Қай жеріңнен сүйді?

— Ернімнен.

- Тағы қай жеріңнен?
- Мойнымнан.
- Тағы?
- Төсімнен.
- Тағы?
- Қарнымнан.
- Тағы?
- Тіземнен.
- Арасынан тастамай айт!!!



Әр әйелдің бес еркегі болу керек.

Бірінші еркек — досы, оған бәрін айтады, бірақ ештеңе көрсетпейді.

Екінші еркек — ашынасы, оған бәрін көрсетеді, бірақ ештеңе айтпайды.

Үшінші еркек — күйеуі, оған ештеңе көрсетеді, ештеңе айтады.

Төртінші еркек — гинеколог, оған бәрін көрсетеді, бәрін айтады.

Бесінші еркек — бастығы, ол не айтса, сол болады.



— Мен қазір не істерімді білмеймін: менің күйеуім екі жыл бұрын Америкаға кетіп еді, енді екі баламен маған кел деп жатыр.

— Е, ода тұрған не бар?

— Қазір менде екеу емес, төрт бала ғой.



Әйел айнаның алдында жаңа ішігін киіп, бойына өлшеп тұрады.

— Мама, оны саған әкем әперді ме?

— Әкем, әкем. Сенің әкеңе сенсек, дүниеге сен де келмес едің ғой.



Екі әйел жолығып, жер бетінде жібі түзу әйел бар ма деп айтысып қалады.

— Ал жібі түзу әйел деген қандай әйел?

— Жібі түзу әйелде бір күйеуі мен бір ашынасы ғана болады.

— О, ол бұзылған әйел ғой!

— Бұзылған әйелде бір күйеу, бірнеше ашына болады.

— О, ол құрыған әйел ғой.

— Құрыған әйелде күйеу де, ашына да болмайды.

— О, ол жалғыздікті әйел ғой.

— Жалғыздікті әйел — бір ғана күйеуі бар әйел.



Биік қоршауы бар бақ ішінде күйеуі іссапарға кеткен әдемі келіншек қыдырып жүреді. Оны бір жас жігіт байқап, әзілдей айқай салады.

— Қазір қасыңа келем, жаным, жабырқама!

— Ой, ұяты жоқ! Келе алмайсың маған. Келетін есік жоқ бұ жақта. Тек қана бақты айналып сырт жақтан келмесең, басқа жақта жол жоқ,



Сот жүріп жатыр. Күйеуі әйелімен ажыраспақ,

— Ажырасуыңыздың себебін қалай түсіндіресіз? — дейді сот.

— Не түсіндіретіні бар. Үйге келсем, әйелім басқа біреумен жатыр.

— Азамат сот! Құдай барды, танығам жоқ. Барлық мас еркектің сиқы бірдей. Дәп сондай қырынбаған, кір-кір, әбден ішкен, мен қолын қақтадым. Күйеуім деп ойладым.

— Қымбатты әйелдер! — дейді сот залдағы әйелдерге қарап. — Мас күйеуін әйел ашынасынан ажырата ала ма?

— Ажыратады.

— Жоқ, ажырата алмайды! — деп, зал екі түрлі пікір айтады.

Санап көрсе, екі жақ та итжығыс шығады. Бір гана әйел не анаған да, не мынаған да қосылмайды.

— Ал сіз қалай деп ойлайсыз? — дейді сот әлгі әйелден.

— Мен әлі ондай ауыс-күйісті басымнан кешкем жоқ,



— Қайда сәнденіп жатырсың? — дейді әйел құрбысына.

— Бүгін жиналыс.

— Сенің жиналысқа баратыныңа мен тіпті сене алмай тұрмын.

— Мен емес, күйеуім барады.



Әйелінің үстінен түскен күйеуі құлаштап тұрып ашынасын бір переді.

— Дұрыс, — дейді әйелі төсекте жатып. — Біздің үйде тұрмайды, тағы біздікіне келеді.

Ашынасы айнала беріп, күйеуін ол да бір періп кетеді.

— Дұрыс, — дейді әйелі. — Өзінің қолынан келмейді, басқаға мүмкіндік бермейді.



Күйеуі іссапарға кетеді. Әйелі ашынасын үйге шақырады. Ойда жоқта күйеуі үйге келіп қалады. Әйелі қатты сасады.

— О, құдай, құтқара көр!

— Құтқарайын, бірақ бес жылдан кейін суға батып өлуге келісесің бе?

— Келісем! Мен бәріне де келісем!

Әйел көп ұзамай ол уәдесін ұмытып кетеді. Бес жылдан соң әйел мінген кеме теңізге бата бастайды. Әйел тағы жалбарынады.

— О, құдай, құтқара көр!

— Ал бес жыл бұрын берген уәдеңді ұмыттың ба?

– Жарайды, мен батып-ақ кетейін, ал кемедегі басқалардың жазығы не?

– О, мен сен сияқтыларды бұл кемеге бес жыл бойы жинадым ғой.



Елде президенттік басшылық орнайды. Баласы әкесінен:

– Президент деген кім? – деп сұрайды.

– Президент – барлығын басқаратын адам. Мәселен, мен осы отбасының президентімін.

– Ал шешем?

– Ол қаржы министірі.

– Ал әжем?

– Ол – ұлттық қауіпсіздік комитеті.

– Ал мен ше?

– Сен – халықсың.

Ертесі баласы әкесіне телепон соғады:

– Шешеме басқа президент келді, ұлттық қауіпсіздік комитеті ұйқтап жатыр, ал халық қатты толқуда.



Жігіт қоңырауды басса, есікті әдемі әйел ашады.

– Кіріңіз, – дейді әйел. Жігіт кіре сап сүйіп алмақ болса, әйел шапалақпен салып жібереді.

Ашуланған жігіт әйелдің мықынынан төмен жақтан шап берсе, қарсыласпайды. Зорлап тастайды.

– Сен өзі қандай әйелсің? – дейді түсінбей. – Сүймек болсам, ұрасың, зорласам, қарсыласпайсың.

– Кіндігімнен жоғарғы жағым – өзімдікі, оған ешкімге қол сұққызбаймын, ал кіндігімнен төменгі жақ – күйеуімдікі, оның ісіне мен қол сұқпаймын.



*Ағайынды төрт батыр,  
Көтергені бір шатыр  
(ү...)*



*Нанды баспа!*

*Нанды төңкерме!*



*Айуды жеңген – жарты ер,  
Ашуды жеңген – бүтін ер.*



*Ыстықты суытпайды,  
Суықты жылытпайды.*

*(т...)*



*Сілк, сілк!  
Байдың қызын байқап сілк,  
Кедейдің қызын керіп сілк!  
Арық қызын аяй сілк,  
Семіз қызын серпей сілк!  
Сілк, сілк!*



*Марқасқа бағылан серке қой бастайды,  
Жануар қой алдында ойқастайды.  
Кез болған құтты тойға жолды жігіт,  
Жолымен бұрынғының той бастайды.*



*Ақ серке ай мүйізді қой бастайды,  
Жөн білген әнші жігіт той бастайды.  
Құдамыз қуанышпен той қылғанда,  
Бұл тойды біз бастамай, кім бастайды?*



*Төбесі төбел төрт бөрік,  
Төртеуі де көк бөрік.*



*Ерте тұрдым, екі айыр жолға түстім.  
*(ш.., б...)**



*Қара сиырым қарап тұр,  
Қызыл сиырым жалап тұр.  
*(қ.., о...)**

✽

*Бек: Кебүнде қатты,  
Суланған соң тәтті.*

(қ...)

✽

*Жаңбыр жауып келеді қар аралас,  
Бір топ қатын келеді бала аралас.*

✽

*Ақ тайлағымды бұйдалайын десем,  
Бұйдалай алмадым.  
Шұдалайын десем, шудалай алмадым.*

✽

*Ер жігіттің үш жұрты бар:  
Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты.*

✽

*Бетеге кетсе, бел қалады,  
Бектер кетсе, ел қалады.  
Береке кетсе, не қалады?*

✽

*Екі тентек қосылса, жауда болар,  
Екі ақылды қосылса, тауда болар.*

✽

*Жиен ел болмайды, желке ас болмайды.*

✽

*Ешкі де мал болады, семіз болса,  
Жиен де ел болады, негіз болса.  
Қыздың да ұл баладан кемдігі жоқ,  
Ақыл мен абыройы сегіз болса.*

✽

*Ай көрдім, – аман көрдім,  
Аман-есен заман көрдім.  
Ат басындай алтын көрдім,  
Қой басындай күміс көрдім.  
Ескі айым есірке!  
Жаңа айым, жарылқа!  
Мал-жанымды аман қыл!  
Өсіп-өнген заман қыл!*



Дастарқандарыңа береке берсін,  
Бастарыңа мереке берсін!  
Астарыңа адалдық берсін,  
Бастарыңа амандық берсін!  
Е, құдайым оңдасын,  
Қызыр келіп қолдасын!  
Бас аман, мал түгел боп,  
Береке, бірлік орнасын!  
Дастарқаның бай болсын,  
Пейілің соған сай болсын!



Құстың ұясын бұзба!  
Оқтаумен баланы ұрма!  
Пышақты шалқасынан қойма!  
Сүйекті отқа салма!  
Таңдайыңды қақпа!  
Түнде кір жайма!  
Үйде ысқырма!  
Ыдысты теппе!  
Қызға қырық жерден тыю,  
қала бере қара күңнен тыю.



Майқы би:

Аяз би, әліңді біл,  
Құмырсқа, жолыңды біл!

Қас батырда ұйқы жоқ,  
Қас сұлуда күлкі жоқ.

Еттің бәрі қазы болмас,  
Иттің бәрі тазы болмас.

Құлақ жарар шіңкіл әуен,  
Тыңдағандай сазы болмас.



Ұрыс көрген ұл мен қыздың  
Мінезінің мәні болмас.

Ер арыса, аруақ болар,  
Ат арыса, тулақ болар.  
Бала жүрсе, бекір,  
Шал тынықса, қунақ болар.

Қыздан қыздың несі артық?  
Қылмыңдаған көзі артық.  
Ерден ердің несі артық?  
Ептеп айтқан сөзі артық...

Жыпырлаған жұлдыздан  
Жартыкеш болса да Ай артық.  
Биік-биік жотадан  
Су сыйлайтын сай артық.

Салмай жортқан жігіттен  
Салмай құлындаған бие артық.

Жеті жасар бала асырамайды,  
Жеті жылғы ағаш асырайды.

Қонақ қойдан жуас-ты,  
Май берсең де жей берер.  
Жекжатыңнан тай сұра,  
Ең болмаса қой берер.

Баршылық болса мал-жаның,  
Көп ағайын коре алмас.  
Жоқ болса егер өзіңде,  
Туысқаның бере алмас.

Жыласқанға өз жақсы,  
Сыйласқанға жат жақсы.

Жауға салма жалғызды,  
Тұқымы құрып кетер-ді.

Түбі бірге тұртпейді.

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,  
Бесеу біріксе, берместі алады.

*Қанағат қарын тойғызар,  
Қанағатсыз жалғыз атын сойғызар.*

*Қырдың гүлі азайса,  
Тікенге қонар бұлбұл құс.*

*Береке түбі – бірлік.*



*Бұқар жырау:*

*Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,  
Бұл үйректей болыңыз!  
Судан суға шүйгеумен  
Көлден көлге қоныңыз!  
Бай ұғылы шоралар,  
Шоқпарлы батыр содырлар,  
“Бас қосыпты”, – десін де,  
Маң-маң басып жүріңіз,  
Байсалды жерге түсіңіз!  
Айнала алмай ат өтсін!  
Жат бойынан түңілсін!  
Бәріңіз бір анадан туғандай болыңыз!*

*Ханда болар бір қате,  
Қарада болар мың қате.  
Шалағай туған ініңнің  
Қадіріне жүр жете.*

*Қаракерей Қабанбай!  
Қанжығалы Бөгенбай!  
Шапырашты Наурызбай!  
Үшеуіңде құт-береке.  
Қазақтың бұркіт түлегі,  
Жауға салса, жарағы,  
Күреске салса, білегі.  
Ала болсақ өзіміз,  
Қалмақ сонда бүледі.  
Бүлдіріп бәрін, тұлдыр қып,  
Ыржалаңдап күледі,  
Сақта қазақ бірлігін!  
Тоқсанға келген қарт Бұқар,  
Осы соңғы тілегі!*

**БАС БАТА**

*Елбасымыз алысты көрсін,  
Ел-жұртымыз табысты болсын.  
Қыздарымыз сұлу,  
Ұлдарымыз намысты болсын!*

*Көршілеріміз тыныш болсын,  
Таңдағанымыз жұмыс болсын.  
Малымыз төлдеп, егініміз көктеп,  
Дастарқанымызға ырыс толсын!*

*Қалада болсын, қырда болсын,  
Келген-кеткен риза болсын.  
“Жолдастан” жеріп, “мырзаны” теліп  
Алғандар нағыз мырза болсын!*

*Теңгеміз теңдік сақтайтын болсын,  
Нарық қалтаны қақпайтын болсын.  
Қазақстанның барлық азаматтары  
Қазақша сөйлеп алға аттайтын болсын!*

*Соғыстың беті болсыншы әрі,  
Өкінбес болсын өміріне кәрі.  
Бауыр етіміз балалар түгіл,  
Сатылмасын құс балапандары!*

*Ру түгіл, ұлт бір-бірін сыйлап,  
Аяласын асылын жинап.  
Ел сенген ерлер қамын жесін,  
Шызара бермей бұйректен сыйрақ!*

*Балаларымыздың бағы жансын,  
Өздері қалаған білімін алсын.  
Тілін, дінін, дәстүрін сыйлап,  
Он саусақтарынан өнері тамсын!*

*Мәдениетіміз болсыншы мәнді,  
Тұрмысымыз түзетсін сәнді.  
Бәрін айт та бірін айт, бейбіт,  
Дербестігіміз болсын баянды мәңгі!!!*

**Орысшадан аударылмайтын терміндерді  
“Жалын баспасы” төмендегіше  
қазақшалауды ұсынады:**

Аптамабіл	Нөл
Арап	Нөмір
Әнсәмбіл	Политсей
Әписер	Пошта
Әртіс	Прозашы (прозаик емес)
Әтірет	Разиес
Бөлзәм	Реліс
Бөндерөл	Ретсеп
Бәнкі	Рөл
Бәтіңке	Рәмке
Бомбы	Сирк
Бөтелке	Сәмке
Бұғалтыр	Станса
Біргәдір	Сыйпыр
Гәспитіл	Таксиші (таксист емес)
Декірет	Тәнкі
Деректір	Тәрелке немесе тақсы (көне түрік)
Електір	Термін
Жұрнал	Тірәктірші (тірәкторист емес)
Зауыт	Тыйатыр
Кәбинет	Үстел
Кәмпит	Филім
Кәнсерт	Ініспектір
Кәрөл	Іскәмейкі
Кәстөм	(І)спектәкіл
Көлжез	Ішкап
Кілі	Ыстақан
Литсей	Шамадан
Мәшине	Шенеунік
Метір	Шөткі, т.с.с.
Мілитса	
Міністір	

Осылай жазып, осылай сөйлесек, содан да тіліміз дамиды.

## МАЗМҰНЫ

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН.....	3
“ӘН САЛСАҢ, ӨЗІМДЕЙ САЛ БАЯУЛАТЫП”	

### ХАЛЫҚ ӨНДЕРІ

Абайкөк.....	5
Абайкөк.....	—
Абай, күнім-ай.....	6
Ағажан, Ләтипа.....	—
Ай-ай, бозым (1).....	7
Ай-ай, бозым (2).....	—
Айнам-ау.....	—
Ай-ай, жаным.....	8
Айқаракөз.....	—
Ай-хай, заман-ай!.....	—
Ағайша (Ақ айша).....	9
Ақбақай.....	—
Ақ Баян.....	10
Ақ Ерке.....	—
Ақ Кербез.....	11
Ақ көйлек.....	—
Аққұм.....	12
Ақсұңқар.....	—
Ақтолғай.....	—
Алатау.....	13
Ал бұлбұл өнім.....	—
Ал, жаным-ай.....	14
Алқаракөк.....	—
Алқоңыр.....	—
Алқызыл тас.....	15
Аллажар.....	—
Алтай.....	16
Арман-ай.....	—
Аулың сенің іргелі.....	—
Ахау, бикем.....	17
Ахау, сабаз.....	—
Ахау, Үриай-ай.....	18
Ахау, қызғыш.....	—
Ах, уәй.....	—
Әгугай.....	19
Әдемі қыз.....	—
Әй-әй, бөпем.....	—

Әй, гиғай, көкем.....	20
Әккәу, жаным.....	—
Әсем әнім сырнайдай.....	21
Балқурай.....	—
Баянауыл.....	—
Баянның зары.....	22
Бес көмпит, алты жаңғақ.....	—
Бесік жыры.....	—
Бипыл.....	23
Боз жорға.....	24
Бүлдірген.....	—
Бүлбүл құсым (Қарлығашым).....	—
Бүлбүлым.....	25
Бұраң бел.....	—
Бір бала.....	26
Бір бидай — арпа.....	—
Бір келіншек.....	—
Гүл-гүл-ай!.....	27
Гүлдерайым.....	—
Гүл-гүл жайна.....	28
Гүриеп.....	—
Ғазизагүл қарағым-ай.....	—
Дариға.....	29
Дархан-ай.....	—
Дедімай-ау.....	30
Дей салған сөз.....	—
Дүние-ай.....	31
Дүние кең сарайдай.....	—
Ей, ахау.....	32
Ей, әлләлім-ай.....	—
Ей, иғай.....	—
Екеуің.....	33
Ендік—Кебек.....	—
Еркеш-ай.....	34
Жаз болса.....	—
Жайдарман.....	35
Жалғыз арша.....	—
Жар-жар.....	—
Жариям-айдай.....	36
Жас келін.....	37
Женеше.....	—
Жетарал жерім-ай!.....	—
Желкілдек.....	38
Замандас.....	—

Заулатшы-ай.....	—
Йапур-ай.....	39
Кәмилә.....	—
Келіншек.....	40
Көкежан, игай.....	—
Көкем-ай.....	41
Көкжендет.....	—
Көктем.....	42
Қайран заман.....	—
Қамажай.....	—
Қарағым.....	43
Қаракөз айым.....	—
Қаракөз.....	44
Қараторғай.....	—
Қасқа төс құнаным-ай.....	45
Қоғалы-ай.....	—
Қоңыржай, гүлжай.....	—
Қос өрік.....	46
Қос қалқа.....	—
Қуатым-ай.....	47
Құдаша.....	—
Құралай.....	48
Құрбы-ау, жай (Құрбаужай).....	—
Қыздар-ай.....	49
Қызыл бидай.....	—
Назқоңыр.....	50
Нақ-нақ.....	—
Он алты қыз.....	51
Сағынба, құрбым.....	52
Сағынайын.....	—
Сары жез құмған-ай.....	—
Сәулем-ай.....	53
Сәулем-ай.....	—
Сәулем-ай.....	—
Секіртпе.....	54
Сұлудан.....	—
Сүржелгенше.....	55
Сусамыр — елдің жайлауы.....	—
Сүржекей.....	—
Таңсықтың жерімен қоштасуы.....	56
Топ шеңгел.....	—
Тілеуқабақ.....	—
Уғай-угай.....	57
Үкілім-ай, жеңеше.....	—

Үш дос.....	—
Шилі өзен.....	58
Халаулім-ай.....	—

#### ХАЛЫҚ САЗГЕРЛЕРІНІҢ ӘНДЕРІ

<b>Қожаберген жырау Толыбайұлы.</b>	
Елім-ай.....	59
<b>Шөже Қаржаубайұлы. Шөженің әні.....</b>	—
<b>Сегіз сері (Мұхамеджанали) Баһрамұлы. Гауһар тас.....</b>	60
Қарғаш.....	61
Ғайни.....	—
Әйкен-ай.....	—
Жылқылы бай.....	62
Назқоңыр.....	—
Еңлік (“Елік-ай”, “Илиғай”).....	—
Жылой.....	63
Дайдидау.....	64
<b>Дәурен сал Құлабайұлы. Сары бидай.....</b>	—
<b>Сейтжан Көрпенұлы. Қанат талды.....</b>	65
<b>Зіғара Қарагоқаұлы. Жиырма бес (1).....</b>	—
<b>Жиырма бес (2).....</b>	66
<b>Біржан сал Қожағұлұлы. Жанбота.....</b>	—
Айтбай.....	67
Адасқак.....	—
Теміртас.....	68
Айбозым.....	—
Ақтентек.....	69
Жонып алды.....	—
Біржан сал.....	—
Бұрыттай.....	70
Ләйлім шырақ.....	—
Ғашығым.....	72
Жамбас сипар.....	—
<b>Кемпірбай Бөгембайұлы. Көк кетпер.....</b>	—
<b>Жаяу Мұса Байжанұлы. Ақ сиса.....</b>	73
Хаулау.....	—
Көкаршын.....	—
Гауһар қыз.....	74
Құлбай.....	—
<b>Құлтума Сармұратұлы. Соқпай-ай соқ.....</b>	75
Үш көтерме.....	—
Тау қиалап.....	—



Мұхит Мералыұлы. Үлкен айдай.....	76
Кіші айдай (Бала Ораз).....	—
Көк айдай.....	—
Айнамақоз.....	77
Зәуреш.....	—
Ақиіс.....	78
Паңкөйлек.....	—
Ақан сері Қорамсаұлы. Құлагер.....	—
Сырымбет.....	79
Қараторғай.....	—
Балқадиша.....	80
Маңмаңгер.....	—
Ләйлім.....	81
Шырмауық.....	—
Мақпал.....	82
Шамсиқамар.....	—
Әудем жер.....	83
Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Айттым сәлем, Қаламқас.....	—
Көзімнің қарасы.....	84
Таттиананың өні.....	—
Сегіз аяқ.....	85
Қараңғы түнде тау қалғып.....	86
Желсіз түнде жарық ай.....	—
Бойы бұлғаң.....	87
Жарылғанберді Жұмабайұлы. Шама.....	88
Ардақ.....	—
Топайкөк.....	89
Қайып Қорабайұлы. Ақбөбек.....	—
Ыбырай (Үкілі Ыбырай) Саңдыбайұлы. Гәкку.....	90
Аңшының өні.....	—
Алайкөк.....	92
Қалдырған.....	—
Қараторғай.....	94
Шәкәрім Құдайбердіұлы. Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек.....	—
Берікбол (Ағашаяқ) Көпенұлы. Ағашаяқ.....	95
Қарғам-ау.....	—
Сары Батақұлы. Қыз қосан.....	96
Сарының өні.....	—
Иманжүсіп Құтпанұлы. Сарарқа.....	97

Иманжүсіптің өні.....	—
Сармойын.....	98
<b>Ақылбай Абайұлы Құнанбаев. Ақылбайдың өні.....</b>	<b>99</b>
<b>Бейсебай Қаратаев. Ой, жалған, алтын таң.....</b>	<b>—</b>
Қош, аман бол!.....	100
Нұржамал.....	—
Қайран Ораз.....	—
Қазыбек — менің өтенім.....	101
<b>Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) Баймырзаұлы. Ғалиа.....</b>	<b>—</b>
Балуан Шолақтың өні.....	102
Дауыс ашар.....	—
Қос балапан — Көкшетау.....	103
Наз.....	—
Қызыл асық.....	104
Екі жирен.....	—
Шапибай-ау.....	105
Сұрша қыз.....	—
Қаратауда қалың ел.....	106
Көкайрақ басы.....	107
<b>Шашубай Қошқарбайұлы. Ақ қайың.....</b>	<b>—</b>
Сырлы қайың.....	108
<b>Әсет Найманбайұлы. Інжу-маржан.....</b>	<b>—</b>
Үлкен ардақ.....	109
Кіші ардақ.....	110
Қысмет.....	—
Ісмет (Смет).....	—
Мақпал.....	111
Қаракөз.....	—
Әпитөк.....	112
Ырғақты.....	—
Ақырғы сөз.....	—
Сауытбек Ұсаұлы. Ақбөпе .....	114
Қанапия Басығараұлы. Қанапия.....	—
Ғазиз Файзолаұлы. Ғазиздің өні.....	115
Шалқыма.....	—
Зұлқиа Оспанқызы. Зұлқиа.....	116
Бесік жыры.....	—
<b>Естай Беркімбайұлы. Қорлан.....</b>	<b>117</b>
Бір мысқал.....	—
Қоштасу.....	118
Жай қоңыр.....	119

Майда қоңыр.....	—
Мақажан Шитенұлы. Әупілдек.....	120
Мәди Бәниұлы. Қаракесек.....	—
Қарқаралы.....	121
Үшқара.....	—
Шіркін-ай.....	122
Кенен Әзірбаев. Бозторғай.....	123
Көкшолақ.....	124
Базар-назар.....	—
Еркем-ай (Қызыл қайнар).....	125
Бұлбұлға.....	—
Қайран жастық.....	126
Ойжайлау.....	—
Келінжан.....	127
Пышан (Пішән) Жәлмендеұлы. Әшіркүл-Зейнеп.....	128
Көтерші, Қайша, басынды.....	—
Дүние, шіркін.....	129
Ала қарға.....	—
Аққу едім көлдегі.....	130
Арыздасып жатырмын.....	—
Қалқа Жапсарбаев. Қалқа.....	131
Қалқаның жайқоңыры.....	—
Саржазық.....	132
Шолпан Жанболатқызы. Қараторғай (Сыр-дың “Қараторғайы”).....	—
“Ахау” демей (“Ахау, Семей” емес).....	133
Маусымжан.....	134
Ах, дариға!.....	—
Айгөк (Ой, көк).....	135
Ахау, керім.....	—
Қаралдым-ай, қарағым-ай.....	36
Нартай Бекежанов. Нартай әні.....	—
Бас терме.....	137
Байғабыл Жылқыбайұлы. Домбыра.....	139
Үлебай (Рахметулла) Әнетұлы. Дудар-ай.....	140
Сайтанторы.....	—
Торы ат.....	141
Сәкен (Садуақас) Сейфуллин. Тау ішінде.....	—
Майра (Мағира) Уәлиқызы. Бақша.....	142
Майра.....	—

Қапез Байғабылұлы. Дүние-ау.....	143
Меркі.....	—
Құдайберген Әлсейітұлы. Құдайбергеннің өні.....	144
Иса Байзақов. Желдірме.....	—
Манарбек Ержанов. Қуанамын.....	145
Қойшының өні.....	—
Мұзарап Жүсіпов. Балымша (Шынар-ай, Зибаш-ай.....)	146
Құрманбек Жандарбеков. Туған елім.....	—
Ғарифолла Құрманғалиев. Нұржамал.....	147
Сүйген жар.....	148
Ерғали Аязбаев. Шайтан қара.....	—
Өтеғали. Уа, жастық.....	149
Мұхаметжан Майбасарұлы. Қайран жастық.....	—
Қасым Аманжолов. Дариға, сол қыз.....	150
Сәлқожа Мошанұлы. Сары бидай.....	151
Бекзатым-ай.....	—
Сыргалы жеңгем.....	152
Садық Кәрімбаев. Ақтамақ.....	—
Акерке.....	153
Жетісу.....	—
Дәнеш Рақышев. Саясында алманың.....	154
Соға кет.....	—
Жетісу.....	155
Жан-жақтағы бауырлар.....	—
Өзім туралы.....	156
Жастық туралы.....	157

#### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӨНДЕРІ

Латыф Хамиди. Қазақ вәлісі.....	159
Евгений Брусиловский. Гүлденген Қазақстан.....	—
Кел біздің ауылға.....	160
Алтай.....	—
Ахмет Жұбанов. Қарлығаш.....	161
Көгершін.....	—
Мұқан Төлебаев. Кестелі орамал.....	162
Ақ мақта.....	—
Рамазан Елебаев. Жас қазақ.....	163
Еркеғали Рахмадиев. Таң самалы.....	164

Мансұр Сағатов. Алматым менің.....	—
Сыдық Мұхамеджанов. Жарқ етпес қара көңілім не қылса да.....	165
Әйтеуір, сол қыз — бір сұлу.....	—
Тербеледі тың дала.....	166
Есімде.....	—
Бақытжан Байқадамов. Ақ бидай.....	167
Айгөлек.....	—
Нұрғиса Тілендиев. Өз елім.....	168
Туған күніңмен!.....	169
Саржайлау.....	—
Куә бол.....	170
Әже туралы ән.....	—
Кұстар қайтып барады.....	171
Алатау.....	172
Аралдағы жеңеше-ай.....	173
Толғау.....	—
Әбілахат Еспаев. Ақсәуле.....	175
Орамал.....	—
Маржан қыз.....	176
Қайдасыңдар, достарым.....	—
Әлі есімде.....	177
Кел, балалар, ойнайық.....	—
Сағыныш екен бала кез.....	178
Шәмші Қалдаяқов. Менің Қазақстаным.....	179
Ана туралы жыр.....	—
Кешікпей келем деп ең.....	180
Әнім сен едің.....	—
Қайықта.....	181
Ақ маңдайлым.....	182
Ақ ерке — Ақ Жайық.....	—
Арыс жағасында.....	184
Бақыт құшағында.....	—
Ақ бантик.....	185
Қуаныш вәлісі.....	186
Өмірбек Байділдаев. Туған ел.....	—
Қимаймын сені.....	187
Әсет Бейсеуов. Армандастар.....	188
Алтыным.....	—
Ақ мамам.....	189
Сырласу.....	—
Шақырады көктем.....	190

Мұңайма.....	—
<b>Илья Жақанов. Әсел.....</b>	<b>191</b>
Жайлаукөл кештері.....	—
Еділ-Жайық.....	192
<b>Ескендір Хасанғалиев. Атамскен.....</b>	<b>—</b>
Анаға сәлем.....	193
Ауылым — өнім.....	—
Келші, келші, балашым!.....	194
Елігім — еркем.....	195
Бозторғайым.....	196
Іздедім сені.....	—
<b>Күнсайын Қуатбаев. Таңсәриде.....</b>	<b>197</b>
Аяулы ақ сұңқарым.....	—
<b>Әшір Молдағайынов. Аяулым, арманымдай асылым ең.....</b>	<b>198</b>
<b>Базарбай Жұманиязов. Көп қарадым суретіне.....</b>	<b>—</b>
<b>Теміржан Базарбаев. Ауылым.....</b>	<b>199</b>
Қаздар қайтқанда.....	200
<b>Бәкір Тәжібаев. Жас дәурен.....</b>	<b>—</b>
<b>Бекен Жамақаев. Махаббат вәлісі.....</b>	<b>201</b>
Ертіс вәлісі.....	—
Сен ғана.....	202
<b>Кеңес Дүйсекеев. Жас жұбайлар — жас отау.....</b>	<b>—</b>
Қарағым-ай.....	203
<b>Сейдолла Бөйтереков. Әлия.....</b>	<b>204</b>
Дос туралы жыр.....	—
<b>Алтынбек Қоразбаев. Сағындым Алматымды.....</b>	<b>205</b>
Сағындым Кенен атамды.....	206
Қара кемпірдің зары.....	—
Сырғалым.....	208
Үш қоңыр.....	—
Қоштасудың қиыны-ай.....	209
Сен мені сағындың ба?.....	210
<b>Бекболат Тлеуханов. Қазағым менің.....</b>	<b>—</b>
<b>Жақсыгелді Сейілов. Жез киік.....</b>	<b>211</b>
Ана туралы баллада.....	212
<b>Кәкімбек Салықов. Аққу жеткен.....</b>	<b>213</b>
<b>Мұхтар Шаханов. Туған күн кешінде.....</b>	<b>214</b>
Жұбайлар жыры.....	—
<b>Балнұр Қыдырбекова. Туған жер.....</b>	<b>215</b>

Жоламан Тұрсынбаев. Қызқарағай.....	—
Ақселеу Сейдімбеков. Сарарқа.....	216
Дәурен-ай.....	217
Тұрсынғазы Рахимов. Сәби болғым келеді.....	218
Марат Омаров. Сыңарым.....	—
Анашым.....	219
Әке арманы.....	220
Ыстамбұл—Алматы.....	—
Алғашқы махаббат.....	221
Өшірхан Телғозиев. Қазақ осы.....	222
Мелс Озбеков. Келші, айым.....	223
Әділбек Сүлейменов. Әкем — өнім.....	224
Досқан Жолжақсынов. Ауыл қарттары.....	—
Жанбота Тұяқбаев. Айналдым сені, ата-мекен.....	225
Бексұлтан Байкенжеев. Ақбаян.....	226
Әбіірбек Тінәлиев. Анамның тілі — аяулы үні.....	227
Желтоқсан желі.....	228
Мұхаметжан Рүстемов. Ақ босаға.....	229
Жағыпар Әлімханов. Аққу әні.....	—
Жібек Оспанова. Қара көз.....	230
Сүгірәлі Сапаралиев. Жұлдызым.....	231
Марат Ілиясов. Мен саған өкпелемеймін....	—
Қазақы дастарқаным.....	232
Мерекем — сен.....	233
Бейбіт Дәлденбаев. Кездесейік.....	—
Балдырғандар әні.....	234
Рамазан Тайманов. Қазақ қызы.....	—
І.Аманов. Қасқалдақ.....	235
Қарындасыма.....	—
Тынышбай Рахымов. Алтайдың ар жағынан келген ару.....	236
С.Қайырғалиев. Кетсең де шалғай.....	237
Қалдыбек Құрманәлиев. Кірмеші жиі түсіме.....	—
Ән аға немесе Шәмшімен сырласу.....	238
Гүлнәр Шәмшиева. Қыз сөзі.....	239
Көк көйлекті көктем.....	240
Әсем Нүсіпбаева. Аққу-қаздар.....	—
Исрайыл Сапарбаев. Сағынғыш сазы.....	241
Ностальгия.....	—

Мұрат Ыбыраев. Көңіл көктемi.....	242
Мақпал Жүнісова. Мен сені ұнатамын.....	243
Әлмырза Ноғайбаев. Құда баланың той жыры.....	—
Досым Сүлеев. Той жыры.....	245
А.Алпысбаев. Ауылдағы той.....	—
Қ.Нұрғазин. Арман жырым – аруларым.....	246
Лена Әбдіхалықова. Есіңе мені алғайсың.....	247
Ержан Белғозиев. Ғашық жүрек.....	—
Туған күн.....	—
Аяулым.....	248
Гүлнар Дәукенова. Шыңдағы шынарым-ай.....	—
Д.Сыздықов. Аңса, жаным.....	249
Құралай Сәтмұхамбетова. Сені көргім келеді де тұрады.....	250
Б.Тұрғараев. Махаббат ертегісі.....	—
Қ.Мәлібеков. Аққу арманым.....	251
Б.Есебаев. Аққуым.....	—
Гауһар Өлімбекова. Әкені сағыну.....	252
Е.Серікбаев. Достар үшін.....	253
Тоқтар Серіков. Жүрегім жүрегіңмен егіз бе еді?.....	—
Бекжан Әшірбаев. Көршінің қызы.....	254
Жәнібек Кәрменов. Ағалар-ай.....	—
Тұрсынжан Шапай. Дариға, дәурен.....	256
Арман.....	—
Ай, сәулем.....	257
Сәуле ғұмыр.....	—
Бексұлтан Нұржеке-ұлы. Баркөрнеу.....	258
Ерболат Қызыкен. Құсни сәулем.....	—

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ӨЛЕНІ, ҚАРАСӨЗІ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨНЕРІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ.....	259
--	-----

ӨЗІЛ КҮЛКІ ШАҚЫРАДЫ, КҮЛКІ КЕУДЕҢЕ ГҮЛ ЕГЕДІ.....	279
--	-----



## АЛҚАЛЫ ТОПТЫҢ АЖАРЫ

Құрастырған және аударған – *Бексұлтан Нұржеке-ұлы*  
Сарашысы – *Ұлжалғас Зәуірбекова*  
Беттеген және безендірген – *Нұрғұл Сейдахметова*

Теруге 13.11.14. жіберілді. Басуға 24.11.14 қол қойылды. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”. Пішімі 84x100/<sub>32</sub>. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 26.0. Шартты баспа табағы 20. Таралымы: мемлекеттік тапсырыс бойынша 2000 дана+баспа есебінен 2000 дана. Тапсырыс №1210. Келісімді баға.

ИБ № 5148

“Жалын баспасы” Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 050009.  
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143/93-үй.  
Тел.: (727) 394-36-40

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, zakaz@dauir.kz

ISBN 978-601-7286-94-1





Алқалы топтың  
жары